**МКҚК «Ақмарал» бөбекжай балабақшасы**

**БЕКІТЕМІН:**

**Балабақша меңгерушісі**

**______________А.С.Жаштаева**

# ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ

# МУЗЫКА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ

# ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

**«Айгөлек» ортаңғы тобы**

**2021-2022 оқу жылы**

**Музыка жетекшісі: Қамбарбекова М.**

«ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ» БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ «МУЗЫКА»
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
«Айгөлек» ортаңғы тобы

| Айы | Негізгі тақырып | Тақырыбы | Сағат саны | Мақсаты мен міндеттері | Репертуарлар |
|---|---|---|---|---|---|
| Қыркүйек | 1. «Біздің көңілді балабақша» | **«Бақшаға келемін»** **№ 1-2** 07.09.2021 09.09.2021 | 2 | Балабақша туралы әңгімелеу. Бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеруге үйрету. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдауға, ересектермен бірге ән салуға баулу. Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру. | **Музыка тыңдау:** «Сәби қуанышы» Е. Хасанғалиев. **Ән айту:** «Топ-топ,балақан» М. Арынбаев, А. Асылбек. **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Достастық» беларус халық әуені, Р. Рустамов. «Кел, балақан» К. Қуатбаев, А. Асылбек. |
| | | **«Менің добым»** № 3-4 14.09.2021 21.09.2021 | 2 | Пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй таныта білуге, дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуға дағдыландыру. Допты қолдана отырып әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету. | **Музыка тыңдау:**«Құлыншақ» К. Шілдебаев, И. Сапарбай. **Ән айту:** «Доп»Б.Қыдырбек,А.Асылбек. «Топ-топ, балақан» М. Арынбаев, А. Асылбек (қайталау). **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Жүгіреміз» Г. Фрид. «Доптармен жаттығулар» А. Жилинский (тәрбиешінің көрсетуімен). «Өз түсіңді тап» ойыны Г. Омаров. |
| | | **«Біздің қуыршақ»** № 5-6 **23.09.2021** **28.09.2021** | 2 | Қуыршақ ойыншықтары арқылы балалардың қызығушылығын арттыру. Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау; әуен | **Музыка тыңдау:** «Кір қуыршақ» И. Нүсіпбаев, Ж. Кашқынов. **Ән айту:** «Көңілді қуыршақтар»Г.Жотаева. «Доп» Б. Қыдырбек. А. Асылбек (қайталау.) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | сипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруін байқау; ересектермен бірге ән салуға үйрету. Ойыншықтарды ұқыпты ұстауға, әдептілікке тәрбиелеу. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Балдырғандар маршы» К. Қуатбаев. «Қуыршағым-ай» («Билеп үйренейік» жинағынан). «Кел,балақан»К.Қуатбаев.А.Асылбек. |
| **2. Алтын күз** | **«Бұл қай кезде болады?»** **№ 7-8** **05.10.2021** **12.10. 2021** | 2 | Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру; түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау; аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету. | **Музыка тыңдау:** «Күз-жомарт» Д. Ботбаев, Е. Өтетілеуұлы. **Ән айту:** «Күз келді»А.Досмағамбетова. «Көңілді қуыршақтар» Г. Жотаева (қайталау). **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Күзгі жапырақтар биі» (Вальс) А. Аренский. «Қуыршағым-ай» («Билеп үйренейік» жинағынан) (қайталау); «Жапырақтардың түсін ажырат» (педагогтің таңдауы бойынша). |
| **Қазан** | **«Көңілді жаңбыр»»** **№ 9-10** **19.10.2021** **26.10.2021** №11-12 28.10.2021 02.11.2021 | 2 | Музыканы есту, сезіну қабілеттерін дамыту. Сабырлы, жай сипаттағы аспапта орындалған пьесаны тыңдау, есте сақтауға үйрету; әннің көңіл күйін, мазмұнын түсінуге үйрету; дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуға баулу; музыканың би сипатын игеру. | **Музыка тыңдау:** «Күз»С.Кибирова. **Ән айту:** «Жау.жаңбыр»Т.Сарыбаева. А. Асылбек. «Күз келді» А. Досмағамбетова (қайталау). **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Қолшатырлар биі» (музыка жетекшісінің таңдауымен). «Күзгі жапырақтар биі» (Вальс) А. Аренский (қайталау). «Күн мен жаңбыр» (Муз-дидактикалық ойындар жинағынан). |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | сипатына үн қатуға баулу. Аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. Құстарға қамқорлық жасауға шақыру. | «Мысық пен торғайлар» ойыны.<br>«Құстар» Л. Банников. |
| **3.**<br>**«Ойыншықтар**<br>**Дүкені»** | **«Қызыл, жасыл, көк шар»**<br>**№ 13-14**<br>**28.10.2021**<br>**02.11.2021** | 2 | Көңілді сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдауға,<br>ересектермен бірге қосыла ән салуға<br>үйрету. Жоғары және төмен дыбыстауды ажырата білуге, балалар шулы аспаптары бубен, сылдырмақ дыбысталуы динамикасын ажыратуға үйрету. | **Музыка тыңдау:** «Қуанамын»М.Ержанов, өңдеген А. Исакова.<br>**Ән айту:** «Шар»Б.Дәлденбай,Ж.Әбдрашев.<br>«Торғай» А. Райымқұлова (қайталау).<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:**<br>«Марш» М. Раухвергер.<br>«Кішкентай би» Н. Александрова.<br>«Музыкалық аспаптар дүкені» ойыны. |
| | **«Сылдырмақтар Әуені»**<br>**№ 15-16**<br>**09.11.2021**<br>**11. 11.2021** | 2 | Ересектердің орындауындағы әнді мұқият тыңдауға, әндегі жоғары және төмен дыбыстауды ажыратуға баулу;<br>аспаптың сүйемелдеуімен бірге<br>қосылып әнді орындау, сылдырмақта<br>дыбысталу динамикасын еске сақтауға, ажырата білуге үйретуді жалғастыру. | **Музыка тыңдау:** «Сылдырмақ»<br>Е. Хасанғалиев, А. Асылбек.<br>**Ән айту:** «Сылдырмақ»<br>А. Тоқсанбаев, И. Сапарбай.<br>«Шар» Ж. Әбдірашев, Б. Дәлденбаев (қайталау).<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:**<br>«Кішкентай би» Н. Александрова (қайталау);<br>«Сылдырмақпен ойын» Б. Дәлденбаев. |
| Қараша | **«Мерекелік ән мен би»№17-18**<br>**16.11.2021**<br>**23.11.2021** | 2 | Шығарманы соңына дейін тыңдауға, пьесаның көңілді мазмұнына<br>эмоциялық көңіл күй танытады; бірдей<br>қарқында ән салуға, бірінің артынан | **Музыка тыңдау:** «Шашу»Е.Брусиловский.<br>**Ән айту:** «Мерекелік ән мен би»<br>Е. Хасанғалиев, А. Асылбек.<br>« Сылдырмақ» А. Тоқсанбаев, И. Сапарбай |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | № 17-18<br>15.11.2018-15.11.2018<br><br>24.11.2017 | | бірі жүру барысында ырғақты және<br><br>музыканың би сипатын игере жүруге үйрету. Балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау. | (қайталау).<br><br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:**<br>«Марш» М. Робер.<br>«Сылдырмақпен ойын» Б. Дәлденбай. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **№ 17-18**<br>**15.11.2018-15.11.2018**<br><br>**24.11.2017** | | бірі жүру барысында ырғақты және<br><br>музыканың би сипатын игере жүруге үйрету. Балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау. | (кайталау).<br><br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:**<br>«Марш» М. Робер.<br>«Сылдырмакпен ойын» Б. Дəлденбай. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4. «Алғашқы ақша қар» | «Шыршамызға Арнаймыз»<br>№ 19-20<br>25.11.2021<br>30.11.2021 | 2 | Музыка сипаты арқылы табиғат ерекшеліктеріне көңіл бөлу, қыс мезгілі туралы түсіндіру; ересектердің орындауындағы әнді тыңдап, сезіне білуге үйрету; аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру; вальс әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау; музыкаға қызығушылығын ояту. | **Музыка тыңдау**: «Жаңа жыл»Қ.Шілдебаев.<br>**Ән айту:** «Арша»Б.Қыдырбек,И.Сапарбай.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:**<br>«Жаңа жыл» Б. Бейсенова (үнтаспада)<br>«Ақшақарлар» биі (Вальс) П. Чайковский<br>«Қар лақтыру» («Балалар полькасы»)<br>А. Жилинский |
| | «Аққала»<br>№ 20-21<br>07.12.2021<br>14.12.2021 | 2 | Көңілді сипаттағы әннің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау, әуен сипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруін ажыратып, би қимылдарын орындау; дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуға баулу; музыканы тыңдауға, ырғақты сезіне білуге үйрету. | **Музыка тыңдау**: «Ақша қар»<br>К. Қуатбаев, Қ. Ыдырысов.<br>**Ән айту:** «Аққала»Б.Дәлденбай,Ж.Әбдірашев.<br>«Арша» Б. Қыдырбек, И. Сапарбай (қайталау)<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:**<br>«Полька» В. Косенко.<br>«Ақшақарлар биі» (Вальс) П. Чайковский (үйретуді жалғастыру).<br>«Сиқырлы таяқша» ойыны (музыкасы педагогтің таңдауымен). |
| Желтоқсан | «Қысқы әуен»<br>№ 22-23<br>21.12.2021<br>23.12.2021 | 2 | Музыканы тыңдау, есте сақтау, ән айту қабілеттерін жетілдіру; әнді тыңдап, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру; ересектермен бірге ән салуға, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым | **Музыка тыңдау:** «Шырша»Ж.Мұхамеджанов.<br>**Ән айту.** «Аязата»Б.Дәлденбай,Ж.Әбдірашев.<br>«Аққала» Б. Дәлденбай. Ж. Әбдірашев (қайталау).<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:**<br>«Полька» Б. Сметана (қайталау).<br>«Ақшақарлар биі» (Вальс) П. Чайковский |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | элементтерін орындауға үйрету;<br>балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау. | (қайталау).<br>«Қар лақтыру» ойыны («Балалар полькасы»)<br>А. Жилинский. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Қантар | 5. « Қысқы орман Әуендері» | «Қоянда конакта»<br>№ 24-25<br>28.01.2022<br>06.01.2022 | 2 | Көңілді сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау; әуен сипатына үн қату және оның бөліктерінің өзгеруін байқай білуге дағдыландыру; әндерді аспаптың сүйемелдеуімен бірге орындай білуге үйрету; жануарлардың қимыл-қозғалысын би қимылдарында көрсете білу. | **Ән тыңдау.** «Қояндар»Е.Тиличеева.<br>**Ән айту:** «Ак коян»Б.Аманжол.Н.Жанаев.<br>«Аязата» Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев (қайталау).<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:**<br>«Қояндар биі» Ж. Оффенбах.<br>«Қояндар мен аю» («Қояндар маршы»)<br>А. Райымкұлова. |
| | | «Ақ тиін»<br>№ 26-27<br>11.01.2022<br>13.01.2022 | 2 | Пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй таныта білуге. музыкалық сүйемелдеумен бір қарқында ән салуға баулу; жұптаса отырып ырғақты сезіне би қимылдарын орындауға үйрету. Музыкалық қабілеттерін әрі қарай дамыту. | **Музыка тыңдау:** «Полька»Б.Сметана.<br>**Ән айту:** «Ак тиін»Ә.Бейсеуов.Н.Жанаев.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:**<br>«Көңілді би» Ө. Байділдаев.<br>«Кім епті?» Н. Ладухин. |
| | | | | Түрлі қарқындағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, ажырата білуге | **Музыка тыңдау:** «Не қалай дыбыстайды?» («Қасқыр», «Аю, «Түлкі») Д. Ботбаев, А. Асылбек. |
| қа нт ар | | «Көңілді достар»<br>№ 29-30<br>18.01.2022<br>25.01.2022 | 2 | үйрету; әнді бірге бастап, қосыла айтуға, сылдырмақтарды тыңдау және олардың дыбыстау динамикасын ажыратуға баулу. | **Ән айту:** «Ак тиін»Ә.Бейсеуов.Н.Жанаев.<br>«Ақ қоян» Б. Аманжол, Н. Жанаев (қайталау).<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:**<br>«Балдырғандар маршы» К. Қуатбаев.<br>«Қояндар мен аю»ойыны(«Қояндар маршы») |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ақ па н | | №31-32 27.01.2022 01.02.2022 | 2 | орындауға, ұрмалы-шулы аспаптардың дыбысталуын ажыратуға және атауға үйрету. Әжелерді сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу. | «Тайтұяқ пен асатаяқ» А. Райымқұлова, А. Асылбек. |
| | | **Әй-әй ата № 33-34 08.02.2022 10.02.2022** | 2 | Халық әуенін тыңдап, көңіл күйін қабылдау; әнді музыкалық сүйемелдеумен бір қарқында орындауға үйрету; таныс би қимылдарын қайталау. Отбасы мүшелеріне сыйластықпен қарауға, құрметтеуге тәрбиелеу. | **Музыка тыңдау:** «Хайләйлім»халық әні,өңдеген Б. Дәлденбай. **Ән айту:** «Әй-әй ата»Ө.Байділдаев,Ж.Смаков. «Ақ әжем» О. Әубәкіров, Қ. Қуатбаев (қайталау) **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Биге шақыру» А. Тоқсанбаев (қайталау). «Кім шапшаң?» ойыны («Балалар биі») А. Майкапар. |
| ақ па н | | **Анашым № 35-36 15.02.2022 22.02.2022** | 2 | Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау; әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беріп, бірге ән салуға үйрету; би қарқынын өзгерте отырып ырғақты сезіне қимылдауға үйрету. Анасына сүйіспеншілігін арттыру. | **Музыка тыңдау:** «Ақ мамам» Е. Хасанғалиев, А. Асылбек. **Ән айту:** «Мерекеңмен,анашым» Б. Қыдырбек, И. Сапарбай. «Ақ әжем» О. Әубәкіров, Қ. Қуатбаев (қайталау). **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Жай және жылдам» Е. Хасанғалиев, А. Асылбек. «Гүлдермен би» Т. Вилькорейская. «Кім шапшаң?» ойыны («Балалар биі») А. Майкапар. |
| Наурыз | 7. Наурыз – мереке | **«Шуақты көктем» № 37-38 24.02.2022 01.03.2022** | 2 | Көктем мезгілінің ерекшеліктерін, музыка ырғақтарымен байланысын түсіндіру; үнтаспадан музыка тыңдау, есту қабілеттерін арттыру; ұлттық би | **Музыка тыңдау:** Үнтаспадан құстардың дауысын тыңдау. **Ән айту:** «Көктем»Қ.Қуатбаев,А.Асылбек. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | элементтерінің карапайым түрлерін орындауға үйрету, вальс екпініндегі би қимылдарын үйретуді жалғастыру; музыкалық сүйемелдеумен және | «Мерекеңмен, анашым» Б. Қыдырбек, И. Сапарбай. **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Марш» Е. Брусиловский. «Гүлдермен би» Т. Вилькорейская (қайталау). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | сүйемелдеусіз сипатына сай ән салуға және ойындарға таныс би қимылдарын қолдана білуге үйрету. | «Балалар мен жаңбыр» ойыны. («Жаңбыр») Г. Абдрахманова. «Полька») П. Чайковский. |
| | | **«Наурыз-думан»**<br>**№ 39-40**<br>**10. 03.2022**<br>**15.03.2022** | 2 | Наурыз мерекесі туралы, қазақтың салт-дәстүрі жайында түсінік беру;<br><br>әнді бірге бастап, бірге аяқтауға, табиғи дауыспен айтуға, таныс би қимылдарын қайталай білуге үйрету; ойын арқылы музыкалық ұрмалы аспаптардың дыбыстау динамикасын ажыратуға баулу. | **Музыка тыңдау:** «Бауырсақ» Ә. Бейсеуов, Н. Арынова.<br><br>**Ән айту:** «Наурыз»А.Досмағамбетова, орыс тіліне ауд. В. Франк. «Көктем» К. Қуатбаев, А. Асылбек (қайталау).<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Хош келдің, төрлет, наурызым!» әні (үнтаспада) Б. Бейсенова. «Би» Л. Хамиди. «Гүлдермен би» Т. Вилькорейская (қайталау). |
| | | **«Әдемі көбелек»**<br><br>**№ 41-42**<br>**24.03.2022**<br>**29.03.2022** | 2 | Музыкалық шығарманы тыңдап, эмоциямен қабылдауға; дыбыстарды биіктігіне қарай ажыратып, музыкалық сүйемелдеумен әнді хормен айтуға баулу; қимыл қарқынын өзгерте отырып, ырғақты сезіне жеңіл билеуге үйрету. | **Музыка тыңдау:** «Вальс» (үнтаспадан музыка жетекшісінің таңдауымен).<br>**Ән айту:** «Көктем»К.Қуатбаев,А.Асылбек.<br><br>«Наурыз» А. Досмағамбетова.<br><br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Көбелек» М. Жәутіков («Билеп үйренейік» жинағынан).<br>«Гүлдермен би» Т. Вилькорейская (қайталау).<br>«Гүлзардағы көбелектер» (музыкасы педагогтің таңдауымен). |
| | **8. Сиқырлы әлем** | **«Не қалай дыбыстайды?»**<br><br>**№ 43-44**<br>**31.03.2022**<br>**05.04.202** | 2 | Әртүрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдап, ажыратуға; ауыспалы ән сипатын ажырата білуге.<br><br>хормен ән айтуға дағдыландыру; музыка сипатына сәйкес еркін қимылдауға, үй жануарларының | **Музыка тыңдау:** «Төлдерді шақыру» Д. Ботбаев, А. Асылбек.<br><br>**Ән айту:** «Төлдер»Б.Гизатов,Е.Өмірбеков.<br><br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:**<br>«Торттаған» Б. Дәлденбай.<br>«Төлдердің анасын тап» («Муз-дидактикалық |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | кимылдарын көрсете білуге үйрету. | ойындар» жинағынан). |
| Сәуір | **«Аспаптар әлемі»**<br>**№ 45-46**<br>**12 .04.2022**<br>**14.04.2022** | 2 | Музыкалық ойыншық аспаптардың (барабан, бубен, қоңырау) дыбыс шығаруын ажырата білуге; әннің мазмұнын түсініп, музыкалық сүйемелдеумен «ре-ля» бірінші октавасының диапазонында ән салуға үйрету; бір-бірлеп би қимылдарын жасауға, әуен ырғағына, мәтініне сай ойыншықтар мен қуыршақтарды таныс би қимылдарын орындауға үйрету. | **Музыка тыңдау:** «Барабан»Г.Левкодимов.<br>**Ән айту:** «Ойыншықтар»И.Нүсіпбаев, Н. Әлімқұлов.<br>«Төлдер» Б. Ғизатов, Е. Өмірбеков (қайталау).<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:**<br>«Марш» Е. Брусиловский.<br>«Кімнің жүгіргісі келеді?» Л. Вишкарева.<br>«Музыкалық аспаптар дүкені»<br>(«Муз-дидактикалық ойындар»жинағынан). |
| | | | | |
| | **«Кәне, қызық ойын бар»**<br>**№ 47-48**<br>**19.04.2022**<br>**21.04.2022** | 2 | Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға дағдыландыру; шығарманың көңілді сипатына сәйкес сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ән салуға үйрету; музыка ырғағына сай жұптаса отырып би қимылдарын орындауға баулу, көңіл күй, шаттық сезімін ояту. | **Музыка тыңдау:** «Мәшине»К.Қуатбаев, Т. Тұякбаев.<br>**Ән айту:** «Кәне,қызық ойын бар» (эстон халық әуені, сөзін жазған Ю. Энтин, ауд. И. Сапарбай).<br>«Ойыншықтар» И. Нүсіпбаев, Н. Әлімқұлов.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:**<br>«Бөбектер биі» К. Қуатбаев.<br>«Жай және жылдам» Е. Хасанғалиев, А. Асылбек. |
| **9. Би билеп, ән салайық** | **«Қуыршақ Айжанмен Билейміз»**<br>26.04.2022/03.05.2022 | 2 | Баяу, жай сипаттағы әннің мазмұны мен көңіл күйін, қарқынын тыңдап ажыратуға, әнді дыбыстардың | **Музыка тыңдау:** «Бесік жыры»Ж.Тұрсынбаев, Е. Өтетілеуұлы.<br>**Ән айту:** «Қайсы екен?» |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 26.04.2019<br><br>**№ 49-50**<br>**04.05.2018**<br>**18.05.2018** | | биіктігіне қарай хормен орындауға баулу; би қимылдарының қарқынын өзгерте отырып мәнерлі билеуге дағдыландыру. | Б. Дәлденбай, А. Меңжанова.<br>«Кәне, қызық ойын бар» (эстон халық әуені, сөзін жазған Ю. Энтин, ауд. И. Сапарбай) қайталау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:**<br>«Түсті шашақпен би» А. Жилинский.<br>«Бөбектер биі» К. Қуатбаев (қайталау).<br>«Жай және жылдам»

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | А. Асылбеков, Е. Хасанғалиев. |
| | Мамыр | **«Көңілді би»**<br>**№ 51-52**<br>**12.05.2022**<br>**17.05.2022** | 2 | Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдап, еске сақтауға; ән айту барысында шығарманың көңілді сипатына сәйкес сүйемелдеумен ән салуға үйрету; көңілді әуенге жұптаса отырып би қимылдарын орындауға баулу. | **Музыка тыңдау:** «Илигай»халық әні,өңдеген Б. Дәлденбай.<br>**Ән айту:** «Біз бақытты баламыз»А.Айтуова.<br>«Қайсы екен?» Б. Дәлденбай, А. Меңжанова (қайталау).<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:**<br>«Кел, билейік» Ө. Байділдаев («Билеп үйренейік» жинағынан).<br>«Түсті шашақпен би» А. Жилинский (қайталау).<br>«Пойыз»К.Қуатбаев,Ж.Смаков. |
| | | **«Ғажайып Сылдырмақтар»**<br>**№ 53-54**<br>**24.05.2022**<br>**26.05.2022** | 2 | Көңілді әуенді тыңдап, сипатын анықтай білуге, дыбыстарды биіктігіне қарай ажырата отырып хормен бірге қосыла ән айтуға; жұптаса отырып таныс би қимылдарын өз беттерінше орындауға үйрету; көңілді сипаттағы әуенді ойын арқылы музыкаға қызығушылығын арттыру. | **Музыка тыңдау:** «Латыш халық әні» А. Жилинский.<br>**Ән айту:** «Біз бақытты баламыз»А.Айтуова.<br>Таныс әндерді еске түсіру, қайталау.<br>«Қайсы екен?» Б. Дәлденбай, А. Меңжанова.<br>«Ойыншықтар» И. Нүсіпбаев, Н. Әлімқұлов.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:**<br>«Кел, билейік» Ө. Байділдаев («Билеп үйренейік») |

**Барлығы 54**

МКҚК «Ақмарал» бөбекжай балабақшасы

БЕКІТЕМІН:

Балабақша меңгерушісі

__________ А.С.Жаштаева

# ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ

# МУЗЫКА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ

# ЖОСПАРЫ

«Айгөлек» ортаңғы тобы

2021-2022 оқу жылы

Музыка жетекшісі: Қамбарбекова М.

# ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЛАРЫ

## № 1-2 Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** Бақшаға келемін
**Мақсаты:** Балабақша туралы түсінік беру,әңгімелеу.Түрлі сипаттағы әндердің мазмұнымен көңіл күйін қабылдауға, ересектермен бірге ән салуға баулу. Бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеруге үйрету. Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** билейтін әуендерге сәйкес қарапайым қимылдар орындайды;
**түсінеді:** әннің сипатын сезінеді;
**қолданады:** ересектермен бірге ән салады.
**Көрнекіліктер:** балабақша өмірі туралы суреттер,нота хрестоматиясы
**Сөздік жұмыс:** ойнақы–көңілді
**Билингвальді компонент**:балабақша–детский сад

**ҰОҚ барысы**
**1. Ұйымдастыру кезеңі**
Музыка залына көңілді музыка әуенімен қарсы алу.
Шеңбер бойымен жеңіл әуенге ілесіп аяқтың ұшымен жүгіруді, серіппелі қозғалыс жасау, айналуды ұсынады.

Қанша бала, қанша қыз,
Бір шоқ гүлміз баршамыз!
Ойын-күлкі ордасы
Біздің балабақшамыз!

– Балалар, өленде не туралы жазылған?

**2. Негізгі кезең**
– Біз балабақшада не істейміз?
– Балабақша сендерге ұнай ма?
Сұрақ арқылы балалардың жауап беруіне мүмкіндік жасау.
***Музыка тыңдау:*** *«Сәби қуанышы» (Е. Хасанғалиев)*
– Балалар, музыка көңілді ме, көңілсіз бе? Бұл музыкаға қандай қимыл жасауға болады? Шығарманың көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй танытады.
***Ән айту.*** *«Топ-топ,балақан» (М.Арынбаев,А.Асылбек)*
Ән айту кезінде иықты көтермей, денені тік ұстап айтуға дағдыландыру. Алдымен мәтінін үйреніп, әуенді анық айтуға үйрету. Әннің сипаты, мазмұны туралы түсіндіру. Әннің бірінші шумағын үйреніп, екінші шумағын келесі ҰОҚ-та жалғастыру. ***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:*** *«Достастық»беларус халық әуені*
Би сипатын сезіне орындауға үйрету. Педагогтердің көрсетуімен би қимылдарын қайталауға, бірге жасауға үйрету.
*Муз-дидактикалық ойын: «Кел, балақан» (К. Қуатбаев)*
Ән-ойын мәтініне сай жай және қатты шапалақтау, аяқ топылдату арқылы динамикалық реңкті ажыратуға үйрету.

**3. Қорытынды бөлім. Рефлексия.**
– Қандай ән тыңдадыңдар?
– Әннің сипаты қандай екен?
– Балабақшадағы достарың туралы не айта аласыңдар?
Балалардың орындаған ән-би әрекеттері туралы айтып мадақтау. Қоштасып, көңілді шығарып салу.

**№ 3-4 Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** Менің добым
**Мақсаты:** Пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй таныта білуге,дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуға дағдыландыру. Допты қолдана отырып әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** би әуендеріне сәйкес қарапайым қимылдар орындайды;
**түсінеді:** таныс әндерді біледі;
**қолданады:** сипатын сезініп,бірдей қарқында ән салады.
**Көрнекіліктер:** бала саны бойынша доптар,нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** шырақ
**Билингвальді компонент**:доп–мяч

**ҰОҚ барысы**
**1. Ұйымдастыру кезеңі**
Балаларды көңілді қарсы алады. Шеңбер бойымен музыкаға ілесіп жеңіл жүгіруді ұсынады. *«Жүгіреміз»музыкасы.*

**2. Негізгі кезең**

Шаршамайсың, шалдықпайсың, доп, қалай?
Секіресің, секеңдейсің тоқтамай,
Асыққанда арықтан да аттайсың,
Бірақ түссең, батпайсың.*(Р.Тышқанбаев)*

Балаларға доптар таратылады.
***Музыка тыңдау:*** *«Құлыншақ» (Қ.Шілдебаев,И.Сапарбай)*
Әнді тыңдап, сипатына, екпініне мән беруге, мазмұнын түсінуге үйрету. Эмоциялық көңіл күйлерін, қызығушылықтарын ояту.
***Ән айту:*** *«Доп» (Б.Қыдырбек,А.Асылбек).*Әнді орындап,мәтіні туралы әңгімелеу.Екінші ретінде әннің әуеніне қосылып айтуға, сөздерін таза айтуға үйрету. Ән айту ережелерін еске салу.
*«Топ-топ, балақан» (М. Арынбаев, А. Асылбек)* әнін қайталау,еске түсіру.
***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:*** *«Доптармен жаттығулар»*
*(Г.Фрид)*(тәрбиешініңкөрсетуімен). Ырғақты сезіне, допты қолдана көрсетілген би қимылдарын қайталау.
*«Өз түсіңді тап» ойыны.*
Шарты: 3 топқа бөлініп, 3 түрлі шарлар немесе ленталар ұстайды. Ортаға шарлардың түстеріне сәйкес түске боялған құрсаулар қойылады. Музыка ойналғанда балалар жеңіл жүгіреді, аяқталғанда әрқайсысы шарларының түстеріне сәйкес құрсауға жиналуы қажет.

**3. Қорытынды бөлім. Рефлексия**

Доп «секіреді», «домалайды», «жүгіреді» қимылдарын пысықтау, таныс әндерді еске түсіру. Қорытындылау, мадақтау.

Доп «секіреді», «домалайды», «жүгіреді» қимылдарын пысықтау, таныс әндерді еске түсіру. Қорытындылау, мадақтау.

## № 5-6 Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** Біздің қуыршақ
**Мақсаты:** Қуыршақ ойыншығы арқылы балалардың қызығушылығын арттыру.Сабырлысипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау; әуен сипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруін байқай білуге, ересектермен бірге ән салуға үйрету. Ойыншықтарды ұқыпты ұстауға, әдептілікке тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**

**жасайды:** ырғақты сезіне би қимылдарын қайталайды;

**түсінеді:** әндердің сипатын,мазмұнын және көңіл күйін түсінеді;

**қолданады:** ересектермен қосыла ән орындайды.

**Көрнекіліктер:** қуыршақтар,нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** ойыншық,қуыршақ
**Билингвальді компонент**:қуыршақ–кукла

**ҰОҚ барысы**
**1. Ұйымдастыру кезеңі**
*«Балдырғандар маршы»* ойналып,балалар педагогтің көрсетуімен әуенді қимыл-қозғалыстарды бірге қайталайды.
Шеңбер бойымен жеңіл әуенге ілесіп аяқты нық басып жүруге, серіппелі қозғалыс жасау, айналу т.б. қарапайым би қимылдарын қайталауды ұсынады.

**2. Негізгі кезең**
Балалардың назарын үстел үстіндегі қуыршаққа аударады.
Жуын, жуын, жуынсақ,
Қандай жақсы, қуыршақ!
Әйтпегенде, бөпешім,
Кірлеп кеткен екенсің.
Қазір аппақ баласың,
Қуанады анашың. *(М.Жаманбалинов)*
***Музыка тыңдау***.*«Кір қуыршақ» (И.Нүсіпбаев.Ж.Қашқынов)*
Әннің мазмұнын, сипатын түсіндіру. Балалармен тазалық туралы әңгіме өткізу.
***Ән айту:*** *«Көңілді қуыршақтар» (Г.Жотаева)*
Әнді орындап беріп, әуенін ересектермен бірге қосыла айтуға үйрету.
*«Доп» (Б. Қыдырбек. А. Асылбек)* әнін еске түсіру,қайталау.
***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:*** *«Көңілді қуыршақтар биі»*(«Билеп үйренейік» жинағынан).
Қуыршақтарды ұстап, би қимылдарын орындауға үйрену. Әуеннің көңілді сипатына сай ширақ қимылдауын, мәнерлі билеуін қадағалау.
*Кел, балақан» (К. Қуатбаев. А. Асылбек)*
Ән-ойынды еске түсіру, пысықтау.

**3. Қорытынды бөлім. Рефлексия**
Педагог оқу қызметіне белсене араласқан балаларға мақтау айтады, мадақтайды.

## № 7-8 Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** Бұл қай кезде болады?
**Мақсаты:** Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру;түрлі сипаттағы әндердіңмазмұны мен көңіл күйін қабылдау, аспаптың сүйемелдеуіндегі дауысына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** әуенге сәйкес қарапайым би қимылдарын орындайды;
**түсінеді:** әннің көңіл күйін қабылдайды;
**қолданады:** аспаптың сүйемелдеуімен ән айтады.
**Көрнекіліктер:** түрлі түсті жапырақтар;түрлі түсті құрсаулар,нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** күз мезгілі,атырап
**Билингвальді компонент**:күз–осень,жапырақ–листья

**ҰОҚ барысы**

**1. Ұйымдастыру кезеңі**
Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру; суреттер көрсету арқылы табиғат құбылыстары туралы әңгімелеу.

**2. Негізгі кезең**

Қауын, қарбыз, қияр, сәбіз
Дүкендерге түседі.
Алма, алша, жүзім, өрік
Бәрі уылжып піседі.
Айтыңдаршы, балақандар,
Бұл қай кезде болады?

Балалардың жауаптары тыңдалады.
***Музыка тыңдау:*** *«Күз–жомарт» (Д.Ботбаев,Е.Өтетілеуұлы)*
Түрлі сипаттағы әннің мазмұны мен көңіл күйін тыңдау.
***Ән айту:*** *«Күз келді» (А.Досмағамбетова)*әнін педагог орындап,әннің мазмұны,сипатытуралы түсіндіреді. Екінші рет орындап, ән әуеніне «ля-ля» буынымен қосыла айтуды ұсынады. Келесі ҰОҚ *«Көңілді қуыршақтар» (Г.Жотаева)* – таныс әнді қайталау.

Алтын сары, қызыл, көк,
Алуан-алуан жапырақ
Күзгі бақта күлімдеп,
Көз тартады атырап!

Балаларды жапырақтармен билеуге шақырады.
***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:***
*«Күзгі жапырақтар биі» («Вальс» А. Аренский)*
Балаларға түрлі түсті жапырақтар таратылады. Әуен ырғағына сәйкес би қимылдарын көрсетіп, қайталауды ұсынады.
*«Қуыршағым-ай»* («Билеп үйренейік»жинағынан).
Педагог таныс би қимылдарының элементтерін қайталауды ұсынады.

***«Жапырақтардың түсін ажырат» қимылды ойыны***
(сары,қызыл,жасыл,қызғылтсары).
Әуен ойналып, әртүрлі түстегі жапырақтарды сол түске сәйкес қойылған құрсауларға ептілікпен, шапшаңдықпен жинау. Әуені музыка жетекшісінің таңдауымен.

**3. Қорытынды бөлім. Рефлексия**
– Күз мезгілінде қандай өзгерістер болады?
– Күзде балалар қандай киімдер киеді?
– Жапырақтардың түстері қандай болады?
– Бүгінгі үйренген әніміз не туралы
екен? Сұрақтар қою арқылы ҰОҚ бекіту.
«Күзгі жапырақтар» атты ұжымдық жұмыс жасау тапсырылады.

**№ 9-10 Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** Көңілді жаңбыр
**Мақсаты:** Музыканы есту,сезіну қабілеттерін дамыту.Сабырлы,жай сипаттағы аспаптаорындалған пьесаны тыңдау, есте сақтауға үйрету; әннің көңіл күйін, мазмұнын түсінуге үйрету; дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуға баулу; би әуенін сипатына сай игеру.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** би әуенінің сипатын сезінеді;
**түсінеді:** пьесаны тыңдап,еске сақтайды;
**қолданады:** таныс әндерді бір қарқында орындайды.
**Көрнекіліктер:** «Күн мен жаңбыр»үлестірмелі текшелер,қолшатырлар,нотахрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** қолшатыр
**Билингвальді компонент**:жаңбыр–дождь

**ҰОҚ барысы**
**1. Ұйымдастыру кезеңі**
Педагог балаларды күзгі жапырақтармен қарсы алып, билеуді ұсынады.
*«Күзгі жапырақтар биі» («Вальс» А. Аренский)* би қимылдарын қайталау.

**2. Негізгі кезең**

Бұлттар, бұлттар, аусаңшы
Күркіреп, дүркіреп.
Бұлттар, бұлттар, жаусаңшы,
Сіркіреп, бүркіреп!

***Музыка тыңдау:*** *«Күз»(С.Кибирова)*
Сабырлы, жай сипаттағы аспапта орындалған пьесаны мұқият тыңдап, есте сақтауға, сипатын ажыратуға үйрету.
***Ән айту:*** *«Жау,жаңбыр»(Т.Сарыбаева,А.Асылбек)*
Әннің сипатын түсіндіріп, бірге қосыла орындауға үйрету. Әннің мазмұны туралы түсінік беру.
*«Күз келді» (А. Досмағамбетова)* әнін қайталау,еске түсіру.
«Күзгі жапырақтар» атты ұжымдық жұмысты бірге тамашалау.

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:*** Үнтаспада«жаңбыр»дыбысы естіліп,педагогбалаларға кішкентай қолшатыр үлестіреді.

Қолшатырды ашайық,
Жаңбырдан біз қашайық!

*«Қолшатырлар биі».* Әуен ырғағына сай би қимылдарын көрсетеді,қайталатады.
*«Күн мен жаңбыр» (Музыкалық-дидактикалық ойындар жинағынан).*
Шығарманың әртүрлі сипатын ажыратуға, көңіл күйін сезіне білуге баулу.

**3. Қорытынды бөлім. Рефлексия**
– Жаңа ән не туралы екен?
– Қолшатыр не үшін қажет?
– Тамшылардың дыбысы
қандай? Балаларды мадақтау.

## № 11-12 Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** Торғайлар
**Мақсаты:** Балаларға күз мезгіліндегі құстардың іс-әрекеті туралы түсінік беру.Түрлісипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтауға, әуен сипатына үн қатуға баулу. Аспаптың сүйемелдеуіндегі дауысына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. Құстарға қамқорлық жасауға шақыру.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** музыка ырғағымен қозғалып,қарапайым қимылдарды орындайды;
**түсінеді:** әртүрлі сипаттағы пьесаларды тыңдайды;
**қолданады:** музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен таныс әндерді айтады.
**Көрнекіліктер:** торғай суреті немесе ойыншық торғай;торғайлар және мысықатрибуттары, ойынға арналған жіп, нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** торғай,ұя
**Билингвальді компонент**:торғай–воробей

**ҰОҚ барысы**
**1. Ұйымдастыру кезеңі**
Таныс марш әуені ойналып, балаларға ырғақпен нық басып жүруді
ұсынады. Нық басып келеміз!
Бір, екі, үш!
Көңілді жүреміз!
Бір, екі, үш!

**2. Негізгі кезең**
Балалар, мұнда келіңдер,
Қызықты көріңдер!
Торғай ұшып келіпті,
Үй үстіне қонышты. *(Үнтаспадан торғайлар дауысы естіледі).*
Шиқ-шиқ етіп дыбыстайды,
Ешбір құстан қалыспайды.
Тұмсығымен жер шоқып,
Тары, бидай тереді.
***Музыка тыңдау:*** *«Құстар жем шоқиды» (Е.Тиличеева).*

Аспапта орындалған шығарманы тыңдап, сипатын анықтайды.
***Ән айту:*** *«Торғай» (А.Райымқұлова)*әні орындалып,тыңдалады.Әнді қайталап айтып,балаларға мәтінге сай өз беттерінше қимылмен көрсетулерін сұрайды. Келесі кезекте балаларға торғай атрибуттары кигізіледі.
***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:*** «Қолшатырлар биін»қайталау,әуенге ілесежапырақтарды жоғары көтере тербеле қозғалуын, еске сақтауға үйрету.
*«Мысық пен торғайлар»ойыны («Құстар»Л.Банников)* әуенінің ырғағымен ілесе қолдарын созып, «ұшуларын» сұрайды. Үйшік шатырында отырған ойыншық мысықты көрсетіп:
Ала мысық пырылдап, жалықпайды, ұйықтайды,
Торғайды аңдып шатырдан күні бойы шықпайды.
Мияу-мияу... –
деп балаларды – «торғайларды» сақтандырады. Ойын барысында торғайлардың мысықтан қашып, «сымдарға» – ұзын жіпке тізіліп, қонып үлгерулерін қадағалайды.

**3. Қорытынды бөлім. Рефлексия**
Шиқ-шиқ еткен торғайды

Қорғамасақ болмайды
Қамқорлыққа алайық,
Ұясына салайық.

– Балалар, топта тәрбиешімен бірге торғайға ұя жасап берейік.

Балаларға бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, мадақтайды.

## № 13-14 Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** Қызыл,жасыл,көк шар
**Мақсаты:** Көңілді сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдауға,ересектермен бірге қосыла ән салуға үйрету. Жоғары және төмен дыбыстауды ажырата білуге, балаларды шулы аспаптар – бубен, сылдырмақтың дыбысталуы динамикасын ажыратуға үйрету.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** би қимылдарының қарапайым элементтерін қайталайды;
**түсінеді:** шығарманың мазмұны мен сипатын,көңіл күйін түсінеді;
**қолданады:** әнді сипатына сәйкес орындайды.
**Көрнекіліктер:** әртүрлі шарлар,құрсаулар,нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** шар,құрсау
**Билингвальді компонент**:қызыл–красный,көк–синий,жасыл–зеленый

**ҰОҚ барысы**
**1. Ұйымдастыру кезеңі**
Көңілді музыка әуенімен балаларды қарсы алу.
*Марш (М. Раухвергер) ойналып,* шеңбер бойымен жүріп,марш екпінімен тізені көтереадымдай басу.
Балалар санына сай түрлі түсті шарларды дайындау, тарату. Шармен музыка жетекшісінің таңдауымен әуенге би қимылдарын көрсету.

**2. Негізгі кезең**

Кімде қандай түсті шар?

Қызыл, сары, көк шар,
Қолымызда көп шар
Әуеде қалқиды,
Әніміз шалқиды.

***Музыка тыңдау:***

– Балалар, сендер шармен ойнағанда қуандыңдар ма? Олай болса, мына әуенді бірге тыңдап көрейік.

*«Қуанамын» (М. Ержанов, өңдеген А. Исакова).*
Әннің көңіл күйі мен сипатына балалардың көңілін аудару.
***Ән айту:*** *«Шар» (Б.Дәлденбаев,Ж.Әбдірашев).*
Әнді орындап, көңілді, ойнақы орындалатынын түсіндіру. Әннің әуенін бірнеше рет қайталап, үйрету. Балаларға ән мазмұнына сәйкес би қимылдарын жасауды ұсыну. «Әуеде қалқиды» деген жерде шарларын қалықтата бұлғауы керек.
*«Торғай» (А. Райымқұлова)* әнін қайталау,еске түсіру.***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:*** *«Кішкентай би» (Н.Александрова).*Қарапайым би қимылдарын еске сақтау, жоғары және төмен дыбысталуын ажыратуға үйрету.

Өткен ҰОҚ-де үйренген таныс әндерді қайталау, еске түсіру. Әннің сипатына сай бірге қосыла, дауысқа күш түсірмей, мазмұнын түсіне орындауға үйрету.
*«Музыкалық аспаптар дүкені»*ойыны(«Муз-дидактикалық ойындар»жинағынан)Балалар музыкалық аспаптардың дауыстарын ажыратады.

**3. Қорытынды бөлім. Рефлексия**
– Әннің көңіл күйі қандай?

– Кімге қандай музыкалық аспап ұнады?
Балаларды мақтау, мадақтау,
қорытындылау.

**№ 15-16 Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** Сылдырмақтар әуені
**Мақсаты:** Ересектердің орындауындағы әнді мұқият тыңдауға,әндегі жоғары және төмендыбыстарды ажыратуға баулу. Аспаптың сүйемелдеуімен бірге қосылып әнді орындау, сылдырмақта дыбысталу динамикасын еске сақтауға, ажырата білуге үйретуді жалғастыру.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** әуен ырғағына, ән мәтініне сай сылдырмақпен би қимылдарын жасайды;
**түсінеді:** балалар аспабының дыбысталуын ажыратады;
**қолданады:** аспаптың сүйемелдеуімен бір қарқында таныс әндерді айтады.
**Көрнекіліктер:** бала саны бойынша сылдырмақтар.
**Сөздік жұмыс:** сылдыр-сылдыр
**Билингвальді компонент**:сылдырмақ–погремушка

**ҰОҚ барысы**
**1. Ұйымдастыру кезеңі**
Көңілді таныс әуен екпінімен шеңбер бойымен жүру, жүгіру, жеңіл секіру, қол ұстасып айналу қимылдарын жасау.

**2. Негізгі кезең**

Қолымызда сылдырмақ,
Сылдыр-сылдыр етеді.
Аяғымыз топылдап,
Өзі билеп кетеді.

***Ән айту:** «Сылдырмақ» (А.Тоқсанбаев,И.Сапарбай)*
Жаңа әнді музыка жетекшісі орындап береді. Аспаптың сүйемелдеуімен ән әуенін бірге қосыла орындауын қадағалау. Әннің 1-шумағының сөзін үйретіп, екі қатардағ әнге қосады. *«Шар» (Б.Дәлденбай,Ж.Әбдірашев)*
***Музыка тыңдау:** «Сылдырмақ» (Е.Хасанғалиев,А.Асылбек)*
Ересектердің орындауындағы әнді мұқият тыңдау, дыбыс биіктігін ажыратуға үйрету. Әннің мазмұны мен көңіл күйін қабылдайды.
***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Кішкентай би»(Н.Александрова(қайталау).*
Ырғақты сезіне, мәнерлі, өзара қол ұстасып, шеңбер бойымен жүруге үйрету.
*«Сылдырмақпен ойын» (Б.Дәлденбай).*
Балаларды шеңбер бойымен тұрғызып, қолдарына сылдырмақтар беріледі. Музыка ырғағына сай сылдырмақты сылдыратып, әуен дауысы бәсеңдегенде арттарына жасырып, шеңбер бойымен ақырын басып жүреді. Музыка аяқталғанда аяқ бүгіп отыра қалу.

**3. Қорытынды бөлім. Рефлексия**
– Бүгін қандай ән тыңдадыңдар?
– Ән қандай екен?
Балалардың орындаған ән-би әрекеттері туралы айтып, мадақтау.
Қоштасып, көңілді шығарып салу.

**№ 17-18 Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** Мерекелік ән мен би
**Мақсаты:** Шығарманы соңына дейін тыңдауға,пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялықкөңіл күй таныта білуге үйрету. Бірдей қарқында ән салуға, бірінің артынан бірі жүру барысында ырғақты және музыканың би сипатын игере жүруге дағдыландыру. Балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** марш сипатын сезіне,жалаушалармен би қимылдарын орындайды;
**түсінеді:** пьесаның көңілді мазмұнын түсінеді;
**қолданады:** таныс әндерді бір қарқында айтады.
**Көрнекіліктер:** бала санына сай жалаушалар,сылдырмақтар,нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** жалауша,көкпеңбек
**Билингвальді компонент**:жалауша–флажок

**ҰОҚ барысы**
**1. Ұйымдастыру кезеңі**
Балаларды қарсы алып, көңілді серуенге шақырады. Педагогтің таңдауымен таныс әуен ырғағымен ілесе адымдап, нық басып жүруді ұсынады. Балалардың ырғақты тыңдап, жеңіл жүгіруін қадағалайды.

**2. Негізгі кезең**
Балаларға мерекелік күндер туралы түсіндіру. Мереке күнінің басқа күндерден айырмашылығын, адамдардың ән салып, би билеп, қуанышты көңіл күйде болатындығын әңгімелеу.

Көңілді, көңілді
Әндерді шырқаймыз.
Көгілдір, көгілдір
Туларды бұлғаймыз!

***Музыка тыңдау:*** *«Шашу» (Е.Брусиловский).*
Пьесаны соңына дейін тыңдап, еске сақтайды, эмоциялық көңіл күй танытуларын байқау.
***Ән айту:****«Мерекелік ән мен би» (Е.Хасанғалиев,А.Асылбек).*
Әнді орындап беріп, мәтіні туралы әңгімелеу. Екінші рет орындалғанда әннің әуеніне қосылып айтуға үйрету. 1-шумақ сөздерін қайталату. Ән айту ережелерін еске салу. Келесі ҰОҚ-де таныс әндерді қайталап еске түсіру.
*«Шар» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев), «Сылдырмақ» (А. Тоқсанбаев, И. Сапарбай)* әндерінқайталау. Бірін-бірі тыңдай отырып, бірдей қарқында айтуға үйрету. ***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:*** *«Марш» (М.Робер).*
Жалаушалар ұстап, бірінің артынан бірі жүру барысында ырғақты және музыканың сипатын игере мәнерлі орындауға үйрету.
*«Сылдырмақпен ойын» (Б. Дәлденбай).*
Әуенді тыңдап, ырғағы мен мазмұнына сәйкес қимыл-қозғалыс жасау.
Ойынды еске сақтап, белсене қатысуға баулу.

**3. Қорытынды бөлім. Рефлексия**
– Бүгін қандай ән тыңдадыңдар?
– Мерекеде көңіл күй қандай болады?
– Жалауларды қалай бұлғаймыз?
– Әннің сипаты қандай екен?
Балалардың орындаған ән-би әрекеттері туралы айтып мадақтау. Қоштасып, көңілді шығарып салу.

## № 19-20 Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** Шыршамызға арнаймыз
**Мақсаты:** Музыка сипаты арқылы табиғат ерекшеліктеріне көңіл бөлу,қыс мезгілітуралы түсіндіру; ересектердің орындауындағы әнді тыңдап, сезіне білуге үйрету; аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру; вальс әуенімен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** вальс әуеніне қарапайым би қимылдарын орындайды;
**түсінеді:** әннің сипатын сезінеді;
**қолданады:** аспаптың сүйемелдеуімен ән айтады.
**Көрнекіліктер:** ойыншық шырша, «ақшақарлар» –қар әшекейлері; «қарлар»жәнеқорапшалар, нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** шырша,арша
**Билингвальді компонент**:шырша–елка

**ҰОҚ барысы**
**1. Ұйымдастыру кезеңі**
Үнтаспада *«Жаңа жыл» (Б.Бейсенова)* әні орындалып, балаларды қарсы алу.
Көңілді серуенге шақырып, қол ұстасып жүрулерін сұрайды.
Әннің 1-ші шумағында қол ұстасып, зал ішінде еркін жүрулерін қадағалайды.
Қайырмасында бір орында тұрып, қол шапалақтайды.

2-ші шумағында ойыншық шырша айналасында шеңбер бойымен қол ұстаса айналу қимылдарын үйрету.

**2. Негізгі кезең**
Қыс мезгілі туралы, табиғаттағы ерекшеліктерді түсіндіру. Шыршаның суретін немесе кішкентай шыршаны көрсету. Жаңа жыл меркесі туралы әңгімелеу.

Тамаша, тамаша,
Шыршамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы,
Көз тоймайды қараса.

***Музыка тыңдау**:«Жаңа жыл» (Қ.Шілдебаев)*
Ересектердің орындауындағы әнді тыңдап, сезіне білуге үйрету.
Әннің мәтінін түсіндіріп, сипаты туралы әңгімелеу.
***Ән айту:** «Арша» (Б.Қыдырбек,И.Сапарбай)*
Әнді орындап беру. Мазмұны туралы сұрап, көңілді, ширақ орындалатынын түсіндіру.
Әннің әуенін бірнеше рет қайталап, үйрету.
***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:***
*«Ақшақарлар» биі (Вальс П. Чайковский)*
Балалар «ақшақарлар» – қар әшекейлерін ұстап, педагогтің көрсетуімен мәнерлі би қимылдарын жасайды.
*«Қар лақтыру» ойыны («Балалар励полькасы» А. Жилинский)*
Көңілді әуен ойналғанда шапшаңдықпен «қар лақтырысу», әуен тоқтағанда шапшаңдықпен «қарларды» жинап, безендірілген қорапшаларға салу.

**3. Қорытынды бөлім. Рефлексия**
– Қыс мезгілі сендерге ұнай ма?
– Шыршаны қалай әсемдеп, сәндейміз?
– Бүгін қандай ән үйрендік?
Балалардың орындаған ән-би, ойын әрекеттері туралы айтып мадақтау.
Қоштасып, көңілді шығарып салу.

**№ 21-22 Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** Аққала
**Мақсаты:** Көңілді сипаттағы әннің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау,әуен сипатына үнқату, оның бөліктерінің өзгеруін ажыратып, би қимылдарын орындау; дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуға баулу; музыканы тыңдауға, ырғақты сезіне білуге үйрету.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** әуен сипатына сай би қимылдарын орындайды;
**түсінеді:** әннің көңілді сипатын түсініп,көңіл күйін қабылдайды;
**қолданады:** таныс әндердің қарқынын,ырғағын сезініп айтады.
**Көрнекіліктер:** аққала суреті; «ақшақарлар»,«қар»әшекейлері; «сиқырлы таяқша»,нотахрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** аққала,топ бала
**Билингвальді компонент**:аққала–снеговик

**ҰОҚ барысы**
**1. Ұйымдастыру кезеңі**

Музыка жетекшісі балалармен амандасады, қолдарына «ақшақарлар» – қар әшекейлерін беріп, таныс *«Ақшақарлар биі» («Вальс»П.Чайковский)* қимылдарын үйретуді жалғастырады.

**2. Негізгі кезең**
Жұмбақ: Сәбіз мұрын кімде бар,
Шелек киген басына,
Айтыңдаршы, балалар,
Сонымен ол кім екен? *(Аққала)*

Аққаланың, балалардың қысқы ойынын бейнелеген көрнекілік суреттер көрсету, әңгімелеу. Аққаланың қардан жасалатынын түсіндіру.
***Музыка тыңдау:*** *«Ақша қар»әні(К.Қуатбаев,Қ.Ыдырысов)*
Көңілді сипаттағы әннің мазмұны мен көңіл күйін, жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білуге үйрету.
***Ән айту:*** *«Аққала» (Б.Дәлденбай,Ж.Әбдірашев)*
Әнді орындап, мәтіні туралы әңгімелеу. Екінші ретінде әннің әуеніне қосылып айтуға, сөздерін таза айтуға үйрету. Ән айту ережелерін еске салу. Бір қалыпты қарқынмен ән сипатына сай орындауға баулу.
Таныс ән: *«Арша» (Б.Қыдырбек,И.Сапарбай)* – қайталау, сөздерін пысықтау, еске түсіру.
***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:*** *«Полька» (В.Косенко)*
Балалар әуеннің 1-бөлімінде шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді, 2-бөлімінде жұптасып, қол ұстасып айналады.
*«Сиқырлы таяқша» ойыны.* Таныс көңілді әуен ырғағына өз еріктерінше би қимылдарынжасайды. Әуен тоқтағанда, «сиқырлы таяқшадан» қашып, «үйшік»-құрсауларға кіріп үлгеру. Ойын 2-3 рет қайталанады.

**3. Қорытынды бөлім. Рефлексия**
– Балалар, қандай ойын ойнадық?
– Бүгінгі үйренген әніміз қалай аталады?
Ата-анасының көмегімен аққаланың суретін салып келуді ұсыну.
Бүгінгі күннің өте көңілді болғанын айтып, көңілді қоштасып шығарып салу.

**№ 23-24 Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** Қысқы әуен
**Мақсаты:** Музыканы тыңдау,мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білу,аспаптыңсүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру; ересектермен бірге ән салуға, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету. Балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін жасайды;
**түсінеді:** музыканың мазмұны мен көңіл күйін қабылдайды;
**қолданады:** аспаптың сүйемелдеуімен таныс әндерді айтады.
**Көрнекіліктер:** шырша,жаңа жыл мерекесін бейнелейтін суреттер,нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** жаңа жыл
**Билингвальді компонент**:жаңа жыл–новый год

**ҰОҚ барысы**

**1. Ұйымдастыру кезеңі**
*«Полька» (Б. Сметана)* әуені ойналып,балаларды көңілді қарсы алу.
Балалар әуеннің 1-бөлімінде шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді, 2-бөлімінде жұптасып, таныс би қимылдарын қайталау, қол ұстасып айналу, би қимылдарын бекіту.

**2. Негізгі кезең**
Балаларға демалып отыруды ұсынады. Шырша, жаңа жыл мерекесін бейнелейтін көрнекілік суреттерді көрсетіп, әңгімелеу.
***Музыка тыңдау:** «Шырша» (Ж.Мұхамеджанов)*
Әннің мазмұнын түсініп, әңгімелеп беруге үйрету. Шығарманың көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй танытады.

Сақалы аппақ күмістей,
Тістері аппақ күріштей.
Қызыл ала шапаны,
Сағындық Аязаны!

***Ән айту:** «Аязата» (Б.Дәлденбай.Ж.Әбдірашев)*
Әнді орындап, мәтініне балалардың көңілін бөлу. Ән екінші рет орындалғанда әннің мазмұнына сәйкес би қимылдарын үйрету, ересектермен бірге қосыла айту.
Келесі ҰОҚ-де *«Аққала» (Б.Дәлденбай.Ж.Әбдірашев),*
*«Арша» (Б.Қыдырбек,И.Сапарбай)*–таныс әндерді қайталау,еске түсіру.Әннің әуенінеқосылып, сөздерін таза айтуға үйрету. Ән айту ережелерін еске салу. ***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Ақшақарлар»биі(«Вальс»П.Чайковский)*Педагогтің көрсетуімен әуенмен бірге ырғақты сезіне, би қозғалыстарының қарапайым элементтерін үйретуді жалғастыру.
*«Қар лақтыру» ойыны («Балалар полькасы» А. Жилинский)*
Көңілді әуен ойналғанда шапшаңдықпен «қар лақтырысу», әуен тоқтағанда шапшаңдықпен «қарларды» жинау, безендірілген қорапшаларға салу.

**3. Қорытынды бөлім. Рефлексия**
– Бүгін қандай ән тыңдадыңдар?
– Әннің сипаты қандай екен?
– Аязата туралы не білесіңдер?
Орындаған ән-би әрекеттері туралы айтып мадақтау.
Қоштасып, көңілді шығарып салу.

**№ 25-26 Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** Қоянда қонақта
**Мақсаты:** Көңілді сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау,есте сақтау;әуенсипатына үн қату және оның бөліктерінің өзгеруін байқай білуге дағдыландыру; әндерді аспаптың сүйемелдеуімен бірге орындай білуге үйрету: жануарлардың қимыл-қозғалысын би қимылдарында көрсете білу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** әуен ырғағын сезіне, жануарлардың қимыл-қозғалысын көрсетеді;
**түсінеді:** таныс әндер мен пьесаларды біледі;
**қолданады:** әннің кіріспесін тыңдап,әнді сипатына сай орындайды.
**Көрнекіліктер:** қысқы орман көрінісі, «паровоз»макеті, «қар үйіндісі»,ойыншық қоянмен аю, аю үйшігі, нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс**:паровоз,пойыз, «пш-пш», «пух-пух», «гу-гу-гу»
**Билингвальді компонент**:орман–лес,қоян–заяц

**ҰОҚ барысы**
**1. Ұйымдастыру кезеңі**
Балаларды көңілді қарсы алу. Үнтаспада пойыз дауысы естіледі.
Пойызға біз барайық,
Вагоннан орын алайық, –
деп, «вагондарға» – тізбектелген орындықтарға жайғасып отыру.

**2. Негізгі кезең**
Ал паровоз бастайды,
Пыш-пыш, пух-пух,
Ән айтып біз қостайық.
Әуен аяқталысымен балалар «көңілді пойыздан» түсіп, қысқы орманда «қыдырады». «Орманда» жүріп, «қар үйіндісінің» жанында тығылып отырған қоянға кездеседі. Педагог ойыншық қоянды көріп, таңғалған кейіп танытады.
– Балалар, қарандаршы, мынау тығылып отырған аңды танисыңдар ма?
Ақ қоян-ау, ақ қоян, Ұзын құлақ сақ қоян, Ақ қоян-ау, ақ қоян,
Жүйрік қоян, сақ қоян

– Балалар, ақ қоянмен бірге секіріп, көңіл көтерейік, – деп ұсыныс айтады.
***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:*** *«Қояндар биі»* *(Ж.Оффенбах)*ойналып,педагогбалаларға әуенге ілесе өз еріктерінше қимыл-қозғалыстар жасауды, жеңіл секіруді ұсынады.

***Музыка тыңдау:*** *«Қояндар»(Е.Тиличеева).*Пьесаны тыңдап,сипатына көңіл аудару. Көңілді, ойнақы әуенге эмоциялық көңіл күй танытуларын қадағалау.

***Ән айту:*** *«Ақ қоян»әнін(Б.Аманжол,Н.Жанаев)*екінші рет орындағанда,балалардынмәтінге сай қимылдарды көрсетуін сұрайды. Әннің 1-шумағын қайталап, сөздерін анық айтуға үйрету. Әуенге ілесе бірге орындауын бақылау.
*«Аязата» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев* (қайталау).
*«Қояндар мен аю»ойыны(«Қояндар маршы»А.Райымқұлова).*
Балалардың ойынға белсене қатысуын қадағалайды. әуен орындалып, үйшіктен тәрбиеші-аю шығады. Әуен қайта ойналып, аю би қимылдарын жасайды, балаларға аюдың қимылын қайталауды ұсынады.

**3. Қорытынды бөлім. Рефлексия**

– Қоян қалай билейді екен?

– Сендерге қоянмен бірге болған ұнады ма?

«Көңілді пойызға» отырып, жолға шығатындарын ескертеді.

«Пойыз» дауысы естіліп, бірінің соңынан бірі қатарласа жүреді.

Саяхаттың аяқталғанын, бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, балалармен қоштасады.

**№ 27-28 Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** Ақ тиін
**Мақсаты:** Пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй таныта білуге,музыкалықсүйемелдеумен бір қарқында ән салуға баулу; жұптаса отырып ырғақты сезіне би қимылдарын орындауға үйрету; музыкалық қабілеттерін әрі қарай дамыту.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** жұптаса ауыса отырып,би қимылдарын орындайды;
**түсінеді:** музыканы тыңдау дағдысын меңгереді;
**қолданады:** музыкалық шығарманың қарқынын ажыратады.
**Көрнекіліктер:** ойыншық тиін,құрсау,жаңғақтар,себеттер,нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** тиін,жаңғақ
**Билингвальді компонент**:тиін–белка,жаңғақ–орех

**ҰОҚ барысы**
**1. Ұйымдастыру кезеңі**
Балаларды көңілді қарсы алады. Педагогтің таңдауымен балаларға таныс әуен ырғағымен шеңбер бойымен жүру, жүгіру, жеңіл секіру, қол ұстасып айналу қимылдарын жасауды ұсынады.

**2. Негізгі кезең**
***Музыка тыңдау:*** *«Полька»Б.Сметана*)
Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға, мұқият тыңдап, сипатын сезінуге үйрету.
Көңілді әуен ойналып, ортаға тиін келеді (тәрбиешінің қолында ойыншық тиін).
Педагог: Балалар, бізге қонаққа келген бұл не? Танисыңдар ма?
Тиін: Мен тиінмін, тиінмін,
Қысқа жылы киіндім.
Қоймам толы жаңғаққа,
Іші жылы үйімнің.
Тиін: Балалар, мен көңілді әуен әлемінен келдім. Маған көңілді ән айтып беріңдерші.
***Ән айту:*** *«Ақ тиін» (Н.Жанаев,Ә.Бейсеуов)*
Музыкалық сүйемелдеумен бір қарқында қосыла, ән сөздерін анық айтуға үйрету.
Әннің мазмұнына көңіл бөлу.
***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:*** *«Көңілді би» (Ө.Байділдаев)*
Шығарманың 1-ші бөлімінде қол ұстасып айналу; 2-ші бөлімінде өкшелерін алға қою, екі аяқты бірге қою. Би 2-3 рет қайталанады.
*«Кім епті?»*ойыны *(Н. Ладухин)*
Музыка ойналып, 2 топқа бөлінген балалар жаңғақты түсіріп алмай, «қоймаға» – себеттерге тасиды.

**3. Қорытынды бөлім. Рефлексия**
– Балалар тиін қалай секіреді екен?
– Тиін қандай?
– Бүгін сендер тиінге жаңғақ жинауға көмектестіңдер. Би билеп, ән салып, көңіл көтердіңдер. Жарайсыңдар!
Тиінмен қоштасып, балаларды шығарып салады.

## № 29-30 Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** Көңілді достар
**Мақсаты:** Түрлі қарқындағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау,ажырата білугеүйрету; әнді бірге бастап, қосыла айтуға, жануарлардың би қимылдарын ұқсата білуге, музыкалық аспаптарды тыңдау және олардың дыбыстау динамикасын ажыратуға баулу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** жануарлардың қимылдарын ұқсатады;
**түсінеді:** музыкалық аспаптардың дыбысталу динамикасын ажыратады;
**қолданады:** әуеннің басталуы мен аяқталуын біліп,әнді бірге айтады.
**Көрнекіліктер:** орман көрінісі,аю,қоян,тиін,түлкі ойыншықтары,сылдырмақ,барабанаспаптары, нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** барабан
**Билингвальді компонент**:достар–друзья

**ҰОҚ барысы**
**1. Ұйымдастыру кезеңі**
Көңілді музыка әуенімен балаларды қарсы алу. *«Полька» («Түлкі»В.Косенко)*
Шеңбер боймен жеңіл әуенге ілесіп аяқтың ұшымен жүгіруді, бір орында секіру, қарапайым би қимылдарын қайталауды ұсынады.

**2. Негізгі кезең**
Балаларға отырып демалуды ұсынып, ән тыңдауға шақырады.
***Музыка тыңдау***:*«Не қалай дыбыстайды?» («Қасқыр», «Аю, «Түлкі»Д.Ботбаев).*
Жабайы аңдар туралы түсінік беру.
**Ән айту:** *«Ақ тиін» (Ә.Бейсеуов,Н.Жанаев)*
Әнді орындап, мәтіні туралы әңгімелеу. Екінші ретінде әннің әуеніне қосылып, сөздерін таза айтуға үйрету. Ән айту ережелерін еске салу.
Келесі ҰОҚ-де таныс әндерді қайталау. *«Ақ қоян»(Б.Аманжол,Н.Жанаев)*
***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:*** *«Балдырғандар маршы»(К.Қуатбаев)*
Аяқтарын нық баса, тізелерін көтере шеңбер бойымен адымдай жүруге үйрету.
Ортаға ойыншық аюды ұстап, педагог шығады.

Мен аюмын қорбаңбай,
Қимылдаймын қорбаңдай.
Омартаны көргенде,
Бас қоямын ойланбай *(А.Асылбек)*

Аю: Сәлеметсіңдер ме, балалар?!

Балалар амандасады.

Аю: Мен өз достарымды шақырайын! (Барабан соғады).
Балаларға барабан аспаптары таратылып беріледі.
Қоян (шығып): Сәлем, достар! Мен сендерге қонаққа келдім.

Ұзын құлақ сұр қоян
Естіп қалып сыбдырды,
Ойлы-қырлы жерлермен
Ытқып-ытқып жүгірді.

Аю балаларға барабанды тағы соғып, ойнауды ұсынады. Көңілді әуен ойналып, ортаға түлкі шығады.

Түлкі:

Мен сұлу түлкімін,
Жай өтпес бір күнім,
Ішінде жүремін
Айғай-шу, күлкінің!

Достар, бәріміз көңілді ойын ойнайық!

*«Қояндар мен аю»ойыны(«Қояндар маршы»А.Райымқұлова)*

Әуенге сай жануарлардың қимылын көрсетуді, шапшаң қимылдауды үйретуді жалғастыру. Балалардың ойынға белсене қатысуын бақылау.

**3. Қорытынды бөлім. Рефлексия**

– Ертегі кейіпкерлерінің жүрісі қандай екен?
– Барабанның дауысы қалай шығады?
– Сылдырмақтың дауысы қандай?

Сұрақтар қою арқылы ҰОҚ пысықтау.

– Балалар, аюға өте көңілді болды, рақмет. Аюмен қоштасып, шығарып салайық.

**№ 31-32 Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** Ақ әжем
**Мақсаты:** Шығарманы тыңдап,сипаты мен мазмұнына эмоциялық көңіл күй танытуға,музыкалық сүйемелдеумен әнді соза, әуенімен айтуға үйрету; жұптаса отырып би қимылдарын орындауға, ұрмалы-шулы аспаптардың дыбысталуын ажыратуға және атауға үйрету. Әжелерді сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** әуенге ілесе жұптаса отырып би қимылдарын орындайды;
**түсінеді:** музыкалық аспаптарды ажыратады,атайды;
**қолданады:** музыкалық сүйемелдеусіз ән салады.
**Көрнекіліктер:** бесік,қуыршақ,тайтұяқ,асатаяқ,нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** бесік,бесікке бөлеу
**Билингвальді компонент**:әже–бабушка

**ҰОҚ барысы**
**1. Ұйымдастыру кезеңі**
Үнтаспада күй (педагогтің таңдауымен) ойналып, балалар көңілді кіреді.
Балаларды қарсы алып, көңілді серуенге шақырады.
Әуен қарқынының өзгеруіне байланысты бірінің артынан бірі жүріп, таныс би қимылдарын орындайды.

**2. Негізгі кезең**
Ортаға «әже» келеді, амандасады. Балалар әженің айналасына дөңгелене отырады. Бесікке салу дәстүрін көрсетуді ұсынады. Әже бесіктің пайдасы туралы әңгімелейді. Қуыршақты бесікке жатқызады, бесікке бөлеуді көрсетеді.
Әже: Әлди-әлди, бөпешім,
Ақ бесікке бөледім,
Ай мен күнге теңедім,
Әлди-әлди, жанарым,
Мақтанышы ананың,
Әлпештеген қарағым,
Таза болсын жан арың. *(А.Асылбек)*

***Музыка тыңдау**:«Әй-әй бөпем» (халық әні,Қ.Шілдебаев)*
Ақырын дауыста бесік жыры орындалады, әже бесікті тербетеді. Балалардан тыныштық сақтауын ескертеді. Сабырлы әуенді тыңдап, сипатын ажыратуға баулу.
***Ән айту:** «Ақ әжем» (К.Қуатбаев,О.Әубәкіров)*
Педагог әнді айтып береді. Балаларға алдымен мәтінін қайталатып, әуенмен қосып үйретеді. Әжелерді сыйлап, құрметтеу қажеттігін түсіндіру. ***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Биге шақыру» (А.Тоқсанбаев)*
Ұлдар аяқтарын музыка ырғағына сай көтере басып, жұптарын биге шақырады. Аяқтарын топылдатады, жұптасып айналады.
*«Тайтұяқ пен асатаяқ» ойыны (А. Райымқұлова, А. Асылбек)*
Тайтұяқ пен асатаяқтың дыбысталуын ажыратуға үйрету. Балалар шеңбер бойымен тұрып, бастаушы тағайындалады.
**3. Қорытынды бөлім. Рефлексия**
– Бүгін қандай ән тыңдадыңдар?
– Әннің сипаты қандай екен?
Балалардың орындаған ән-би әрекеттері туралы айтып мадақтау. Қоштасып, көңілді шығарып салу.

**№ 33-34 Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** Әй-әй ата
**Мақсаты:** Түрлі қарқындағы музыканы тыңдау;әнді музыкалық сүйемелдеумен бірқарқында орындауға үйрету; жұптаса таныс би қимылдарын қайталау; отбасы мүшелеріне сыйластықпен қарауға, құрметтеуге тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** жұптаса отырып,таныс би қимылдарын қайталайды;
**түсінеді:** музыканы тыңдау дағдысын меңгереді;
**қолданады:** әнді бір қарқында сүйемелдеумен орындайды.
**Көрнекіліктер:** отбасы мүшелері бейнеленген суреттер,нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** отбасы
**Билингвальді компонент**:ата–дедушка

**ҰОҚ барысы**

**1. Ұйымдастыру кезеңі**
Балаларды көңілді музыкамен қарсы алады. Педагогтің таңдауымен таныс марш әуені ойналады. Марш екпінімен аяқтарын нық басып, адымдай жүруді ұсынады.

**2. Негізгі кезең**
Отбасы мүшелері бейнеленген суреттерді көрсетіп, өз отбасы мүшелері туралы қысқаша әңгімелеуді ұсынады.
***Музыка тыңдау:****«Хайләйлім» (өңдеген Б.Дәлденбай)*
Халық әуенін тыңдап, шығарманың көңіл күйін эмоциямен қабылдайды. Әуеннің сипатын түсініп, көңілді, қуанышты сезімде болады.

Атам менің әманда
«Мейірімді бол» дейді.
Ақыл сөзі санамда,
Жасы үлкенге жол берем!

***Ән айту:*** *«Әй-әй ата» (Ө.Байділдаев,Ж.Смақов)*
Педагог әнді орындайды. Мәтінін қайталатып, сөздерді анық айтуға үйрету. Үлкендермен қосыла әннің әуенін бірге орындау. Атаның отбасындағы ең үлкен, қадірлі адам екенін түсіндіру. Балаларға таныс *«Ақ әжем» (К.Қуатбаев,О.Әубәкіров)* әнін қайталау, еске түсіру.
***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:*** *«Биге шақыру» (А.Тоқсанбаев)*
Таныс би қимылдарын үйренуді жалғастыру, қайталау. Жұптасып билеп, би ырғағына сай қозғалуға үйрету.
*«Кім шапшаң?» ойыны («Балалар биі» А. Майкапар)*
Ойынға құрсаулар және сылдырмақтар қолданылады. Әуеннің басталуы мен аяқталуын тыңдай білуге үйрету.
**3. Қорытынды бөлім. Рефлексия**
Балалардың орындаған ән-би әрекеттері туралы айтып, мадақтау.
Қоштасып, көңілді шығарып салу.

## № 35-36 Ұйь мдастырылған оқу қызметінің жоспары

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** Анашым
**Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау;әуеннің басталуы менаяқталуына мән беріп, бірге ән салуға үйрету; би қарқынын өзгерте отырып ырғақты сезіне қимылдауға үйрету. Анасына сүйіспеншілігін арттыру.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** ырғақты сезіне,би қимылдарын орындайды;
**түсінеді:** музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды;
**қолданады:** әуеннің басталуы мен аяқталуына мән береді.
**Көрнекіліктер:** аналар мен балалар суреттері,бала санымен гүлдер,нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** мереке
**Билингвальді компонент:** сыйлық–подарок

**ҰОҚ барысы**

**1. Ұйымдастыру кезеңі**
Музыка залында көңілді әуенмен қарсы алады. *«Жай және жылдам» (Е.Хасанғалиев,А. Асылбек)* ән-ойыны қайталанады.1-бөлім педагогтің көрсетуімен әуенге қосыла жайжәне тез екпінде шапалақтау. 2-бөлімде аяқты жай және тез топылдату.
**2. Негізгі кезең**
Анасы мен баласы бейнеленген көрнекілік суреттер көрсету, әңгімелеу.

Анашым, анам,
Тіліңді алам.
Өскенде ертең
Қорғаның болам!

***Музыка тыңдау:****«Ақ мамам» (Е.Хасанғалиев,А.Асылбек)*
Әнді тыңдап, нәзік, сабырлы сипатын сезінеді. Анаға деген сүйіспеншілік сезімдері туралы әңгімелеу.
***Ән айту****:«Мерекеңмен,анашым» (Б.Қыдырбек,И.Сапарбай)*
Әнді орындап беріп, мәтіні туралы түсіндіру. Екінші рет орындалғанда әннің әуеніне қосылып айтуға үйрету. 1-шумақ сөздерін үйрету. Ән айту ережелерін еске салу. Таныс әндерді еске түсіру. *«Ақ әжем»(К.Қуатбаев,О.Әубәкіров)* (қайталау). ***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:*** *«Гүлдермен би» (Т.Вилькорейская)*.Гүлдер ұстапшеңбер бойымен тұру, тербелу, бір орында айналу, шеңбердің ортасына жиналу, кейін қарай шегініп, шеңберді үлкейту. Қарапайым би элементтерін қайталау.
*«Кім шапшаң?»ойыны(«Балалар биі»А.Майкапар)*
Ойынға құрсаулар және сылдырмақтар қолданылады. Әуеннің басталуы мен аяқталуын тыңдай білуге, шапшаңдыққа үйретуді жалғастыру.
**3. Қорытынды бөлім. Рефлексия**
– Анамызға арнап қандай ән айтамыз?
– Аналарға қандай сыйлық береміз?
Аналарға арнап «Анама гүл» атты сурет көрмесін ұйымдастыруды ұсыну.
Бүгінгі күннің көңілді болғанын айтып, мадақтап, қоштасады.

**№ 37-38 Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** Шуақты көктем
**Мақсаты:** Көктем мезгілінің ерекшеліктерін,музыка ырғақтарымен байланысынтүсіндіру; үнтаспадан музыка тыңдау; вальс екпініндегі би қимылдарын үйретуді жалғастыру; музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз сипатына сай ән салуға және ойындарға таныс би қимылдарын қолдана білуге үйрету.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** биге және ойындарға таныс би қимылдарын жасайды;
**түсінеді:** музыканы тыңдау дағдысын меңгереді;
**қолданады:** әннің қарқынын,сипатын ажыратып,әуенімен айтады.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** көктем мезгілі және құстардың суреттері немесеслайд, биге қолданылатын гүлдер, нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс**:көктем,шуақ
**Билингвальді компонент**:көктем–весна

**ҰОҚ барысы**
**1. Ұйымдастыру кезеңі**
Балаларды қарсы алып, көңілді серуенге шақырады, таныс әуен ырғағымен *(«Марш» Е. Брусиловский)* ілесе адымдап,нық басып жүруді ұсынады.

Біз адымдап жүреміз!
Бір, екі, үш!
Серуендеп келеміз!
Бір, екі, үш!

Балалардың қосылуын сұрайды.

**2. Негізгі кезең**
Суреттер көрсетіліп, көктем мезгілі туралы әңгімелеу.
– Балалар, қараңдаршы, қандай әдемі гүлдер!

Балалардың назарын алдын ала дайындалған гүлдерге аударады.

Көктем қандай тамаша!
Алуан гүлдер тұр тұнып,
Демалайық отырып, –

деп, демалуға отырады.
***Музыка тыңдау:*** Үнтаспадан құстардың дауысын тыңдау.
– Балалар, дауысты естіп тұрсыңдар ма?
– Құстар қалай дыбыстайды екен?
– Қандай құстарды білесіңдер? (Құстардың суретін немесе слайд көрсету).
– Құстар қалай ұшады?
***Ән айту:*** *«Көктем» (К.Қуатбаев,А.Асылбек)*әнінің1-шумағын орындап береді.Әнді екінші рет орындағанда балаларға тәрбиеші мәтінге сай қимылдарды көрсетеді. *«Мерекеңмен анашым» (Б. Қыдырбек, И. Сапарбай)* әнін қайталау,еске түсіру.***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:***

Қандай қызық көктемде,
Күн шуағын төккенде,
Гүл терейік алуан,
Шығып алып бөктерге! –

деп, гүлдер алуды ұсынады.

*«Гүлдермен би» (Т. Вилькорейская)* (қайталау)қимылдарын көрсетіп.балаларды бигемашықтандырады.

*«Балалар мен жаңбыр» ойыны («Жаңбыр» Г. Абдрахманова, «Полька» П. Чайковский)* «Жаңбыр» жауғанда «тамшылар» таяқшаларын алып, педагог балаларды айнала жеңіл жүгіреді. Балалар қолшатыр астына жасырынады.

Бәрі: Жаңбыр, жаңбыр, төк-төк!
Болсын егін көп-көп!

Көңілді полька ойналады.

Күннің көзі ашылды,
Алтын нұры шашылды! –

деп зал ортасында көңілді секіріп, өз еріктерінше билейді.

Ойын 2-3 рет қайталанады.

**3. Қорытынды бөлім. Рефлексия**

– Құстар қалай әндетеді екен?
– Гүлдер қандай түсті?
– Көктем мезгілі қандай?
– Сендерге әдемі көктем гүлдерін сыйлаймын.

Алдын ала түрлі түсті қағаздан қиылған гүлдер сыйлайды.

**№ 39-40 Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** Наурыз–думан
**Мақсаты:** Наурыз мерекесі туралы,қазақтың салт-дәстүрі жайында түсінік беру;әнді бірге бастап, бірге аяқтауға, табиғи дауыспен айтуға; ұлттық би элементтерінің қарапайым түрлерін орындауға, таныс би қимылдарын қайталай білуге үйрету; музыкалық ұрмалы аспаптардың дыбыстау динамикасын ажыратуға баулу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** ұлттық би элементтерінің қарапайым түрлерін орындайды;
**түсінеді:** аспаптардың дыбыстау динамикасын ажыратады;
**қолданады:** әнді бірге бастап,бірге аяқталуына мән береді.

**Көрнекіліктер:** Наурыз мерекесін бейнелейтін суреттер,тайтұяқ пен асатаяқ аспаптары,нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс**:наурыз
**Билингвальді компонент**:мереке–праздник

**ҰОҚ барысы**
**1. Ұйымдастыру кезеңі**
Педагог балаларды көңілді қарсы алады. Үнтаспадан *«Хош келдің,төрлет,Наурызым!»(Б. Бейсенова)* әні орындалады.Балалар ересектердің көмегімен екеуден қол ұстасып,шеңбер бойымен жүреді, қол шапалақтайды, бір орында тұрып тербеледі, айналады. Жұптасып, би қимылдарын әуен ырғағымен қайталайды.

**2. Негізгі кезең**
Үнтаспада күй ойналып, залға бауырсақ алып әже кіреді. Балалармен амандасып, Наурыз мерекесімен құттықтайды. Наурыз мерекесі туралы сурет немесе слайд көрсетіліп, қысқаша әңгімелейді. Педагог әжеге рақмет айтып, мерекеде ән тыңдауды ұсынады.
***Музыка тыңдау:*** *«Бауырсақ» (Ә.Бейсеуов,Н.Арынова)*
Балалар педагогтің орындауындағы шығарманы мұқият тыңдап, әннің мазмұнын түсініп, сипатына сай эмоциямен қабылдайды.

Наурыз келді, балақай,
Ән шырқайық, алақай!

***Ән айту.*** *«Наурыз» (А.Досмағамбетова,орыс тіліне ауд.В.Франк)*
Ән бірінші ересектердің орындауында айтылады. Екінші рет орындап, әннің мәтінін қайталатып, сөздерін анық айтуларын қадағалайды. Одан кейін мағынасы мен әуеніне сай қимылдар көрсетіледі. Балаларға таныс *«Көктем» (К.Қуатбаев,А.Асылбек)* әнін еске түсіріп, қайталауды ұсынады.
***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:*** *«Би» (Л.Хамиди)*–жас ерекшеліктеріне сайұлттық би элементтерінің қарапайым түрлерін көрсетіп, билеуге үйрету.

**3. Қорытынды бөлім. Рефлексия**

Наурыз – береке,
Құтты болсын мереке!
Әрқашан, әрқашан
Мол болсын дастарқан!

Әженің батасын тыңдап, балалар рақмет айтады. Педагог бүгінгі күннің ерекше көңілді болғанын, балалардың өте жақсы би билеп, ән айтқанын атап өтеді. Әжемен қоштасып, шығарып салады.

**№ 41-42 Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** Әдемі көбелек
**Мақсаты:** Музыкалық шығарманы тыңдап,эмоциямен қабылдауға;дыбыстардыбиіктігіне қарай ажыратып. музыкалық сүйемелдеумен әнді хормен айтуға баулу; қимыл қарқынын өзгерте отырып, ырғақты сезіне жеңіл билеуге үйрету.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** қимыл қарқынын өзгерте отырып,ырғақпен билейді;
**түсінеді:** музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды;
**қолданады:** музыкалық сүйемелдеумен әнді хормен айтады.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** себетке салынған гүл шоқтары,сымға қондырылғанқағаздан жасалған көбелек, нота хрестоматиясы.

**Сөздік жұмыс:** көбелек,гүлзар
**Билингвальді компонент**:көбелек–бабочка

**ҰОҚ барысы**
**1. Ұйымдастыру кезеңі**
Зал ішіне гүлдер қойылып, «гүл алаңы» жасалады. Балаларға гүлдер алып, би билеуді ұсынады. *«Гүлдермен би»(Т.Вилькорейская)* (қайталау). Әуен ырғағын тыңдап, жеңіл, еркін қимылдауларын қадағалайды.

**2. Негізгі кезең**
Педагог сымға қондырылған көбелекті «ұшырып» әкеледі. Үнтаспада вальс ойналып, көбелек сымын ырғақпен қозғайды.

Көктем қандай көрікті,
Балақайлар көріпті.
Дала гүлге толыпты,
Көбелек гүлге қоныпты! –

деп, көбелекті гүлдерге қондырады.
– Балалар, біздің бақшамызға әдемі көбелек ұшып келді. Қандай әдемі көбелек! Қанаттары құлпырып, көз тартады. Көбелекті гүлге қондырдық, енді ән тыңдайық.
***Музыка тыңдау:*** *«Вальс»*(үнтаспадан муз.жетекшісінің таңдауымен).Балалармузыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды. Әуенді тыңдап, қызығушылықтары артады.
***Ән айту:*** *«Көктем» (К.Қуатбаев,А.Асылбек)*
Педагог әнінің 1-шумағын орындап береді. Әнді екінші рет орындағанда мәтініне сәйкес тәрбиешімен бірге қимыл-қозғалыс жасауларын бақылайды. Әннің бірінші шумағының сөзін үйретіп, анық айтуға үйретеді.
*«Наурыз» (А. Досмағамбетова, орыс тіліне ауд. В. Франк)* (қайталау).
– Балалар, көбелектер қалай ұшады? Олардың қанаттары қалай созылады екен?
– Ал енді көбелектер сияқты би билеп үйренейік.
***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:*** *«Көбелек»(М.Жәутіков)*(«Билеп үйренейік»жинағынан).
Әуенге ілесе би қимылдарының,мәнерлі, жеңіл орындалуын қадағалау.
*«Гүлзардағы көбелектер»ойыны*(музыкасы педагогтің таңдауымен).

Көбелек-ау, көбелек,
Ұшасың сен көлбеңдеп.
Қызыл, жасыл керемет
Гүлге қоншы, көбелек! –

деп балаларды ойынға шақырады. *«Вальс»* ойналып, ырғақпен жеңіл қозғалуларын бақылайды.

Әуен тоқтағанда көбелектер гүлдерге «қонады». Балалардың қызығушылығын арттыруға ықпал ету. Ойын қайталанғанда, өз еріктерімен ойнауға мүмкіндік береді.

**3. Қорытынды бөлім. Рефлексия**

– Қандай көбелектер бар екен?

Көбелектердің жеңіл вальс әуенімен билегенін, үйренген әннің көңілді сипатта екенін еске түсіреді. Залдан әуен ырғағымен көбелектер болып «ұшып» шығуды ұсынады.

**№ 43-44 Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** Не қалай дыбыстайды?
**Мақсаты:** Әртүрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдап,ажыратуға;ауыспалы ән сипатын ажырата білуге, хормен ән айтуға дағдыландыру; музыка сипатына сәйкес еркін қимылдауға, үй жануарларының қимылдарын көрсете білуге үйрету.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** би қимылдарын орындайды,жануарлардың қимылдарын көрсетеді;
**түсінеді:** музыканы тыңдап,сипаты мен ырғағын ажыратады;
**қолданады:** әнді бірге,хормен орындайды.
**Көрнекіліктер:** үй жануарларының суреттері,ойынға арналған текшелер;гүлдер;нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** лақ,бота
**Билингвальді компонент**:лақ–козленок

**ҰОҚ барысы**

**1. Ұйымдастыру кезеңі**
Балаларға шеңбер бойымен бір-бірінің артынан, салт аттыдай, жеңіл секіре басып, «шабуды» ұсынады. *«Тortтаған»(Б.Дәлденбай)*

**2. Негізгі кезең**
Үй жануарларының суреттері көрсетіледі. Олардың төлдерінің атауын білуге үйрету. «Не қалай дыбыстайды?» ойыны арқылы балаларға сұрақтар қояды.

Секеңдеген лағым,
Лағым менің, шұнағым,
Лақ қалай дыбыстайды?

Балаларға лақтың суретін көрсетіп, «лақ маңырайды» деп түсіндіреді.

Күзетші күшік Саққұлақ,
Үй күзетіп шапқылап,
Дыбыс шықса қаттырақ,
Қалай, қалай үреді?

Сұрақтар жалғасады.
***Музыка тыңдау:*** *«Төлдерді шақыру»*
*(Д.Ботбаев,А.Асылбек)*Ересектердің орындауында әнді тыңдап, мәтіні бойынша әңгімелеу. ***Ән айту:*** *«Төлдер»*
*(Б.Ғизатов,Е.Өмірбеков)*
Әннің қандай сипатта, екпінде екенін сұрау. Сөздерін қайталап, үлкендермен қосылып айтуға үйрету. Балаларға таныс әндерін еске түсіріп, қайталауды ұсынады.
*«Көктем» (К. Қуатбаев, А. Асылбеков), «Наурыз» (А. Досмағамбетова)****Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:***
*«Көбелек»(М.Жәутіков)*(«Билеп үйренейік»жинағынан)
Би қимылдарын қайталау, бірге қозғалып билеуге үйретуді жалғастыру.
*«Төлдердің анасын тап» ойыны* (Муз-дидактикалық ойындар жинағынан).
Үй жануарларының қимыл-қозғалысын, дыбыстауын көрсету.
Суретке қарап, «Бұл не?» деген сұраққа жауап беріп, текшедегі төлдің суретін енесінің суретінің қасына тауып қою. Мысалы:

Қара көзі мөлдіреп,
Жібек жүні үлбіреп,
Анасын іздеп келеді.
Бұл не?

Дұрыс жауап берген бала әуенге ілесе төлдің қимылын салып береді.

**3. Қорытынды бөлім. Рефлексия**

– Қандай төлдер бар екен?

– Олар қалай дыбыстайды? Қалай жүреді екен?

– «Төлдер» әні қалай орындалды? – деген сұрақтар қойып, еске сақтауларына ықпал етеді.

**№ 45-46 Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** Аспаптар әлемі
**Мақсаты:** Музыкалық ойыншық аспаптардың(барабан,бубен,сылдырмақ)дыбысшығаруын ажырата білуге; әннің мазмұнын түсініп, музыкалық сүйемелдеумен «ре-ля» бірінші октавасының диапазонында ән салуға үйрету; бір-бірлеп би қимылдарын жасауға, әуен ырғағына, мәтініне сай ойыншықтар мен қуыршақтарды қолдана таныс би қимылдарын орындауға үйрету.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** таныс би қимылдарын бір-бірден және жұптаса билейді;
**түсінеді:** музыкалық аспаптардың дыбыстарын ажыратады;
**қолданады:** әнді эмоциямен қабылдап орындайды.
**Көрнекіліктер:** барабан,бубен,сылдырмақ аспаптары,нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** қоңырау
**Билингвальді компонент**:қоңырау–колокольчик

**ҰОҚ барысы**

**1. Ұйымдастыру кезеңі**
*«Марш» (Е. Брусиловский)* әуенімен балаларды қарсы алып,көңілді серуенге шақырады,әуен ырғағымен ілесе адымдап, нық басып жүруді ұсынады. Балалардың ырғақты тыңдап, тізені көтере жүруін қадағалайды.

**2. Негізгі кезең**
Барабан аспабын көрсетіп, ойналу әдісімен таныстыру.
Балаларға барабан туралы шығарманы тыңдауды ұсынады.

Тара-рам, тара-рам,
Ойнайды барабан!

***Музыка тыңдау:*** *«Барабан» (Г.Левкодимов)*
Шығарманы тыңдап, ырғағын шапалақпен көрсетуді ұсынады. Әуеннің сипатын, көңіл күйін сезініп ажырата білуге үйрету. Балалар пьесаны эмоциямен қабылдайды.

Қуыршақтар әдемі
Бәрімізде бар енді.
Бәрінен де бақшамыз
Ойыншықтар әлемі!

***Ән айту:*** *«Ойыншықтар» (И.Нүсіпбаев,Н.Әлімқұлов)*әнін орындап береді.Әнді екінші рет орындап, балаларға ойыншық, қуыршақтармен мәтінге сай қимыл-қозғалыс жасауға үйрету. Әннің ауыспалы сипатына байланысты балалар мимикалық қимылдар (жымию, қабақ түю т.б.) жасайды.
***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:*** *«Көбелек»(М.Жәутіков)*(«Билеп үйренейік»жинағынан).
Бидің сипатына сәйкес мәнерлі билеуге үйрету, таныс би қимылдарын өз беттерінше билеуге мүмкіндік беру.

*«Музыкалық аспаптар дүкені» ойыны* (Муз-дидактикалық ойындар жинағынан). Музыкалық аспаптардың (барабан, сылдырмақ, бубен) дауыстарын ажырату.

**3. Қорытынды бөлім. Рефлексия**

– Қандай ән тыңдадыңдар?

– Әннің сипаты қандай екен?

– Дүкенде қандай аспаптар бар екен?

Балалардың орындаған ән-би әрекеттері туралы айтып, мадақтау. Қоштасып, көңілді шығарып салады.

**№ 47-48 Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** Кәне,қызық ойын бар
**Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға дағдыландыру;шығарманыңкөңілді сипатына сәйкес сүйемелдеумен ән салуға үйрету; музыка ырғағына сай жұптаса би қимылдарын орындауға баулу, қуанышты көңіл күй, шаттық сезімін ояту.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** музыка ырғағына сай жұптаса билейді;
**түсінеді:** шығарманы эмоциямен қабылдайды;
**қолданады:** әннің көңілді сипатына сай сүйемелдеумен ән айтады.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** мәшине,бағдаршам суреттері,нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** бөбек
**Билингвальді компонент**:ойын–игра

**ҰОҚ барысы**
**1. Ұйымдастыру кезеңі**
Балаларды көңілді қарсы
алады.

Кәне, кәне, тұрыңдар,
Үлкен шеңбер
құрыңдар! Қанатты кең
жайыңдар!

*«Көбелек» биін (М. Жәутіков)* («Билеп үйренейік»жинағынан)қайталауды ұсынады.Би қимылдарын қайталау, өз беттерінше еркін билеуге мүмкіндік беру.

**2. Негізгі кезең**
***Музыка тыңдау:*** *«Мәшине» (К.Қуатбаев,Т.Тұяқбаев)*
Әннің мазмұны мен әуенінің ырғағын ажыратуға үйрену. Мәшине, бағдаршам суреттерін көрсету, әңгімелеу. Жол ережелері туралы түсінік беру.
***Ән айту:*** *«Кәне,қызық ойын бар» (эстон халық әуені,Ю.Энтин,аударған И.Сапарбай)*Әннің әуенін үйрену, мазмұнына сәйкес қимыл жасауға үйрету. Айғайламай, дауысқа күш түсірмей дұрыс айтуға дағдыландыру. Өткен әндерді қайталау. Таныс әндерді естеріне түсіріп, сөздерін анық, таза айтуына мән беру. Таныс әндерді қалаулары бойынша қайталау.
*«Ойыншықтар» (И. Нүсіпбаев, Н. Әлімқұлов)*
***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:*** *«Бөбектер биі» (К. Қуатбаев)*
Балалар жұптасып тұрады. 1-бөлімде бір-біріне қарап тұрып, аяқтарымен жеңіл серіппелі қимыл жасайды. 2-бөлімде қол ұстасып айналады.

Кел, ойнайық, ойнайық,
Қызыққа бір тоймайық! –

деп ойынға шақырады.
*«Жай және жылдам» ойыны (Е. Хасанғалиев, А. Асылбек)*

Ән-ойын мәтініне сәйкес 1-шумақта жай және тез қол шапалақтау. 2-шумағында жай және тез аяқ топылдату. Әуен ырғағын ажыратып, еркін қозғалуға үйрету.

**3. Қорытынды бөлім. Рефлексия**

– Бүгін қандай ән тыңдадыңдар?
– Кімге би билеген ұнады?
– Ал кімге ойын ұнады?

Бүгінгі күннің өте көңілді болғанын айтып, қоштасып, көңілді шығарып салу.

**№ 49-50 Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** Қуыршақ Айжанмен билейміз
**Мақсаты:** Баяу,жай сипаттағы әннің мазмұны мен көңіл күйін,қарқынын тыңдапажыратуға; әнді дыбыстардың биіктігіне қарай хормен орындауға баулу; би қимылдарының қарқынын өзгерте, жұптаса мәнерлі билеуге дағдыландыру.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** жұптаса ауыса отырып би қимылдарын орындайды;
**түсінеді:** музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды;
**қолданады:** әнді бірге бастап,хормен айтады.
**Көрнекіліктер:** қуыршақ Айжан,түсті шашақтар-«әшекейлер»,нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** жай-жай,тез-тез
**Билингвальді компонент**:би–танец

**ҰОҚ барысы**

**1. Ұйымдастыру кезеңі**
*«Бөбектер биі» (К. Қуатбаев)*жұп биін билеуді ұсынады. 1-бөлімде бір-біріне қараптұрып, аяқтарымен жеңіл серіппелі қимыл жасайды. 2-бөлімде қол ұстасып айналады. Ырғақты сезіне би қимылдарын бірге орындайды.

**2. Негізгі кезең**
Педагог қуыршақ Айжанды алып ортаға шығады.

- Балалар, бүгін бізге қуыршақ Айжан қонаққа келді. Сендермен бірге ойнап, ән тыңдағысы келеді. Кәне, қуыршақ Айжанға *«Бес саусақ»санамағын* айтып берейікші.

Бір үйде біз нешеуміз?
Кел, санайық екеуміз.
Бас бармағым – әкем,
Балаң үйрек – анам,
Ортан терек – ағам,
Шылдыр шүмек – мен,
Кішкентай бөбек – сен!

– Қуыршақпен бірге бесік жырын тыңдаңдар, – деп ұсыныс жасайды.
***Музыка тыңдау:*** *«Бесік жыры» (Ж.Тұрсынбаев,Е.Өтетілеуұлы)*
Сабырлы сипаттағы әнді тыңдап, бесік жыры бөбектерді ұйықтатын кезде айтылатынын түсіндіру. Қуыршақ Айжанды бесік жырының әуенімен ұйықтату.
- Балалар, енді Айжанға ән айтып берейік.
***Ән айту:*** *«Қайсы екен?» (Б.Дәлденбай,А.Меңжанова)*

Әнді орындап, әуенін, бірінші шумағын үйрету. Әнді екінші рет орындағанда балалар шеңбер бойымен тұрып, тәрбиешінің көрсетуімен мәтінге сәйкес қимылдарды жасайды. *«Кәне, қызық ойын бар»* – таныс әнді қайталау,бірге қосыла айтуға үйретуді жалғастыру.

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:*** *«Түсті шашақпен би» (А.Жилинский).* Шеңбер бойымен тұрып, түсті шашақтарын көтеріп, тербеле қозғалады. Аяқ ұшымен жеңіл жүгіреді. Қолдарындағы шашақтарын арқаларына жасырады. Шеңберді кішірейтіп, әуен ауысқанда үлкейтеді.

*«Жай және жылдам»ән-ойыны(Е.Хасанғалиев)*

Балаларға әннің мәтініне және ырғағына байланысты «жай» және «тез» шапалақтап, аяқтарын топылдату қимылдарын қайталату. Балаларға жеке сөздерге қосылып, әндете айтуды ұсынады.

**3. Қорытынды бөлім. Рефлексия**

- Қуыршақ Айжанның билегені ұнады ма?
- Аяқтарын қалай топылдатады?
- Тез-тез қалай қол шапалақтайды екен?

Жауаптарына ризашылығын білдіреді. Қуыршақ Айжанмен қоштасып, шығарып салады.

## № 51-52 Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** Көңілді би
**Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдап,еске сақтауға;шығарманыңкөңілді сипатына сәйкес сүйемелдеумен ән салуға үйрету; көңілді әуенге жұптаса отырып би қимылдарын орындау.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** жұптаса ауыса отырып би қимылдарын орындайды;
**түсінеді:** шығарманың сипатына сәйкес сүйемелдеумен ән салады;
**қолданады:** әуеннің басталуы мен аяқталуына мән береді.
**Көрнекіліктер:** түсті шашақтар-«әшекейлер»,ысқырық,нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс**:пойыз,паровоз
**Билингвальді компонент**:көңілді–веселый

**ҰОҚ барысы**
**1. Ұйымдастыру кезеңі**
Балаларды көңілді қарсы алады. Педагог: Әшекейлер әдемі,

Бірге тербеледі.
Қолымызда
жарқырап, Сәнге
бөленеді.

*«Түсті шашақпен би» (А. Жилинский)*
Педагогтің көрсетуімен би қайталанады. Әшекейлерді дұрыс ұстап, би қимылдарын еске түсіріп, әуен ырғағымен билеуге үйрету.

**2. Негізгі кезең**
***Музыка тыңдау:** «Илигай» (өңдеген Б.Дәлденбай)*
Сабырлы әуеннің сипаты мен көңіл күйін сезініп, қызығушылықтарын арттыру. Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды.

Біз бақытты баламыз,
Шырқап әнге саламыз, –

деп, ән айтуды ұйымдастыру.
***Ән айту:*** *«Біз бақытты баламыз» (А.Айтуова)*
Педагог әнді айтып береді. Әннің басталуы мен аяқталуына мән беру. Әннің қандай сипатта, екпінде орындалатынын сұрау. Сөздерін қайталап, үлкендермен қосылып айтуға үйрету.
Таныс әнді қайталау, еске сақтау. *«Қайсы екен?»(Б.Дәлденбай)* (қайталау). ***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:*** *«Кел,билейік» (Ө.Байділдаев)*(«Билеп үйренейік»жинағынан). Балалардың жұптасып тұруларын, би қимылдарын ырғақпен сезіне, музыканың сипатын игере мәнерлі орындауға үйрету. Шығарманың 1-бөлімінде қол ұстасып айналу, 2-бөлімде оң және сол аяқ өкшелерін кезек алға қою қимылдары қайталанады.
*«Пойыз»ән-ойыны(К.Қуатбаев,Ж.Смақов)*

Пойызға біз барайық,
Отырып орын алайық!
Ал паровоз бастайды,
Ән айтып біз қостайық!
Пыш-пыш, пух-пух!

Балалар вагондар құрып, тізбектеле тұрады. Паровоз-бастаушы тағайындалып, оған ысқырық беріледі. Балалар-«вагондар» әуен ырғағымен аяқтарын топылдата жүреді. Әуен тоқтағанда, паровоз «пшшш!» деген дыбыс беріп, «вагондар» тоқтайды. Ойын 2-3 рет қайталанады.

**3. Қорытынды бөлім.**
**Рефлексия** ҰОҚ-не қысқаша шолу жасау.
– Қандай ән тыңдадыңдар?
– Әннің сипаты қандай екен?
Балалардың орындаған ән-би әрекеттері туралы айтып мадақтау. Қоштасып, көңілді шығарып салу.

**№ 53-54 Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** Ғажайып сылдырмақтар
**Мақсаты**:Көңілді әуенді тыңдап,сипатын анықтай білуге,дыбыстарды биіктігіне қарайажырата отырып, хормен бірге қосыла ән айтуға; жұптаса отырып таныс би қимылдарын өз беттерінше орындауға үйрету; көңілді сипаттағы әуенді ойын арқылы музыкаға қызығушылығын арттыру.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** жұптаса би қимылдарын көрсетеді;
**түсінеді:** музыканы тыңдау дағдысын меңгереді;
**қолданады:** музыкалық шығарманы эмоциямен орындайды.
**Көрнекіліктер:** сылдырмақтар,безендірілген қорап,нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** сылдыр-сылдыр,әні,сәні,әдемі
**Билингвальді компонент**:сылдырмақ–погремушка

**ҰОҚ барысы**
**1. Ұйымдастыру кезеңі**
Үнтаспада көңілді ән (педагогтің таңдауымен) орындалып, балалар залға көтеріңкі көңіл күймен кіреді. Балаларды көңілді серуенге шақырып, қол ұстасып жүрулерін сұрайды. Қол ұстасып, зал ішінде еркін жүрулерін қадағалайды.

**2. Негізгі кезең**
Көңілді сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдап, есте сақтауға, сезіне білуге үйрету. Шығарманың қарқынын, көңіл күйін анықтауға баулу.
***Музыка тыңдау:*** *«Латыш халық әні» (А.Жилинский)*
Әуен аяқталысымен залдың ортасына безендірілген қорап әкелініп, балалардың көңілін аударады.
– Мынау әдемі қорапта не бар екен? Келіңдер, бірге ашып көрейік, – деп балалардың қызығушылығын арттырады.
Педагог қораптан сылдырмақтарды алып көрсетеді.

Қызыл, жасыл сылдырмақ,
Үн қатады сылдырлап. *(Сылдырмақты алып, қозғап, ойнап көрсетеді)*
Сылдырмақты алайық,
Әсем әнге салайық!

***Ән айту.*** *«Біз бақытты баламыз» (А.Айтуова)*
Ән ырғағына сәйкес сылдырмақты бірге сілке қозғау. Әннің көңілді сипатын сезіне орындауға үйретуді жалғастыру.
Балалардың қалауынша таныс әндерді еске түсіру, қайталау. *«Қайсы екен?» (Б. Дәлденбай, А. Меңжанова)*, *«Ойыншықтар» (И. Нүсіпбаев, Н. Әлімқұлов)*
***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:*** *«Кел,билейік» (Ө.Байділдаев)*(«Билеп үйренейік»жинағынан)
Би қимылдарын ырғақпен сезіне орындауға, жұптаса отыра музыканың сипатын игере орындауға үйретуді жалғастыру.

Ортада әлі ойын бар,
Қәне, шыға қойыңдар! –

деп әндетіп, балаларды келесі ойынға шақырады.
*«Балалар биі» (А.Майкапар)*педагогтің көрсетуімен ұйымдастырылады.Екі бөлімдіәуенге өз беттерінше қимылдарды ауыстыра білуге үйретеді. Балаларға ойын соңында құрсауларға кіріп, жасырынып үлгеру керек екенін түсіндіреді. Ойын 2-3 рет қайталанады.

**3. Қорытынды бөлім. Рефлексия**

– Сылдырмақтың дауысы қандай?

– Бүгінгі үйренген әніміз не туралы екен?

Үйренген әннің көңілді сипатта екенін түсіндіреді. Сұрақтар қою арқылы ҰОҚ бекіту.

МКҚК «Ақмарал» бөбекжай балабақшасы

БЕКІТЕМІН:

Балабақша меңгерушісі

__________ А.С.Жаштаева

**ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ**

**МУЗЫКА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ**

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**«Балапан» кіші жас тобы**

**2021-2022 оқу жылы**

Музыка жетекшісі: Қамбарбекова М.

## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ
## МУЗЫКА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
**«Балапан» кіші топ**

| Негізгі тақырып | Тақырыбы | Сағат саны | Мақсатымен міндеттері | Репертуар |
|---|---|---|---|---|
| «Балабакша» | **«Қуыршақ Сәуле қонақта» № 1**<br>03.09.2021 | 1 | **Мақсаты:** Түрлі сипаттағы әуендер тыңдап, музыканыңкөңілкүйін сезінуге баулу.<br>**Міндеттері:** Музыканытыңдауға, тәрбиешінің дауысырғағына еліктеп біргеәнсалуға баулу; музыканың сүйемелдеуімен жүружәне жүгіру дағдыларынқалыптастыру.Мазмұнды ойындарға қуыршақтар қолдану арқылықызығушылықтарынарттыру. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Серуен» (М. Раухвергер), «Жүгіру» (Т. Ломова); «Қуыршақпенойын» (Б. Жүсіпәлиев), «Ойын» (Б. Дәлденбай)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Бесікжыры» (халықәні, өңдеген Б. Дәлденбай)<br>**Әнайту**<br>«Қуыршақпенбилейміз» (Ж. Тұрсынбаев, Е. Өтетілеуұлы) |
| | **«Қуыршақ пен билейміз» № 2**<br>08.09.2021 | 1 | **Мақсаты:** Үлкендердіңкөмегімен әуендікимыл-қозғалысжасайбілуге үйрету.<br>**Міндеттері:** Әндітыңдап,мағынасын түсіну,созылыңқыдыбысталуға еліктейотырыпересектерменқосылып әнайтуғадағдыландыру. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Серуен» (М. Раухвергер), «Жүгіружәнесекіру» (Т. Ломова)<br>«Қуыршақпенойын» (Б. Жүсіпәлиев), |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | Ойыншықтарғаұқыптылықпен қарауғатәрбиелеу. | «Ойын» (Б. Дәлденбай)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Мұңдыкөңілкүй»<br>(Г. Левкодимов)<br>**Әнайту**<br>«Қуыршақпенбилейміз» (Ж. Тұрсынбаев,<br>Е. Өтетілеуұлы) |
| | **«Көңілді сылдырмақтар»**<br>**№ 3-4**<br>15.09.2021<br>18.09.2021 | 2 | **Мақсаты:** Әуендісезінебілуге,әннің мағынасынтүсінуге баулу.<br>**Міндеттері:** Сылдырмақпен бірқалыпты ырғақты ойын қимылдарынбереотырып қимылдар жасау; әннінсөздері мен жеке буындардыбіргеайтуғаүйрету. Ойын арқылы музыкаға қызығушылығын арттыру. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>*«Жүгіру» (Т. Ломова).*<br>«Сылдырмақтар»<br>(М. Раухвергер);<br>«Көңілдіырғақ»<br>(халықәні «Еркем-ай» өңдеген Б. Дәлденбай)»<br>**Музыка тыңдау**<br>«Жайжүру» (Р. Леденев)<br>**Әнайту**<br>«Қуыршақпенбилейміз» (Ж. Тұрсынбаев,<br>Е. Өтетілеуұлы) |
| | **«Ән шырқайық!»**<br>**№ 5-6**<br>22.09.2021<br>01.10.2021 | 2 | **Мақсаты:** Мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беруге баулу.<br>**Міндеттері:** Түрлі ырғақты, фортепиано аспабында орындалған әуендерді тыңдау, бірқалыпты ырғақты, музыканың ашық берілген | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Марш» (Е. Тиличеева),<br>«Сылдырмақтар»<br>(М. Раухвергер);<br>«Көңілдіырғақ»<br>(халықәні «Еркем-ай», |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | сипатына сай түрлі бейнелік ойын қимылдарын бере отырып заттармен (сылдырмақпен) қимылдар жасау; ән айтуда жеке сөздерді айғайламай айтуды қалыптастыру.<br>Түрлі жанрлы музыкалық шығармалардытыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. | өңдеген Б. Дәлденбай)»<br>**Музыка тыңдау**<br>«Құлыншақ» (Е. Ташенов, Ә.Тәжібаев)<br>**Ән айту**<br>«Бала, бала, балапан» (И. Нүсіпбаев, Ж. Смақов),<br>«Қуыршақпен билейміз» (Ж. Тұрсынбаев, Е. Өтетілеуұлы) |
| **Жомарт күз** | **«Күн мен жаңбыр» № 7**<br><br>01.10. 2021 | 1 | **Мақсаты:** Музыкалық қабілеттерін арттыру, ән тыңдауға баулу.<br>**Міндеттері:** Шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату секілді қарапайым би қимылдарын үйрету;<br><br>қимылды-әуендіойындарарқылы әуенді сезіне қимылдар жасауға баулу.<br>Үлкендермен қосыла ән айтуға үйретуді жалғастыру. Қызығушылықтарын арттыру, қуанышты көңіл күй сезімін ояту. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Жүру», «Жүгіру» (Р. Рустамов),<br>«Марш» (Е. Тиличеева);<br><br>Ойын «Серуен мен жаңбыр» (М. Раухвергер)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Жаңбыр» (М. Миклашевская)<br>**Ән айту**<br>«Жаңбыр» (Д. Ботбаев, И. Сапарбаев),<br>«Бала, бала, балапан» (И. Нүсіпбаев, Ж. Смақов) |
| | **«Көңілді тамшылар» № 8** | 1 | **Мақсаты:** Жай және ойнақы әуеннің ырғақтарын ажыратуға баулу.<br>**Міндеттері:** Педагогтің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Жүру», «Жүгіру» (Р. Рустамов); |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 05.10.2021 | | жеке буындарды дұрысайтуға үйрету.Түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдап, тану, әуен ырғағымен қимыл-қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру. | Ойын «Серуен мен жаңбыр» (М. Раухвергер)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Жаңбыр» (өнд. В. Фере)<br>**Ән айту**<br>«Жаңбыр»<br>(Д. Ботбаев, И. Сапарбаев),<br>«Бала, бала, балапан»<br>(И. Нүсіпбаев, Ж. Смаков) |
| | **«Әдемі жапырақтар»**<br>**№ 9-10**<br>12.10.2021<br>15.10.2021 | 2 | **Мақсаты:** Музыкалық қабілеттерін арттыру, ән тыңдауға баулу.<br>**Міндеттері:** Аспаптың сүйемелдеуімен орындалатын билерде музыка әуеніне сәйкес (жоғары-төмен, баяу-жылдам) бір қимылдан басқа кимылдарға ауысуға және ересектің ән айтуына еліктеп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен айтуға үйрету. Музыка арқылы сұлулық пен әдемілікке тәрбиелеу. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Жүгіру және секіру»<br>(Т. Ломова)<br>«Күзгі жапырақтар биі»<br>(«Вальс» А. Жилин);<br>Ойын «Жемістер жинау»<br>(«Ойын» Р. Шафаг)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Балалар полькасы»<br>(М. Глинка)<br>**Ән айту**<br>«Күз келді»<br>(А. Досмағанбет), «Жаңбыр»<br>(Д. Ботбаев, И. Сапарбаев) |
| | **«Күзгі баққа серуен»**<br>**№ 11-12** | 2 | **Мақсаты:** Музыкалық қабілеттерін арттыру, ән тыңдауға баулу.<br>**Міндеттері:** Музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып, шеңбермен жүру | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Қыдырамыз» (Т. Ломова)<br>«Күзгі жапырақтар биі»<br>(«Вальс» А. Жилин); |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 19.10.2021<br>26.10..2021 | | қимылдарына, билерде сүйсмелдейтін музыканың қарама-карсылығына сәйкес (ақырын-қатты, жоғары-төмен, баяу- жылдам) бір қимылдардан басқаларына ауыса білуге, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айтуға дағдыландыру. Музыкаға деген құштарлықтарын ояту, сүйіспеншіліктерін арттыру. | Ойын «Жемістер жинау» («Ойын» Р. Шафаг)<br>**Музыка тыңдау**<br>Үнтаспадан жаңбырдың дыбысын тыңдату.<br>**Ән айту**<br>«Күз келді» (А. Досмағанбет), «Жаңбыр» (Д. Ботбаев, И. Сапарбаев) |
| **Жануарлар әлемі** | **«Менің күшігім» № 13**<br>02.11.2021 | 1 | **Мақсаты:** Қарапайым би қимылдарының біріздiлiгiн есте сақтауға үйрету.<br>**Міндеттері:** Музыканың ауыспалы кезеңдерін тыңдауға, музыканың жай және қатты дыбысталуын ажыратуға, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен айтуға,мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беру дағдыландыру. Үй жануарларына деген қамқорлық сезімдерін ояту. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Марш» (Ю. Соколовский), «Күзгі жапырақтар биі» («Вальс» А. Жилин);<br>Ойын «Үйшігінді тап» (Т. Сарыбаева)<br>**Ән айту**<br>«Күшігім» (Т. Исалиев, М. Ерімбетов)<br>«Күз келді» (А. Досмағанбет) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | «Ала мысық» № 14<br>05.11.2021 | 1 | **Мақсаты:** Әнді сахналауда қимылдардың жекеэлементтерін қолдану.<br>**Міндеттері:** Түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды тыңдауға, ажырата білуге, әнді жеке және топпен айтуға баулу, әуеннің басталуы мен аяқталуындағы дыбысталу күшін (қатты-баяу) ажырата білуге үйрету. Ән-ойын арқылы достық, жанашырлық сезімдеріне тәрбиелеу. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Марш» (Ю. Соколовский), «Мысықай мен мысық» (К. Қуатбаев, А. Асылбек).<br>Ойын «Үйшігіңді тап» (Т. Сарыбаева)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Мысықай» (В. Витлин)<br>**Ән айту**<br>«Мысық» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев), «Күшігім» (Т. Исалиев, М. Ерімбетов) |
| | «Кішкентай төлдер» № 15-16<br>09.11.2021<br>16.11.2021 | 2 | **Мақсаты:** Пьесалардың екі түрлі формасына қимылдарын ауыстыра білуге дағдыландыру.<br>**Міндеттері:** Әуенді тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру; әннің мағынасын түсініп, педагогтің дауысына еліктеп ырғағын дұрыс жеткізе орындауға машықтандыру. Үй жануарларына деген қызығушылық, қамқорлық сезімін тәрбиелеу. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Тұлпарым» (үнтаспада, Б. Бейсенова);<br>Ойын «Лақ пен күшік» (С. Соснин)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Ботақан» (Е. Өміров, Р. Наурызбаева)<br>**Ән айту**<br>«Әукім» (Е. Өміров, Р. Наурызбаева), «Мысық» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев), «Күшігім» (Т. Исалиев, М. Ерімбетов) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Қоңыр қонжық» № 17-18**<br><br>19.11.2021<br>23.11.2021 | 2 | **Мақсаты:** Әуеннің ырғағына,мәтініне сәйкес іс-әрекеттерді көрсете білуге баулу.<br>**Міндеттері:** Әртүрлі жанрлы музыкалық шығармаларды тыңдап, ырғағын сезінуге баулу; әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен жеке сөздерді айғайламай айтуға қалыптастыру.Әнгеүлкендермен қосыла айтуды үйрету; ойын арқылы қызығушылықтарын арттыру. Ойын арқылы ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Аюлар» (Е. Тиличеева),<br>«Жаттығулар»<br>(«Марш» Е. Тиличеева,<br>«Экосез» И. Гуммель);<br>Ойын «Қояндар мен аю»<br>«Қояндар», «Аю»<br>(Т. Попатенко)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Қоңыр аю қорбаңбай»<br>(Б. Дәлденбай)<br>**Ән айту**<br>«Қоңыр қонжық»<br>(Т. Сарыбаева)<br>«Әукім» (Е. Өміров,<br>Р. Наурызбаева) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Қош келдің, Жаңа жыл** | **Ормандағы сұр қоян № 19-20**<br>30.11.2021<br>03.12.2021 | 2 | **Мақсаты:** Музыкалық қабілеттерін арттыру, ән тыңдауға баулу.<br>**Міндеттері:** Тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеп, әннің сөздері мен жеке буындарына қосыла айтуға, мазмұнды ойын кейіпкерлері мен қимылдарының музыкалық сипатын беруге үйрету, екі түрлі пьесаның формасына қимылдарын ауыстыра білуге дағдыландыру. Қимылдық ойын арқылы қызығушылық сезімін ояту. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Жүру» (Р. Рустамов)<br>«Жаттығулар» («Марш» Е. Тиличеева, «Экосез» И. Гуммель);<br>Ойын «Қояндар мен қу түлкі» (Ж. Тезекбаев, И.Сапарбаев)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Қояндар», «Аю» (Т. Попатенко)<br>**Ән айту**<br>«Сұр қоян» (А. Филиппенко, өңдеген К. Үбәнұлы),<br>«Қоңыр қонжық» (Т. Сарыбаева) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Алғашқы қар»**<br>**№ 21-22**<br><br>07.12..2021<br>14.12.2021 | 2 | **Мақсаты:** Музыкалық аспаптарда орындалған әртүрлі ырғақты, таныс әуендерді тыңдауға баулу.<br>**Міндеттері:** Әуеннің екпінін сезіне<br><br>жеткізу дағдыларын, әнді жеке және топпен айтуға; музыканың сипатына сай би қимылдарын орындауға қалыптастыру. Ән айтуға қызығушылықтарын арттыру, көтеріңкі көңіл күй сезімін ояту. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Ақшақарлар биі» (үнтаспада, педагогтің таңдауымен),<br><br>«Экосез» (И. Гуммель);<br>Ойын «Қояндар мен қу түлкі» (Ж. Тезекбаев, И.Сапарбаев)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Жаңа жыл – жаңа жыр» (Ә. Қонысбеков,<br>Ұ. Қонысбекова)<br>**Ән айту**<br>«Сұр қоян»<br>(А. Филиппенко,<br>өңд. К. Үбәнұлы),<br>«Қоңыр қонжық»<br>(Т. Сарыбаева) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Кішкентай шырша» № 23-24**<br>21.12.2021<br>28.12.2021 | 2 | **Мақсаты:** Әнді сахналауда қимылдардың жеке элементтерін қолдана білуге үйрету.<br>**Міндеттері:** Түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдап, сипатын сезіну; әннің ырғағына еліктей отырып ересекпен қосылып табиғи дауыспен айтуға дағдыландыру.<br>Музыкаға сүйіспеншіліктерін, қабілеттерін арттыру. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Ақшақарлар биі» (үнтаспада, педагогтің таңдауымен);<br>Ойын «Шыршамызды сәндейміз»<br>(«Полька» В. Косенко)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Шырша шамы, жарқыра»<br>(Л. Аитова)<br>**Ән айту**<br>«Біздің шыршамыз»<br>(А. Есім),<br>«Сұр қоян» (А. Филиппенко, өңдеген К. Үбәнұлы) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Жаңа жыл мерекесі» № 25-26**<br><br>11.01.2022<br>18.01.2022 | 2 | **Мақсаты:** Қол шапалактау және жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу секілді қарапайым би қимылдарының дағдыларын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:** Түрлі бейнелік ойын қимылдарын бере отырып заттармен қимылдар жасау дағдыларын қалыптастыру; бірқалыпты ырғақты, түрлі бейнелік ойын қимылдарын бере фортепиано сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, шеңбермен жүру дағдыларына машықтандыру, әнді жеке және топпен айтуға үйрету. Балаларға мерекелік қуанышты көңіл күй сыйлау, шаттық сезіміне бөленуіне жағдай жасау. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Марш» (Б. Дәлденбай),<br>«Қоңыраумен би»<br>(Е. Марченко),<br>Ойын «Шыршамызды сәндейміз»<br>(«Полька» В. Косенко)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Аязата» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев)<br>**Ән айту**<br>«Алақай» (Ә. Қонысбеков, Ұ. Қонысбекова),<br>«Біздің шыршамыз»<br>(А. Есім) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Қыс қызығы** | **«Көжекке арналған мереке» № 27-28**<br>25.01.2022<br>25.01.2022 | 2 | **Мақсаты:** Әнді сахналауда қимылдардың жеке элементтерін қолдану.<br>**Міндеттері:** Музыканың сипатына сай қимылдар жасауға, жаңа әндерді музыкалық-қимылдық көрсетусіз тыңдауға; ересектің дауысына еліктеп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, жекесөздерді айғайламайайту дағдыларын жетілдіру, түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш баяу және көңілді әндер тыңдау ережесінсақтауды калыптастыру. Ізеттілікке, кішпейілділікке тәрбиелеу. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>Марш (Э. Парлов),<br>«Қояндар» (М. Раухвергер),<br>Қоңыраумен би»<br>(Е. Марченко);<br>Ойын «Қояндар мен қу түлкі» (Ж. Тезекбаев, И.Сапарбаев)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Қояндар» (Е. Тиличеева)<br>**Ән айту**<br>«Сұр қоян»<br>(А. Филиппенко, өңдеген К. Үбәнұлы),<br>«Алақай» (Ә. Қонысбеков, Ұ. Қонысбекова) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Қысқы орманға саяхат» № 29-30**<br><br>01.02.2022<br>04.02.2022 | 2 | **Мақсаты:** Мазмұнды ойындар арқылы қызығушылықтарын арттыру.<br>**Міндеттері:** Күрделі емес қимылдардың бірізділігін есте сақтауға, әннің сөздері мен жеке буындарын анық айтуға, музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, тани білу дағдыларын қалыптастыру. Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>Марш (Э. Парлов),<br>«Қояндар» (М. Раухвергер),<br>«Қоңыраумен би» (Е. Марченко);<br>Ойын «Қояндар мен аю» («Қояндар», «Аю» Т. Попатенко)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Нешеуміз?» (А. Тоқсанбаев, Е. Өтетілеуұлы)<br>**Ән айту**<br>«Пойыз» (Ж. Тұрсынбаев, А. Асылбек)<br>«Алақай» (Ә. Қонысбеков, Ұ. Қонысбекова) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Биші аяқтар» № 31-32**<br><br>08.02.2022<br>08.02.2022 | 2 | **Мақсаты:** Музыкалық-ырғақтық қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:** Музыканы тыңдай білуді және оларға тән ерекшеліктерін ажырата білуді үйрету; ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау; әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру; таныс қимылдарды қайталау, еске сақтау. Музыкалық қабілеттерін жетілдіру, қызығушылықтарын арттыру. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Марш» (Б. Дәлденбай),<br>«Етіктер» (орыс халық әуені, Т. Ломова);<br>Ойын «Құрсау-құрсау» (Ө. Байділдаев, М.Әлімбаев)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Полька» Д. Кабалевский<br>**Ән айту.**<br>«Пойыз» (Ж. Тұрсынбаев, А. Асылбек), «Сұр қоян» (А. Филиппенко, өңдеген К. Үбәнұлы),<br>«Алақай» (Ә. Қонысбеков, Ұ. Қонысбекова) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Менің отбасым** | **«Ақ әжем» № 33-34**<br><br>15.02.2022<br>18.02.2022 | 2 | **Мақсаты:** Кейіпкерді әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:** Ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау; қол қимылдарын: "шапалақ-шапалақ", аяқ қимылдарын: "топ-топ" орындау, әнді уақытында бастау және аяқтау, озып кетпеу немесе қалып қоймау, кідірісті сақтау дағдыларына үйрету. Әжеге деген сүйіспеншілік, ізеттілік сезімдеріне, құрметтеуге тәрбиелеу. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Тұлпарым» (үнтаспада, Б. Бейсенова), «Шөжелерім» (өзбек х.әні, үнтаспада, Би билейміз жинағынан),<br>Ойын «Өз жұбыңды тап» («Лили полька» Тен Чу)<br>**Музыка тыңдау** «Қамажай» (халық әуені, өңдеген Н. Меңдіғалиев)<br>**Ән айту**<br>«Кел, балақан» (К. Қуатбаев, А. Асылбек), «Пойыз» (Ж. Тұрсынбаев, А. Асылбек) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Әлди, әлди, ақ бөпем» № 35-36**<br><br>22.02.2022<br>01.03.2022 | 2 | **Мақсаты:** Музыкалық иллюстрациялармен сүйемелденген әңгімелерді қызығушылықпен тыңдауға баулу.<br>**Міндеттері:** Әндегі қайталанатын тіркестерді ересектердің дауыс интонациясына салып топпен айтуға, үнтаспадағы әндер мен пьесаларды тыңдауға, таныс қимылдарды қайталауға дағдыландыру; таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін ажырата білуді қалыптастыру.<br>Сәбилерге қамқорлық, жанашырлық көрсете білуге баулу. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Марш» (Э. Парлов), «Көктем гүлдері» («Вальс» Қ. Шілдебаев), Шөжелерім» (өзбек х. әні, үнтаспада);<br>Ойын «Өз жұбыңды тап» («Лили полька» Тен Чу)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Бесік жыры» (педагог таңдауы бойынша үнтаспадан)<br>**Ән айту**<br>«Ұйықта, бөпем» (Қ. Шілдебаев, А. Асылбек)<br>«Кел, балақан» (К. Қуатбаев, А. Асылбек) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | «Сүйікті анашым» № 37-38<br><br>04.03.2022<br>14.03.2022 | 2 | **Мақсаты:** Кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:** Аяқтың ұшымен жүру,бір орында айналу,тербелу сияқты музыкалық-ырғақты қимылдарды еске сақтауға, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып айтуға үйрету. Балаларға мерекелік қуанышты көңіл күй сыйлау, шаттық сезіміне бөленуіне жағдай жасау. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Көктем гүлдері» («Вальс» Қ. Шілдебаев),<br>Ойын «Құрсау-құрсау»<br>(Ө. Байділдаев, М.Әлімбаев)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Айналайын ақ мамам»<br>(И. Нүсіпбаев,<br>Ә. Табылдиев)<br>**Ән айту**<br>«Менің анам» (Л. Аитова),<br>«Ұйықта, бөпем»<br>(Қ. Шілдебаев, А. Асылбек) |
| **Алғашқы тамшылар** | **«Алақай, көктем!» № 39-40**<br><br>18.03.2022<br>29.03.2022 | 2 | **Мақсаты:** Көктем мезгілі туралы түсінік беру; әуенді сезіне білуге баулу.<br>**Міндеттері:** Аспапта педагогтің орындауындағы пьесаларды тыңдауға, қарапайым би қимылдарын (басты оңға, солға ию, колдарды сермеу, шеңбер бойымен жүру) бірге жасауға, күрделі емес қойылымдарға, ойындарға және билерге қатысу, әнді бірге уақытында бастап және аяқтауға дағдыландыру.<br>Ойынға белсене қатысуға үйрету, ұйымшылдыққа баулу. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Көктем гүлдері»<br>(«Вальс» Қ. Шілдебаев), Ойын «Гүлдер тереміз»<br>(«Полька» М. Красев)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Құстар ұшады» (А.Жилин)<br>**Ән айту**<br>«Менің анам» (Л. Аитова)<br>«Ұйықта, бөпем»<br>(Қ. Шілдебаев, А. Асылбек) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Наурыз – біздің мереке» № 41-42**<br>02.04.2022<br>05.04.2022 | 2 | **Мақсаты:** Балаларға наурыз мерекесі туралы түсінік беру.<br>**Міндеттері:** Әндегі қайталанатын тіркестерді ересектердің дауыс интонациясынасалып,әнайту дағдыларын қалыптастыру; музыкалық иллюстрациялармен сүйемелденген әңгімелерді қызығушылықпен тыңдауға баулу, күрделі емес қойылымдарға, ойындарға және билерге белсене қатысуға үйрету. Наурыз мерекесін сезінуге, ұлттық ойындарға қызығушылықтарын арттыру. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Қамажай» (үнтаспада, халық әні), «Тұлпарым» (үнтаспада, Б. Бейсенова);<br>Ойын «Бәйге» («Қара жорға» халық күйі, өңдеген Л. Хамиди)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Наурыз келді» (Н. Дүкенбаев, Қ. Смағұлов)<br>**Ән айту**<br>«Наурыз» (А. Досмағанбет), «Менің анам» (Л. Аитова) |
| | **«Шуақты күн» № 43-44**<br>01.04.2022<br>05.04.2021 | 2 | **Мақсаты:** Педагогтің аспапта орындауындағы пьесаларды тыңдау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:** Жаттығулар мен биде ақырын-қатты, жоғары-төмен, баяу-жылдам қимылдарын ауыстыра орындауға үйрету, ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау; табиғи дауыспен,күш түсірмей ән айту дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық қабілеттерін жетілдіру, қызығушылықтарын арттыру. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Жай жүру» (Р. Леденев)<br>Ойын «Құрсау-құрсау» (Ө. Байділдаев, М. Әлімбаев)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Көктем» (Л. Аитова)<br>**Ән айту**<br>«Наурыз» (А. Досмағанбет)<br>«Менің анам» (Л. Аитова) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Әрқашан күн сөнбесін** | **«Желбірей ді жалауша» № 45-46** 12.04.2022 19.04.2022 | 2 | **Мақсаты:** Әртүрлі ырғақты әннің мағынасын түсінуге баулу. **Міндеттері:** Түрлі аспаптарда педагогтің орындауындағы және үнтаспадағы әндер мен пьесаларды тыңдау, ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде үйренген әнді айта отырып, мағынасына сәйкес қимылдарды қайталауға, музыканың сипатына сай қимылдар жасауға дағдыландыру. Ұйымшылдыққа, біріздiлікке, көппен бірге іс-әрекет жасауға тәрбиелеу. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар** «Марш» (Б. Дәлденбай) «Жалаушамен жаттығу» («Қазақ маршы» А. Затаевич), Ойын «Құрсау-құрсау» (Ө. Байділдаев, М.Әлімбаев) **Музыка тыңдау** «Марш» (Л. Шульгин) **Ән айту** «Жалауша» (А.Тоқсанбаев, И. Сапарбаев) «Наурыз» (А. Досмағанбет) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Ғажайыптар әлемінде** | **«Көңілді барабан» № 47-48**<br><br>26.04.2022<br>26.04.2022 | 2 | **Мақсаты:** Пьесалардың әртүрлі формасының сипатына сай қимылдарын ауыстыру, басталуы мен аяқталуындағыдыбысталу күшін (қатты-баяу) өзгертуге үйрету.<br>**Міндеттері:** Таныс әндерге өз беттерінше еркін қозғалуға, табиғи дауыспен күш түсірмей ән айтуға үйрету, ересектердің кимылдарына еліктеп, қиялдағы аспапта сүйемелдеу дағдыларын қалыптастыру. Түрлі жанрлы музыкалык шығармаларды тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>Марш (Б. Дәлденбай), «Марш» (Э. Парлов),<br><br>«Барабаншылар» (Д. Кабалевский),<br>«Бесік жыры» (С. Левидов).<br>«Қасықтар мен сылдырмақтар» («Полька» Л. Лядова)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Құлыншақтар шабады» (В. Витлин)<br>**Ән айту**<br>«Барабан» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев),<br>«Жалауша» (А. Тоқсанбаев, И. Сапарбаев) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Біздің аспаптар» № 49-50**<br><br>03.05.2022<br>06.05.2022 | 2 | **Мақсаты:** Музыканы тыңдай білуді, таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін ажырата білуді қалыптастыру.<br>**Міндеттері:** Күрделі емес қойылымдарға, ойындарға және билерге қатысу, музыканы тыңдай білуді және оларға тән ерекшеліктерін ажырата білуді қалыптастыру; аспаптың сүйемелдеуімен әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен орындауға және музыка сипатына сәйкес қозғалуға үйрету.<br>Балаларға қуанышты көңіл күй сыйлау. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Марш» (Э. Парлов),<br>«Барабаншылар» (Д. Кабалевский),<br>«Бесік жыры» (С. Левидов),<br>«Билейміз» (Е. Андосов).<br>«Қасықтар мен сылдырмақтар» («Полька» Л. Лядова)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Күн» (Т. Попатенко)<br>**Ән айту**<br>«Тәтті бала» (Т. Сопиев, С. Оспанов),<br>«Барабан» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Балақан мен алақан» № 51-52**<br><br>17.05.2022<br>20.05.2022 | 2 | **Мақсаты:** Таныс қимылдарды жаңа музыкаменсәйкесестесақтау, қайталау.<br>**Міндеттері:** Аспаптарда педагогтің орындауындағы әндер мен пьесаларды тыңдау, аяқтың ұшымен, өкшемен қою, орнында тұрып топылдату, шеңбер бойымен бір орында және шашыраңқы топылдатып жүруге машықтандыру. әндегі қайталанатын тіркестерді ересектердің дауыс интонациясына салып, айту дағдыларын қалыптастыру. Ән айтуға қызығушылықтарын арттыру, көтеріңкі көңіл күй сезімін ояту. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Билейміз» (Е. Андосов),<br>«Орамалмен билейміз» (Т. Сарыбаева).<br>Ойын «Қақпа»<br>(«Марш» Э. Парлов, «Жүгіру» Т. Ломова)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Топ-топ, балақан»<br>(М. Арынбаев, А. Асылбек, үнтаспада)<br>**Ән айту**<br>«Тәтті бала»<br>(Т. Сопиев, С. Оспанов),<br>«Барабан»<br>(Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Қуыршақ Сәулеге концерт» № 53-54**<br>24.05.2022<br>24.05.2022 | 2 | **Мақсаты:** Музыкалық иллюстрациялармен сүйемелденген әңгімелерді қызығушылықпен тыңдауға баулу.<br>**Міндеттері:** Бубенмен, сылдырмақпен бірқалыпты ырғақты, түрлі бейнелік-ойын қимылдарын бере отырып заттармен қимылдар жасау; әнді жеке және топпен айту дағдыларын қалыптастыру. Көпшілік алдында еркін өнер көрсетуге, ән айту, би билеуге бейімдеу. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Сылдырмақпен би» («Жайдарман» қазақ халық әуені, өңдеген К. Қуатбаев).<br>«Орамалмен билейміз» (Т. Сарыбаева)<br>«Қасықтар мен сылдырмақтар» («Полька» Л. Лядова).<br>Ойын «Қақпа» («Марш» Э. Парлов, «Жүгіру» Т. Ломова)<br>**Ән айту**<br>«Тәтті бала» (Т. Сопиев, С. Оспанов),<br>«Барабан» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев),<br>«Жалауша» (А.Тоқсанбаев, И. Сапарбаев) |
| | | | **Барлығы** | **54 сағат** |

МКҚК «Ақмарал» бөбекжай балабақшасы

**БЕКІТЕМІН:**

Балабақша меңгерушісі

_______________ А.С.Жаштаева

# ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ

# МУЗЫКА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ

# ЖОСПАРЫ

**«Балапан» кіші жас тобы**

**2021-2022 оқу жылы**

**Музыка жетекшісі: Қамбарбекова М.**

## № 1 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Қуыршақ Сәуле қонақта»
**Мақсаты:** Түрлісипаттағыәуендер тыңдап,музыканың көңіл күйін сезінугебаулу.
**Міндеттері:** Музыканы тыңдауға,тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеп біргеән салуға баулу; музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Мазмұнды ойындарға қуыршақтар қолдану арқылы қызығушылықтарын арттыру.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** ересектердің көрсеткен қимылдарын
қайталайды(жүгіреді, шеңбермен жүреді);
**түсінеді:** түрлі сипаттағы әуендер тыңдап,сипатын ажыратады;
**қолданады:** тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеп,бірге ән салады.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар,суретті иллюстрациялар,нота хрестоматиясы.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балаларды көңілді әуенмен қарсы алып, жеңіл жүгіруді ұсынады.
*«Жүгіру» (Т. Ломова)*
Педагог: Балалар, бүгін бізге қуыршақ Сәуле қонаққа келді. Қараңдаршы, қандай әдемі қуыршақ! Қане, бәріміз қуыршақ Сәулемен бірге серуенге шығайық. Аяғымызды нық басып жүреміз.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Серуен» (М.Раухвергер).*
Әуен ырғағымен жай жүреді.

- Ал енді бірге жүгірейік. (Аяқ ұшымен жүгіру).
- Жарайсыңдар, бірге қол шапалақтайық.
- Қуыршақ Айгүл сендерге риза болды.

Балаларға отырып, ән тыңдауды ұсынады.
***Музыка тыңдау.*** *«Бесік жыры» (халық әні,өңдеген Б.Дәлденбай)*
Аспапта ойналған әуенді тыңдау ережесіне баулу. Бесік тербетіп, сәби ұйықтатып отырған ананың суреті көрсетіледі. Әуенге сипаттама береді.
Педагог: Балалар қандай тамаша,
Ән салайық жараса!
***Ән айту.*** *«Қуыршақпен билейміз» (Ж.Тұрсынбаев,Е.Өтетілеуұлы)*
Әнді орындап, мазмұнына сәйкес іс-әрекеттерді бірге жасауды ұсынады. Балалар «қиялдағы» қуыршақты әлдилеген ишара жасап, ұйықтатқан сияқты қимылдар жасайды. Педагог қуыршақ Сәулемен би билеуге шақырады.
***«Қуыршақпен ойын» ойыны*** *(«Қуыршақпен ойын»Б.Жүсібәлиев, «Ойын»Б. Дәлденбай)*

Балаларғақуыршақтартаратылады. Бесік жырымен қуыршақтарын «тербете» ұйықтады. Көңілді әуен ойналғанда балалар қуыршақтармен айналып билейді. Қуыршақты ұстап, тербелу, бір орында айналу, аяқ топылдату т.б. қимылдарды көрсету, қайталау.
Балалардың көңіл күйіне қарай ойын 2-3 рет қайталанады.

**3. Рефлексия**

Педагог балаларды мадақтап, ризашылығын білдіреді.
Қуыршақ Сәулемен қоштасып, үйіне шығарып салайық деп ұсынады.

## № 2 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Қуыршақпен билейміз»
**Мақсаты:** Үлкендердің көмегімен әуенді қимыл-қозғалыс жасай білугеүйрету.
**Міндеттері:** Әнді тыңдап,мағынасын түсіну,созылыңқы дыбысталуғаеліктей отырып ересектермен қосылып ән айтуға дағдыландыру. Ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** үлкендерге ілесе қимыл-қозғалыс жасайды;
**түсінеді:** әнді тыңдап,мағынасын түсінеді;
**қолданады:** ересектермен қосылып, «әлди,әлди»сөзін қайталап біргеайтады.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар,жұмсақ ойыншықтар,нотахрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** әлди,әлди.

**ҰОҚ барысы**

**1. Ұйымдастыру кезеңі**

Қуыршақ ойыншықпен қарсы алу.

Педагог: Балалар, бүгін бізге тағы қонаққа қуыршақ Сәуле келді. Сәуле сендермен бірге жүгіріп, секіріп ойнағысы келеді. *«Жүгіру және секіру» (Т. Ломова)*

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Серуен» (М.Раухвергер)*әуеніне ілесіп жүруді, жеңіл жүгіруді ұсынады.

Балаларды отырғызып, ән тыңдауды ұйымдастыру.

- Енді қуыршақ Сәулемен бірге ән тыңдаңдар.

***Музыка тыңдау.*** *«Мұңды көңіл күй» (Г.Лёвкодимов)*

Музыканы тыңдап, созылыңқы әуеніне мән беру.

Қуыршақ Сәуле бүгін көңілсіз екен, көңілін көтеру үшін ән айтып берейік.

***Сөздік жұмыс:*** әлди,әлди.

***Ән айту.*** *«Қуыршақпен билейміз» (Ж.Тұрсынбаев,Е.Өтетілеуұлы)*

Әннің мағынасын түсініп, жеке буындарды ересектермен қосыла айтуға үйрету. Қуыршақты ұстап, тербелу, бір орында айналу, аяқ топылдату т.б. қимылдарды көрсету, қайталау.

– Ал келіңдер, келіңдер,
Мені қуып жетіңдер! –

деп, ойынға шақырады. Қуыршақ Сәуле қашады, балалар қуады.

– Ал қанекей қашыңдар,
Аяқты тез басыңдар!

Балаларды қуыршақ Сәуле қуған болады.

– Балалар, Сәуле сендерді көңілді ойынға шақырып тұр.

***«Қуыршақпен ойын» ойыны*** *(«Қуыршақпен ойын»Б.Жүсібәлиев. «Ойын»Б.Дәлденбай)*

Балалардың көңіл күйіне қарай таныс ойын 2-3 рет қайталанады.

**3. Рефлексия**

Педагог:

- Бүгін бізге келген қонақтың аты кім?
- Қуыршақ Сәуле сендерге рахмет айтады, тағы да қонаққа келіп, сендермен бірге ән салып, би билейді.

Балаларды шығарып салады.

## № 3-4 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Көңілді сылдырмақтар»
**Мақсаты:** Әуенді сезіне білуге,әннің мағынасын түсінуге баулу.
**Міндеттері:** Сылдырмақпен бірқалыпты ырғақты ойын қимылдарын береотырып қимылдар жасау; әннің сөздері мен жеке буындарды бірге айтуға үйрету. Ойын арқылы музыкаға қызығушылығын арттыру.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** сылдырмақпен би қимылдарын орындайды;
**орындайды:** әннің сөздері мен жеке буындарды бірге айтады;
**түсінеді:** әуенді сезіне біледі;
**қолданады:** шеңбер бойымен жүреді,аяқ топылдатады;
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** бала санымен сылдырмақтар,нотахрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** сылдырмақ.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балаларды көңілді әуенмен қарсы алып, жеңіл жүгіруді ұсынады. *«Жүгіру» (Т. Ломова).*

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтыққозғалыстар.*** *«Сылдырмақтар» (М.Раухвергер)*
***Сөздік жұмыс:*** сылдырмақ.
Сылдырмақтарды көрсетіп, балаларға үлестіреді.

Қолымызда сылдырмақ,
Сылдыр-сылдыр етеді.
Аяғымыз топылдап,
Өзі билеп кетеді.

Педагог сылдырмақтармен би қимылдарын көрсетіп, қызығушылықтарын арттырады. Қайталап, бірге жасауларын сұрайды.
***Музыка тыңдау.*** *«Жай жүру» (Р.Леденев)*
Әуен екінші рет орындалып, балаларды ортаға шақырады. Балалар қолдарын белдеріне қойып, зал ішінде «шашырап» тұрады. Әуеннің сипатына сай ырғақты сезіне орташа екпінде жүреді. Әуен ауысқанда балалар өздеріне жұп тауып, екеуден қол ұстасып, жай жүреді.
***Ән айту.*** *«Қуыршақпен билейміз» (Ж.Тұрсынбаев,Е.Өтетілеуұлы)* Тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеп, әнді топпен орындауға үйрету.

Ортада әлі ойын бар,
Қане, шыға қойыңдар!

Педагог балалардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында, көңілді ойын ұйымдастырады.

***«Көңілді ырғақ» ойыны*** *(халық әні«Еркем-ай»,өңдеген Б.Дәлденбай)*Балалар әуен ырғағына сай қол шапалақтайды, аяқтарын топылдатады, бір орында айналады. Әуен соңында отыра қалады.

**3. Рефлексия**

Педагог:

- Бүгін сендер қандай ойыншықпен ойнадыңдар?
- Сылдырмақ сендерге ұнады ма?

Балаларды мадақтап, мадақтау. Көңілді әуенмен шығарып салу.

## № 5-6 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Ән шырқайық!»
**Мақсаты:** Мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беругебаулу.
**Міндеттері:** Түрлі ырғақты,фортепиано аспабында орындалған әуендердітыңдау, бірқалыпты ырғақты, музыканың ашық берілген сипатына сай түрлі бейнелік ойын қимылдарын бере отырып заттармен (сылдырмақпен) қимылдар жасау; ән айтуда жеке сөздерді айғайламай айтуды қалыптастыру.
Түрлі жанрлы музыкалық шығармалардытыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру.
**Күтілетін нәтижелер:**

**жасайды:** сылдырмақпен ойын қимылдарын қайталайды;
**түсінеді:** музыкалық шығармаларды тыңдайды;
**қолданады:** ересекпен бірге жеке сөздерді айғайламай айта алады;
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** сылдырмақтар.
**Сөздік жұмыс:** балақан-алақан.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балаларды көңілді қарсы алады.
*«Марш» (Е. Тиличеева)* ойналып,балаларға аяқтарын нық басып,топылдата,адымдай жүруді көрсету.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Сылдырмақтар» (М. Раухвергер).* Музыканың ашық көңілді сипатына сай бейнелік ойын қимылдарын бере отырып заттармен (сылдырмақпен) қимылдар жасауға үйрету. Балалар шеңбер бойымен жүріп, сылдырмақты сілкіп ойнайды.
Тоқтап, сылдырмақты арқаларына жасырып, аяқтарын топылдатады.
Әуен ауысқында сылдырмақтарын жоғары көтеріп, ырғақты сезіне ойнайды. ***Музыка тыңдау.*** *«Құлыншақ» (Е.Ташенов,Ә.Тәжібаев)*
Фортепиано аспабында орындалған жаңа әндерді музыкалық-қимылдық көрсетусіз тыңдау. Музыка тыңдауға қызығушылықтарын арттыру, әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру ***Сөздік жұмыс:*** балақан-алақан.

***Ән айту.*** *«Бала,бала,балапан» (И.Нүсіпбаев,Ж.Смақов)*әнін ересекпенқосылып, аспаптардың шығаратын дауысынан ауытқымай, әнді күш түсірмей, асықпай, жеке сөздерді айғайламай айтуға үйрету.
Таныс үйренген *«Қуыршақпен билейміз» (Ж.Тұрсынбаев,Е.Өтетілеуұлы)* әнін үйренуді жалғастыру. Мағынасына сай қимыл-қозғалыс жасауға үйрету.
***Ойын «Көңілді ырғақ»*** *(халық әні«Еркем-ай»,өңдеген Б.Дәлденбай).*Балаларды шеңбер бойымен тұрғызады. Әуеннің 1-бөлімінде қол шапалақтайды. Әуен ауысқанда қолдарын арқаларына жасырады.
2-бөлімінде аяқтарын топылдатады, бір орында тұрып айналады.
Әуен соңында аяқтарын жасырып, отыра қалады.
Ойынды 2-3 рет қайталауға болады.

**3. Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды. Бүгінгі күннің көңілді болғанын айтып, мадақтап, қоштасады.

## № 7 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Күн мен жаңбыр»

**Мақсаты:** Музыкалық қабілеттерін арттыру,ән тыңдауға баулу.
**Міндеттері:** Шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату секілдіқарапайым би қимылдарын үйрету; қимылды-әуенді ойындар арқылы әуенді сезіне қимылдар жасауға баулу. Үлкендермен қосыла ән айтуға үйретуді жалғастыру. Қызығушылықтарын арттыру, қуанышты көңіл күй сезімін ояту.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** қарапайым би қимылдарын қайталайды (шапалақтайды, аяқтарымен топылдатады);
**түсінеді:** қимылды-әуенді ойындарды әуенді сезіне орындайды;
**қолданады:** үлкендермен қосылып ән айтады.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қолшатырлар,нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** қолшатыр.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балаларды қолшатырмен қарсы алады. Үнтаспада жаңбырдың дыбысы естіледі.
Педагог: Тырс-тырс тамады,
Жаңбыр көп жауады.

- Балалар, серуенге шығайық.*«Жүру» (Р.Рустамов).*

Балалар жай адымдап жүреді.
Педагог: Балалар, жаңбыр жауды, қолшатырға жүгіріңдер!
*«Жүгіру» (Р. Рустамов)* әуені ойналып,тез,жеңіл жүгіріп қолшатырғажасырынады.
***Сөздік жұмыс:*** қолшатыр.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.***
Педагог: Балалар, жаңбыр толастады. *«Марш» (Е.Тиличеева)* әуені ойналып, балалар шеңбер бойымен жүріп, орындықтарға отырады.

- Енді жайғасып отырып, ән тыңдайық!

***Музыка тыңдау.*** *«Жаңбыр» (М.Миклашевская).*
Әуен екінші рет орындалғанда ырғағына сай балаларға қол шапалақтап, аяқ топылдатуды үйрету.
***Ән айту.*** *«Жаңбыр» (Д.Ботбаев,И.Сапарбаев)*
Ән айтуға қызығушылықтарын ояту, ересектердің дауыс ырғағына еліктеп, қосылып айтуға баулу.
Таныс *«Бала,бала,балапан» (И.Нүсіпбаев,Ж.Смақов)* әнін үйренуді жалғастыру. Ән мазмұнына сай қимылдар жасау.
Педагог балалармен ойын ұйымдастырады.

***Ойын «Серуен мен жаңбыр»*** *(М.Раухвергер)*
Ойынға балалар санына байланысты 2-3 үлкен қолшатыр қолданылады.
Педагог: Балалар, мен сендерді көңілді серуенге шақырамын!

Қол ұстасып алайық,
Аяқты біз басайық!

Жаңбыржаусакенеттен
Қолшатырға қашайық!

А *бөлімі.* Балалар екеуден қол ұстасып,асықпай зал ішінде«серуендеп»жүреді.
Б *бөлімі.* Жеңіл,тез жүгіріп,қолшатырдың астына тығылып,жаңбырданжасырынады. Тамшыларды бақылайды.
Ойын 2-3 рет қайталанады.

**3. Рефлексия**
Педагог қорытынды жасайды.
– Балалар,сендерге бүгінгі ойын ұнады ма?
- Жаңбыр қалай жауады екен?
- Біз қалай жүгірдік?
- Аяқтарымызды топылдатып көрейікші.
- Ал енді кім көңілді қол шапалақтай алады?

## № 8 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Көңілді тамшылар»
**Мақсаты:** Жай және ойнақы әуеннің ырғақтарын ажыратуға баулу.
**Міндеттері:** Педагогтің дауыс ырғағына еліктеу,әннің сөздері мен жекебуындарды дұрыс айтуға үйрету.Түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдап, тану, әуен ырғағымен қимыл-қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** әуен ырғағымен қимыл-қозғалыс жасайды;
**түсінеді:** әуеннің ырғақтарын ажыратады;
**қолданады:** әннің сөздері мен жеке буындарды айта алады;
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қолшатырлар,жаңбырлы күннің суретті,нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** қолшатыр.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балаларды қолшатырмен қарсы алады. Үнтаспада жаңбырдың дыбысы естіледі.

Педагог: Балалар, қолшатыр алып, серуенге шығайық. *«Жүру» (Р.Рустамов).* Балалар жай адымдап жүреді.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.***

Педагог: Балалар, жаңбыр жауды, қолшатырға жүгіріңдер!
*«Жүгіру» (Р. Рустамов)* әуені ойналып,тез,жеңіл жүгіріп қолшатырғажасырынады.

Педагог: Балалар, жаңбь ртоластады. Енді отырып, ән тыңдайық!

***Музыка тыңдау.*** *«Жаңбыр» (өңдеген В. Фере).*

Аспапта ойналған әуенді тыңдап,ересектердің көрсетуімен саусақтарын тізелеріне соғып әуен ырғағына сай «тамшыларды» көрсетеді.

Жаңбырлы күннің суреттерін көрсетіп, әңгімелеу.

***Ән айту.*** *«Жаңбыр» (Д.Ботбаев,И.Сапарбаев)*

Әннің сөздері мен жеке буындарын дұрыс айтуға дағдыландыру. Әннің мазмұнын түсініп, топпен қосылып айтуға үйретуді жалғастыру. Таныс *«Бала,бала,балапан» (И.Нүсіпбаев,Ж.Смақов)* әнінің ырғағымен қимыл-қозғалыс жасау дағдыларын еске түсіру, қайталау. Балаларға таныс ойынды ұсыну.

***Ойын «Серуен мен жаңбыр»***

*(М.Раухвергер)*Әуен ойналып, қолшатырлар алып, жай жүреді. Педагог: Сескенбейміз жаңбырдан,

Біз көңілді балдырған!

Ойын 2-3 рет қайталанады, балалардың қызығушылықтарын арттыру.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Балалардан, жаңбыр тамшылары және қандай ән үйренгені туралы сұрайды. Балаларға ризашылығын білдіріп, мадақтайды.

## № 9-10 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Әдемі жапырақтар»
**Мақсаты:** Музыкалық қабілеттерін арттыру,ән тыңдауға баулу. **Міндеттері:** Аспаптың сүйемелдеуімен орындалатын билерде музыка әуенінесәйкес (жоғары-төмен, баяу-жылдам) бір қимылдан басқа қимылдарға ауысуға және ересектің ән айтуына еліктеп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен айтуға үйрету. Музыка арқылы сұлулық пен әдемілікке тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** би қимылдарын музыка әуеніне сәйкес ауыстырады;
**түсінеді:** ересектің ән айтуына еліктей алады;
**қолданады:** әнді күш түсірмей,табиғи дауыспен орындайды;
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** бала санына сәйкес түрлітүсті қағазданжасалған күзгі жапырақтар; жеміс, көгөніс муляждары, күз көрінісінің суреттері, нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** жарқырайды.

### ҰОҚ барысы
**1. Ұйымдастыру кезеңі**
Балалардың кіруі. *«Жүгіру және секіру» (Т.Ломова)*
Педагог: Жүгіреміз, жүгіреміз,
Тоқтамайық, кәне, біз!

Аяқ ұшымен жеңіл жүгіру.
Педагог: Екі аяқты қосайық,
Секіріп енді алайық!
Екі аяқты қосып секіру.
**2. Негізгі кезең**
***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.***
Педагог балалардың назарларын жапырақтарға аударады.
Қызыл-сары жапырақтар,
Алтындай жарқырайды.
Жел соғып кенеттен
Төгіліп құлайды.
***Сөздік жұмыс:*** жарқырайды.
*«Күзгі жапырақтар биі» («Вальс» А. Жилин).*
Педагог балаларғатүрлі түсті қатырма қағаздан жасалған күзгі жапырақтар таратып, биге шақырады. Үлкендердің көрсетуімен би қимылдарын қайталауды ұсынады.
А *бөлімі.*Жапырақтарды жоғары көтеріп тербеледі.
*Б бөлімі.*Зал ішінде еркін,жеңіл жүгіреді.
***Музыка тыңдау.*** *«Балалар полькасы» (М.Глинка).*
Пьесаны тыңдап, ырғағын, сипатын сезінуге баулу.
***Ән айту.*** *«Күз келді» (А.Досмағамбет).*
Жаңа әнді орындап, мағынасын түсіндіру. Күз көрінісінің суреттерін ұсынып, әңгімелеу. Әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен айтуға үйрету.
Таныс *«Жаңбыр» (Д.Ботбаев,И.Сапарбаев)* әнін қайталап, еске түсіру, айғайламай топпен айтуға дағдыландыру.
Педагог жемістер мен көгөніс түрлерімен көңілді ойын ойнауға шақырады.
***Ойын «Жемістерді жинау»*** *(«Ойын»Р.Шафағ)*
Шашылған жеміс пен көгөніс түрлерін атап көрсетіп, жинап, себеттерге салуға шақырады.
Себеттерді алайық,
Жемістерді салайық!
Көңілді әуен ойналып, жемістерді жүгіре басып себеттерге салады. Ептілік пен шапшаңдыққа баулу.
**3. Рефлексия**
Педагог қорытынды жасайды.
- Бүгінгі серуен сендерге ұнады ма?
- Бақтағы жапырақтардың түстері қандай екен?
Балаларды мадақтап, қоштасып, шығарып салады.

## № 11-12 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Күзгі баққа серуен»

**Мақсаты:** Музыкалық қабілеттерін арттыру,ән тыңдауға баулу.
**Міндеттері:** Музыканынсүйемелдеуіменжүру және жүгіру,қол ұстасып, жұптасып, шеңбермен жүру қимылдарына, билерде сүйемелдейтін музыканың қарама-қарсылығына сәйкес (ақырын-қатты, жоғары-төмен, баяу-жылдам) бір қимылдардан басқаларына ауыса білуге, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айтуға дағдыландыру. Музыкаға деген құштарлықтарын ояту, сүйіспеншіліктерін арттыру.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** музыканың сүйемелдеуімен би қимылдарын орындайды;
**түсінеді:** ақырын-қатты, жоғары-төмен, баяу-жылдам би қимылдарын ауыстыра алады;
**қолданады:** созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып,ән айтады;
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** түрлі түсті қағаздан жасалған күзгіжапырақтар; жеміс, көгөніс муляждары, нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** серуен.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Балалардың кіруі.
Педагог балалармен сәлемдесіп, назарларын жапырақтарға аударады. Кәне, мұнда қарайық, Алтын сары жапырақ.

Жинап-жинап алайық,
Серуенге барайық!

*«Қыдырамыз» (Т. Ломова)*
***Сөздік жұмыс:*** серуен.

2. **Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Күзгі жапырақтар биі»(«Вальс» А. Жилин).*
Би қимылдарын үйренуді жалғастыру. Ақырын-қатты, жоғары-төмен, баяу-жылдам және бір қимылдан басқаларына ауыса білуге үйрету.
***Музыка тыңдау.*** Үнтаспадан жаңбырдың,желдің дыбысын тыңдату.Жаңбыр мен желдің дыбысын естіп, табиғат құбылыстарына мән беруге, ажыратуға үйрету, әңгімелеу.
***Ән айту.*** *«Күз келді» (А.Досмағанбет)*әнін орындап,қайырмасынақосылуды ұсынады.
*«Жаңбыр» (Д. Ботбаев, И. Сапарбаев)* – таныс әнді ересектердің дауысынақосылып айтуға үйрену.
***Ойын «Жемістерді жинау»*** *(«Ойын»Р.Шафағ)*
Жеміс түрлерін атап көрсетіп, жинап, себеттерге салуға ұсынады. Көңілді әуен ойналып, жемістерді себеттерге салады. Ептілік пен шапшаңдыққа баулу.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтап, ризашылығын білдіреді.
- Сендер ән айтып, би билеп жақсы өнер көрсеттіңдер. Жарайсыңдар!

Көңілді қоштасып, шығарып салады.

## № 13 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Менің күшігім»
**Мақсаты:** Қарапайымбикимылдарының бірізділігін есте сақтауға үйрету.
**Міндеттері:** Музыканың ауыспалы кезеңдерін тыңдауға,музыканың жайжәне қатты дыбысталуын ажыратуға, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен айтуға,мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беру дағдыландыру. Үй жануарларына деген қамқорлық сезімдерін ояту.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** би қимылдарының бірізділігін есте сақтайды;
**түсінеді:** мазмұнды ойындарда қимылдардың сипатын бере алады;
**қолданады:** музыканың жай және қатты дыбысталуын ажыратып,әнді күштүсірмей орындайды.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** түрлі түсті қағаздан жасалған күзгіжапырақтар; ойыншық күшік, ойынға «үйшік»-құрсаулар; күшіктердің баска киетін атрибуттары, нота хрестоматиясы. **Сөздік жұмыс:** күшік,Саққұлақ.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балалардың көңілді әуен ырғағына *«Марш» (Ю.Соколовский)* аяқтарын топылдата, нық басып жүрулерін қадағалайды.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.***

*«Күзгі жапырақтар биі» («Вальс»А.Жилин).*

Педагог балаларғатүрлі түсті қатырма қағаздан жасалған күзгі жапырақтар таратып, биге шақырады. Таныс би қимылдарын педагог қимылдарына еліктеп, әуенге ілесе билеп үйренуді жалғастыру.

Әуен аяқталып, «үйшіктің» жанына келеді.

– Балалар, қандай әдемі үйшік!

(Үйшік ішінен тәрбиеші күшік дауысын салып, «әуп-әуп» деп дыбыстайды).

– Бұл үйшікте күшік тұрады екен.

Күшікті үйшіктен шығарып алып, балаларға көрсетеді.

- Кішкентай күшік Саққұлақ
  Қалай-қалай үреді? –

деп әндете сұрап, балаларды күшік дауысын салуға икемдейді, дауыстарын бақылап, мадақтайды.

***Ән айту***.Балалар,күшігімізді қуантып ән айтып берейік.

Ән *«Күшігім» (сөзі Т.Исалиев,музыкасын жазған М.Ерімбетов)* орындалады. Балаларғақайталап, қосылыпайтуды үйретеді.

Педагог әнді екінші рет орындап, әннің мәтіні, әуені туралы әңгімелейді. Жеңіл сөздерін қайталатып, бірге қосыла айтуға үйрету.

Таныс әнді *«Күз келді» (А.Досмағанбет)* орындап, бірге қосыла айтуды ұсынады.

***Сөздік жұмыс:*** күшік,Саққұлақ.

Педагог: Саққұлақ, Саққұлақ,
Бірге ойнайық шапқылап, -

деп балаларды ортаға ойынға шақырады.

***Ойын «Үйшігіңді тап»*** *(Т.Сарыбаева).*

Балаларға күшіктің атрибуттары кигізіледі.

- Шеңбер болып жүрейік,
  Әуен ойнап болған соң,
  Үйшікке біз кірейік, -

деп, балаларға ойын шартын көрсетіп, үйретеді. («Үйшік» орнына 5-6 құрсау қойылады). Ән-ойынның мазмұнына сәйкес қимылдар жасап, шеңбер бойымен аяқ топылдатып жүру, жүгіру, секіру. Әуен тоқтағанда, құрсауларға кіру. Ойын 2-3 рет қайталанады.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды.

- Балалар, сендерге күшікпен ойнаған ұнады ма?
- Саққұлақ әдемі, ақылды күшік екен.
- Балалар, Саққұлақ енді демалсын, үйшігіне баруға

көмектесейік. Балаларды шығарып салады.

## № 14 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Ала мысық»
**Мақсаты:** Әнді сахналауда қимылдардың жеке элементтерін қолдану.
**Міндеттері:** Түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды тыңдауға,ажыратабілуге, әнді жеке және топпен айтуға баулу, әуеннің басталуы мен аяқталуындағы дыбысталу күшін (қатты-баяу) ажырата білуге үйрету. Ән-ойын арқылы достық, жанашырлық сезімдеріне тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** әуеннің басталуы мен аяқталуын ажыратады;
**түсінеді:** түрлі жанрлы музыкалық шығарманың мазмұнын түсінеді;
**қолданады:** әнді жеке және топпен орындайды;
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** ойыншық мысық,мысықтың басқакиетін атрибуттары, күшіктің суреті, нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** ала мысық.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балалардың көңілді әуен ырғағына *«Марш» (Ю.Соколовский)* аяқтарын топылдата, нық басып жүрулерін қадағалайды.
Педагог балаларды ойыншық мысықпен қарсы алады.
Балалар, бүгін бізге ала мысық қонаққа келді:

Тікірейіп құлағы,
Менен бұрын тұрады.
Бойын жазып, керіліп,
Беті-қолын жуады.

***Сөздік жұмыс:*** ала мысық.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.***
«Мысықай мен мысық» (К. Қуатбаев, А. Асылбек).

- Біз де ала мысық сияқты жүріп көрейікші, – деп, шеңбер бойымен мысықтың жүрісін, қимылын салып жүруді ұсынады.

*Педагог:* Ала мысық
айлалы,Дыбыстайды ол
қалай? –
деп сұрайды. Балаларға «мияу-мияу» деп қайталату.
Педагог балаларға кілемге жайғасып отыруды ұсынады. Мысықты орындық үстіне отырғызады.

- Ала мысық та сендермен бірге ән тыңдасын, – деп ән тыңдауға шақырады.

***Музыка тыңдау.*** *«Мысықай» (В.Витлин)*
Музыка тыңдау ережесіне баулу. Әуеннің сипатын сезінуге, баяу екпінін ажырата білуге үйрету.
***Ән айту.*** *«Мысық» (Б.Дәлденбай,Ж.Әбдірашев)*

Ойыншық мысықты көрсетіп, мысықтың сүйкімді үй жануары екені туралы түсіндіру.
Педагог балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді.
Ән екінші рет орындалғанда балаларға «мияу-мияу» сөздерін қосылып айтуын сұрайды. Әннің сөздерін еске сақтауға үйрету.
Педагог балаларға күшіктің суретін көрсетіп, қандай жануар екенін, қалай дыбыстайтынын сұрайды.

Таныс ән *«Күшігім» (Т.Исалиев,М.Ерімбетов)* орындап, бірге қосыла айтуды ұсынады.
Балаларды көңілді ойынға шақыру.
***Ойын «Үйшігіңді тап»*** *(Т.Сарыбаева).*
Балаларға күшіктің атрибуттары кигізіледі.

- Шеңбер болып жүрейік,
  Әуен ойнап болған соң,
  Үйшікке біз кірейік, -

деп балаларға ойын шартын естеріне түсіреді. («Үйшік» орнына 5-6 құрсау қойылады). Ән-ойынның мазмұнына сәйкес қимылдар жасап, шеңбер бойымен аяқ топылдатып жүру. Әуен тоқтағанда, құрсауларға кіру. Ойын 2-3 рет қайталанады.

**3. Рефлексия.**
Педагог қорытынды жасайды.
- Ала мысық қалай дыбыстайды екен?
Дауыстарын салған балаларды мадақтайды..
Қоштасып, балаларды шығарып салады.

## № 15-16 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Кішкентай төлдер»
**Мақсаты:** Пьесалардың екі түрлі формасына қимылдарын ауыстыра білугедағдыландыру.
**Міндеттері:** Әуенді тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру;әннiңмағынасын түсініп, педагогтің дауысына еліктеп ырғағын дұрыс жеткізе орындауға машықтандыру. Үй жануарларына деген қызығушылық, қамқорлық сезімін тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** пьесалардың екі түрлі формасына қимылдарын ауыстыра біледі;
**түсінеді:** әннің мағынасын түсінеді;
**қолданады:** әуенді тыңдау ережесін сақтайды;
**Қолданылатын көрнекі құралдар**:жайлау және үй жануарлары ментөлдерінің суреттері, ойыншықтары, «күшік» және «лақ» атрибуттары, нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** лақ,қошақан,бота,бұзау.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балаларды көңілді әуенмен қарсы алып, жайлау көрінісін бейнелейтін көрнекі суреттерді көрсетеді.
Ойыншық төлдерді (бұзау, лақ, бота, құлыншақ, қозы) көрсетіп, қалай дыбыстауын айту.
Бота «бө-бө», лақ пен қошақан «мәә-мәә», құлыншақ «иоо-иоо» деп дыбыстайды деп түсіндіру.
***Сөздік жұмыс:*** лақ,қошақан,бота,бұзау.
**2. Негізгі кезең**
***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.***

Үнтаспада *«Тұлпарым» (Б.Бейсенова)* әуені ойналып, балаларға құлыншақтың шабысын көрсетіп, қайталатады. Аяқтыкөтере, жеңілқозғалуға үйрету.

Педагог: Ботақаны нардың
Жарға неге бардың?
Аяқтарың дірілдеп,
Секіре алмай қалдың.

Балаларды ән тыңдауға шақырады.
***Музыка тыңдау.*** *«Ботақан» (Е.Өміров,Р.Наурызбаева).*
Әннің көңіл күйін, сипатын түсіндіру. Әуенді тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру.

***Ән айту.*** *«Әукім» (Е.Өміров,Р.Наурызбаева)*әнін орындап,мағынасынтүсіндіру. Сиыр және бұзаудың суреттерін көрсету. Педагог балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді.
Әнді екінші рет орындап, мәтінге сәйкес қимыл-қозғалыс жасауға үйрету.
*«Мысық» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев),*
*«Күшігім менің» (Т. Исалиев, М. Ерімбетов).*
Таныс әндерді балалардың қалауы бойынша кайталау, еске түсіру.
Педагог балалардан лақ пен күшіктің дауыстары туралы сұрап, әңгімелейді.
***Ойын «Лақ пен күшік»*** *(С.Соснин).*
Бір бала «күшік»-кейіпкер болып сайланады, атрибутын киеді, қалғандары «лақтар» болады. Әуен ойналып, жан-жаққа шашырап секіріп, жүгіріп ойнайды. Музыка аяқталғанда «күшік»-кейіпкер бала шығып, лақтарды қуа жөнеледі. Лақтар жан-жаққа қашып, күшікке ұстатпауы керек.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды.
- Қандай төлдермен таныстық? Олар қалай дыбыстайды екен?
- Құлыншақ қалай шабады?
- Ботақан қалай әндетеді?
- Лақ пен қошақан қалай секіреді?

Сұрақтар қою арқылы оқу қызметін пысықтау. Жауаптарды тыңдап, балаларды мадақтап, көңілді қоштасады.

## № 17-18 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі**:Музыка
**Тақырыбы:** «Қоңыр қонжық»
**Мақсаты:** Әуеннің ырғағына,мәтініне сәйкес іс-әрекеттерді көрсете білугебаулу.
**Міндеттері:** Әртүрлі жанрлы музыкалық шығармаларды тыңдап,ырғағынсезінуге баулу; әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен жеке сөздерді айғайламай айтуға қалыптастыру. Әнге үлкендермен қосыла айтуды үйрету; ойын арқылы
қызығушылықтарын арттыру. Ойын арқылы ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** әуеннің ырғағына,мәтініне сәйкес іс-әрекеттерді көрсетеді;
**түсінеді:** ойын шарттарын түсініп,белсене қатысады;
**қолданады:** әнді күш түсірмей,табиғи дауыспен жеке сөздерді айтады;
**Қолданылатынкөрнекі құралдар:** қоңыраулар,қонжықтың үйшігі,қонжықтың атрибуттары, қояндар мен аюдың атрибуттары, құрсаулар – «қояндардың індері», нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** конжық.

**ҰОҚ барысы**
**1. Ұйымдастыру кезеңі**
Педагог балаларды көңілді қарсы алып, ересектердің көрсетуімен бірге қимылдар жасуды ұсынады.
*«Жаттығулар» («Марш» Е. Тиличеева, «Экосез» И. Гуммель)*
Марш екпінімен аяқ топылдата жүру, әуен ауысқында зал ішінде шашырап жүгіру.
**2. Негізгі кезең**
Педагог балаларға қоңыраулар үлестіреді.

- Қоңырауды соғайық
  Үнін естіп алайық,
  Дин-дон! Дин-дон! –

деп қоңырауды қозғап, сыңғырлатып көрсетеді.
Балаларға бірге қоңырауды сыңғарлатуды ұсынады.
Педагог балаларды үйшік жанына шақырып, қоңыр қонжықты ұйқыдан оятып алуды ұсынады.

- Әлдеқашан таң атты,
  Ұйықтап жатқан қонжықты
  Қоңыраулар оятты, –

деп, қоңырауларын соғуды сұрайды.
***Сөздік жұмыс:*** қонжық.
Үйшік ішінен ойыншық қонжықты алып шығады.

- Міне, қонжық ұйқысынан оянды.
- Қане, балалар, хал-жағдайын сұрайық.

Балаларға қонжықты ұстап, сипап көруге мүмкіндік береді. Балалардан «Қонжықтың мұрыны, құлағы, аяғы, көзі қайда?» - деп сұрап, көрсетулерін талап етеді.

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.***

*«Аюлар» (Е. Тиличеева)*

Балаларға «қонжық» атрибуттары кигізіледі.

Педагог: Қонжықтар әйбат, тамаша!
Би билейік жараса!

А *бөлімі.* Балалар қолдарын алға соза дөңгелете ұстап,аяқтарын топылдатабасады.

*Б бөлімі.* Бір орында аяқтарын нық баса«қорбаңдап»айналады.

Би соңында педагог балаларға нағыз қонжықтарша билегендерін айтып, мақтайды.

***Музыка тыңдау.*** *«Қоңыр аю қорбаңбай» (Б.Дәлденбай).*

Музыка тыңдауға қызығушылықтарын арттыру, әуендерді тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. Шығарманың сипаты мен екпіні туралы айтып, аюдың қимыл-қозғалысын көрсетуді ұсыну.

***Ән айту.*** Қонжыққа арнап*«Қоңыр қонжық» (Т.Сарыбаева)*әнін орындап,тыңдауларын сұрайды. Педагог мазмұны туралы әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді.

Әнді екінші рет орындап, қонжықтың іс-әрекетін бірге жасауды сұрап, қадағалайды.

Таныс ән *«Әукім» (Е.Өміров,Р.Наурызбаева)* орындап, бірге қосыла айтуды ұсынады. Әннің сөздерін еске сақтауға үйрету.

***Ойын «Қояндар мен аю»*** *(«Қояндар», «Аю»Т.Попатенко)*

Қояндар мен аюдың атрибуттары, құрсаулар-«қояндардың індері».

«Аю» кейіпкеріне бір бала тағайындалып, залдың бір шетінде ұйықтап отырады. Қалған балалар - «қояндар» індеріне – құрсаулар ішіне кіреді.

*«Қояндар» әуені* ойналып,зал ішінде балалар секіріп,жүгіреді.Әуен тоқтап, *«Аю» әуені* орындалғанда,аю ұйқыдан оянады.Қояндар жүгіріп,індерінеқашады, ал аю оларды ұстап алуға тырысады.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтап, ризашылығын білдіреді. Көңілді әуен ырғағымен шығарып салу.

## № 19-20 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Ормандағы сұр қоян»
**Мақсаты:** Музыкалық қабілеттерін арттыру,ән тыңдауға баулу. **Міндеттері:** Тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеп,әннің сөздері мен жекебуындарына қосыла айтуға, мазмұнды ойын кейіпкерлері мен қимылдарының музыкалық сипатын беруге үйрету, екі түрлі пьесаның формасына қимылдарын ауыстыра білуге дағдыландыру. Қимылдық ойын арқылы қызығушылық сезімін ояту.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** музыкалық пьесалардың сипатын ажыратады;
**түсінеді:** мазмұнды ойын кейіпкерлері мен қимылдарының музыкалықсипатын бере алады;

**колданады:** ересектің дауыс ырғағына еліктеп,әннің сөздерін айтады;
**Қолданылатынкөрнекіқұралдар**:орман көрінісін бейнелейтіндекорациялар, қоян, аю түлкі атрибуттары, нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** сұр қоян.

**ҰОҚ барысы**
1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балаларды орманға серуенге шақырады.

- Орманға барамыз,
  Біз көңілді баламыз.

Екеуден қол ұстасып жүруді ұсынады. *«Жүру» (Р.Рустамов)*
Әуен аяқталғанда «Міне, орманға да жеттік», - деп тоқтайды.
Бұта түбінде отырған қоянды байқап қалғандай, таңданып:
– Балалар, қараңдаршы, мұнда отырған не, білесіңдер ме? - деп сұрайды.

- Бұл көңілді сұр қоян екен.

***Сөздік жұмыс:*** сұр қоян.

**2. Негізгі кезең**

Педагог ойыншық қоянды қолына алып:

- Мен қоянмын, қоянмын,
  Сәбізге мен тоямын.
  Қыста жейтін азықты,
  Толтырып жинап қоямын.

– Балалар, қоянмен бірге секіріп, көңіл көтерейік!
***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.***
*«Жаттығулар» («Марш» Е. Тиличеева)*
Аяқтарын нық басып, шеңбер бойымен топылдата адымдай жүреді. *(«Экосез» И. Гуммель)*
Балалар бөлме ішінде еркін, жеңіл жүгіреді. Бір орында тұрып айналады.
Әуен қайталанғанда қарама-қарсы бағытқа жүгіріп, қимылдар қайталанады.
– Жарайсыңдар, балалар!
***Музыка тыңдау.*** *«Қояндар.Аю» (Т.Попатенко).*

Пьесаларды аспапта орындап, сипатын ажыратуға үйретеді.

Екінші рет ойналғанда «Аю» кейіпкеріне бір бала тағайындалып, залдың бір шетінде ұйықтап отырады. Қалған балалар «қояндар» індеріне – құрсаулар ішіне кіреді. *«Қояндар»әуені* ойналып, зал ішінде балалар секіріп, жүгіреді. Әуен тоқтап, *«Аю»әуені* орындалғанда аю ұйқыдан оянады. Қояндар жүгіріп, індеріне қашады, ал аю оларды ұстап алуға тырысады.

Енді қоянға арнап ән айтып берейік.

***Ән айту.*** *«Сұр қоян» (А.Филиппенко,өңдеген К.Үбәнұлы)*Педагог орындап береді. Педагог мазмұны туралы әңгіме өткізеді.

Балаларды қайталап, қосылып айтуды үйретеді.

Әнді екінші рет орындап, балаларды қоянмен бірге билеуге шақырады. Әннің шумақтарында тәрбиеші мәтінге сәйкес қимылдарды көрсетеді.

Таныс ән *«Қоңыр қонжық» (Т.Сарыбаева*) еске түсіру, педагогпен қосылып әннің сөзін қайталау.

Орындықартындажасырылғанойыншық түлкіні алып:

- Жүрген жері күлкі,
  Бізге келді түлкі, – деп көрсетеді.

Түлкі: Кел, сұр қоян, тойлайық,

Балалармен ойнайық, – деп балаларға ойын ұсынады.

***Ойын «Қояндар мен қу түлкі»***

*(Ж.Тезекбаев,И.Сапарбаев)*ұйымдастырылады.

Мазмұнды ойын кейіпкерлерінің қимылдарын көрсете білуге үйрету. Тәрбиеші – түлкі, балалар – қояндар рөлінде. Ойын шартын қадағалайды.

- Түлкіге ұсталып қалмаңдар, – деп ескертеді.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды.

- Балалар, сендер тез жүгіре, секіре аласы екенсіңдер!
  Сендер маған ұнадыңдар!

Балаларды көңілді шығарып салады

# № 21-22 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Алғашқы қар»
**Мақсаты:** Музыкалық аспаптарда орындалған әртүрлі ырғақты,танысәуендерді тыңдауға баулу.
**Міндеттері:** Әуеннің екпінін сезіне жеткізу дағдыларын,әнді жеке жәнетоппен айтуға; музыканың сипатына сай би қимылдарын орындауға қалыптастыру. Ән айтуға қызығушылықтарын арттыру, көтеріңкі көңіл күй сезімін ояту.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** музыканың сипатына сай би қимылдарын орындайды;
**түсінеді:** музыкалық аспаптарда орындалған әртүрлі әуендерді тыңдайды;
**қолданады:** әуеннің екпінін сезіне,әнді жеке және топпен айтады;
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** бала санына«ақшақар»таяқшалар-әшекейлер, қыс мезгілінің суретті көріністері. Аю, қояндар, түлкі атрибуттары, нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** ақшақар.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Үнтаспада әуен ойналып, педагог балаларды қарсы алады.
Шеңбер бойымен қол ұстасып жұппен жүруге үйрету.
*«Экосез» (И. Гуммель)* Шеңбер бойымен қол ұстасып,айналып жүругемашықтандыру.

## № 23-24 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Кішкентай шырша»
**Мақсаты:** Әнді сахналауда қимылдардың жеке элементтерін қолдана білугеүйрету.
**Міндеттері:** Түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды:ән,полька,марш,вальс, баяу және көңілді әндер тыңдап, сипатын сезіну; әннің ырғағына еліктей отырып ересекпен қосылып табиғи дауыспен айтуға дағдыландыру.

**2. Негізгі кезең**

Педагог балаларды отырғызып, демалуды ұсынады.
«Қысқы ойындар» иллюстрациясын көрсетіп, қыс мезгілі туралы түсінік беру, әңгімелеу. Табиғаттағы өзгерістерге көңілдерін аудару.

Қарандаршы далаға,
Дала аппақ ақша қар.
Тал мен үйлер далада
Жамылыпты ақша қар.

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Ақшақарлар биі» (үнтаспада,педагогтің таңдауы бойынша).*
Балаларға «ақшақарлар» - әшекейлер таратылады. Педагогтің көрсетуімен «ақшақарлардың» күрделі емес би қимылдарын - тербелу, бір орында айналу - «ұшуын», бір-бірінің артынан шеңбер бойымен жеңіл жүгіру - «қонуын» т.б. қимылдарын бірге жасауға үйрету.
***Сөздік жұмыс:*** ақша қар
***Музыка тыңдау.*** *«Жаңа жыл-жаңа жыр» (А.Қонысбеков,Ұ.Қонысбекова)*әнін орындап, мұқият тыңдауды сұрайды. Әннің көңіл күйін сұрап, жаңа жыл мерекесі туралы айтып түсіндіру.
***Ән айту.*** Жеке және топпен ән айту.
*«Сұр қоян» (А. Филиппенко, өңдеген К. Үбәнұлы)* әнінің ырғағына еліктейотырып, ересекпен қосылып табиғи дауыспен орындауын қадағалау. Ән мазмұнына сай қимылдар жасауға жалғастыру.
*«Қоңыр қонжық» (Т. Сарыбаева)* әнін еске түсіру,қайталау.
Педагог балаларды көңілді ойынға шақырады. Балаларға қоян атрибуттары кигізіледі.
***Ойын «Қояндар мен қу түлкі»*** *(Ж.Тезекбаев,И.Сапарбаев).*
Тәрбиеші – түлкі, балалар – қояндар рөлінде. Ойын шартын сақтап, әуендерді еске сақтауға, ептілікке үйрету.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Балалардың белсенді қатысқанын ерекше айтып, мақтау. Ризашылығын білдіреді.

- Сендер ән айтып, би билеп жақсы өнер көрсеттіңдер. Жарайсыңдар! Көңілді әуен ырғағымен шығарып салу.

Музыкағасүйіспеншіліктерін, қабілеттерінарттыру.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** би қимылдарының жеке элементтерін қолданады;
**түсінеді:** баяу және көңілді әндер тыңдап,сипатын сезінеді;
**қолданады:** әннің ырғағына еліктеп,табиғи дауыспен қосылып орындайды.
**Қолданылатын көрнекі құралдар**:ойыншық3шырша,шыршаойыншықтары; бала санына сәйкес «ақшақар» таяқшалары, нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** шырша.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог көңілді әуенмен балаларды қарсы алып, ойыншық шыршаны қарап, тамашалауға шақырады.
***Сөздік жұмыс:*** шырша.
**2. Негізгі кезең**
***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Ақшақарлар биі» (үнтаспада,педагогтің таңдауы бойынша).*
Би қимылдарын еске түсіру, қайталау.
Би қимылдарының жеке элементтерін қолдануға үйрету.
Педагог өлең оқиды.

- Шыршамыз, шыршамыз,
Ән тыңдайық баршамыз.

***Музыка тыңдау.*** *«Шырша шамы жарқыра» (Л.Аитова)*әнін орындапбереді. Әннің сипаты, мазмұны туралы әңгімелейді. Екінші рет орындалғанда қол шапалақтау арқылы әннің ырғағын сезінуге үйрету. Шырша туралы қысқа әңгіме өткізу.

Міне, біздің шыршамыз
Қандай әдемі!
Қызыл-жасыл алаулар
Сәнге бөледі.

***Ән айту.*** *«Біздің шыршамыз» (А.Есім).*Әнді айтып,ән туралы әңгімеөткізу.
Педагог балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді.
Екінші ретінде тәрбиешінің көмегімен шыршаның айналасында мәтінге сай қимылдарды үйрету. Қолдарын жоғары көтере, қол білезіктерін айналдыру, аяқ топылдату, қол шапалақтау, шеңбер бойымен шыршаны айналып жүруге машықтандыру.
Таныс әнін *«Сұр қоян» (А.Филиппенко,өңдеген К.Үбәнұлы)* еске түсіру, қайталау. Ән мазмұнына сай қимылдар жасауын қадағалау, пысықтау.
Педагог балаларға шыршамызды әсемдеп, безендірейік деп ұсыныс жасайды.
***Ойын «Шыршамызды сәндейміз»*** *(«Полька»В.Косенко).*

Ойыншықтар ілінген шыршаның көрнекілік суретін көрсету, әңгімелеу. Қауырсыннан жасалған ойыншықтарды шыршаға іліп, безендіруге, ептілікке үйрету.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Ризашылығын білдіріп, бүгінгі күнді өте көңілді өткізгендерін айтады. Балалармен көңілді қоштасады.

## № 25-26 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Жаңа жыл мерекесі»
**Мақсаты:** Қол шапалақтау және жартылай отыру,аяқтан аяққа тербелусекілді қарапайым би қимылдарының дағдыларын қалыптастыру.
**Міндеттері:** Түрлі бейнелік ойын қимылдарын бере отырып заттарменқимылдар жасау дағдыларын қалыптастыру; бірқалыпты ырғақты, түрлі бейнелік ойын қимылдарын бере фортепиано сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, шеңбермен жүру дағдыларына машықтандыру, әнді жеке және топпен айтуға үйрету. Балаларға мерекелік қуанышты көңіл күй сыйлау, шаттық сезіміне бөленуіне жағдай жасау.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** түрлі бейнелік ойын қимылдарын бере отырып заттармен қимылдар жасайды;
**түсінеді:** музыкалық шығарманың мазмұнын түсініп,көңіл күйін сезінеді;
**қолданады:** қарапайым би қимылдарының дағдыларын жасайды.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** бала санына«ақшақар»таяқшалары,кішкентай қауырсын шыршалар, шырша ойыншықтары, нота хрестоматиясы. **Сөздік жұмыс:** Аязата.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

*«Марш» (Б. Дәлденбай)* ойналып,педагог балаларды қарсы алады.
Марш екпінімен шеңбер бойымен адымдап жүруді ұсынады.
Педагог балаларға Аязатаны қарсы аламыз деп түсіндіреді.

- Аязата келеді,
  Тамашаны көреді.
  Риза болып қуанып,
  Бізге сыйлық береді.

Педагог: «Бізге бүгін қонаққа Аязата келді (ойыншық). Ол бізге әдемі қоңырауларын ала келіпті. Осы қоңырауларымен би билейміз», – деп ортаға шақырады.
***Сөздік жұмыс:*** Аязата.
**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Қоңыраумен би»* *(Е.Марченко).* Әуеннің 1-бөлімінде балалар қоңырауларды сыңғырлата, шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді.

2-бөлімде бір орында тұрып, әуен ырғағымен қоңырауды сыңғырлатады, бір орында айналады.

Педагог балаларды орындықтарға отырғызады. Аязатаның шырша тойындағы суреттері көрсетіледі. Бұл мерекедегі ең басты қонақты атап айтуларын сұрайды.

***Музыка тыңдау.*** *«Аязата» (Б.Дәлденбай,Ж.Әбдірашев)*

Әнді орындап, сипаты, мазмұны туралы айту. Көңілді ән екенін түсіндіру. Аязатаның түрін, киім үлгісі туралы тоқталып айту.

- Енді Аязатаға ән айтып берейік, - деп ұсыныс айтадың.

***Ән айту.*** *«Алақай» (Ә.Қонысбеков,Ұ.Қонысбекова)* әнін орындап,мұқияттыңдауды сұрайды. Мазмұны туралы әңгімелеу. Педагог балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді.

Екінші рет орындалғанда қол шапалақтау арқылы әннің ырғағын сезінуге үйрету.

Таныс *«Біздің шыршамыз» (А.Есім)* әнін еске түсіру, қайталау.

Жеке және хормен ән айту.

***Ойын «Шыршамызды сәндейміз»*** *(«Полька»В.Косенко)*

Қауырсыннан жасалған ойыншықтарды шыршаға іліп, безендіруге, шапшаңдыққа, ептілікке үйрету.

**3. Рефлексия**

Педагог сұрақтар қойып, балалардың қызығушылығын арттырады. Жақын арада Аязатаның сыйлықтар алып келетінін айтады.

## № 27-28 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Көжекке арналған мереке»
**Мақсаты:** Әнді сахналауда қимылдардың жеке элементтерін қолдану.
**Міндеттері:** Музыканың сипатына сай қимылдар жасауға,жаңа әндердімузыкалық-қимылдық көрсетусіз тыңдауға; ересектің дауысына еліктеп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, жеке сөздерді айғайламай айту дағдыларын жетілдіру, түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. Ізеттілікке, кішпейілділікке тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** музыканың сипатына сай қимылдар жасайды;
**түсінеді:** музыкалық шығармаларды тыңдау ережесін сақтайды;
**қолданады:** әнді күш түсірмей,табиғи дауыспен орындайды;

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** көжек ойыншық,нота хрестоматиясы.
**Сөздікжұмыс:** көжек.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог *«Марш» (Э.Парлов)* әуенімен балаларды қарсы алады.
Шеңбер бойымен тізбектеле жүруге үйрету.
Шеңбер бойымен қол ұстасып, аяқты топылдата жүру.

2. **Негізгі кезең**

Педагог балалардың назарын ортада тұрған ойыншыққа аударады.
Ойыншық орамалмен оралған, көзі, мұрыны, құлағы көрінбейді.
Балалардан бұл қандай ойыншық екенін сұрайды.

- Ұзын құлағы бар,
  Секіретін аяғы
  бар. Өзі қорқақ,
  Көзі бадырақ. Бұл не? *(Қоян)*
- Балалар, бұл қоянның баласы – кішкентай көжек екен.

Көжек аяздан тоңып қалыпты. Кәне, ойын ойнап, көжектің денесін қыздырып алайық! - деп ұсыныс айтады.
***Сөздік жұмыс:*** көжек.
Балаларды көжекпен бірге билеуге шақырады.
***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.****«Қояндар» (М.Раухвергер).*
Бір орында секіру қимылдарына дағдыландыру. Аяқ ұшымен жеңіл секіру, бір орында айналу, қол шапалақтау, қосаяқтап секіре басу т.б. таныс қимылдарды қайталау.
Таныс би *«Қоңыраумен би» (Е.Марченко)* қимылдарын қайталау.
Әуеннің 1-бөлімінде балалар қоңырауларды сыңғырлата, шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді.
2-бөлімде бір орында тұрып, әуен ырғағымен қоңырауды сыңғырлатады, бір орында айналады.

***Музыка тыңдау.*** *«Қояндар» (Е. Тиличеева).*
Музыка тыңдауға қызығушылықты және пьесаны тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. Әннің сипатын, екпінін сезінуге, ажырата білуге үйрету. ***Ән айту.*** Педагог балаларға таныс әнді еске түсіруді ұсынады.
*«Сұр қоян» (А. Филиппенко, өңдеген К. Үбәнұлы).*
Әннің мәтініне сәйкес тәрбиешінің қимыл-қозғалысына қарап, би қимылдарын қайталайды, өз беттерінше билеуге талпынады.
Таныс әнді қайталау, еске түсіру. *«Алақай» (Ә.Қонысбеков,Ұ.Қонысбекова)*
Педагог балаларға қояндардың атрибуттарын кигізіп, ойын шартымен таныстырады.

***Ойын «Қояндар мен қу түлкі»***
*(Ж.Тезекбаев,И.Сапарбаев)*ұйымдастырылады. Тәрбиеші – түлкі, балалар – қояндар рөлінде.
Ойын шартын қадағалайды. «Түлкіге ұсталып қалмаңдар», - деп ескертеді.
Ойын шартын сақтауға, әуендерді еске сақтауға, ептілікке үйрету.

**3. Рефлексия**
Педагог қорытынды жасайды.
Көжекпен бірге ойнаған, билеген сендерге ұнады ма? Бүгінгі күндерінің өте көңілді болғанын айтып, мадақтайды. Көңілді қоштасып, шығарып салады

## № 29-30 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Қысқы орманға саяхат»
**Мақсаты:** Мазмұнды ойындар арқылы қызығушылықтарын арттыру.
**Міндеттері:** Күрделі емес қимылдардың бірізділігін есте сақтауға,әнніңсөздері мен жеке буындарын анық айтуға, музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, тани білу дағдыларын қалыптастыру. Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту кабілеттерін қалыптастыру.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** күрделі емес қимылдар жасап,музыка сипатына сәйкес қозғалады;
**түсінеді:** әндерді таниды және дыбыстардың жоғарылығын ажыратуын;
**қолданады:** мазмұнды ойындарға белсене қатысады.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** «паровоз»макеті, «қар үйіндісі»,ойыншық қоян мен қонжық, қонжықтың үйшігі, нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** пойыз.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог: Балалар, біз бүгін орманға саяхатқа барамыз. Орман өте алыста, – деп түсіндіреді.

- Орманға жету үшін мына «Көңілді пойызға» отырайық, – деп, «паровоз» макетін көрсетеді.

*Марш (Э. Парлов)* әуені ойналып,балалар«пойызға»отырады.

- Пойызға біз барайық,
  Вагоннан орын алайық,–

деп «вагондарға» – тізбектелген орындықтарға жайғасуларын сұрайды.
***Сөздік жұмыс:*** пойыз.

2. **Негізгі кезең**

- Ал паровоз бастайды,
  Пыш-пыш, пух-пух,
  Ән айтып біз қостайық, –

деп балаларға «пыш-пыш, пух-пух» буындарын қайталап отыруларын сұрайды.

***Әнайту.*** *«Пойыз»*әні*(Ж.Тұрсынбаев,А.Асылбек)*әнін орындап,мұқияттыңдауды сұрайды. Мазмұны туралы әңгімелеу. Педагог балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді.

Ән қайталанғанда тәрбиеші мәтінге сәйкес қимыл-қозғалыстарды балаларға көрсетеді.

Таныс *«Алақай» (Ә.Қонысбеков,Ұ.Қонысбекова)* әнін еске түсіру, қайталау.

Әнінің мәтініне сәйкес би қимылдарын қайталау.

***Музыка тыңдау.*** *«Нешеуміз?»* *(А.Тоқсанбаев,Е.Өтетілеуұлы)*әнін айтып,мұқият тыңдауды ұсынады. Әнді орындап, сипаты, мазмұны туралы айту. Көңілді ән екенін түсіндіру.

Ән аяқталысымен балалар «көңілді пойыздан» түсіп, қысқы орманда «қыдырады». «Орманда» жүріп, «қар үйіндісінің» жанында тығылып отырған қоянға кездеседі. Педагог ойыншық қоянды қолына алады. Педагог: Ақ қоян-ау, ақ қоян!

Ұзын құлақ сақ қоян!
Қаша берме орманға,
«Қорқағым» деп ат қоям!

- Балалар, қоянға қоңыраулармен би орындап берейік, – деп ұсыныс жасап, балаларға қоңыраулар таратады.

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.***

*«Қоңыраумен би» (Е. Марченко)* әуеніне ілесе би қимылдарын бірге жасау,таныс биді қайталау, еске түсіру.

*«Қояндар» (М. Раухвергер).*

Балаларға қоян сияқты әуен сипатына сәйкес шеңбер бойымен бір орында жеңіл секіруді ұсынады.

Көңілді әуені орындалып, үйшіктен тәрбиеші - аю шығады.

Аю: Мен аюмын қорбаңбай,
Қимылдаймын қорбаңдай. Омартаны
көргенде, Бас қоямын ойланбай.
*(А.Асылбеков).*

Педагог аюды балалармен бірге көңіл көтеріп, ойнауға шақырады.

***Ойын «Қояндар мен аю»*** *(«Қояндар», «Аю»Т.Попатенко)*

Қояндар мен аюдың атрибуттары, құрсаулар-«қояндардың індері».

«Аю» кейіпкеріне бір бала тағайындалып, залдың бір шетінде ұйықтап отырады. Қалған балалар «қояндар» індеріне – құрсаулар ішіне кіреді. *«Қояндар» әуені* ойналып,зал ішінде балалар секіріп,жүгіреді.

Әуен тоқтап, *«Аю»әуені* орындалғанда, аю ұйқыдан оянады.

«Қояндар» жүгіріп, індеріне қашады, ал «аю» оларды ұстап алуға тырысады.

**3. Рефлексия**

Аю мен қоян балалармен қоштасып, өз үйшіктеріне «ұйықтауға» кететіндерін айтады. Педагог «көңілді пойызға» отырып, жолға шығатындарын ескертеді. Әуен ырғағымен «пойыз» балабақшаға оралады. Саяхаттың аяқталғанын, бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, балалармен қоштасады.

## № 31-32 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі**:Музыка
**Тақырыбы:** «Биші аяқтар»
**Мақсаты:** Музыкалық-ырғақтық қимылдарды бірге жасау дағдыларынқалыптастыру.
**Міндеттері:** Музыканы тыңдай білуді және оларға тән ерекшеліктерінажырата білуді үйрету; ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау; әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру; таныс қимылдарды
кайталау, еске сақтау. Музыкалық қабілеттерін жетілдіру, қызығушылықтарын арттыру.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** музыкалық-ырғақтық қимылдарды бірге жасайды;
**түсінеді:** музыканы тыңдай біледі және оларға тән ерекшеліктерін ажыратады;
**қолданады:** әнді айта отырып,сәйкес қимылдарды қайталайды;
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** 6-7құрсау,нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** етіктер.

### ҰОҚ барысы

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балаларды қарсы алады.

- Қане, қане, тұрайық, Шеңбер жасап құрайық! – деп, шеңбер бойымен тұрғызады.

*«Марш» (Б. Дәлденбай).*Әуен ырғағымен шеңбер бойымен жүруге үйрету.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Етіктер» (орыс халық әуені,Т. Ломова).*

Балалар екеуден қол ұстасып тұрады. Жұптасып, қол ұстаған күйде шеңбер бойымен жүреді. Балалар тоқтап, бір-біріне бұрылып тұрады.
Қолдарын беліне қояды, аяқтарын топылдата басады.
Педагог балалардың назарын музыка ырғағымен бір мезгілде қозғалысты бастау қажеттігіне аударады.

***Сөздік жұмыс:*** етіктер.

Педагог өлең оқиды.

Кел, балақан, кел енді,
Ән тыңдайық біз енді, - деп, ән тыңдауға шақырады.

***Музыка тыңдау.*** *«Полька» (Д.Кабалевский).*

Музыканы тыңдай білуді, шығармалардың сипатын ажырата білуді қалыптастыру. Екінші рет қайталанғанда әуенді шапалақпен, аяқты топылдатып, ырғағын сезіне қимылдар жасауға үйрету.

***Ән айту.*** *«Пойыз» әні (Ж. Тұрсынбаев, А. Асылбек).*

Әннің мазмұнына сәйке: қимыл-қозғалыстарды жасауға, дауыстарына күш түсірмей, айғайламай айтуға дағдыландыру.

Балалардыңқалауыбойыншатаныс әндерді жеке немесе топпен мәнерлеп орындау: *«Сұр қоян» (А.Филиппенко,өңдеген К.Ұбәнұлы)*, *«Алақай» (Ә. Қонысбеков, Ұ. Қонысбекова).*

Педагог: Босқа қарап тұрмайық,

Кел, балақан, ойнайық!

***Ойын «Құрсау-құрсау»*** *(Ө.Байділдаев,М.Әлімбаев)*

Шеңбер бойымен қол ұстасып жүру, шенберді кішірейту-үлкейту, отыру-тұру, қолдарының «білезіктерін» көтеріп, бұрау. Әуен соңында алдын ала қойылған құрсауларға кіру.

**3. Рефлексия**

Педагог: Балалар, бүгін жақсы билеп, ән айттыңдар.

- Біз қалай қол шапалақтадық?
- Аяқтарымызды қалай топылдаттық? Балаларды

мадақтайды. Қоштасып, шығарып салады.

# № 33-34 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Ақ әжем»
**Мақсаты:** Кейіпкерді әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптас..ыру.
**Міндеттері:** Ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау; қол қимылдарын: "шапалақ-шапалақ", аяқ қимылдарын: "топ-топ" орындау, әнді уақытында бастау және аяқтау, озып кетпеу немесе қалып қоймау, кідірісті сақтау дағдыларына үйрету. Әжеге деген сүйіспеншілік, ізеттілік сезімдеріне, құрметтеуге тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** әнді айта отырып,сәйкес қимылдарды қайталайды;
**түсінеді:** кейіпкерді әңгіме бойынша танып,ажыратады;
**қолданады:** әнді уақытында бастайды және аяқтайды;
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қызыл,сары,жасыл түсті орамалдаржәне құрсаулар, ойыншықтар балапандар мен тауықтар, үй жануарлары мен құстар туралы суреттер, суретті нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** шөжелер.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балаларды қарсы алып, әжеге қонаққа баратындарын айтады. Әжемізге құлыншаққа отырып барамыз деп ұсынады.
*«Тұлпарым» (үнтаспада, Б. Бейсенова)* әнінің әуеніне ілесіп,құлыншақтыңшабысын үлкендердің көмегімен қайталайды.

**2. Негізгі кезең**

Әже кейіпкері ретінде тәрбиеші орамал тағып, қамзол киіп шығады. Сәлемдесу.

- Әжем келді, балақай,
  Алақай-ау, алақай.
  Әже бары жақсы ғой,
  Қуанышты балақай!

***Музыка тыңдау.*** *«Қамажай» (халық әуені,өңдеген Н.Меңдіғалиев)*Әуенді аспапта орындап, сипатына балалардың көңілдерін бөлу.
Екінші рет ойналғанда, әже балаларға қолдарының «білезіктерін» көтеріп, бұрап, би қимылдарын көрсетеді. Балалар бірге қайталайды.
***Ән айту.***
*«Кел,балақан»әнін(К.Қуатбаев,А.Асылбек,)*орындап,мазмұныбойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді. Екінші рет орындағанда тәрбиеші әннің мәтініне сай жай және қатты шапалақтап, аяқты жай басуды, топылдатуды көрсетеді. Ән қайталанғанда, балаларға жай және қатты шапалақтауды, ырғақпен қосыла қимылдауға машықтандыру.
Әжеге *«Пойыз»әнін(Ж.Тұрсынбаев,А.Асылбек)* айтып беруді ұсыну, қайталау.
Педагог: Әжеміздің ауласында не бар екен?

Әже ойыншық балапандар мен тауықтарын көрсетеді. Ауласындағы басқа да үй жануарлары, құстары туралы әңгімелейді, суретті көрнекіліктерді көрсетеді. Тауықтың шөжелерімен таныстырып, бірге билеуге шақырады.

Мамық үнді шөжелерім,
Нәзік үнді шөжелерім...

***Сөздік жұмыс:*** шөжелер.

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Шөжелерім» (өзбектің халық әні, үнтаспада). («Би билейміз» жинағынан).*

Әннің мәтініне сай үлкендердің көрсетуімен би қимылдарын жасау.

***Ойын «Өз жұбыңды тап»*** *(«Лили полька»Тен Чу)*

Педагог балаларға қызыл, жасыл, сары түстегі орамалдарды көрсетіп, түстерін ажыратып, атап айтуларын сұрайды. Ойын шартын мұқият түсіндіреді.

Балаларға орамалдар таратылады. Әуен ырғағымен орамалды жоғары көтере қозғап, аяқты топылдата жүру, бір орында айналу т.б. таныс қимылдарын көрсету. Әуен тоқтағанда орамал түстеріне сәйкес құрсауларға бөлініп тұруға үйрету.

**3. Рефлексия**

Педагог сұрақтар қойып, балалардың қызығушылықтарын арттырады. Қоштасып, «құлыншаққа мініп», топқа қайтуды ұсынып, музыка залынан шығарып салуды ұйымдастыру.

## № 35-36 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Әлди-әлди,ақ бөпем»
**Мақсаты:** Музыкалық иллюстрациялармен сүйемелденген әңгімелердіқызығушылықпен тыңдауға баулу.
**Міндеттері:** Әндегі кайталанатын тіркестерді ересектердің дауысинтонациясына салып топпен айтуға, үнтаспадағы әндер мен пьесаларды тыңдауға, таныс қимылдарды қайталауға дағдыландыру; таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін ажырата білуді қалыптастыру. Сәбилерге қамқорлық, жанашырлық көрсете білуге баулу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** таныс қимылдарды қайталайды,жасайды;
**түсінеді:** үнтаспадағы әндер мен пьесаларды тыңдайды,түсінеді;
**қолданады:** ересектердің дауысына еліктеп топпен ән айтады;
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақ,бала санымен«гүлдер»,қызыл,жасыл, сары түстегі орамалдар, бесіктегі ұйықтап жатқан сәби мен анасының суреті.
**Сөздік жұмыс:** әлди-әлди.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог *«Марш» (Э.Парлов)* әуенімен балаларды қарсы алады.
Шеңбер бойымен тізбектеле жүруге үйрету.
Шеңбер бойымен қол ұстасып, аяқты топылдата жүру.
Педагог балаларды қуыршақ Сәулемен таныстырады, амандасады.
Қуыршақ Сәуле сендермен бірге көңіл көтергісі келеді.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** Таныс*«Шөжелерім» (өзбек х.әніүнтаспада, «Би билейміз» жинағынан)* биін еске түсіру,би қимылдарынүйренуді жалғастыру.
Педагог: Балалар, қуыршақ Сәулеге ән айтып берсек, жақсы ұйықтайды. Сендер де бірге мұқият тыңдаңдар! – деп ескертеді.
***Музыка тыңдау.*** *«Бесік жыры» (педагогтің таңдауы бойынша үнтаспадан)*үнтаспадағы пьесаны тыңдап, оларға тән ерекшеліктерді ажырата білуге баулу. Сурет көрсетіп, әңгімелеу.
Педагог ұйықтап жатқан қуыршақты көрсетіп:

- Балалар, қараңдаршы, қуыршақ ұйықтап жатыр. Оянып кетпесін. Біз оны бесігіне жатқызайық.

Әлди-әлди, ақ бөпем, Ақ
бесікке жат бөпем. Әлди-
әлди, бөпешім, Ұйықтай
қойшы, көкешім.

***Сөздікжұмыс:*** әлди-әлди.

***Ән айту.*** *«Ұйықта, бөпем» (Қ. Шілдебаев, А. Асылбек)*

Ұйықтап жатыр дамылдап,
Әлди, әлди, әлди-ай, –

деген жеріне келгенде дауысты бәсеңдетеді.

Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.

Балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді.

Әнді екінші рет орындап, балаларға «әлди-әлди» сөзін бірге қайталап айтып үйрету, асықпай, ақырын бірге қосыла айтуды ұсынады.

Таныс әнді *«Кел,балақан»әнін(А.Асылбек,К.Қуатбаев)* жеке немесе топпен мәнерлеп орындау.

- Қуыршағымыз әлі ұйықтап жатыр. Сәулел ұйқысынан тұрсын, тез оятып алайық.

***«Көктем гүлдері» биі*** *(«Вальс»Қ.Шілдебаев).*

Педагогтің көрсетуімен би қимылдарын жасайды. Гүлдерді жоғары көтеріп тербеледі, бір орында айналады, шеңбер бойымен гүлдерді қозғай жеңіл жүгіреді. Әуен соңында тізе бүгіп, отырады.

Педагог қуыршақ Сәулені көңілді ойынға шақырайық деп ұсыныс жасайды.

***Ойын «Өз жұбыңды тап»*** *(«Лили полька»Тен Чу)*

Қызыл, жасыл, сары түстегі орамалдарды қолданып, таныс ойынның шарты бойыншаептіліктерін көрсетіп белсене қатысуын қадағалау..

Балалардың көңіл күйіне қарай отырып, ойынды қайталайды.

**3. Рефлексия**

Үнтаспада «Әлди-әлди» әні қойылып, қуыршақ Сәулені ұйықтатып, бесігіне жатқызу керектігін айтады. Балалар «әлди-әлди» әуеніне қосылып, қуыршақты «ұйықтатады». Ақырын басып, музыка залынан шығады.

## № 37-38 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Сүйікті анашым»
**Мақсаты:** Кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша танудағдыларын қалыптастыру.
**Міндеттері:** Аяқтың ұшымен жүру,бір орында айналу,тербелу сияқтымузыкалық-ырғақты қимылдарды еске сақтауға, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып айтуға үйрету. Балаларға мерекелік қуанышты көңіл күй сыйлау, шаттық сезіміне бөленуіне жағдай жасау.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** музыка сипатына сәйкес қозғалады;
**түсінеді:** иллюстрация және әңгіме бойынша кейіпкерлерді ажыратады;
**қолданады:** созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып әнайтады.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Ана мен балалар бейнеленген суреттер,гүлдер, құрсаулар, нота хрестоматиясы.
**Сөздікжұмыс:** анашым.

**ҰОҚ барысы**
**1. Ұйымдастыру кезеңі**
Педагог балаларды үнтаспадан орындалған (педагогтің таңдауымен) көңілді әнімен қарсы алады. Әуенге жеңіл секіру, шапалақтау, кезекпен аяқтың ұшымен, өкшемен қою, орнында тұрып аяқ топылдату, шеңбер бойымен бір орында, шашыраңқы топылдатып жүру қимылдарын орындау ұсынады.
**2. Негізгі кезең**
Педагог балаларға гүлдер таратып беріп, көңілді би билеуге шақырады.

Көктем күні көрікті,
Қырға гүлдер шығыпты.
Анамызға біз арнап,
Би билейік көңілді!

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Көктем гүлдері» («Вальс»Қ. Шілдебаев)* ойналып,би элементтерін қайталауларын бақылайды.Би қимылдарын көрсетіп, балаларға бірге қозғалып, қайталауға үйрету. Педагог балаларға отырып демалып, ән тыңдауды ұсынады. Әуенді тыңдау ережесін қалыптастыруға назар аударады.
***Музыка тыңдау.*** *«Айналайын ақ мамам» (И.Нүсіпбаев,Ә.Табылдиев)*

Анашым, анам,
Еркелейді балаң.
Анашым, анам,
Құшағыма алам!

Әнді орындайды, кім туралы екенін сұрайды. Аналары мен балалары бейнеленген суретті көрнекілік көрсетеді. Аналардың балаға деген сүйіспеншілігі туралы әңгімелеу.

***Сөздік жұмыс:*** анашым.

***Ән айту.*** *«Менің анам» (Л.Аитова)*әнін орындап,мазмұны бойынша әңгімеөткізеді.

Қайталап орындағанда балалардың «ля-ля» буынына әндете бірге қосылуын қадағалайды. Бірге бастап, дауысына күш түсірмей ән салуларын қадағалау.

Таныс ән *«Ұйықта,бөпем» (Қ.Шілдебаев,А.Асылбек)* – қайталау, еске түсіру. Созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып, топпен және жеке орындауға дағдыландыру.

Ойынға белсене қатысуларын қадағалау.

***Ойын «Құрсау-құрсау»*** *(Ө.Байділдаев,М.Әлімбаев)*.

Балаларға ойын шарты түсіндіріледі. Шеңбер бойымен қол ұстасып жүру, шеңберді кішірейту-үлкейту, отыру-тұру, қолдарының «білезіктерін» көтеріп, бұрау. Әуен соңында алдын ала қойылған құрсауларға кіру.

**3. Рефлексия**

Педагог: Анамызға арнап қандай ән үйрендік?

Бүгінгі күннің көңілді болғанын айтып, мадақтап, қоштасады.
Көңілді әуен ырғағымен шығарып салу.

## № 39-40 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Алақай,көктем!»
**Мақсаты:** Көктем мезгілі туралы түсінік беру;әуенді сезіне білуге баулу.
**Міндеттері:** Аспапта педагогтің орындауындағы пьесаларды тыңдауға,қарапайым би қимылдарын (басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу, шеңбер бойымен жүру) бірге жасауға, күрделі емес қойылымдарға, ойындарға және билерге қатысу, әнді бірге уақытында бастап және аяқтауға дағдыландыру. Ойынға белсене қатысуға үйрету, ұйымшылдыққа баулу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** қарапайым би қимылдарын әуенді сезіне жасайды;
**түсінеді:** әнді бірге уақытында бастап және аяқтауды;
**қолданады:** ойындарға және билерге белсене қатысады.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** себеттер,түрлі түсті қауырсын гүлдер,құстардың, гүлдердің суреттері-иллюстрациялар, нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** алаңқай.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Балалар үнтаспадан орындалған (педагогтің таңдауымен) көңілді әнімен залға кіреді.
Педагог балаларды себет толы қызғалдақтармен қарсы алады.
Балаларға гүлдерді таратып береді.

- Гүлді қолға алайық,

Алаңқайға барайық! – деп қалағанынша гүлдерді ұстап, қызықтап көруге мүмкіндік береді.
***Сөздік жұмыс:*** алаңқай.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Көктем гүлдері» («Вальс» Қ. Шілдебаев)* ойналып,балаларды гүлдермен биге шақырады.

Көктем күні көрікті,
Би билейік көңілді!

Педагог би қимылдарын көрсетіп, балалардың қайталап бірге билеулерін қадағалайды.

Педагог көктем туралы және құстардың, гүлдердің суреттерін көрсетіп, әңгіме өткізеді.

***Музыка тыңдау.*** *«Құстар ұшады» (А.Жилин)*педагогтің орындауындағыпьесаны тыңдап, сипаты мен екпініне балалардың назарын аудару.

Педагог: Балалар, аналарымызға арнап жаттаған әндерімізді қайталайық. Созылыңқыдыбысталуғаеліктейотырып, топпен және жеке орындауға дағдыландыру.

***Ән айту.*** *«Менің анам» (Л.Аитова)*әнін үйренуді жалғастыру,қайталау.Әндегі қайталанатын тіркестерді анық айтуға, бірге бастап, бірге аяқтауға бекіту.

*«Ұйықта, бөпем» (Қ. Шілдебаев, А. Асылбек)* –әнін қайталау,еске түсіру. Топпен және жеке орындауға дағдыландыру.

Педагог көктем гүлдерінің әдемілігі мен түстері туралы айтады.

***Ойын «Гүлдер тереміз»*** *(«Полька»М.Красев)*

Ойын шартын түсіндіреді.

Көңілді әуен ырғағымен шашылған гүлдерді түстеріне сәйкес себеттерге бөліп жинау. Ептілік пен шапшаңдыққа, түстерді ажыратуға, ұйымшылдыққа баулу. **3. Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды.

- Гүлдердің түстері қандай екен?
- Гүлдерді кімге арнап жинадыңдар?
- Құстар қалай ұшады екен? т.б. сұрақтар қою арқылы қортындылау.

Балаларды мадақтап, шығарып салады.

## № 41-42 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Наурыз–біздің мереке»
**Мақсаты:** Балаларға наурыз мерекесі туралы түсінік беру.
**Міндеттері:** Әндегі қайталанатын тіркестерді ересектердің дауысинтонациясына салып, ән айту дағдыларын қалыптастыру; музыкалық иллюстрациялармен сүйемелденген әңгімелерді қызығушылықпен тыңдауға баулу, күрделі емес қойылымдарға, ойындарға және билерге белсене қатысуға үйрету. Наурыз мерекесің сезінуге, ұлттық ойындарға қызығушылықтарын арттыру.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** күрделі емес қойылымдар,би қимылдарын қайталайды;
**түсінеді:** наурыз мерекесі туралы түсінеді;
**қолданады:** ересектердің дауыс интонациясына салып ән айтады;
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Наурыз мерекесінің көрінісі,көктемсуреттері, ойынға қажетті атрибуттар – ойыншық аттар, нота хрестоматиясы. **Сөздік жұмыс:** наурыз.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Музыка залында дөңгелек үстел жанында әже (тәрбиеші) балаларды көңілді әуенмен қарсы алады. Амандасады.

Жайдарымыз бәріміз,
Дастарқанда дәміміз.
Көжесі көп, қыры көк,
Қандай жақсы наурыз!

***Сөздік жұмыс:*** наурыз,

**2. Негізгі кезең**

Әже: Балалар, Наурыз мерекесі жақындап келеді. Наурыз айы келгенде күн жылынады, ағаштар жапырақ жаяды, гүлдер құлпырып өседі. Барлық адамдар наурыз мерекесін қуанып қарсы алады. Біз де көңілді би билеп, мерекеге дайындалайық.

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Қамажай» (үнтаспада, халық әні)* – үлкендердің көрсетуімен қыздар қазақ ұлттық биінің қарапайым түрлерінбірге қайталап жасайды.

Ұлдарға *«Тұлпарым» (үнтаспада,Б.Бейсенова)* әнінің ырғағына қарапайым би қимылдарын үйрету.

***Музыка тыңдау.*** *«Наурыз келді» (Н.Дүкенбаев,Қ.Смағұлов)*әнін орындап, мазмұнына түсінік беру.

***Ән айту.*** *«Наурыз» (А.Досмағанбет).*

Педагог әнді орындайды, мазмұны туралы әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді.

Әннің мәтініне сәйкес 1-шумақ орындалғанда балалар шеңбер бойымен жүруі тиіс. Қайырмасында бірге қол шапалақтайды. 2-шумағында балалар бір орында тұрып тербеледі.
Таныс ән *«Менің анам» (Л.Аитова)* – қайталау, еске түсіру.
Әндегі қайталанатын тіркестерді анық айтуға, бірге бастап, бірге аяқтауға жалғастыру. Топпен және жеке орындауға дағдыландыру.
Педагог балаларға ойыншық аттарды көрсетіп, ойын шартымен таныстырады.
***Ойын «Бәйге»*** *(«Қара жорға»халық күйі,өңдеген Л.Хамиди)*
Балалар кезекпен ортаға шығып, ойыншық атқа мініп жарысады.
Бірінші жеткен бала жеңімпаз «шабандоз» болып есептеледі.

**3. Рефлексия**

Әже балаларға ризашылығын білдіреді, мақтайды. Наурыз мерекесін бірге тойлауға шақырады. Жақсы ән салып, билегендері үшін алғысын білдіреді. Көңілді әуен ырғағымен шығарып салу.

## № 43-44 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Шуақты күн»

**Мақсаты:** Педагогтің аспапта орындауындағы пьесаларды тыңдаудағдыларын қалыптастыру.
**Міндеттері:** Жаттығулар мен биде ақырын-катты,жоғары-төмен,баяу-жылдам қимылдарын ауыстыра орындауға үйрету, ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау; табиғи дауыспен,күш түсірмей ән айту дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық қабілеттерін жетілдіру, қызығушылықтарын арттыру.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** үйренген әнді айта отырып,сәйкес қимылдарды қайталайды;
**түсінеді:** аспапта орындалған пьесаларды тыңдайды;
**қолданады:** табиғи дауыспен,күш түсірмей ән айтады.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** таяқшаға байланған түрлітүсті лenталар,көктем мезгілі мен күнді бейнелейтін көрнекілік-суреттер, «көңілді күн» смайлдері, нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** шуақты күн.

### ҰОҚ барысы

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балаларды үнтаспадан орындалған (педагогтің таңдауымен) көңілді әнімен қарсы алады. Әуенге жеңіл секіру, шапалақтау, кезекпен аяқтың ұшымен, өкшемен қою, орнында тұрып аяқ топылдату, шеңбер бойымен бір орында, шашыраңқы топылдатып жүру қимылдарын өз еркінше би биледі ұсынады.

Күннің көзі ашылды,
Алтын нұры шашылды!
Аспанымда алтын күн,
Жарқырайды, жайнайды!

Педагог балалардың назарын күнге аударып, жылу, қуаныш сыйлайтыны туралы әңгімелейді.
***Сөздік жұмыс:*** шуақты күн.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Жай жүру» (Р.Леденев)*Әуеннің ырғағына сәйкес зал ішінде «шашырап» жүру. Әуен ауысқанда екеуден қол ұстасып жай жүру. Әуен 2 рет қайталанып, балалар әуенге ілесе жай екпінде жүреді.

***Музыка тыңдау.*** *«Көктем» (Л.Аитова).*

Көктем мезгілі сурет көрсету, әңгімелеу. Аспапта ойналған әуенді тыңдауға, әннің мазмұнына түсінік беру. Әннің көңілді сипатын, екпінін сезінуге, ажырата білуге үйрету.

***Ән айту.*** *«Наурыз» (А. Досмағанбет).*
Әннің мәтініне сай мәнерлі қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру. Әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен айтуға жалғастыру. Топпен және жеке орындауға дағдыландыру.

*«Менің анам» (Л Аитова)* үйренген әнді айта отырып,сәйкес қимылдардықайталау.
Педагог балалap менойынұйымдастырады.
***Ойын «Құрсау-құрсау»*** *(Ө.Байділдаев,М.Әлімбаев).*
Шеңбер бойымен қол ұстасып жүру, шеңберді кішірейту-үлкейту, отыру-тұру, колдарының «білезіктерін» көтеріп, бұрау. Әуен соңында алдын ала қойылған құрсауларға кіру. Таныс ойынның шарттарын еске түсіріп, белсене қатысуға үйрету.
**3. Рефлексия**
Педагог қорытынды жасайды. Көктем және күн туралы сұрау,
ән-би әрекеттерін естеріне түсіріп, балаларды мақтау,
мадақтау. Соңында күн - «көңілді смайлдер» сыйға тарту.
Көңілді әуен ырғағымен шығарып салу.

## № 45-46 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Желбірейді жалауша»
**Мақсаты:** Әртүрлі ырғақты әннің мағынасын түсінуге баулу.
**Міндеттері:** Түрлі аспаптарда педагогтің орындауындағы және үнтаспадағыәндер мен пьесаларды тыңдау, ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде үйренген әнді айта отырып, мағынасына сәйкес қимылдарды қайталауға, музыканың сипатына сай қимылдар жасауға дағдыландыру. Ұйымшылдыққа, бірізділікке, көппен бірге іс-әрекет жасауға тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** бірізділікпен,көппен бірге іс-әрекет жасайды;
**түсінеді:** әртүрлі ырғақты әннің мағынасын түсінеді;
**қолданады:** музыканың сипатына сай қимылдар жасайды;
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** түрлі түсті жалаушалар,құрсаулар,нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** жалауша.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Үнтаспада көңілді әуен ойналып, балаларға зал ішінде өз беттерінше еркін жүру ұсынылады.

Педагог түрлі түсті жалаушалар таратып, балаларды көңілді серуенге шақырады.

- Жалаушамен келеміз,
  Біз көңілді жүреміз, –

деп, жалаушаны көтере аяқты нық басып жүруге дағдыландырады.
*«Марш» (Б. Дәлденбай)*

***Сөздікжұмыс:*** жалауша.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Жалаушамен жаттығу» («Қазақ маршы» А. Затаевич)*

Жалаушаларды жоғары көтеріп «желбірете» қозғау, шеңбер бойымен жүру, аяқтарын топылдата басу, жалаушаларды төмен-жоғары сермеу қимылдарын үйрету.

Педагог жаттығудан соң балаларды отырғызып, ән тыңдауды ұсынады.

***Музыка тыңдау.*** *«Марш» (Л.Шульгин).*Шығарманы орындап,көңіл күйін,сипатын түсіндіру. Шапалақтау арқылы марш екпінін еске сақтауға үйрету. Әуенді тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру.

***Ән айту.*** *«Жалауша» (А. Тоқсанбаев, И. Сапарбаев).*

Әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді. Әннің мәтініне сәйкес жалаушаларды қозғау, қимылдарды бірге жасау.

Әнді екінші рет орындар алдында балаларды шеңбер бойымен тұрғызады. Таныс *«Наурыз» (А.Досмағанбет)* әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау.

Педагог балалармен ойын ұйымдастырады.

***Ойын «Құрсау-құрсау»*** *(Ө.Байділдаев,М.Әлімбаев).*

Шеңбер бойымен қол ұстасып жүру, шеңберді кішірейту-үлкейту, отыру-тұру, қолдарының «білезіктерін» көтеріп, бұрау. Әуен соңында алдын ала қойылған құрсауларға кіру: Таныс ойынның шарттарын еске түсіріп, белсене қатысуға үйрету.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды.

- Жалаушалар қандай түсте екен?
- Қалай желбірейді?

Балаларды мадақтап, ризашылығын білдіреді. Бүгінгі күннің көңілді болғанын айтып, мадақтап, қоштасады.

## № 47-48 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Көңілді барабан»
**Мақсаты:** Пьесалардың әртүрлі формасының сипатына сай қимылдарынауыстыру, басталуы мен аякталуындағы дыбысталу күшін (катты-баяу) өзгертуге үйрету.
**Міндеттері:** Таныс әндерге өз беттерінше еркін қозғалуға,табиғи дауыспенкүш түсірмей ән айтуға үйрету, ересектердің қимылдарына еліктеп, киялдағы аспапта сүйемелдеу дағдыларын қалыптастыру. Түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру.
**Күтілетін нәтижелер:**

**жасайды:** пьесалардың түрлі формасының сипатына сай қимылдарын ауыстыраалады;
**түсінеді:** әртүрлі жанрлы музыкалық шығармаларды тыңдау ережесін сақтайды;
**қолданады:** ересектердің қимылдарына еліктеп,қиялдағы аспаптасүйемелдей алады; (сылдырмақ, барабан, бубен).
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** балалар аспаптары:сылдырмақ немесебубендер, қасықтар, барабандар, жалаушалар, нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** «соқ-соқ»,барабан.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Әуен *«Марш» (Б.Дәлденбай)* ырғағымен балалар залға кіреді. Аяқтарын нық кадам басып, марш екпінімен аяқтарын топылдата жүруге үйрету.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Марш» (Э. Парлов), «Барабаншылар» (Д. Кабалевский), «Бесік жыры» (С. Левидов).*
*«Марш»* ойналып,балалар шеңбер бойымен нық басып жүреді.
Әуен тоқтағанда балалар да тоқтап, шеңбер ішіне бұрылып тұрады.
*«Барабаншылар» әуені* орындалып,балалар барабан аспабында ойнағандайқимыл-ишара жасайды.
*«Бесік жыры»* ойналғанда балалар жүрелеп отырып,екі қолын оң жақ бетінекойып, тынығып ұйықтағандай болады.
Ырғақты қимылдар бірнеше рет қайталанады.
Педагог балаларға орындықтарға жайғасып отыруды ұсынады.
***Музыка тыңдау.*** *«Құлыншақтар шабады» (В. Витлин).*
Музыка тыңдауға қызығушылықтарын арттыру, әуендерді тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. Шығарманың сипаты мен екпіні туралы айтып, құлыншақтың қимыл-қозғалысын көрсетуді ұсыну.
***Ән айту.*** *«Барабан» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев,)*
***Сөздік жұмыс:*** соқ-соқ.
Әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.
Балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді.

Екінші рет орындалғанда «соқ-соқ», «бір, екі, үш» сөздерін қосылып айтуға үйрету. Әннің мәтініне сай жасау арқылы қиялдағы аспапта сүйемелдеу дағдыларын – «барабанда ойнауды» ұсынады. Барабан аспабында ойналуын көрсету. 5-6 балаға барабан аспабында ойнап, әнге қосылып, «сүйемелдеуді» ұсынады.

Таныс ән *«Жалауша» (А.Тоқсанбаев,И.Сапарбаев)* еске түсіру, қайталау. Педагог жалаушалар таратады. Әннің мағынасына сай қимылдар жасау, жеке сөздерге әндете қосыла айтуға жалғастыру.

Педагогбалалар аспаптары сылдырмақ немесе бубендер, қасықтар, барабандар қолданып, шулы аспаптар оркестрін ұйымдастырады.

*«Қасықтар мен сылдырмақтар» («Полька» Л. Лядова).*

Ересектердің көмегімен аспаптарда ырғақты сезіне ойнауға үйрету.

Өзбеттеріншеаспаптардандыбыстар шығаруға талпынуға дағдыландыру.

**3. Рефлексия**

Педагог қандай аспапта ойнағандарын, аспаптардың аталуын еске түсірулерін сұрайды.

- Барабанды қалай соғамыз?
- Сылдырмақ пен бубен қандай дыбыс шығарады?

Бүгінгі билеріне, айтқан әндеріне ризашылығын білдіріп, мадақтау.

Көңілді қоштасып, шығарып салу.

## № 49-50 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Біздің аспаптар»
**Мақсаты:** Музыканы тыңдай білуді,таныс әндерді және оларға тәнерекшеліктерін ажырата білуді қалыптастыру.
**Міндеттері:** Күрделі емес қойылымдарға,ойындарға және билерге қатысу,музыканы тыңдай білуді және оларға тән ерекшеліктерін ажырата білуді қалыптастыру; аспаптың сүйемелдеуімен әнді күш түсірмей табиғи дауыспен орындауға және музыка сипатына сәйкес қозғалуға үйрету. Балаларға қуанышты көңіл күй сыйлау.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** ойындарға және билерге қатысады, музыка сипатына сәйкес қозғалады;
**түсінеді:** таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін ажырата біледі;
**қолданады:** әнді аспаптың сүйемелдеуімен әнді күш түсірмей,табиғидауыспен орындайды.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** балалар аспаптары:сылдырмақ немесебубендер, қасықтар, барабандар, нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** аспаптар.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балалардың бір-бірінің соңынан кіріп, шеңбер бойымен тұруын ұйымдастырады.

*«Марш» (Э. Парлов), «Барабаншылар» (Д. Кабалевский), «Бесік жыры» (С. Левидов).*

Әртүрлі жанрдағы пьесалар орындалып, балалар ырғағы мен сипатына сәйкес қимылдар жасайды, таныс әуен қимылдарын еске түсіреді. Ырғақты қимылдарды 2-3 рет қайталауға болады.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Билейміз» (Е. Андосов).*

Балалар ересектердің көрсетуімен билейді. Жұптасып қарама-қарсы тұрып, әуен ырғағымен қол шапалақтайды. Қолдарын белдеріне қойып, жеңіл тізе бүгіп «серіппе» жасайды. Екеуден қол ұстасып, айналады. Әуен аяқталғанда бір-біріне иіледі.

***Музыка тыңдау.*** *«Күн» (Т. Попатенко)*

Аспапта ойналған әуенді тыңдауға, әннің мазмұнына түсінік беру.
Әннің көңілді сипатын, екпінін сезінуге, ажырата білуге
дағдыландыру. ***Ән айту.*** *«Тәтті бала» (Т.Сопиев,С.Оспанов)*
Әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.
Балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді.
Әннің сөздері мен жеке буындарды анық айту, дауысты жылдамдатпай,
жеке сөздерді айғайламай айтуды қалыптастыру.
Таныс *«Барабан» (Б.Дәлденбай,Ж.Әбдірашев.)* әнін еске түсіру, сипатына сай орындауға дағдыландыру.
Педагог балаларды оркестрде ойнауға шақырады.
Қалаған аспаптарын алуға мүмкіндік беру.

***Сөздік жұмыс:*** аспаптар.

*«Қасықтар мен сылдырмақтар» («Полька» Л. Лядова).*

Қасықтар, бубен және сылдырмақтарды қолданып, шулы аспаптар оркестрін ұйымдастыру. Әуенді тыңдап, аспаптарда кезекпен ойнауға және қосылып бірге ойнауға үйрету.

- Аспаптарды аламыз,
  Қорапшаға саламыз!

Балаларды ұқыптылықпен аспаптарды жинауға үйрету.

**3. Рефлексия**

Педагог сұрақтар қою арқылы балалардың қызығушылығын оятады.
- Қандай аспаптарда ойнадыңдар?
- Сылдырмақтың дауысы қандай?
- Барабан қандай дыбыс шығарады екен?

Бүгінгі күннің өте көңілді өткенін айтып, балаларды мадақтау.
Көңілді қоштасып, шығарып салу.

# № 51-52 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Балақан мен алақан»
**Мақсаты:** Таныс қимылдарды жаңа музыкамен сәйкес есте сақтау,қайталау.
**Міндеттері:** Аспаптарда педагогтің орындауындағы әндер мен пьесалардытыңдау, аяқтың ұшымен, өкшемен қою, орнында тұрып топылдату, шеңбер бойымен бір орында және шашыраңқы топылдатып жүруге машықтандыру.

әндегі қайталанатын тіркестерді ересектердің дауыс интонациясына салып, айту дағдыларын қалыптастыру. Әнайтуғақызығушылықтарынарттыру, көтеріңкі көңіл күй сезімін ояту.

**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** таныс қимылдарды жаңа музыкамен сәйкес есте сақтайды;
**түсінеді:** педагогтің орындауындағы әндер мен пьесаларды тыңдайды, еске сақтайды;
**қолданады:** әнді ересектердің дауыс интонациясына салып айтады.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** жалаушалар,түрлі түсті орамалдар,нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** алақан.

## ҰОҚ барысы

### 1. Ұйымдастыру кезеңі

Педагог балаларды *«Билейміз» (Е.Андосов)* әуенімен қарсы алып, сәлемдеседі. Үйренген би қимылдарын еске сақтауға, мәнерлеп орындауға үйрету. Жұптасып қарама-қарсы тұрып, әуен ырғағымен қол шапалақтайды. Қолдарын белдеріне қойып, жеңіл тізе бүгіп «серіппе» жасайды. Екеуден қол ұстасып, айналады. Әуен аяқталғанда бір-біріне иіледі.

### 2. Негізгі кезең

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Орамалмен билейміз»(Т. Сарыбаева)*

Балалар шеңбер бойымен тұрады. Қызыл, жасыл, сары түстегі орамалдар таратылады. Әуен ырғағымен орамалды жоғары көтере, қозғап, аяқты топылдата жүру, бір орында айналу т.б. таныс қимылдарын көрсету.

***Музыка тыңдау.*** *«Топ,топ,балақан» (М.Арынбаев,А.Асылбек,үнтаспада).*
Әннің мазмұнына, сипатына көңіл бөлу, түсінік беру.

Екінші рет тыңдалып, әннің мазмұнына сай қимылдарды көрсетіп, бірге қайталауын қадағалау. Мағынасына сәйкес шапалақтау, топылдату, қол білезіктерін айналдыру қимылдары жасалынады.

***Ән айту.*** *«Тәтті бала» (Т. Сопиев, С. Оспанов)*

Әннің сөз тіркестерін ересектердің дауыс интонациясына салып айту дағдыларын қалыптастыру. Ән айтуға қызығушылықтарын ояту, ересектердің дауыс ырғағына еліктеп, қосылып топпен айтуға баулу.

*«Барабан» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев)* қайталау.

«Сок-сок», «бір, екі, үш» сөздерін анық айтуға үйрету. Әннің мәтініне сай қимылдар жасау арқылы қиялдағы аспапта сүйемелдеу дағдыларын – «барабанда ойнауды» пысықтау.

Педагог балалармен ойын ұйымдастырады. Балаларды шапшаңдыққа, ептілікке баулитын ойын шартымен таныстырады.

***Ойын «Қақпа»*** *(«Марш»Э.Парлов, «Жүгіру»Т.Ломова).*

*«Марш» (Э. Парлов)* ойналып,балалар жалаушалармен зал ішінде шеңбербойымен аяқтарын топылдата нық басып жүреді. Әуен аяқталғанда

тәрбиеші бір балаға жақындап, жалаушаларды түйістіре ұстап «қақпа» жасайды.

*«Жүгіру» (Т. Ломова)* орындалғанда балалар кезекпен«қақпа»ортасынанжүгіріп өтеді. Ойын 2-3 рет қайталанып, *«Марш»әуенімен* аяқталады.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды.

- Балалар, сендерге бүгінгі ойын ұнады ма?
- Бүгін көңілді әуен тыңдап, би билеуіңдер, өте жақсы ойнадыңдар, жарайсыңдар! – деп мақтайды, көңілді қоштасып, шығарып салады.

# № 53-54 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Қуыршақ Сәулеге концерт»
**Мақсаты:** Музыкалық иллюстрациялармен сүйемелденген әңгімелердіқызығушылықпен тыңдауға баулу.
**Міндеттері:** Бубенмен,сылдырмақпен бірқалыпты ырғақты,түрлі бейнелік-ойын қимылдарын бере отырып заттармен қимылдар жасау; әнді жеке және топпен айту дағдыларын қалыптастыру. Көпшілік алдында еркін өнер көрсетуге, ән айту, би билеуге бейімдеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** түрлі бейнелік-ойын қимылдарын бере отырып заттармен қимылдар жасайды;
**түсінеді:** иллюстрациялармен сүйемелденген әңгімелерді қызығушылықпен тыңдайды;
**қолданады:** әнді жеке және топпен айтады;көпшілік алдында еркін өнеркөрсетеді.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:**
сылдырмақтар,қасықтар,бубенаспаптары, түрлі түсті орамалдар, нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** үй.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балаларды көңілді қарсы алады. Бұрышта тұрған үйді көрсетіп:
- Қандай әдемі үй! Мұнда кім тұрады екен? – деп ақырындап басып үйге жақындап, үйдің есігін қағып, «Мұнда кім тұрады?» – деп сұрайды.
- Балалар, қол шапалақтап дыбыстайық, мүмкін естілмей жатқан болар, – деп ұсыныс айтады.
- Енді аяғымызды қатты топылдатайық.

Үйдің терезесінен тәрбиеші қуыршақ Сәулені көрсетіп:

- Сәлеметсіңдер ме, балалар, – деп амандасады.

Педагог қуыршақты бірге ойнауға шақыруға ұсыныс жасайды.

Қуыршақ «қуана келісіп», балаларға қосылады.

***Сөздікжұмыс:*** үй.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Сылдырмақпен би»*
*(«Жайдарман»қазақ халық әуені, өңдеген К. Қуатбаев)*

Педагог балаларға сылдырмақтар үлестіреді.

Кәне, кәне, тұрайық,
Шеңберді тез құрайық.
Сылдырмақты көңілді
Былай-былай соғайық, –

деп сылдырмақты жоғары көтеріп, ойнап көрсетеді.

1-3 такт. Балалар сылдырмақты жоғары көтеріп, сылдырлатады;

4-6 такт. Бір аяқтың тізесін сәл бүгіп, сылдырмақты ақырын тізеге соғып сылдырлатады.

Әуен екінші рет қайталанғанда 1-3 тактілерде – сылдырмақты екінші бос алақанға соғады;

4-6 такт. Сылдырмақты жоғары көтеріп, бір орында айналады.

***Ән айту.*** Таныс әндерді балалардың қалауы бойынша қайталау. Жеке және топпен айту дағдыларын қалыптастыру.

*«Тәтті бала» (Т. Сопиев. С. Оспанов)*

*«Барабан» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев),*

*«Жалауша» (А. Тоқсанбаев, И. Сапарбаев)*

Педагог балалармен ойын ұйымдастырады.

*«Орамалмен билейміз» (Т. Сарыбаева)*

Педагог балаларға сандықшаға салынған түрлі түсті орамалдарды ұсынып, таңдап алуға мүмкіндік береді.

Балаларды шеңбер бойымен тұруға бейімдейді. Орамалды оң қолға ұстауды, жоғары көтеруді, қозғауды, бір орында айналуды көрсетіп, қайталауды сұрайды.

Қызыл, сары, жасыл, көк,
Орамалды алайық,
Қолды көкке созайық,
Қозғап, қозғап қалайық!

Балалар көңілді әуенге ілесе, орамалдармен би қимылдарын жасайды.

Орамалды аламыз,
Сандықшаға саламыз, –

деп сандықшаға орамалды жинайды.

Педагог балаларға өздері қалаған аспаптарын таңдауға мүмкіндік береді.

*«Қасықтар мен сылдырмақтар» («Полька» Л. Лядова)*

Балаларға сылдырмақтар, қасықтар, бубен аспаптары беріледі.

Ырғақты сезіне, ересектердің көрсетуімен қосылып ойнауға үйрету.

***«Қақпа» ойыны*** *(«Марш»Э.Парлов, «Жүгіру»Т.Ломова)*

Ойын шартын еске түсіру, түсіндіру. Әуенді мұқият тыңдап, ырғағына сәйкес қимылдарын орындалуын қадағалау.

Ойынғабелсенділігін, қызығушылықтарынарттыру.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды.

- Балалар, қуыршақ Сәулеге сендермен бірге өте көңілді болды. Сендер ән айтып, би билеп, жақсы өнер көрсеттіңдер. Жарайсыңдар! Педагог балаларға ризашылығын білдіріп, мадақтайды.

Көңілді әуен ырғағымен шығарып салу.

МКҚК «Ақмарал» бөбекжай балабақшасы

БЕКІТЕМІН:

Балабақша меңгерушісі

__________А.С.Жаштаева

# ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ
# МУЗЫКА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ
# ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

**«Балдырған» ересек тобы**

**2021-2022 оқу жылы**

**Музыка жетекшісі: Қамбарбекова М.**

**«ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ» БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ «МУЗЫКА»**
**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**«Балдырған» ортаңғы тобы**

| ҰОҚ тақырыбы | Сағат саны | Мақсаты мен міндеттері | Репертуар |
|---|---|---|---|
| **«Балабақша»** | | | |
| **«Тату доспыз бәріміз» № 1-2 06.09.2021 10.09.2021** | 2 | **Мақсаты:** әуенді сезіне білуге,әннің мағынасын түсінуге баулу. **Міндеттері:** әртүрлі сипаттағы әндерді қабылдау, әуенді дұрыс, нақты интонациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын қалыптастыру, би қимылдары, музыкалық қимылдарды орындау, әуеннің сипатын тану: әннің қайырмасын орындау кезінде күрделі емес ырғақтық бейнені орындап, сылдырмақтармен ойнау дағдыларын қалыптастыру. Балаларды достыққа, татулыққа тәрбиелеу. | **Музыка тыңдау:** «Достық» (И. Нүсіпбаев) **Ән айту:** «Тату доспыз бәріміз» (Е. Меңдешев) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Балалар мен аю» (Е. Тиличеева) **Билер:** «Серуендейміз,билейміз» (А. Тоқсанбаев) **Ойындар, хороводтар**:«Гүл жинау» «Полька» (Н. Лысенко) **Балалардың музыкалық аспапта ойнауы:** «Сылдырмақтар» (орыс халық әні) |
| **«Балдырғандар әні» № 3-4 13.09.2021 20.09.2021** | 2 | **Мақсаты:** қарапайым би қимылдарын жұппен билеуге, есте сақтауға үйрету. **Міндеттері:** музыкаға деген өзіндік қатынасын, ол туралы пікірін айту; әуенді дұрыс, нақты интонациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын қалыптастыру; би қимылдары, | **Музыка тыңдау**:«Балабақша бағында» (С. Кәрімбаев) **Ән айту:** «Балдырғандар әні» (Ш. Қалдаяқов) «Тату доспыз бәріміз» (Е. Меңдешев) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Қазақ маршы» (А. Затаевич) |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | ойындық музыкалық қимылдарды орындау, әннің қайырмасын орындау кезінде күрделі емес ырғақтық бейнені орындап, сылдырмақтармен ойнау, музыканың тактісімен алақандарды соғу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды бір-бірімен дос болуға тәрбиелеу. | **Билер:** «Қосарланып билеу» (Литва халық әні, өңдеген Т. Попатенко) **Ойындар, хороводтар:** «Ушты-ушты» **Балалардың музыкалық аспапта ойнауы:** «Сылдырмақтар» (орыс халық әні) |
| **«Кел, билейік»** **№ 5-6** **24.09.2021** **27.09.2021** | 2 | **Мақсаты:** Музыканың көңілді би сипатын қабылдауға үйрету. **Міндеттері:** Әртүрлі сипаттағы, қарқынды музыканы қабылдау, музыкаға өзіндік пікірін айту; әнді хормен, күш түсірмей, сөздер мен дыбыстарды таза және анық, музыкалық сүйемелдеуден кейін ән айту дағдыларын қалыптастыру; музыкалық қимылдарды, музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау дағдыларын қалыптастыру. Балаларды әсемдікке, әдемілікке тәрбиелеу. | **Музыка тыңдау:** «Би» (Е.Андосов) **Ән айту:** «Кел.билейік» (Б. Байқадамов) «Балдырғандар әні» (Ш. Қалдаяқов) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Кел, билейік» (Б. Байқадамов). **Билер:** «Қосарланып билеу» (Литва халық әні, өңдеген Т. Попатенко) **Ойындар, хороводтар:** «Серуендейміз, демаламыз» (М. Красев) **Балалардың музыкалықаспапта ойнауы:** «Янка» (беларусь халық биі) |
| **«Қош келдің, алтын күз»** | | | |
| **«Күз – жомарт»** **№ 7-8** **04.10.2021** **11.10.2021** | 2 | **Мақсаты:** Музыканың екі түрлі формасына қимылдарын ауыстыра білуге дағдыландыру. **Міндеттері:** Әуендерді немесе | **Музыка тыңдау:** «Тамшылар» (румын.халық әні, өңдеген Т. Попатенко) **Ән айту:** «Алтын күз» (Ж. Молдажанова) |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | музыкалық шығармаларды орындау кезінде пьесаларды тану және атау; ән сипатын ұғыну, әннің көңіл күйін бере білу, кимылды музыкамен сәйкестендіру. Марш сипатын ырғақты жүріспен беру. Музыканың би сипатын қабылдауға үйрету. Аспаптың сүйемелдеуінде ересектердің орындауындағы би әуенін тыңдау. Балаларды күз байлықтарын бағалауға, қастерлеуге тәрбиелеу. | «Кел, билейік» (Б. Байқадамо...<br>**Музыкалық-ырғақтық қим...**<br>«Қоян», «Аю» (Т. Ломова)<br>**Билер:** «Көбелек»биі<br>(«Билеп үйренейік» жинағына...<br>**Ойындар, хороводтар:** «Өз ...<br>тап» «Полька» (М. Глинка)<br>**Балалардың музыкалық асп...**<br>**ойнауы:** «Янка» (беларусь хал...) |
| «Күзгі орман»<br>№ 9-10<br>15.10.2021<br>18.10.2021 | 2 | **Мақсаты:** Музыка тыңдау арқылы күз көріністерін сезіне білуге үйрету.<br><br>**Міндеттері:** Пьесалардың,әндердің жекелеген эпизодтарын және музыкалық бейнелерінің арақатынасын тану, дауыс пен есту қабілетін дамытуға дағдыны жетілдіру. Дауыстап және төмен дауыспен ән салу, қол қозғалысымен көрсету үйрету. Би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру; шеңбер бойымен жүргізу, музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгерту. Музыка арқылы қуана білуге, шаттана білуге тәрбиелеу. | **Музыка тыңдау:** «Сәби қуаны...»<br>(Е. Құсайынов)<br><br>«Мерекелік марш» (Б. Дәлденба...)<br>«Вальс» (Қ. Шілдебаев)<br>**Ән айту:** «Күз тамаша» (Л.Мұх...)<br>«Алтын күз» (Ж. Молдажанова)<br>**Музыкалық-ырғақтық** қимылдар<br>«Көкек» (Е. Тиличеева)<br>**Билер:** «Көбелек»биі<br>(«Билеп үйренейік» жинағынан)<br>**Ойындар, хороводтар**:«Қасқыр...<br>қояндар» дидактикалық ойыны<br>**Балалардыңмузыкалық** асп...<br>**ойнауы:** «Полька» (А.Филиппенк...) |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | музыкалық шығармаларды орындау кезінде пьесаларды тану және атау; ән сипатын ұғыну, әннің көңіл күйін бере білу, кимылды музыкамен сәйкестендіру. Марш сипатын ырғақты жүріспен беру. Музыканың би сипатын қабылдауға үйрету. Аспаптың сүйемелдеуінде ересектердің орындауындағы би әуенін тыңдау. Балаларды күз байлықтарын бағалауға, кастерлеуге тәрбиелеу. | «Кел, билейік» (Б. Байқадамов)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Қоян», «Аю» (Т. Ломова)<br>**Билер:** «Көбелек»биі («Билеп үйренейік» жинағынан»)<br>**Ойындар, хороводтар:** «Өз орынды тап» «Полька» (М. Глинка)<br>**Балалардың музыкалық аспапта ойнауы:** «Янка» (беларусь халық биі) |
| «Күзгі орман»<br>№ 9-10<br>15.10.2021<br>18.10.2021 | 2 | **Мақсаты:** Музыка тыңдау арқылы күз көріністерін сезіне білуге үйрету.<br><br>**Міндеттері:** Пьесалардың,әндердің жекелеген эпизодтарын және музыкалык бейнелерінің аракатынасын тану, дауыс пен есту кабілетін дамытуға дағдыны жетілдіру. Дауыстап және төмен дауыспен ән салу, кол козғалысымен көрсету үйрету. Би кимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын калыптастыру: шеңбер бойымен жүргізу, музыкалық фразаларға сәйкес кимылдарды өзгерту. Музыка аркылы қуана білуге, шаттана білуге тәрбиелеу. | **Музыка тыңдау:** «Сәби куанышы» (Е. Құсайынов)<br><br>«Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай), «Вальс» (К. Шілдебаев)<br>**Ән айту:** «Күз тамаша» (Л.Мұқашева) «Алтын күз» (Ж. Молдажанова)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Көкек» (Е. Тиличеева)<br>**Билер:** «Көбелек»биі («Билеп үйренейік» жинағынан»)<br>**Ойындар, хороводтар**:«Каскыр менояндар» дидактикалық ойыны<br>**Балалардыңмузыкалық аспапта ойнауы:** «Полька» (А.Филиппенко) |

| | | | |
|---|---|---|---|
| «Күз байлығы»<br>№ 11-12<br>25.10.2021<br>29.10.2021 | 2 | **Мақсаты:** Әуендерді немесе музыкалық шығармаларды орындау кезінде пьесаларды тану және атау.<br>**Міндеттері:** Музыка тыңдау арқылы ой-сезіміне әсер етіп, эстетикалық талғампаздығын қалыптастыру.<br>Музыкаға деген өзіндік пікірін айту, хормен, күш түсірмей, сөздер мен дыбыстарды таза және анық, музыкалық сүйемелдеуден кейін ән айту дағдыларын қалыптастыру.<br>Музыканың көңілді би сипатын қабылдауға үйрету.<br>Балалардың эстетикалық талғампаздығын дамыту. | **Музыка тыңдау:** «Жайлау таңы» (Л. Хамиди)<br>**Ән айту:** «Жаңбыр» (Ә.Телғозиев)<br>«Күз тамаша» (Л. Мұқашева)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Ұшақ ұшты» (Е. Тиличеева)<br>**Билер:** «Апатайым-ай»биі («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>**«Ойындар, хороводтар:** «Киіз үй» ән-ойын (Т. Сарыбаева)<br>**Балалардың музыкалық аспапта ойнауы:** «Сыңғырлаған үшбұрыш» (Р. Рустамов) |
| «Менің туған өлкем» | | | |
| «Домбыра сазы»<br>№ 13-14<br>01.11.2021<br>08.11.2021 | 2 | **Мақсаты:** халқымыздың қасиетті аспабы домбыра туралы мәлімет беріп, оны қадірлей білуге үйрету.<br>**Міндеттері:** музыкаға деген өзіндік пікірін айту; қатынасын, ән сипатын ұғыну, әннің көңіл күйін бере білу; музыканың ырғағын дәл бере отырып, қимылды ырғақпен екі аяқпен еркін және жеңіл секіру. Халық ойындарының көңілді сипатын беру, дыбыстарды жоғарылығы бойынша | **Музыка тыңдау:** «Домбыра сазы» (И. Нүсіпбаев)<br>**Ән айту:** «Домбыра» (Ә. Қонысбеков, Ү. Қонысбекова)<br>«Жаңбыр» (Ә. Телғозиев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Піл мен күшік» (И. Арсеева)<br>**Билер:** «Апатайым-ай»биі («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>**Ойындар, хороводтар:**«Түлкі мен қаздар» |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | ажырату. Халықтық домбыра аспабының дауысын қабылдау. Қазақтың қасиетті аспабын кастерлей білуге, сақтай білуге тәрбиелеу. | (К. Қуатбаев)<br>**Балалардың музыкалық аспапта ойнауы:** «Сыңғырлаған үшбұрыш» (Р. Рустамов) |
| **«Біздің Алматы»<br>№ 15-16<br>12.11.2021<br>15.11.2021** | 2 | **Мақсаты:** Музыканың көңілді би сипатын қабылдауға үйрету.<br>**Міндеттері:** Тыңдауды иллюстрация көрсетумен қатар жүргізу, сөздер мен дыбыстарды таза және анық. музыкалық сүйемелдеуден кейін ән айту дағдыларын қалыптастыру. Музыканың қимылдық сипатын жеңіл, ырғақты жүгірумен беру. Музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау. Балаларды ұйымшылдыққа, бауырмалдыққа тәрбиелеу. | **Музыка тыңдау:** «Алматы» (Е. Хасанғалиев)<br>**Ән айту:** «Біз өмірдің гүліміз» (Б. Ғизатов)<br>«Домбыра» (Ә. Қонысбеков, Ұ. Қонысбекова)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Қояндар» (Ю. Рожавская)<br>**Билер:** «Фин полькасы» («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>**Ойындар, хороводтар:** «Жұбыңды тап» орыс халық әуені<br>**Балалардың музыкалық аспапта ойнауы:** «Тамшылар» (О.Мазурова) |
| **«Менің Қазақстаным»** | | | |
| **«Менің Отаным»<br>№ 17-18<br>22.11.2021<br>26.11.202** | 2 | **Мақсаты:** Балаларға еліміздің рәміздері туралы мәлімет беріп, оны кастерлей білуге үйрету.<br>**Міндеттері:** Пьесалардың,әндердің жекелеген эпизодтарын көргендегі және музыкалық бейнелерінің арақатынасын тану және атау. Ән сипатын ұғыну, әннің көңіл күйін бере | **Музыка тыңдау:** «Отан–ортақ үйіміз» (Д. Ботбаев)<br>**Ән айту:** «Отанның жас өркені» (Г. Дауылбаева, Б. Жұмабекова)<br>«Біз өмірдің гүліміз» (Б. Ғизатов)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Қазақ маршы» (А. Затаевич).<br>«Жүгіреміз, секіреміз» (С. Соснина) |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | білу. Музыканың көңілді би сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау. Балаларды сезімталдыққа тәрбиелеу. | **Билер**: «Фин полькасы» («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>**Ойындар, хороводтар:** «Тақия таста-мақ» (қазақтың халық әні, өңд. Б. Дәлденбай)<br>**Балалардың музыкалық аспапта ойнауы:** «Тамшылар» (О.Мазурова) |
| **«Қазақстан – кең-байтақ елім»**<br>**№ 19-20**<br>**29.11.2021**<br>**06 .12.2021** | 2 | **Мақсаты:** Балаларға кең-байтақ өлкеміз Қазақстан туралы мәлімет беріп, оларды музыка арқылы патриоттық сезімге тәрбиелеу.<br>**Міндеттері:** Әртүрлі сипаттағы, қарқындағы музыканы қабылдау, музыкаға деген өзіндік қатынасын, ол туралы пікірін айту; әндердің және музыкалық бейнелерінің арақатынасын тану және атау, хормен, сөздер мен дыбыстарды таза және анық, ән айту дағдыларын қалыптастыру, жүрелеп отыруды ырғақты орындаумен, қимылды музыкамен сәйкестендіру. Балалардың өз Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру. | **Музыка тыңдау:** «Қазақстан» (С. Мұхамеджанов)<br>**Ән айту:** «Бейбіт болсын қашанда» (А. Досмағанбет)<br>«Отанның жас өркені» (Г. Дауылбаева, Б. Жұмабекова)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Шабандоз» (Р. Шуман)<br>**Билер:** «Жалаушамен би» (қазақтың халық әуені, өңдеген Е. Брусиловский)<br>**«Ойындар, хороводтар**:«Қақпа» (орыс халық әуені. Өңдеген Р. Рустамов)<br>**Балалардынмузыкалық аспапта ойнауы:** «Пони» (С.Окунева) |
| **«Қыс қызығы»** | | | |
| **«Қыс өрнегі»**<br>**№ 21-22**<br>**10.12.2021**<br>**13.12.2021** | 2 | **Мақсаты:** Әуеннің ырғағына,мәтініне сәйкес іс-әрекеттерді көрсете білуге баулу. | **Музыка тыңдау:** «Біз шадыман баламыз» (Ә. Бейсеуов)<br>**Ән айту:** «Қыс келді» (Б.Жұмабекова) |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | **Міндеттері:** Музыкалық мәнерлеу құралдарын ажырату, музыкалық шығармаларды аяғына дейін тыңдау, жеке және хормен ән айту дағдыларын, соза дыбыстауды, таза интонациялауды жетілдіру. Музыканың сипатына сәйкес би қимылдарын ауыстыру, музыканың биге тән сипатын қабылдау, әртүрлі музыкалық және шулы аспаптарда ересектің ойнағанын тыңдау. Балаларды жылдың қандай мезгілі болса да қабылдай білуге тәрбиелеу. | «Бейбіт болсын қашанда» (А. Досмағанбет)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Полька» (М.Глинка), «Коло» (украин халық әуені, өңдеген Н. Метлова)<br>**Билер:** «Акшақарлар биі» (А. Верстовский)<br>**Ойындар, хороводтар:** «Бәсең және көтеріңкі» (Е. Хасанғалиев)<br>**Балалардың музыкалық аспапта ойнауы:** «Янка» (беларусь халық биі) |
| «Жасыл шырша жанында»<br>№ 23-24<br>20.12.2021<br>24.12.2021 | 2 | **Мақсаты:** Балаларды музыка арқылы мерекені сезіне білуге, шаттана білуге дағдыландыру.<br>**Міндеттері**:Музыкалық шығармаларды соңына дейін тыңдау, оларды тану, шығарманың бөлімдерін ажырата білу. Әртүрлі сипаттағы әндерді орындау, дауыспен секіріс үлгісіндегі және төмендеуші әуен қарқынын бере білу, би қозғалыстарын, ойындық музыкалық әрекеттерді орындауға тәрбиелеу. қимылды музыкамен сәйкестендіру, музыканың екінші бөлігінде қимылды | **Музыка тыңдау:** «Жасыл шырша жанында» (К. Қуатбаев)<br>**Ән айту:** «Шырша жыры» (А. Еспенбетова)<br>«Қыс келді» (Б. Жұмабекова)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: «Шырша жыры» (Б. Бейсенова үнтаспадан)<br>«Жүгіреміз, секіреміз» (С. Соснина)<br>**Билер:** «Акшақарлар биі» (А. Верстовский)<br>**Ойындар, хороводтар:** «Сырнай мен дағғыра» (Д. Ботбаев)<br>**Балалардыңмузыкалық аспапта** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | өзгерту дағдыларды қалыптастыру.<br>Әннің қайырмасын орындау кезінде күрделі емес ырғақтық бейнені орындап, сылдырмақтармен ойнау жалғастыру. Мереке қарсаңында бір-біріне деген ілтипат көрсетуге үйрету. | **ойнауы:** «Сағат» |
| «Қысқы әуен»<br>№ 25-26<br>24.12.2021<br>10. 01.2022 | 2 | **Мақсаты:** Музыкалық аспаптарда орындалған әртүрлі ырғақты, таныс әуендерді ажырата білуге баулу.<br>**Міндеттері:** Музыкалық мәнерлеу құралдарын ажырату, музыкалық шығармаларды соңына дейін тыңдау. Әртүрлі сипаттағы әндерді орындау, дауыспен секіріс үлгісіндегі және төмендеуші әуен қарқынын бере білу. Музыканың биге тән сипатын қабылдау; жеңіл қозғалу, ырғақты қозғалу; музыкалық аспаптарда қарапайым ырғақты суретті өздігінен орындау. Балаларды ұйымшылдыкка, достыкка тәрбиелеу. | **Музыка тыңдау:** «Сәлемет пе,Аязата» (Б. Дәлденбай)<br>**Ән айту:** «Аязата сыйлығы» (Ж. Тезекбаев)<br>«Шырша жыры» (А. Еспенбетова)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Кім жақсы шабады?» (Т. Ломова)<br>**Билер:** «Кішкентай Аязаталар биі» («Санта-Клаустар» биі)<br>(«Билеп үйренейік» жинағынан)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Аю мен қояндар» (Б. Дәлденбай)<br>**Балалардыңмузыкалықаспапта ойнауы:** «Сағат» |
| «Қыс қызығы»<br>№ 27-28<br>14.01.2022<br>17.01.2022 | 2 | **Мақсаты:** Балаларды табиғат құбылыстарын музыка арқылы сезіне білуге баулу.<br>**Міндеттері:** Музыкалық мәнерлеу құралдарын ажырату, музыкалық | **Музыка тыңдау:** «Табиғат құбылысы» (үнтаспадан тыңдау)<br>**Ән айту:** «Қыс» (Б.Жүсібәлиев)<br>«Аязата сыйлығы» (Ж. Тезекбаев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | шығармаларды соңына дейін тыңдау, оларды тану, жеке және хормен ән айту дағдыларын, соза дыбыстауды, таза интонациялауды, бір қарқында ән айтуды жетілдіру. Би қозғалыстарын, ойындық музыкалық әрекеттерді орындауды жетілдіру. Әннің қайырмасын орындау кезінде күрделі емес ырғақтық бейнені орындап, сылдырмақтармен ойнау. Балаларды достыққа, бірлікке тәрбиелеу. | «Аттылар» (В. Витлин)<br>**Билер:** «Кішкентай Аязаталар биі» («Санта-Клаустар» биі) («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>**Ойындар, хороводтар:** «Айгөлек» (қазақтың халық әні, өңдеген Б. Қыдырбекова).<br>**Балалардың музыкалық аспапта ойнауы:** «Түлкі» (орыс халық әні, өңдеген В. Попов) |
| «Менің отбасым» | | | |
| «Отбасы»<br>№ 29-30<br>24.01.2022<br>28.01.2022.- | 2 | **Мақсаты:** музыкалық-ырғақты қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:** сипаты мен мазмұны жағынан алуан түрлі екі шығарманы эмоциялық тұрғыдан қабылдай және салыстыра білу; күш салмай ән айту, сөздер мен дыбыстарды таза және анық айту, музыканың биге тән сипатын қабылдау; жеңіл қозғалу, ырғақты қозғалу. Музыкалық аспаптарда қарапайым ырғақты суретті өздігінен орындау. Балаларды бір-біріне қамқор болуға тәрбиелеу. | **Музыка тыңдау:** «Құлыншақ»(Ж. Тұрсынбаев)<br>**Ән айту:** «Біз бақытты баламыз»(А. Қонысбеков, Ү. Қонысбекова) «Қыс» (Б. Жүсібәлиев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Марш» (Е. Андосов), «Серіппе» (орыс халық әуені, өңдеген Т. Ломова)<br>**Билер:** «Қуыршақтар биі» (орыс х.әні)<br>**Ойындар, хороводтар:** «Бәсен жәнекөтерінкі» (Е. Хасанғалиев)<br>**Балалардың музыкалық аспапта ойнауы:** «Түлкі» (орыс халық әні,өңдеген В. Попов). |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **«Бесік жыры»**<br>**№ 31-32**<br>**31.01.2022**<br>**07. 02.2022** | 2 | **Мақсаты:** Балаларды музыка арқылы сезімталдыққа, бауырмалдыққа тәрбиелеу.<br>**Міндеттері:** Әуендерді немесе музыкалық шығармаларды орындау кезінде пьесаларды тану және атау, күш салмай ән айту, сөздер мен дыбыстарды таза және анық айту; музыканың көңілді би сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін кимылды бастау; халық ойындарының көңілді сипатын беру. Балаларды имандылыққа тәрбиелеу. | **Музыка тыңдау**:«Әлди-әлди,бөпем-ай» (Б. Аманжол)<br>**Ән айту:** «Анашым» (Е.Хасанғалиев)<br>«Біз бақытты баламыз» (А. Қоныс бекова, Ү. Қоныс бекова)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Марш» (Е.Андосов), «Ұшақ ұшты» (Е. Тиличеева)<br>**Билер:** «Қуыршақпен билейміз» (украин халық әуені)<br>**Ойындар, хороводтар:** «Бәйге»<br>**Балалардың музыкалық аспапта ойнауы:** «Полька» (А.Филиппенко) |
| **«Ағайынбыз бәріміз»**<br>**№ 33-34**<br>**11 .02.2022**<br>**14.02.2022** | 2 | **Мақсаты:** Балаларды музыка арқылы сезімталдыққа, бауырмалдыққа тәрбиелеу.<br>**Міндеттер:** Музыкалық мәнерлеу құралдарын ажырату, музыкалық шығармаларды соңына дейін тыңдау; әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу, соңын мұқият әндетіп айту; музыкалық бейне мен қозғалыс тәжірибесін сәйкестендіру; жұппен би кимылдарын орындау; шулы оркестрге қатысу, биде ойындық музыкалық кимылдарды қолдану. | **Музыка тыңдау**:«Жайдарман» (қазақтың халық әуені, өңдеген К. Қуатбаев).<br>**Ән айту:** «Ағайынбыз бәріміз» (М. Әубәкіров)<br>«Тату доспыз бәріміз» (Е. Меңдешев)<br>«Анашым» (Е. Хасанғалиев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: «Биге шақыру» (И. Штраус)<br>**Билер:** «Айгөлек» (қазақ биі, өңдеген Е. Лапин)<br>**Ойындар, хороводтар:** «Қоңыраумен ойын» |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Балаларды достыққа, бауырмалдыққа тәрбиелеу. | **Балалардың музыкалық аспапта ойнауы:** «Көңілді сазсырнай» (М. Красев) |
| **«Ойыншықтар»** **№ 35-36** **21.02.2022** **25.02.2022** | 2 | **Мақсаты:** Балаларды сүйікті ойыншықтары арқылы өз іс-әрекеттерін сезіне білуге тәрбиелеу. **Міндеттері:** Музыкалық шығармаларды соңына дейін тыңдау, музыканың сипатын анықтау, өз әсері туралы әңгімелеу; би қозғалыстарын, ойындық музыкалық әрекеттерді орындауға тәрбиелеу, жеке және хормен ән айту дағдыларын, соза дыбыстауды, таза интонациялауды, бір қарқында ән айтуды дыбыстаудың бірдей күшімен ән айтуды жетілдіру, әртүрлі музыкалық және шулы аспаптарда ересектің ойнағанын тыңдау және ойнау. Балаларды әдептілікке тәрбиелеу. | **Музыка тыңдау:** «Қосалқа» (Дәулеткерей) **Ән айту:** «Ойыншықтар» (И.Нүсіпбаев) «Ағайынбыз бәріміз» (М. Әубәкіров) **Музыкалық-ырғақтық кимылдар**: «Полька» (М. Глинка) **Билер:** «Көңілді жұптар» (И.Штраус) **Ойындар, хороводтар**: «Жұбыңды тап» (орыс халық әуені) **Балалардың музыкалық аспапта ойнауы:** «Сауысқан» (орыстың халық әуені, өңдеген Т. Попатенко). |
| **«Табиғаттың гүлденуі»** | | | |
| **«Көктем»** **№ 37-38** **28.02.2022** **11.03.2022** | 2 | **Мақсаты:** Балаларды табиғатта болатын құбылыстарды ән арқылы сезіне білуге үйрету. **Міндеттері:** Тыңдаулы қимыл көрсету арқылы сүйемелдей отырып, музыкалық бейне мен қимыл | **Музыка тыңдау:** «Көктем келді» (Б. Бейсенова, үнтаспадан) **Ән айту:** «Көктем» (К.Қуатбаев) «Ойыншықтар» (И. Нүсіпбаев) **Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: «Серіппе» (орыс халық әуені, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | тәжірибесінің аракатынасын анықтау, күш салмай ән айту, сөздер мен дыбыстарды таза және анық айту; қозғалыс бағытын өзгертіп адымдау, аяқты жоғары көтеріп жүгіру. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. Балаларды әсемдікке, әдемілікке тәрбиелеу. | өңдеген Т. Ломова)<br>**Билер:** «Гүлдермен би» (В.Моцарт)<br>**Ойындар, хороводтар:** «Қақпа» (орыстың халық әуені, өңдеген Р. Рустамов)<br>**Балалардың музыкалық аспапта ойнауы:** «Көңілді сазсырнай» (М. Красев) |
| **«Анамызға мың алғыс»**<br>**№ 39-40**<br>**14.03.2022**<br>**25.03.2022** | 2 | **Мақсаты:** Педагогтің аспапта орындауындағы пьесаларды тыңдау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:** Музыкалық шығармаларды соңына дейін тыңдау, музыканың сипатын анықтау, өз әсері туралы әңгімелеу; жеке және хормен ән айту дағдыларын қалыптастыру, созa дыбыстауды, таза интонациялауды, бір қарқында ән айтуды дыбыстаудың бірдей күшімен ән айтуды жетілдіру; жұппен би қимылдарын орындау; биде ойындық музыкалық қимылдарды қолдану. Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауын жалғастыру. Балаларға эстетикалық тәрбие беру. | **Музыка тыңдау:** «Айжан қыз» (Құрманғазы)<br>**Ән айту:** «Менің анам»(А.Досмағанбет) «Көктем» (К. Қуатбаев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: «Биге шақыру» (И. Штраус)<br>**Билер:** «Шығыршықпен билеу» (хорват халық әуені)<br>**Ойындар, хороводтар:** «Гүл сыйлау» («Балалар полькасы» М. Глинка)<br>**Балалардың музыкалық аспапта ойнауы:** «Аспан мен жер арасы» (Т. Тютюнникова) |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **«Наурыз»**<br>**№ 41-42**<br>**28.03.2022**<br>**04.04.2022** | 2 | **Мақсаты:** Балаларды мерекені<br><br>көңілді музыка арқылы сезіне білуге ұмтылдыру.<br>**Міндеттері:** Музыканың сипатын анықтау, өз әсері туралы әңгімелеу; әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу, соңын мұқият әндетіп айту; би қозғалыстарын, ойындық музыкалық әрекеттерді орындауға тәрбиелеу; шулы оркестрге қатысу; балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. Мерекенің мәнін ұғындыру, татулыққа, бірлікке тәрбиелеу. | **Музыка тыңдау:** «Мерекелік марш»<br><br>(Б. Дәлденбай)<br>**Ән айту:** «Наурыз» (Б.Есдаулетов)<br>«Менің анам» (А. Досмағанбет)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**:<br>«Пойыз» (М. Старокадомский).<br>«Наурыз-думан (үнтаспада<br>Р. Рымбаеваның орындауында)<br>**Ойындар, хороводтар**: «Арқан тартыс»<br>(қазақтың ұлттық ойыны)<br>**Балалардың музыкалық аспапта ойнауы:** «Аспан мен жер арасы»<br>(Т. Тютюнникова) |
| **«Наурызым,**<br><br>**армысың»**<br>**№ 43-44**<br>**08 .04. 2022**<br>**11. 04.2022** | 2 | **Мақсаты:** Музыка тыңдай отырып, күйдің көңіл күйін сезіне білуге баулу.<br><br>**Міндеттері:** Музыкалық шығармаларды соңына дейін тыңдау, оларды тану, музыкалық шығармадан кейін ән айту фразалар арасындағы тыныс алу, әнді бір мезгілде бастау және аяқтау; мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу. Музыканың биге тән сипатын қабылдау; жеңіл ырғақты қозғалу. Үлкенге ілтипат жасауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. | **Музыка тыңдау:**<br>«Сарыарқа» (Құрманғазы)<br><br>**Ән айту:** «Наурыз тойы» (А.Тани)<br>«Наурыз» (Б. Есдаулетов)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**:<br>«Полька» (Л. Лядова)<br>**Билер:** «Жалқаубек» (үнтаспада<br>Р. Рымбаеваның орындауында)<br>**Ойындар, хороводтар:** «Қыз қуу»<br>(«Адай» күйі Құрманғазы, үнтаспада)<br>**Балалардың музыкалық аспапта ойнауы:** «Еркем-ай» –халық әні. |

| «Жылғалардан су акты» | | | |
|---|---|---|---|
| «Жайлаудағы төлдер» № 45-46 18.04.2022 22. 04.2022 | 2 | **Мақсаты:** Ән арқылы әр төлдің мінез-құлқын ажырата білуге үйрету.<br><br>**Міндеттері:** Музыкалық мәнерлеу құралдарын ажырату, музыкалық шығармаларды соңына дейін тыңдау, оларды тану, әуенді дұрыс бере білу, соңын мұқият әндетіп айту, қозғалыс бағытын өзгертіп адымдау, музыкалық аспаптарда қарапайым ырғақты суретті өздігінен орындау: шулы оркестрге қатысу. | **Музыка тыңдау:** «Боталардың желісі» (Е. Хасанғалиев)<br><br>**Ән айту:** «Төлдер» (Д.Ботбаев) «Наурыз тойы» (А. Тани)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Марш» (Е. Тиличеева)<br>**Билер:** «Жалқаубек» (үнтаспада Р. Рымбаеваның орындауында)<br>**Ойындар, хоровод:** «Төлдерін ажырат» («Дидактикалық ойындар» жинағынан)<br>**Балалардынмузыкалық аспапта ойнауы:** Белгілі бір әуенге салып, ұрмалы аспаптармен ырғақты сақтап қосылу. |
| «Құстар дауысы» № 47-48 25.04.2022 13.05.2022. | 2 | **Мақсаты:** Ойын арқылы ауа райының құбылыстарын музыкамен сезіне білуге үйрету.<br>**Міндеттері:** Сипаты мен мазмұны жағынан алуан түрлі екі шығарманы эмоциялық тұрғыдан қабылдай және салыстыра білу; күш салмай ән айту, сөздер мен дыбыстарды таза және анық айту; қозғалыс бағытын өзгертіп адымдау, аяқты жоғары көтеріп | **Музыка тыңдау:** «Бұлбұл» (Д. Нұрпейісова)<br><br>**Ән айту:** «Көктем жыры» (Ж. Молдажанова) «Төлдер» (Д. Ботбаев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Балалар полькасы» (М. Глинка)<br>**Билер:** «Құыршағым-ай» («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>**Ойындар, хороводтар:** «Күн мен |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | жүгіру. Музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгерту; музыкалык бейне мен козғалыс тәжірибесін сәйкестендіру, әртүрлі музыкалық және шулы аспаптарда ересектің ойнағанын тыңдау. Құстарға камкор болуға, оларды аялауға үйрету. | жаңбыр» (Б. Антюфеев)<br>**Балалардың музыкалық аспапта ойнауы:** «Сауысқан»<br>(орыстың халық әуені, өңдеген Т. Попатенко). |
| | | **«Әркашан күн сөнбесін»** | |
| «Әуенді сандықша»<br>№ 49-50<br>16.04.2022<br>23.05.2022 | 2 | **Максаты:** балаларға сикырлы сандықшаны көрсетіп, оны әуен аркылы ашып, балалардың сандықшаға кызығушылығын арттыру.<br>**Міндеттері:** тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдей отырып, музыкалык бейне мен кимыл тәжірибесінің аракатынасын анықтау, күш салмай ән айту, сөздер мен дыбыстарды таза және анық айту, музыкалык шығармадан кейін ән айту фразалар арасындағы тыныс алу, би элементтерін үйренуді жалғастыру. Музыканың биге тән сипатын кабылдауға, жеңіл козғалу, ырғакты козғалуға жұппен би қимылдарын орындауға үйрету. Балаларды әсемдікке, әдемілікке баулу. | **Музыка тыңдау:** «Әуенді сандықша» (Е. Аглинцева)<br>**Ән айту:** «Жан сырым» (Е.Өміров)<br>«Көктем жыры» (Ж. Молдажанова)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**:<br>«Көңілді жұптар» (И. Штраус).<br>**Билер:** Қуыршағым-ай»<br>(«Билеп үйренейік» жинағынан)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Күн мен жаңбыр» (Б. Антюфеев)<br>**Балалардың музыкалық аспапта ойнауы:** «Барабаншы»(М.Красев) |
| «Бакытты | 2 | **Мақсаты:** Таныс әндерді және оларға | **Музыка тыңдау:** «Вальс» |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **балалық»**<br>**№ 51-52**<br>**27.05.2022**<br>**27. 05.2022** | | тән ерекшеліктерін ажырата білуді<br><br>қалыптастыру.<br>**Міндеттері:** Шығарманың бөлімдерін ажырата білу, музыканың сипатын анықтау, өз әсері туралы әңгімелеу; әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу, соңын мұқият әндетіп айту, музыканың биге тән сипатын қабылдау; жеңіл қозғалу, ырғақты, қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау. Балаларға көңілді музыка сазымен көтеріңкі көңіл күй сыйлауды үйрету. | (А. Рождественский)<br><br>**Ән айту:** «Бақшаға келемін»<br>(Ө. Байділдаев)<br>«Жан сырым» (Е. Өміров)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Полька Янка» – беларусь халық әуені, өңдеген Т. Попатенко.<br>**Билер:** «Достарым.кел.билейік» (ағылшын халық әні, аударған А. Досмағанбет).<br>**Ойындар, хороводтар:** «Өз орныңды тап» «Полька» (М. Глинка).<br>**Балалардың музыкалық аспапта ойнауы:** «Сылдырмақтар» (орыс халық әні) |
| **«Біздің оркестр»**<br>**№ 53-54**<br>**30.05.2022**<br>**30.05.2022** | 2 | **Мақсаты:** шулы оркестрге қатысу;<br><br>балалар музыкалық аспаптарын тану және атау дағдыларын бекіту.<br>**Міндеттері:** тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдей отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау, жеке және хормен ән айту дағдыларын, соза дыбыстауды, таза интонациялауды, бір қарқында ән айтуды дыбыстаудың бірдей күшімен ән айтуды жетілдіру, балалар | **Музыка тыңдау:** «Ақсақ киік»<br><br>(Құрманғазы)<br>**Ән айту:** «Біздің оркестр»<br>(Ж. Тұрсынбаев).<br>«Бақшаға келемін» (Ө. Байділдаев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Достарым. кел. билейік» (ағылшын халық әні, аударған А. Досмағанбет).<br>**Билер:** «Еркебұлан»<br>(«Билеп үйренейік» жинағынан)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>Балалардың қалауы бойынша ойын |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | музыкалық аспаптарында ойнай білу, әртүрлі музыкалық және шулы аспаптарда ересектің ойнағанын тыңдау. Балаларды музыканы сүйе білуге, тыңдай отырып сезіне білуге тәрбиелеу. | ойнату. **Балалардың музыкалық аспапта ойнауы:** «Сылдырмақтар» (орыс халық әні) |
| | | **Барлығы: 54 сағат** | |

МКҚК «Ақмарал» бөбекжай балабақшасы

БЕКІТЕМІН:

Балабақша меңгерушісі

__________ А.С.Жаштаева

# ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ

# МУЗЫКА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ

# ЖОСПАРЫ

«Балдырған» ересек тобы

2021-2022 оқу жылы

Музыка жетекшісі: Қамбарбекова М.

## № 1-2 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Тату доспыз бәріміз»
**Мақсаты:** әуенді сезіне білуге,әннің мағынасын түсінуге баулу.
**Міндеттері:** әртүрлі сипаттағы әндерді қабылдау,әуенді дұрыс,нақтыинтонациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын қалыптастыру, би қимылдары, музыкалық қимылдарды орындау, әуеннің сипатын тану: әннің қайырмасын орындау кезінде күрделі емес ырғақтық бейнені орындап, сылдырмақтармен ойнау дағдыларын қалыптастыру. Балаларды достыққа, татулыққа тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**Жасайды:** әндерді орындайды,олардың мазмұндары туралы айта алады;сылдырмақтармен ойнайды.
**Түсінеді:** әндердін мазмұнын;
**Қолданады:** әннің сөздерін созыңқы және анық айтады;музыкаға сәйкесқимылдар орындайды.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** «Менің досым»-балалардың салғансуреттерінен көрме, сылдырмақтар, ұсақ гүлдер, нота хрестоматиясы. **Билингвальді компонент**:дос–друг.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Балалар музыка залына көңілді музыка әуенімен кіріп, шаттық шеңберін жасайды.

Қуан, шаттан, алақай!
Қуанатын кез келді.
Күліп шықты күн бүгін,
Қайырлы таң, балақай!

2. **Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қимылдар***. «Балалар мен аю» (Е.Тиличеева)Балалар әуен ойналғанда аюдың жүрісіне салып, қорбаңдап жүреді де, жай музыка ойналғанда ұйықтаған кейіп танытады. Көңілді музыка естілгенде көңілденіп билейді.

Достық туралы әңгіме жүргізу. Бір-бірімен тату, дос болып, ешқашан ренжіспеу керек. «Досы көпті жау алмайды» деген мақал бар. Қиыншылық кезде достар әрқашан көмекке келеді. Сондықтан достықты бағалау керек.
***Музыка тыңдау.*** «Достық»(И.Нүсіпбаев).
Музыканы тыңдап болғасын, не туралы орындалғанын сұрау.

- Сендердің достарың бар ма?
- Олармен қалай ойнайсыңдар?

***Ән айту.*** «Тату доспыз бәріміз»(Е.Меңдешев).

Ән айтар алдында ережелерді еске түсірейік. Иықты көтермей тыныс алып, денені тік ұстап, әнді еркін айту.

***Билер:*** «Серуендейміз,билейміз»(А.Тоқсанбаев).

Балаларды екі-екіден қол ұстастырып, еркін кимылмен серуендеп жүргізу. Әуен өзгергенде бір-біріне бұрылып, қолдарын белдеріне қойып, аяқты топылдату. Келесі әуенде қол ұстасып айналу.

***Ойындар, хороводтар:*** «Гүл жинау», «Полька»(Н.Лысенко).

Педагог ойын шартын түсіндіреді. Ұсақ гүлдерді шашып, музыка әуенімен екі баланы ортаға шығарып, кім көп жинайтынын жарыстыру, балалармен қосылып санау.

***Балалардың музыкалық аспапта ойнауы:*** «Сылдырмақтар» –орыс халықәні. Әуен ойналғанда балалар сылдырмактарын сылдырлатып, әуенге ілеседі.

3. **Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

- Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі көбірек ұнады?

## № 3-4 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Балдырғандар әні»
**Мақсаты:** қарапайым би қимылдарын жұппен билеуге,есте сақтауға үйрету.
**Міндеттері:** музыкаға деген өзіндік қатынасын,ол туралы пікірін айту;әуенді дұрыс, нақты интонациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын қалыптастыру; би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау, әннің қайырмасын орындау кезінде күрделі емес ырғақтық бейнені орындап, сылдырмақтармен ойнау, музыканың тактісімен алақандарды соғу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды бір-бірімен дос болуға тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**Жасайды:** би сипатындағы музыканы эмоциямен қабылдайды,элементтердіжасайды; әндерді орындайды.
**Түсінеді:** әуенді дұрыс,нақты интонациялау,сөздерді дәл айту;
**Қолданады:** музыкалық аспаптарды таниды,оларды іс жүзінде қолданады.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** балабақша өмірінен суреттер,сылдырмақтар, нота хрестоматиясы.
**Билингвальді компонент:** балабақша–детский сад.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балаларды көңілді музыкамен қарсы алады. Жүгірту, би қимылдарынан үзінділер жасату.

2. **Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қимылдар.*** «Қазақ маршы» (А.Затаевич).

Әуенге ілесіп балалар шеңбер бойымен жүреді, аяқты нық басып, тізені көтеріп жүруге үйрену.

***Кіріспе әңгіме.*** Балабақша өмірінен суреттерді көрсету.Балаларменбалабақша туралы, ондағы қызметкерлердің жұмыстары туралы, осылардың бәрі балалар жан-жақты азамат болып шығуы үшін жасалып жатқан дүние екенін түсіндіру.

***Музыка тыңдау.*** «Балабақша бағында»(С.Кәрімбаев).

- Әнде не туралы айтылған?
- Әннің көңіл күйі қандай, көңілді ме әлде көңілсіз бе?
- Сендерге балабақша ұнай ма?

***Ән айту.*** «Балдырғандар әні»(Ш.Қалдаяқов).

Алдымен ән айту ережелерін еске түсірейік. Бұл ән бақытты балалар туралы. Әрбір күн қуанышты, балалар бақытты болса, бақшада гүлдер де жайнайтыны айтылады. Әннің мәтініне тоқталып, балаларға түсіндіріп, жетекші әуенді қайталап, балаларға үйретеді.

«Тату доспыз бәріміз» (Е. Меңдешев) әнің еске түсіру. Қайталау. ***Билер.*** «Қосарланып билеу» –Литва халық әні,өңдеген Т.Попатенко.Балалар жұптасып, шеңбер бойымен жүріп, әуеннің өзгеруіне қарай аяқты топылдатып, қолдарын соғып, қол ұстасып, дөңгеленіп айналады.

***Ойындар, хороводтар.*** «Ұшты-ұшты».

Педагог ойын шартын түсіндіреді. Ойын арқылы балаларды ұқыптылыққа үйрету. Ұшатын мен ұшпайтын заттарды ажыратып үйренеді.

***Балалардың музыкалық аспапта ойнауы.*** «Сылдырмақтар»орыс халық әні. Әуен ойналғанда балалар сылдырмақтарын сылдырлатып, әуенге ілеседі. Ырғаққа ілесе орындауларын қадағалау.

3. **Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

- Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі сендерге ұнады? Немен ұнады?

# № 5-6 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Кел,билейік»
**Мақсаты:** Музыканың көңілді би сипатын қабылдауға үйрету. **Міндеттері:** Әртүрлі сипаттағы,қарқынды музыканы қабылдау,музыкағаөзіндік пікірін айту; әнді хормен, күш түсірмей, сөздер мен дыбыстарды таза және анық, музыкалық сүйемелдеуден кейін ән айту дағдыларын қалыптастыру; музыкалық қимылдарды, музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау дағдыларын қалыптастыру. Балаларды әсемдікке, әдемілікке тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**Жасайды:** әндерді орындайды,би элементтерін көрсетіп,жасайды;
**Түсінеді:** музыка жанрларынажыратады,түсінеді;

**Қолданады:** хор айтуға үлкен шеңберге тұра алады;
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** ұрмалы үшбұрыш аспабы,нотахрестоматиясы.
**Билингвальді компонент:** би–танец.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Марш музыкасына ілесіп, аяқты ырғақпен баса отырып, музыка залына келеді. Шаттық шеңберінде тұрып, бір-біріне жылы ықыластарын, қолдарының жылуын жеткізеді.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қимылдар.*** «Кел,билейік» (Б.Байқадамов).Әуенге ілесіп аяқты кезек-кезек өкшеге қойып, үш рет топылдатып, орнында тұрып айналып қимылдар жасау. Педагог өлең оқиды.

Аппақ көйлек киемін,
Қос етегі бүрмелі.
Қамзол кидім қынай бел,
Толған ою-өрнекке
«Билесін» деп сұрайды ел,
Өнерімді көрмекке.

- Балалар өлең кім туралы?
- Биді кім билейді?
- Әдемі көйлек киіп би билейтін кісіні «биші» дейді.

***Музыка тыңдау.*** «Би»(Е.Андосов).
Музыканы тыңдай отырып, осы әуенге қандай би билеуге болатынын елестеттіңдер ме?
Балалармен ырғаққа ілесе қол соғып, аяқты топылдатып көрсету.
***Ән айту.*** «Кел,билейік»(Б.Байқадамов).
Алдымен ән айту ережелерін еске түсірейік. Әннің мәтініне тоқталып, балаларға түсіндіріп, жетекші әуенді қайталап, балаларға үйретеді. «Балдырғандар әні» (Ш. Қалдаяқов) әнін еске түсіру. Қайталау. Жеке және хормен орындау.
***Билер.***«Қосарланып билеу» –Литва халық әні,өңдеген Т.Попатенко.Балалар қимылдар жасайды. Билеу кезінде жұбымен бірдей қимыл жасауға көңіл бөлу.
***Ойындар, хороводтар.*** «Серуендейміз,демаламыз»(М.Красев).
Педагог ойын шартын түсіндіреді. Алғашқы әуен орындалғанда балалар жай, демалып жүреді. Әуен өзгергенде ширақ жүріспен жүреді.
Әуеннің ауысқанын балалар ұқыптылықпен тыңдау керек.
***Балалардың музыкалық аспапта ойнауы.*** «Янка» –беларусь халық биі.
Балаларды ұрмалы үшбұрыш аспабымен таныстыру, дыбысталуын көрсету. Үшбұрышпен бірге әуенге қосылып, аспапта ойнау.

3. **Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.
- Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі сендерге ұнады? Немен ұнады?

# № 7-8 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Күз–жомарт»
**Мақсаты:** Музыканың екі түрлі формасына қимылдарын ауыстыра білугедағдыландыру.

**Міндеттері:** Әуендерді немесе музыкалық шығармаларды орындау кезіндепьесаларды тану және атау; ән сипатын ұғыну, әннің көңіл күйін бере білу, қимылды музыкамен сәйкестендіру. Марш сипатын ырғақты жүріспен беру. Музыканың би сипатын қабылдауға үйрету. Аспаптың сүйемелдеуінде ересектердің орындауындағы би әуенін тыңдау. Балаларды күз байлықтарын бағалауға, қастерлеуге тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**
**Жасайды:** музыканың ырғағын дәл береді,ырғақ бойынша қимылдар жасайды; ауыстырады;
**Түсінеді:** әннің мазмұны туралы айта алады,түсінеді;
**Қолданады:** би сипатындағы музыканы эмоциямен қабылдайды,қолданады.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** күз көріністері туралы суреттер,ұрмалыүшбұрыш аспабы, нота хрестоматиясы.
**Билингвальді компонент:** күз–осень.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Балалар музыка залына музыка әуенімен, аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріспен келеді. Түрлі әуендермен жануарлардың жүрісін келтіріп жасайды.

2. **Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қимылдар.*** «Қоян», «Аю» (Т.Ломова).
Балалар қоянның музыкасы ойналғанда шеңбер бойымен қос аяқтап секіреді, аюдың музыкасы ойналғанда жай жүріспен қорбаңдап жүреді.

Күз көріністері туралы суреттер көрсету. Балалармен күз туралы әңгіме жүргізу.

- Күзде қандай құбылыстар болады?
- Неліктен «алтын күз», «жомарт күз» деп атаймыз?
- Күз туралы қандай мақал-мәтелдерді білесіңдер?

***Музыка тыңдау.*** «Тамшылар» (румын.халық әні,өңдеген Т.Попатенко)).

Тамшы дегеніміз не?

- Тамшылар қандай құбылыс кезінде болады?
- Музыканың көңіл күйі қандай?

- Сендерге жаңбырлы күн ұнай ма?

***Ән айту.*** «Алтын күз»(Ж.Молдажанова)

Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, дауысты қалыпқа келтіріп, ережелерді еске түсіріп, әнді ынтамен үйрену.

Таныс «Кел, билейік» (Б. Байқадамов) әнін еске түсіру. Қайталау.

***Билер.*** «Көбелек»биі(«Билеп үйренейік»жинағынан).

Балалар бидің жеке элементтерін үйреніп, әуенге ілесе қимылдарды жасап үйренеді.

***Ойындар, хороводтар.*** «Өз орныңды тап». «Полька»(М.Глинка)

Педагог ойын шартын түсіндіреді. Ойын кезінде балаларға ұқыптылық керек, балалар араласып ойнап, музыка тоқтағанда өз орындарын тауып тұра қалу керек.

***Балалардың музыкалық аспапта ойнауы.*** «Янка» –беларусь халық биі.

Металлофонда педагог ойнайды, балалар соны тыңдайды.

Музыкасын үшбұрышпен бірге әуенге қосылып. аспапта ойнау.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

- Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі сендерге ұнады?

## № 9-10 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Күзгі орман»
**Мақсаты:** Музыка тыңдау арқылы күз көріністерін сезіне білуге үйрету.
**Міндеттері:** Пьесалардың,әндердің жекелеген эпизодтарын және музыкалықбейнелерінің арақатынасын тану, дауыс пен есту қабілетін дамытуға дағдыны жетілдіру. Дауыстап және төмен дауыспен ән салу, қол қозғалысымен көрсету үйрету. Би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру; шеңбер бойымен жүргізу, музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгерту. Музыка арқылы қуана білуге, шаттана білуге тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**Жасайды:** музыканың ырғағын дәл береді;ырғаққа ілесе қимылдар жасайды.
**Түсінеді:** музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгертуді;
**Қолданады:** жоғары және төмен қолының қимылымен көрсетіп,әуенін және қайырмасын айтады;
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** күзгі орманның суреттері,ұрмалы үшбұрыш аспабы, нота хрестоматиясы.
**Билингвальді компонент:** орман–лес.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Балалар залға көңілді музыкамен келеді, шенбермен жүреді, жүгіреді, әуенге сай би кимылдарынан элементтер жасайды.

2. **Негізгі кезең**

Балаларға күзгі орманның суреттерін көрсетіп, ормандағы аңдармен таныстыру. Орманда аңдармен дос боламыз.

- Ормандағы қандай аңдарды білесіңдер?

Балалар аңдарды атайды, сол аңдардың дыбысын тыңдату.

***Музыкалық-ырғақтық қимылдар.*** «Көкек» (Е.Тиличеева)Асықпай, әуенге ілесіп, қолдарын қанат етіп, шеңбер бойымен ұшу. ***Музыка тыңдау.*** «Көңіл күйін ажырат»:

1. «Сәби қуанышы» (Е. Құсайынов) – көңілді ырғақ,
2. «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай) – жігерлі,
3. «Вальс» (Қ. Шілдебаев) – сабырлы.

Балалар әртүрлі музыканың көңіл күйін ажыратады.

***Ән айту.*** «Күз тамаша»(Л.Мұқашева)

Жоғары дыбыстарды айтқанда дыбысты таза айтуға көңіл бөлу.
Әннің әрбір сөзіне мән беру.

- Әнде не туралы айтылған?
- Әннің көңіл күйі қандай?

- Өздерің күздің қандай құбылыстарын байқадыңдар, күз мезгілі сендерге ұнай ма, несімен ұнайды?

Таныс «Алтын күз» (Ж. Молдажанова) әнін еске түсіру. Қайталау. Жеке және хормен орындау.

***Билер.***«Көбелек»биі(«Билеп үйренейік»жинағынан).Биді әрі қарай жалғастыру.

***Ойындар. Хороводтар.***«Қасқыр мен қояндар» («Дидактикалық ойындар»жинағынан). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар ойнайды.

***Балалардың музыкалық аспапта ойнауы.*** «Полька»(А.Филиппенко). Балалар әуенді үлкен адамдардың орындауында тыңдап, үшбұрышпен ілеседі.

3. **Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

- Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі сендерге ұнады? Немен ұнады?

## № 11-12 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Күз байлығы»
**Мақсаты:** Әуендерді немесе музыкалық шығармаларды орындау кезіндепьесаларды тану және атау.
**Міндеттері:** Музыка тыңдау арқылы ой-сезіміне әсер етіп,эстетикалықталғампаздығын қалыптастыру. Музыкаға деген өзіндік пікірін айту, хормен, күш түсірмей, сөздер мен дыбыстарды таза және анық, музыкалық сүйемелдеуден кейін ән айту дағдыларын қалыптастыру. Музыканың көңілді би сипатын қабылдауға үйрету.
Балалардың эстетикалық талғампаздығын дамыту.
**Күтілетін нәтижелер:**
**Жасайды:** хормен,күш түсірмей,сөздер мен дыбыстарды таза және анық,музыкалық сүйемелдеуден кейін ән айтады; **Түсінеді:** музыка жанрларын түсінеді,ажыратады;
**Қолданады:** музыканың ырғағына ілесіп би элементтерін қолданады,дәлбереді.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** композитор Л.Хамидидің суреті,таңғыжайлауды бейнелейтін сурет, үшбұрыш аспабы, нота хрестоматиясы. **Билингвальді компонент:** байлығы-богатство.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балаларды көңілді музыка әуенімен қарсы алады. Балалар музыкаға ілесіп аңдардың қимылдарын жасайды.

2. **Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қимылдар.*** «Ұшақ ұшты» (Е.Тиличеева)
Балалар музыкаға ілесіп, ауыздарымен дыбыс шығарып, қолдарын қанат етіп жайып ұшады.
Педагог: Балалар біз өткен оқу қызметінде күз жомарт, күзгі орман туралы өткенбіз. Енді бүгін осы күз байлықтарымен танысамыз.

- Жемістер қай кезде піседі?
- Қандай көгөністерді білесіңдер?

***Музыка тыңдау.*** «Жайлау таңы»(Л.Хамиди).Композитор Л.Хамидидіңсуреті көрсету. Педагог шығарманы орындайды.
Бұл музыкада не туралы айтылғанын сұрау. Жемістерге не жатады, көгөністерге не жатады, ажырата білу. ***Ән айту.***
«Жаңбыр»(Ә.Телғозиев)
- Әннің көңіл күйі қандай?
- Жаңбыр бізге не үшін керек, жаңбырдың қандай пайдасы бар?
- Жаңбырдан кейін не пайда болады, оны көргендерің бар ма?

Таныс «Күз тамаша» (Л. Мұқашева) әнін еске түсіру. Қайталау.
***Билер.*** «Апатайым-ай»биі(«Билеп үйренейік»жинағынан)

Балалар әуенге ілесіп элементтерді қайталап, қимылдар жасайды. Жинақта көрсетілген суреттер бойынша жеке элементтер арқылы би құрастырады.
***Ойындар, хороводтар.*** «Киіз үй»ән-ойын(Т.Сарыбаева).
Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар әуенге ілесіп мәтінін айта жүріп қимылдар жасайды. Қолдарын жоғары көтеріп, қол ұстасып, шеңберді кеңейтіп, қолдарын созып, шеңбер бойымен айналып қимылдар жасайды.

***Балалардың музыкалық аспапта ойнауы.*** «Сыңғырлаған үшбұрыш»(Р. Рустамов). Балалар әуенге үшбұрышпен қосылып ойнайды.

**3.Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.
- Балалар, бүгінгі оқу қызметінде не туралы әңгімелестік? Не ұнады?

## № 13-14 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Домбыра сазы»
**Мақсаты:** халқымыздың қасиетті аспабы домбыра туралы мәлімет беріп,оны қадірлей білуге үйрету.
**Міндеттері:** музыкаға деген өзіндік пікірін айту;қатынасын,ән сипатынұғыну, әннің көңіл күйін бере білу; музыканың ырғағын дәл бере отырып, қимылды ырғақпен екі аяқпен еркін және жеңіл секіру. Халық ойындарының көңілді сипатын беру, дыбыстарды жоғарылығы бойынша ажырату. Халықтық домбыра аспабының дауысын қабылдау. Қазақтың қасиетті аспабын қастерлей білуге, сақтай білуге тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**Жасайды:** хормен ән айтады,шеңберге тұра алады;
**Түсінеді:** музыканың ырғағын дәл бере отырып,қимылды ырғақпен екі аяқпен еркін және жеңіл секіру;
**Қолданады:** музыкалық аспаптарды таниды,оларды қолданады.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** домбыра аспабы,атрибуттар:түлкі,қаз,күшік, үшбұрыш аспабы, нота хрестоматиясы.
**Билингвальді компонент:** домбыра–домбра.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Балалар музыка залында:

Бір, екі, үш, төрт,
Аяқты нық басайық.
Бір, екі, үш, төрт,
Асулардан асайық, – деп әуенге ілесе аяқты нық басып ырғақты сезіне жүреді.

2. **Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қимылдар.*** «Піл мен күшік» (И.Арсеева)Музыканы тыңдай жүріп екеуінің жүрістерін салу, музыка ауысқанда дер кезінде жүрісті ауыстыру.
Домбыра аспабын көрсету. Педагог балалармен «Домбыра туралы аңыз» атты тақырыпта әңгіме-сұхбат жүргізеді.

- Домбыра туралы не білесіңдер?

- Аңыздан не түсіндіңдер?
- Қазақ халқы қасиетті домбыра деп кастерлеп айтады.
  Домбырадан көңілді де, көңілсіз де әуендерді естуге болады.

***Музыка тыңдау***.«Домбыра сазы»(И.Нүсіпбаев)

- Әнде не туралы айтылады?
- Музыка тыңдай отырып не елестеттіңдер?

Мәтінін қайталап айтып, балаларға түсіндіру

Домбыра – қазақ халқының ежелден келе жатқан көне аспаптарының бірі. Халқымыз өздерінің басынан өткерген жайларын осы домбырада күй арқылы жеткізіп отырған. Домбыраға қосылып ән айтуға да болады.

***Ән айту.*** «Домбыра»(Ә.Қонысбеков,Ұ.Қонысбекова).

Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, дауысты қалыпқа келтіріп, ережелерді еске түсіріп, әнді ынтамен үйрену.

Таныс «Жаңбыр» (Ә. Телғозиев) әнін еске түсіру. Қайталау.

***Билер.***«Апатайым-ай»биі(«Билеп үйренейік»жинағынан).

Биді әрі қарай жалғастыру. Аяқтың, қолдың, тізенің қимылдарын жеке-жеке қайталап, биді толық аяғына дейін билеу.

***Ойындар, хороводтар.*** «Түлкі мен қаздар»(К.Қуатбаев).

Педагог ойын шартын түсіндіреді. Түлкі мен қаздар қарама-қарсы тұрып әндерін қайталайды. Қаздар әнді орындап болған бойда түлкі қаздарды қуа жөнеледі. Сол кезде “Әуп-әуп” деп күшік түлкіні қуа жөнеледі. Күшіктен қорыққан түлкі қашып кетеді. Қаздарды ұстай алса, ұстаған қаздарын алып кетеді. Ойын 2-3 рет қайталанады.

***Балалардың музыкалық аспапта ойнауы***.«Сыңғырлаған үшбұрыш». (Р. Рустамов). Таныс әуенге ілесіп балалар үшбұрышпен қосылып ойнайды.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

- Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі сендерге ұнайды? Немен ұнады?

## № 15-16 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Біздің Алматы»
**Мақсаты:** Музыканың көңілді би сипатын қабылдауға үйрету. **Міндеттері:** Тыңдауды иллюстрация көрсетумен қатар жүргізу,сөздер мендыбыстарды таза және анық, музыкалық сүйемелдеуден кейін ән айту дағдыларын қалыптастыру. Музыканың қимылдық сипатын жеңіл, ырғақты жүгірумен беру. Музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау. Балаларды ұйымшылдыққа, бауырмалдыққа тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**Жасайды:** әнді орындайды,қимылымен көрсетіп,әуенін және қайырмасын айтады;
**Түсінеді:** музыка жанрларын ажыратады,мағынасын түсінеді;

**Қолданады:** үлкен шеңберге тұра алады,үйренген би элементтерін ісжүзінде қолданады.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Алматының көріктіжерлерінің суреттері, үшбұрыш аспабы, нота хрестоматиясы. **Билингвальді компонент:** қала–город.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Балалар музыка залына көңілді әуенмен кіреді. Шеңбермен жүріп, би элементтерінен үзінділер жасайды.

2. **Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қимылдар.*** «Қояндар» (Ю.Рожавская)
Шеңбер бойымен қоянша қос аяқтап секіріп, арасында сәбіз жеп отырған кейіпті көрсету, қолдарымен қоянның қимылдарын жасайды.
Педагог Алматының көрікті жерлерінің суреттерін көрсетеді. Сүйікті қаламыз Алматы туралы әңгіме жүргіземіз. Балалардан қаладағы қандай көрікті жерлерін, қандай ірі ғимараттарды білетінін сұрау.

Гүл жайнаған атырабы,
Алты қырдан шақырады.
Көңілге нұр төккен қала – Алматы,
Көктем қала, көркем қала – Алматы.

***Музыка тыңдау.*** «Алматы»(Е.Хасанғалиев).

- Әнде Алматы қаласы туралы не айтылады, әннің сипаты қандай?
- Алматы сендерге несімен ұнайды?

***Ән айту.*** «Біз өмірдің гүліміз»(Б.Ғизатов).
Әннің сипатын ажыратып, мәтінін әңгімелеуді сұрау. Әннің ырғағын шапалақпен көрсетіп, әуенге ілесулерін сұрау.
Таныс «Домбыра» (Ә. Қонысбеков, Ұ. Қоңысбекова) әнін еске түсіру. Қайталау.
***Билер.*** «Фин полькасы» («Билеп үйренейік»жинағынан)

Көңілді әуенге сай балалар қимылдар жасайды. Қимылдар балаларға шаттық, көтеріңкі көңіл күй сыйлайды.

***Ойындар, хороводтар***.«Жұбыңды тап» (орыстың халық әуені).
Педагог ойын шартын түсіндіреді. Ойында балалар бірнеше жұпқа бөлініп тұрады. Әуен өзгеруіне байланысты қимылдар жасап, музыка токтағанда өз жұбын тауып тұра қалады.

***Балалардың музыкалық аспапта ойнауы.*** «Тамшылар»(О.Мазурова).
Тамшылардың тамғанын үшбұрышпен көрсету. Балалар аспапта ойнайды.

**3. Рефлексия**

Педагог корытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. Бүгінгі сабакта не ұнады?

## № 17-18 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Менің Отаным»
**Мақсаты:** Балаларға еліміздің рәміздері туралы мәлімет беріп,оныкастерлей білуге үйрету.
**Міндеттері:** Пьесалардың,әндердің жекелеген эпизодтарын көргендегі жәнемузыкалық бейнелерінің арақатынасын тану және атау. Ән сипатын ұғыну, әннің көңіл күйін бере білу. Музыканың көңілді би сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау. Балаларды сезімталдыққа тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**Жасайды:** музыканың ырғағын дәл береді,ырғаққа ілесіп қимылдаржасайды; әуен немесе музыканың кіріспесі бойынша таныс әндерді таниды; **Түсінеді:** музыканың кіріспесін ажырату,содан кейін қимылды бастау. **Қолданады:** би сипатындағы музыканы эмоциямен қабылдайды. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** интерактивті тақта,Отанымыздыңкөрнекті жерлерінің суреттері, тақия, үшбұрыш аспабы, нота хрестоматиясы. **Билингвальді компонент:** Отан–Родина.

**ҰОҚ барысы**
**1. Ұйымдастыру кезеңі**
Педагог балаларды қарсы алады. «Қазақ маршы» (А. Затаевич) музыкасымен музыка залына кіру, тізені жоғары көтеріп, аяқты нық басып, бірдей қимылдап жүру.
**2. Негізгі кезең**
***Музыкалық-ырғақтық қимылдар.*** «Жүгіреміз,секіреміз» (С.Соснина)Музыкаға ілесіп шеңбер бойымен жүгіріп, музыка ауысқанда секіреді. ***Кіріспе әңгіме.*** Интерактивті тақтадан балаларға Қазақстанның көріктіжерлерін, ірі қалаларын, астанамыз – Нұр-Сұлтан, Алматы туралы суреттер көрсету. Кең-байтақ елімізді мақтан етіп, ақындар мен сазгерлер өз ән-жырларын арнаған.
***Музыка тыңдау.*** «Отан–ортақ үйіміз»(Д.Ботбаев)

- Бұл әннің көңіл күйі қандай?
- Ән мазмұнында не туралы айтылады?
- Сен Отан дегенді қалай түсінесің?

***Ән айту.*** «Отанның жас өркені»(Г.Дауылбаева,Б.Жұмабекова).
- Ән не туралы?
- Сендерге ән ұнады ма?

Әнді балалар бір-бірін тыңдап, бірге бастап, бірге аяқтап айтуға көңіл бөлу. Таныс «Біз өмірдің гүліміз»(Б. Ғизатов) әнін еске түсіру. Қайталау.
***Билер.*** «Фин полькасы» («Билеп үйренейік»жинағынан).

Биді әрі қарай жалғастыру. Жұппен бірге қимылды бірдей жасауға үйрету. Ауырлау элементтерді жеке қайталау.

***Ойындар, хороводтар***.«Тақия тастамақ» (қазақтың халық әні,өңдегенБ. Дәлденбай).

Педагог ойын шартын түсіндіреді. Бала шеңберді айналып жүріп мәтінін қайталайды, сөз соңында тақияны білдірмей бір баланың артына тастайды, ол бала тақия тастаған баланы қуып жетуі керек, жете алмаса, айыбын төлейді. ***Балалардың музыкалық аспапта ойнауы.***

«Тамшылар»(О.Мазурова).Балалар педагогтің көрсету бойынша тамшылардың тамғанын үшбұрышпен көрсетеді.

3. **Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

Бүгінгі сабақта не ұнады?

## № 19-20 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Қазақстан–кең-байтақ елім»
**Мақсаты:** Балаларға кең-байтақ өлкеміз Қазақстан туралы мәлімет беріп,оларды музыка арқылы патриоттық сезімге тәрбиелеу.
**Міндеттері:** Әртүрлі сипаттағы,қарқындағы музыканы қабылдау,музыкағадеген өзіндік қатынасын, ол туралы пікірін айту; әндердің және музыкалық бейнелерінің арақатынасын тану және атау, хормен, сөздер мен дыбыстарды таза және анық, ән айту дағдыларын қалыптастыру, жүрелеп отыруды ырғақты орындаумен, қимылды музыкамен сәйкестендіру. Балалардың өз Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру.
**Күтілетін нәтижелер:**
**Жасайды:** ән айтады,би сипатындағы музыканы эмоциямен қабылдайды;
**Түсінеді:** сөздерді созыңқы және анық айтуды,мағынасын түсінеді;
**Қолданады:** музыкалық ойыншықтар мен аспаптарды таниды,олардыколданады.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** С.Мұхамеджановтың суреті,Қазақстанның рәміздерінің суреттері, сылдырмақтар, нота хрестоматиясы. **Билингвальді компонент**:астана–столица.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балаларды қарсы алады. «Қазақ маршы» (А. Затаевич) музыкасымен музыка залына кіру, тізені жоғары көтеріп, аяқты нық басып, бірдей қимылдап жүру.

2. **Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қимылдар.*** «Шабандоз» (Р.Шуман)

## № 21-22 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылык
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Қыс өрнегі»
**Мақсаты:** Әуеннің ырғағына,мәтініне сәйкес іс-әрекеттерді көрсете білугебаулу.
**Міндеттері:** Музыкалық мәнерлеу құралдарын ажырату,музыкалықшығармаларды аяғына дейін тыңдау, жеке және хормен ән айту дағдыларын,
Музыкаға ілесіп, аттың шабысын салып шапқылау.
Педагог Қазақстан туралы әңгіме-сұхбат жүргізіп, Қазақстанның рәміздеріне тоқталады. Егеменді ел екенімізді дәлелдейтін гимн, елтаңба, туымыз бар. Олардың суреттерін көрсетіп, авторларымен таныстырады. Қазақстанның кең-байтақ жері бар, әдемі қалалары, сұлу табиғаты, орман тау, көлдері бар бай мемлекет.
***Музыка тыңдау.*** «Қазақстан»(С.Мұхамеджанов).
С. Мұхамеджановтың суретін көрсету.
- Музыка тыңдап, мәтінінен не түсіндіңдер?
- Әннің сипаты қандай?
- Қазақстан туралы қандай тақпақ білесіңдер?
***Ән айту.*** «Бейбіт болсын қашанда»(А.Досмағанбет).
Әнді қатты айқайламай, үндесе, бір-бірін тыңдай отырып айтуларын қадағалау.
- Ән не туралы?
- Сендерге ән ұнады ма?
- Әнде бақытты елде тұратын бақытты балалар туралы жырланады.
Көңілдері шат, бейбіт өмірде тұрып жатқан бүлдіршіндер туралы көңілді ән. Әнді балалар бір-бірін тыңдап, бірге бастап, бірге аяқтап айтуға көңіл бөлу. Таныс «Отанның жас өркені» (Г. Дауылбаева, Б. Жұмабекова) әнін еске түсіру. Қайталау. Жеке және хормен орындау.
***Билер.*** «Жалаушамен би»(қазақтың халық әуені,өңдеген Е.Брусиловский).Балалар затпен қимылдар жасайды. Жалаушаны жоғары көтеріп, қол мен аяқтың қимылдарын қоса жасауға әрекет ету. Жалаушаны айқастырады, сегіздік нотаға ілесе жалаушаны оңға, солға ырғақпен қозғайды.
***Ойындар, хороводтар.*** «Қақпа»(орыс халық әуені,өңдеген Р.Рустамов).Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар шеңбер жасап қолдарын жоғары көтеріп, қақпа жасайды. Бір бала музыка әуеніне ілесіп қақпаға кіріп, шығып жүреді, қақпа жабылғанда бала іште қалса, айыбын өтейді.
***Балалардың музыкалық аспапта ойнауы.*** «Пони» (С.Окунева)
Әрбір жаңа тақті басталғанда сылдырмақпен қосылып ойнауды ұсынады. Балалар аспаптарда ойнайды.

3. **Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.
- Бүгінгі оқу қызметінің қандай бөлімі ұнады?

## № 23-24 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Жасыл шырша жанында»
**Мақсаты:** Балаларды музыка арқылы мерекені сезіне білуге,шаттана білугедағдыландыру.
**Міндеттері**:Музыкалық шығармаларды соңына дейін тыңдау,оларды тану,шығарманың бөлімдерін ажырата білу. Әртүрлі сипаттағы әндерді орындау, дауыспен секіріс үлгісіндегі және төмендеуші әуен қарқынын бере білу, би қозғалыстарын, қимылды музыкамен сәйкестендіру, музыканың екінші бөлігінде қимылды өзгерту дағдыларды қалыптастыру. Әннің қайырмасын орындау кезінде күрделі емес ырғақтық бейнені орындап, сылдырмақтармен ойнау жалғастыру. Мереке қарсаңында бір-біріне деген ілтипат көрсетуге үйрету.
**Күтілетін нәтижелер:**
**Жасайды:** ән айтуға үлкен шеңберге тұра алады,шеңберді өз беттерінше жасай алады;
**Түсінеді:** ырғақты сақтап қимылдар жасап әнді көңілді айтуды.
**Қолданады**:қимылды музыкамен сәйкестендіреді,музыканың екіншібөлігінде қимылды өзгертеді, аспаптарды қолданады.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** шырша ойыншықтары,нотахрестоматиясы.
**Билингвальді компонент:** шырша–елка.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Балалар залға кіреді. Б. Бейсенованың (үнтаспадан) «Шырша жыры» әнімен қол ұстасып, шеңбер бойымен жүруді үйренеді. Ән мәтініне сай қимылдар жасайды.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қимылдар.*** «Жүгіреміз,секіреміз» (С.Соснина)

соза дыбыстауды, таза интонациялауды жетілдіру. Музыканың сипатына сәйкес би қимылдарын ауыстыру, музыканың биге тән сипатын қабылдау, әртүрлі музыкалық және шулы аспаптарда ересектің ойнағанын тыңдау. Балаларды жылдың қандай мезгілі болса да қабылдай білуге тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**Жасайды:** музыканың ырғағын дәл береді,ырғаққа ілесе қимылдаржасайды; аспаптарда ойнайды.
**Түсінеді:** музыка жанрларын ажыратады,түсінеді;
**Қолданады:** әуен немесе музыканың кіріспесі бойынша таныс әндерді таниды; олардың мазмұндары туралы айта алады;
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Қысқы ойындар суретері, сылдырмақтар, нота хрестоматиясы.

**Билингвальді компонент:** қыс–зима

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

«Полька» (М.Глинка)әуені орындалып,балалар полька жүрісімен секіребасып, шеңбер бойымен жүреді. Балалардың жеңіл секіруін қадағалау.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қимылдар***. «Коло» (украин халық әуені,өңдегенН. Метлова).

Балалар жұптасып қол ұстасып, бір-біріне қарап тұрып қимылдар жасайды. Ұлдар қол шапалақтап тұрып, айналады. Қыздар қол шапалақтағанда, ұлдар орындарында тұрып секіреді.

Педагог балалардың назарын далаға аударып, қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгіме жүргізеді. Қысқы ойындар туралы суреттер көрсету. ***Музыка тыңдау.*** «Біз шадыман баламыз»(Ә.Бейсеуов)

Әннің көңіл күйі, сипаты қандай?
- Әнде жылдың қай мезгілі туралы айтылған?
- Әннің мазмұны не туралы?
- Ән сендерге ұнады ма?

***Ән айту.*** «Қыс келді»(Б.Жұмабекова)

Ән айтар алдында ережелерді еске түсіріп, иықты көтермей дем алып, денені тік ұстап айту керек.

Әнді қатты айқайламай, үндесе, бір-бірін тыңдай отырып айтуларын қадағалау.

Балалардан әннің мазмұнын сұрау. Әуеннің ырғағына сай қимылдар жасау. Таныс «Бейбіт болсын қашанда» (А. Досмағанбет) әнін еске түсіру. Қайталау. Жеке және хормен орындау.

***Билер.*** «Ақшақарлар биі»(А.Верстовский).

Балалар қимылдар жасайды: қыздар қолдарына үлпілдек қарларды ұстап, шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді. Тоқтап, қолды біресе оңға, біресе солға бұлғап, орнында тұрып айналып, ортаға жиналып, қайталап қимылдар жасайды.

***Ойындар, хороводтар.*** «Бәсең және көтеріңкі»(Е.Хасанғалиев)

Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балаларды екі түрлі көңіл күйге берілген әуенге ілесе қимыл жасауға үйрету. Жай және тез әуенге назар аудару керек.

***Балалардың музыкалық аспапта ойнауы.*** «Янка»(беларусь халық биі).

Балалар таныс әуенді тыңдап, ырғаққа ілесе сылдырмакпен ойнайды.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

- Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі сендерге қатты ұнады?

Музыкаға ілесіп шеңбер бойымен жүгіріп, музыка ауысқанда секіреді.

**Кіріспе әңгіме**.Балалармен қазіргі жыл мезгілі туралы,ондағы мерекелертуралы әңгіме жүргізу. Мерекеге келетін кейіпкерлерін атап айту: Аязата, Ақшақар.

- Шырша жанында балалар не істейді?

Балалардың жауаптары.

***Музыка тыңдау.*** «Жасыл шырша жанында»(К.Қуатбаев)

Балалардан әнді мұқият тыңдауын сұрап, әннің не туралы айтылғанын білу. ***Ән айту.*** «Шырша жыры»(А.Еспенбетова).

Әннің мәтінін анық айтуға, әуенге қосылып, ырғақты сақтап, қимылдар жасап, әнді көңілді айтуға ұмтылу.

Таныс «Қыс келді» (Б. Жұмабекова) әнін еске түсіру. Қайталау.

***Билер.*** «Ақшақарлар биі»(А.Верстовский).

Балалар қимылдар жасайды: қыздар қолдарына үлпілдек қарларды ұстап, шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді. Тоқтап, қолды біресе оңға, біресе солға бұлғап, орнында тұрып айналып, ортаға жиналып, қайталап қимылдар жасайды.

***Ойындар, хороводтар***.«Сырнай мен дағыра»(Д.Ботбаев).

Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар орындарында отырады. Педагог әнді орындай тұрып, "Гу-гу-гу" буындарында сырнайды, "Дан-дан-дан" буындарында даңғыра ойнағандай қимыл көрсетеді. Балалар қайталайды.

***Балалардың музыкалық аспапта ойнауы.*** «Сағат».Әуенді бірнешеаспаппен қосылып, бір уақытта бастап, бірге аяқтауға үйрету.

Екі бөлімнен тұратын түрлі сипаттағы әуенді ойнауға дағдыландыру. Балалар сағаттың тықылын еске түсіре отырып, сол ырғақпен аспапты ұрады.

**3. Рефлексия**

Педагог оқу қызметін қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау, бағалау.

# № 25-26 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Қысқы әуен»
**Мақсаты:** Музыкалық аспаптарда орындалған әртүрлі ырғақты,танысәуендерді ажырата білуге баулу.
**Міндеттері:** Музыкалық мәнерлеу құралдарын ажырату,музыкалықшығармаларды соңына дейін тыңдау. Әртүрлі сипаттағы әндерді орындау, дауыспен секіріс үлгісіндегі және төмендеуші әуен қарқынын бере білу. Музыканың биге тән сипатын қабылдау; жеңіл қозғалу, ырғақты қозғалу; музыкалық аспаптарда қарапайым ырғақты суретті өздігінен орындау. Балаларды ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**Жасайды:** музыканың сипатына сәйкес қимылдарды музыкалықшығарманың түріне сәйкес өздігінен ауыстыра орындайды, әндерді айтады.

**Түсінеді:** әуендердің,музыкалық шығармалардың мазмұнын.
**Қолданады:** музыканың көңілді би сипатын қабылдайды,аспаптардаойнайды.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Қояндар мен Аюдың атрибуттары,нотахрестоматиясы.
**Билингвальді компонент**:қоян–заяц

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Музыка залында көңілді музыка ойналып, балалар көтеріңкі көңіл күймен залға кіреді. Шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді де, аңдардың қимылдарын әуенге салып келтіреді.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қимылдар.*** «Кім жақсы шабады?» (Т.Ломова)Музыкаға ілесіп оң аяқты алға ұстап, сол аяқпен оң аяқты қуып, атқа шапқан секілді қимыл жасайды.

***Кіріспе әңгіме.*** Балалармен Жаңа жыл мерекесі туралы әңгіме-сұхбатжүргізу. Мереке кейіпкерлерін еске түсіріп, балалардың эмоцияларына ортақтасу. Көрген-білгендерін әңгімелей білуге үйрету. ***Музыка тыңдау.*** «Сәлемет пе,Аязата»(Б.Дәлденбай)

- Аязатаны қалай суреттеп отыр?
- Аязатаның сақалы қандай?
- Аязата қалай жүгіреді?
- Әнде Аязатаның тағы қандай қасиеттерін суреттеген?
- Әннің көңіл күйі қандай?

***Ән айту.*** «Аязата сыйлығы»(Ж.Тезекбаев)

- Ән кім туралы?

- Аязата бізге не әкеледі?
- Сендерге Аязатаның сыйлықтары ұнай ма?
- Басқа кімнен сыйлық аласыңдар?

Таныс «Шырша жыры» (А. Еспенбетова) әнін еске түсіру. Қайталау.
***Билер.*** «Кішкентай Аязаталар биі(Санта-Клаустар биі)».
(«Билеп үйренейік» жинағынан).

Балалар қимылдар жасайды, ұлдар билейді. Балалар кішкентай Аязатаның киімдерін киіп, таяқпен жүріп, қимылдар көрсетеді. Арқаларына дорбаларын көтеріп, көңілді билейді.

***Ойындар, хороводтар.*** «Аю мен қояндар»(Б.Дәлденбай).
Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар әуенге ілесіп қорбаңдаған аюлардың жүрісін салады да, жеңіл әуен орындалғанда қояндардың секірген кейпін салады.

***Балалардың музыкалық аспапта ойнауы.*** «Сағат».
Балалар таныс шығарманы тыңдайды, сағаттың тықылын еске түсіре отырып, сол ырғақпен аспапты ұрады.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.
- Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі сендерге ұнады?

## № 27-28 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Қыс қызығы»
**Мақсаты:** Балаларды табиғат құбылыстарын музыка арқылы сезіне білугебаулу.
**Міндеттері:** Музыкалық мәнерлеу құралдарын ажырату,музыкалықшығармаларды соңына дейін тыңдау, оларды тану, жеке және хормен ән айту дағдыларын, соза дыбыстауды, таза интонациялауды, бір қарқында ән айтуды жетілдіру. Би қозғалыстарын, ойындық музыкалық әрекеттерді орындауды жетілдіру. Әннің қайырмасын орындау кезінде күрделі емес ырғақтық бейнені орындап, сылдырмақтармен ойнау. Балаларды достыққа, бірлікке тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**Жасайды:** музыканың ырғағын дәл береді,ырғаққа ілесе қимылдар жасайды,әндерді орындайды.
**Түсінеді:** әуен немесе музыканың кіріспесі бойынша таныс әндерді таниды;
**Қолданады:** сылдырмақтармен ойнайды.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қысқы ойындардың суреттері,қоңырау,сылдырмақтар, нота хрестоматиясы.
**Билингвальді компонент:** шаңғы–лыжи.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Музыка залында көңілді музыка ойналып, балалар көтеріңкі көңіл күймен залға кіреді. Шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді де би қимылдарын жасайды.

2. **Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қимылдар.*** «Аттылар» (В.Витлин)
Балалар шеңбер бойымен оң аяқты алға ұстап, жүйрік аттай шабады.
Педагог өлең оқиды.

Шаңғы, шана сайла,
Конькиіңді байла!
Думандатып ойна,
Қыс қызығын тойла!

Қысқы ойындардың суреттерін көрсету. Балалармен қыста ойналатын ойындар туралы туралы әңгіме жүргізу.
***Музыка тыңдау.*** «Табиғат құбылысы»-үнтаспадан тыңдау.

- Балалар, музыканы тыңдай отырып көз алдарыңа не елестеттіңдер?

- Музыканың көңіл күйі қандай?
- Сендерге музыка ұнады ма?

***Ән айту.*** «Қыс»(Б.Жүсібәлиев).

Ән айтар алдында дауыс жаттығуларын жасап, дауысты қалпына келтіріп, әнді мәнеріне келтіріп орындау.

- Әннің сипаты қандай?
- Не туралы айтылған?
- Сендерге әуені ұнады ма?

Таныс «Аязата сыйлығы» (Ж. Тезекбаев) әнін еске түсіру. Қайталау.
Жеке және хормен орындау.

***Билер.*** «Кішкентай Аязаталар биі(Санта-Клаустар биі)».
(«Билеп үйренейік» жинағынан).

Биді әрі қарай жалғастырады. Қоңырауды бір уақытта сылдырлатып, әуенді тыңдап, ырғаққа ілесіп қимылдар жасау. Қоңыраумен жүгіру, айналу т.б.

***Ойындар, хороводтар.*** «Айгөлек»(қазақтың халық әні,өңдегенБ. Қыдырбекова).

Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар бұл ойын кезінде қалаған достарын екінші топтан шақырып алады, күштілікті талап етеді. ***Балалардың музыкалық аспапта ойнауы.*** «Түлкі»(орыс халық әні,өңдегенВ. Попов). Балалар әуенді тыңдап, ырғаққа ілесе сылдырмақпен ойнайды.

**3.Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

- Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі сендерге қатты ұнады?

## № 29-30 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Отбасы»
**Мақсаты:** музыкалық-ырғақты қимылдарды бірге жасау дағдыларынқалыптастыру.
**Міндеттері:** сипаты мен мазмұны жағынан алуан түрлі екі шығарманыэмоциялық тұрғыдан қабылдай және салыстыра білу; күш салмай ән айту, сөздер мен дыбыстарды таза және анық айту, музыканың биге тән сипатын қабылдау; жеңіл қозғалу, ырғақты қозғалу. Музыкалық аспаптарда қарапайым ырғақты суретті өздігінен орындау. Балаларды бір-біріне қамқор болуға тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**Жасайды:** таныс музыкамен оның негізгі көңіл күйін бере отырып,қимылдарды жасайды; әндерді орындайды. **Түсінеді:** әнді бірге бастап,бірге аяқтауды;
**Қолданады**:музыканың сипатына сәйкес қимылдарды музыкалықшығарманың түріне сәйкес өздігінен ауыстыра отырып орындайды, аспаптарда ойнайды.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Композитор Ж.Тұрсынбаевтың суреті,отбасы мүшелерінің суреттері, сылдырмақтар, нота хрестоматиясы.
**Билингвальді компонент:** ата–дедушка.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Балалар музыка залына «Марш» (Е. Андосов) әуенімен аяқты нық басып кіріп, шеңбер бойымен жүреді, жеңіл жүгіреді.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қимылдар.*** «Серіппе» (орыс халық әуені,өңдеген Т. Ломова). Балалар музыкаға ілесе қолдарын белге ұстап, тізені сәл бүгіп, оңға, солға бұрылып қимылдар жасайды.

Педагог өлең оқиды.

Шапқылауға тоймайды,
Жүйрік құлын бұл неткен!
Тыным таппай ойнауды
Өзіне кім үйреткен?

- Балалар бұл өлеңде не жайында айтылып отыр?
- Құлын қай жануардың төлі?

***Музыка тыңдау***.«Құлыншақ»(Ж.Тұрсынбаев).

Балаларға Ж. Тұрсынбаевтың суретін көрсетіп, шығармашылығымен таныстыру.

- Балалар, музыканы көздеріңді жұмып тұрып тыңдаңдаршы, не елестеттіңдер?
- Жылқы қайда өмір сүреді?
- Оларға кім күтім жасайды?

- Атқа мініп көргендерің бар ма?

***Ән айту.*** «Біз бақытты баламыз» (Ә.Қонысбеков,Ү.Қонысбекова).

- Балалар әнде не туралы айтылып отыр?
- Көңіл күйі қандай?

Таныс «Қыс» (Б. Жүсібәлиев) әнін еске түсіру. Қайталау. Жеке жәге хормен орындау.

***Билер.*** «Қуыршақтар биі» –орыс халық әні.

Балалар орыс билерінің элементтерін жасайды. Тізені бүкпей, басты тік ұстап, түзу жүріп билейді.

***Ойындар, хороводтар.*** «Бәсең және көтеріңкі» (Е.Хасанғалиев).Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар музыканы мұқият тыңдай отырып, музыка ауысқанда кешікпей қимыл жасауға үлгерулері керек. Екі бөлімді музыканы ажырата білуге ұмтылады.

***Балалардың музыкалық аспапта ойнауы.*** «Түлкі» (орыс халық әні,өңдеген В. Попов).

Балалар таныс әуенді тыңдап, ырғаққа ілесе сылдырмақпен ойнайды.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

- Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі сендерге ұнады?

# № 31-32 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Бесік жыры»
**Мақсаты:** Балаларды музыка арқылы сезімталдыққа,бауырмалдыққатәрбиелеу.
**Міндеттері:** Әуендерді немесе музыкалық шығармаларды орындау кезіндепьесаларды тану және атау, күш салмай ән айту, сөздер мен дыбыстарды таза және анық айту; музыканың көңілді би сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау; халық ойындарының көңілді сипатын беру. Балаларды имандылыққа тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**Жасайды:** музыканың сипатына сәйкес қимылдарды орындайды;әндердіорындайды.
**Түсінеді:** музыканың кіріспесін ажырату,содан кейін қимылды бастауын;
**Қолданады:** әнді созып,сөздерін анық айтады,аспаптарда ойнайды.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақ,бесік,бесік жаялықтары,баласанына сәйкес ұшақтар, нота хрестоматиясы.
**Билингвальді компонент:** бесік жыры–колыбельная.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Балалар музыка залына «Марш» (Е. Андосов) әуенімен аяқты нық басып кіріп, шеңбер бойымен жүреді, жеңіл жүгіреді.

2. **Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қимылдар.*** **«**Ұшақ ұшты» (Е.Тиличеева)Балалар ұшақпен ұшады.
1-8 такт. Ұшуға дайындалып, қанаттарын жайып тұрады.
9-тактіден бастап шеңбер бойымен қанаттарын жайып ұшады.
Соңғы тактіге келгенде ұшақпен жерге қонып, жайлап отырады.
Педагог: Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырайын, шешуін табыңдаршы.

Тұрады ол әр үйде,
Жайлы орын сәбиге.
Шаңғы табан үйшік ол,
Тербететін әрине. Бұл не? *(Бесік)*

Балаларға бесіктің макетін көрсетіп, жаялықтарын жайып, қуыршақты бөлеу. Бала тыныш, таза ұйықтауы үшін бесік өте қажет, ұйқысы тыныш болады. Біз қуыршақты бесікке бөлейміз, баланы тербетіп отырып анасы бесік жырын айтады.
***Музыка тыңдау.*** **«**Әлди,әлди бөпем-ай»(Б.Аманжол).

- Әрбір ана сәбиін осылай ұйықтатады.
- Аналарың сендерді мәпелеп, әндетіп ұйықтатады, тамақтарыңды беріп, киімдеріңді жуады.
- Енді біз сол аналарымызға арнап ән үйренейік.

***Ән айту.*** «Анашым» (Е.Хасанғалиев).

«Күн көзіндей күлімдеп,
Құшағыңа аласың» деген жерінде балалар алақандарын жайып күнді көрсетіп, баласын құшақтағанын салады.

Педагог мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.

Таныс «Біз бақытты баламыз» (Ә. Қонысбеков, Ұ. Қонысбекова) әнін еске түсіру. Қайталау. Жеке және хормен орындау.

***Билер.*** «Қуыршақпен билейміз» (украин халық әуені).

Қыздар қуыршақтармен билейді, оларды жоғары көтереді, айналады.

***Ойындар, хороводтар.*** «Бәйге».

Педагог ойын шартын түсіндіреді. Ойынға ер балалар қатысады. Ойыншық ағаш атқа отырып, белгілі мәреге дейін шабады, кім бұрын жетсе, сол бәйгеге ие болады. Ұлттық ойын туралы мәлімет беру. Ептілікке, шапшаңдыққа баулу.

***Балалардың музыкалық аспапта ойнауы.***

«Полька»(А.Филиппенко).Балаларды ырғақты естi білуге, қолдарындағы аспаппен уақытылы ілесе білуге үйрету.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.
Бүгінгі оқу қызметінде не туралы әңгімеледік? Не ұнады?

## № 33-34 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Ағайынбыз бәріміз»
**Мақсаты:** Балаларды музыка арқылы сезімталдыққа,бауырмалдыққатәрбиелеу.
**Міндеттер:** Музыкалық мәнерлеу құралдарын ажырату,музыкалықшығармаларды соңына дейін тыңдау; әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу, соңын мұқият әндетіп айту; музыкалық бейне мен қозғалыс тәжірибесін сәйкестендіру; жұппен би қимылдарын орындау; шулы оркестрге қатысу, биде ойындық музыкалық қимылдарды қолдану. Балаларды достыққа, бауырмалдыққа тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**Жасайды:** музыканың сипатына сәйкес қимылдарды өздігінен ауыстыраотырып орындайды; әндерді орындайды. **Түсінеді:** әнді бірге бастап,бірге аяқтауды.
**Қолданады:** музыкалық шығармалардың сипатын анықтайды;аспаптардаойнайды.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** түрлі ұлт балаларының суреттері,үлкенжәне кіші қоңыраулар, нота хрестоматиясы.
**Билингвальді компонент:** достық–дружба.

**ҰОҚ барысы**
**1. Ұйымдастыру кезеңі**
Балалар музыка залына көңілді әуенмен кіріп, би элементтерінен үзінділер орындайды.
**2. Негізгі кезең**
***Музыкалық-ырғақтық қимылдар.*** «Биге шақыру» (И.Штраус)
Алдымен бір бала ортаға шығып қимылдар жасап, музыка аяқталғанда бір баланы биге шақырады. Екеуі тағы екеуін шақырып, осылайша бәрі биге шығады.
Педагог балаларға түрлі ұлт балаларының суретін көрсстеді. Достық туралы балалармен сұхбат жүргізу. «Дос» деген сөзді қалай түсінетіндерін сұрау.
- Сендердің достарың бар ма? Достармен әрқашан тату болу керек, сөз таластырмау керек.

***Музыка тыңдау.*** «Жайдарман» (қазақтың халық әуені,К.Қуатбаев).
- Әннің көңіл күйі қандай?
- Бұл музыкаға қосылып ән айтуға, би билеуге болады.
- Ән сендерге ұнады ма?

***Ән айту.*** «Ағайынбыз бәріміз»(М.Әубәкіров).
Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.
Балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді.
Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.
- Ортақ болсын асқар тау,
Болсын су мен жер де ортақ, - деп неліктен айтылған?

- Бәріміз тату дос болсақ, су да, жер де бәрімізге жетеді, бақытты өмір сүреміз.

Таныс «Тату доспыз бәріміз» (Е. Меңдешев) және «Анашым» (Е. Хасанғалиев) әндерін еске түсіру. Қайталау. Жеке және хормен орындау.

***Билер.*** «Айгөлек» (қазақ биі,өңдеген Е.Лапин)

Балаларға қазақ би элементтерін үйрету, қолдың басын буыннан айналдыра білуге жаттықтыру.

***Ойындар, хороводтар.*** «Қоңыраумен ойын»

Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар үлкен-кіші қоңыраулардың дыбысын ажыратып үйренеді.

***Балалардың музыкалық аспапта ойнауы***. «Көңілді сазсырнай» (М. Красев). Балаларды сазсырнай аспабымен таныстырып, әуенге қосылып, ырғаққа ілесіп ойнай білуге ұмтылдыру. Балалар аспаптарда ойнайды.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

- Оқу қызметінде қай бөлім сендерге ұнады?

## № 35-36 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Ойыншықтар»
**Мақсаты:** Балаларды сүйікті ойыншықтары арқылы өз іс-әрекеттерін сезінебілуге тәрбиелеу.
**Міндеттері:** Музыкалық шығармаларды соңына дейін тыңдау,музыканынсипатын анықтау, өз әсері туралы әңгімелеу; би қозғалыстарын, ойындық му-зыкалық әрекеттерді орындауға тәрбиелеу, жеке және хормен ән айту дағдыларын, соза дыбыстауды, таза интонациялауды, бір қарқында ән айтуды дыбыстаудың бірдей күшімен ән айтуды жетілдіру, әртүрлі музыкалық және шулы аспаптарда ересектің ойнағанын тыңдау және ойнау. Балаларды әдептілікке тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**Жасайды**:әнді созып,сөздерін анық айтады,таныс әндерді сүйемелдеуменорындайды; жеке және хормен айтады.
**Түсінеді:** музыканың ырғағын дәл беру керектігін;
**Қолданады:** музыкалық шығарма туралы әңгімелейды,аспаптарды танидыжәне олармен ойнайды, қимылдарды музыкаға сәйкес жасайды.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** композитор Дәулеткерейдің суреті,домбыра, нота хрестоматиясы.
**Билингвальді компонент:** домбыра–домбра.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Музыка залына көңілді музыка әуенімен бірінен соң бірі тізіліп, нық қадаммен келеді. Шеңбер бойымен жүреді, жеңіл жүгіреді.

2. **Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қимылдар.*** «Полька» (М.Глинка)
Балалар шеңбер бойымен тізені жоғары көтеріп, алға қарай жылжып қимылдар жасайды. Әуенмен жеңіл, ойнақы қимылдар жасайды.
***Музыка тыңдау.*** «Қосалқа»(Дәулеткерей).

Балаларға күйдің авторы Дәулеткерейдің суретін көрсетіп, таныстыру. Күйді балаларға тыңдатып, күйдің мазмұнын әңгімелеу. Күйде қыз баланың сыңғырлаған шашбаулары, асықпай келе жатқан келбеті әсем бейнеленген. Балаларға көздерін жұмып, күйді мұқият тыңдатып, алған әсерлерін сұрау.
***Кіріспе әңгіме.*** Балалармен сүйікті ойыншықтары туралы әңгімелесу.
***Ән айту.*** «Ойыншықтар» (И.Нүсіпбаев).

Әнді мұқият тыңдап, ән айтар алдында дауыс жаттығуларын жасап, денені тік ұстап, қатты айғайламай айтуға үйрену. Ән айта отырып бір-бірін тыңдап, үндесіп айтуға көңіл бөлу.

«Ағайынбыз бәріміз» (М. Әубәкіров) әнін еске түсіру. Қайталау. Жеке және хормен орындау.

***Билер.*** «Көңілді жұптар»(И.Штраус)Балалар би қимылдарын жасап үйренеді. Балалар кіріспе бөлімінде жұптасып тұрады.

1-8 такт. Балалар жеңіл жүгіріспен шеңбер бойымен жүгіреді.

9-15 такт. Ұлдар тізерлеп отырады да, қыздар айналады.

1-8 такт. Екеуі қол ұстасып қайтадан шеңбер бойымен жүгіреді.

9-16 такт. Ұлдар қолдарын белдеріне ұстап, қыздар етектерінен ұстап, екеуі екі жаққа бір қадам жасап тізені бүгеді.

***Ойындар, хороводтар.*** «Жұбыңды тап» (орыс халық әуені).
Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар көңілді музыка әуеніне өз беттерінше қимыл жасап, музыка аяқталғанда жұбын тауып тұра қалу керек. Жұбын таба алмай қалған бала айыбын өнер арқылы өтейді.

***Балалардың музыкалық аспапта ойнауы.*** «Сауысқан»(орыстың халықәуені, өңдеген Т. Попатенко). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Әуенге қосылып, ырғаққа ілесіп ойнай білуге ұмтылдыру.

**3. Рефлексия**

Педагог оқу қызметін қорытындылау, балалардан қандай бөлімі ұнағанын сұрау, балаларды бағалау, мадақтау.

## № 37-38 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Көктем»
**Мақсаты:** Балаларды табиғатта болатын құбылыстарды ән арқылы сезінебілуге үйрету.
**Міндеттері:** Тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдей отырып,музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау, күш салмай ән айту, сөздер мен дыбыстарды таза және анық айту; қозғалыс бағытын өзгертіп адымдау, аяқты жоғары көтеріп жүгіру. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. Балаларды әсемдікке, әдемілікке тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**Жасайды:** би сипатындағы музыканы эмоциямен қабылдайды;аспаптардаойнайды.
**Түсінеді:** күш салмай ән айту,сөздер мен дыбыстарды таза және анық айту.
**Қолданады:** таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** композитор К.Қуатбаевтың суреті,көктем көріністерінің суреттері, нота хрестоматиясы.
**Билингвальді компонент:** көктем–весна.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Музыка залына көңілді музыка әуенімен бірінен соң бірі тізіліп, нық қадаммен келеді. Шеңбер бойымен жүреді, жеңіл жүгіреді.

2. **Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қимылдар.*** «Серіппе» (орыс халық әуені,өңдеген Т. Ломова).
Шеңбер бойымен жүріп, балалар музыкаға ілесе қолдарын белге ұстап, тізені сәл бүгіп, оңға, солға бұрылып, қимылдар жасайды.

Балаларға көктем көріністерінің суреттерін көрсету, көктем мезгілі туралы, табиғатта болатын құбылыстар туралы сұхбат жүргізу. Балалардан көктемгі өзгерістер туралы сұрау. Жылы жақтан келетін жыл құстары туралы, оларға қамқорлық жасау керек екенін түсіндіру.

***Музыка тыңдау.*** «Көктем келді»(Б.Бейсенова,үнтаспадан)

- Музыка не туралы болды?
- Көңіл күйлерің қандай?

***Ән айту.*** «Көктем»(К.Қуатбаев).

Балаларға композитор К. Қуатбаевтың суретін көрсету. Ән айтар алдында ережелерді еске түсіріп, әнді тыңдап, үйрену. Балалардан әннің көңіл күйін сұрау.

Таныс «Ойыншықтар» (И. Нүсіпбаев) әнін еске түсіру.

Қайталау. ***Билер.*** «Гүлдермен би»(В.Моцарт).

Балалар қимылдар жасайды: қолдарына гүл ұстап, қолды оңға, солға кезек-кезек көтеріп, орнында тұрып айналып, қимылдар жасайды.

***Ойындар, хороводтар.*** «Қақпа»(орыстың халық әуені,өңдеген Р. Рустамов). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Бірінші бөлімінде балалар қақпа жасап, шеңбер бойымен қолдарын жоғары ұстап тұрады. Ортада бір бала қақпаға кіріп шығып, жүгіріп жүреді. Музыка аяқталғанда қақпа жабылып, балалар қолдарын түсіреді. Қақпадан шыға алмай қалса, өз өнерін көрсетеді.

***Балалардың музыкалық аспапта ойнауы.*** «Көңілді сазсырнай» (М. Красев). Балаларды сазсырнай аспабымен таныстырып, әуенге қосылып, ырғаққа ілесіп ойнай білуге ұмтылдыру. Балалар аспаптарда ойнайды.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

- Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі сендерге ұнады?

## № 39-40 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Анамызға мың алғыс»
**Мақсаты:** Педагогтің аспапта орындауындағы пьесаларды тыңдаудағдыларын қалыптастыру.
**Міндеттері:** Музыкалық шығармаларды соңына дейін тыңдау,музыканыңсипатын анықтау, өз әсері туралы әңгімелеу; жеке және хормен ән айту дағдыларын қалыптастыру, соза дыбыстауды, таза интонациялауды, бір қарқында ән айтуды дыбыстаудың бірдей күшімен ән айтуды жетілдіру; жұппен би қимылдарын орындау; биде ойындық музыкалық қимылдарды қолдану. Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауын жалғастыру. Балаларға эстетикалық тәрбие беру.
**Күтілетін нәтижелер:**
**Жасайды**:әуені бойынша әндерді таниды,олардың мазмұны туралыбаяндайды; әндерді орындайды.
**Түсінеді:** музыканың ырғағын дәл беруді;
**Қолданады:** жұппен би қимылдарын орындайды,пьесаларды тыңдайды,қайталайды.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** аналар туралы,ананың еңбегі туралысуреттер, гүл, нота хрестоматиясы.
**Билингвальді компонент**:ана–мама.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Музыка залына вальс ырғағымен кіріп, жұптасып қимылдар жасау. Қыздарға ілтипат көрсету, орындықтарына отырғызу.

2. **Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қимылдар.*** «Биге шақыру» (И.Штраус).
Педагог бір баланы ортаға шығарып, өзіне сыңар іздетеді. Музыка әуенімен алдымен алшақтап жүріп, сыңарын тапқасын екеуі бірге айналып билейді, музыка аяқталғасын екеуі өздеріне жұп іздейді. Сөйтіп, барлық топ биге шығады.

Балаларға интерактивті тақтадан аналар туралы, олардың балаларға жасайтын қамқорлығы туралы суреттер көрсетіп, аналарды әрдайым құрметтеу керек екенін түсіндіру.

***Музыка тыңдау.*** «Айжан қыз»(Құрманғазы).

Әнде не туралы айтылып отырғанын балалардан сұрау. Мәтінін түсініп, мазмұнын айта білуге талпындыру.

***Ән айту.*** «Менің анам»(А.Досмағанбет).
Балалар, аналарымыздың мерекесі жылдың қай мезгілінде келеді?

Аналардың мерекесіне әркім әлінің келгенінше сыйлық әзірлейді, сендердің сыйлықтарың анаға арнап үйренген әндерің.

Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларды қайталап, қосылып айтуға үйретеді, соза дыбыстауды, таза интонациялауды, бір қарқында ән айтуды, дыбыстаудың бірдей күшімен ән айтуды. Таныс «Көктем» (К. Қуатбаев) әнін еске түсіру. Қайталау.

Жеке және хормен орындау.

***Билер.*** «Шығыршықпен билеу» –хорват халық әуені.

Балалар шығыршықты ұстап, шеңбермен аяқтың ұшымен жүгіреді, оны жоғары көтеріп, оңға созылып, шығыршықты оң жаққа көтереді, сол жаққа созылып, шығыршықты солға көтереді, орнында тұрып айналады. Жұптасып бірге айналады.

***Ойындар, хороводтар.*** «Гүл сыйлау»(«Балалар полькасы»М.Глинка).Педагог ойын шартын түсіндіреді. Екі жұп ортада вальс билеп жүреді, гүл біреу ғана. Музыка аяқталғанда кім бұрын гүлге жетеді, сол қызға тізерлеп отырып гүл сыйлайды.

***Балалардың музыкалық аспапта ойнауы***.«Аспан мен жер арасы» (Т. Тютюнникова). Шулы аспаптарда ересектер ойнап, балалар тыңдайды, үйренеді.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

- Бүгін қандай ән үйрендік, қандай музыка тыңдадық?
- Сендерге жылдың қай мезгілі ұнайды, неліктен?

## № 41-42 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Наурыз»
**Мақсаты:** Балаларды мерекені көңілді музыка арқылы сезіне білугеұмтылдыру.
**Міндеттері:** Музыканың сипатын анықтау,өз әсері туралы әңгімелеу;әндібір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу, соңын мұқият әндетіп айту; би қозғалыстарын, ойындық музыкалық әрекеттерді орындауға тәрбиелеу; шулы оркестрге қатысу; балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. Мерекенің мәнін ұғындыру, татулыққа, бірлікке тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**Жасайды:** музыканың сипатын анықтайды,өз әсері туралы әңгімелейді,әндерді орындайды.
**Түсінеді:** әнді бірге бастап,бірге аяқтауды;
**Қолданады:** музыкалық шулы аспаптарда ойнайды,би қозғалыстарынмузыкаға сәйкес жасайды.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** мерекелік дастарқан,ұлттық тағамдар,шулы аспаптар, нота хрестоматиясы.
**Билингвальді компонент:** мереке–праздник.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Балалар «Наурыз - думан» (үнтаспада Р. Рымбаеваның орындауында) әнімен көңілді көңіл күймен музыка залына кіреді.

2. **Негізгі кезең**

Әуен ойналып, қонаққа Ақ әже келеді. Қолында бауырсағы, екінші қолында наурызкөжесі. Балалармен амандасып, наурыз туралы әңгіме өткізеді. Халқымыздың төл мерекесі – наурыз күн мен түннің теңелуі, жердің жаңаруымен байланысты екенін түсіндіреді. Бұл мерекеде ұлттық тағамдармен қатар наурызкөже дайындалады. Жеті тағамнан тұратын бұл тағамның құрамын айтып, көжеден дәм татуларын сұрайды. ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар.*** «Пойыз» (М.Старокадомский).
Балалар бір-бірімен тіркесіп, пойыз секілді тұрады да, алдыңғы бала паровоз секілді бастап, музыкамен жылжиды.
***Музыка тыңдау.*** «Мерекелік марш»(Б.Дәлденбай).

Шығарманы соңына дейін тыңдау, музыканың сипатын анықтау, өз әсерлері туралы әңгімелеу.

***Ән айту.*** «Наурыз»(Б.Есдәулетов).

Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді, әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, дауысқа күш салмай, әннің сөздері мен дыбыстарын таза және анық айтуға дағдыландыру.

Таныс «Менің анам» (А. Досмағанбет) әнін еске түсіру. Қайталау. ***Ойындар, хороводтар.*** «Арқан тартыс» –қазақтың ұлттық ойыны.Педагог ойын шартын түсіндіреді. Арқанның екі жағынан екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып алып кетсе, сол топ жеңіске жетеді.

***Балалардың музыкалық аспапта ойнауы***.«Аспан мен жер арасы» (Т. Тютюнникова). Шулы аспаптарда ересектер ойнап, балалар тыңдайды, үйренеді.

3. **Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Ақ әже балаларға бата беріп, тілек айтып, шығып кетеді.

## № 43-44 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Наурызым,армысың!»
**Мақсаты:** Музыка тыңдай отырып,күйдің көңіл күйін сезіне білуге баулу.
**Міндеттері:** Музыкалық шығармаларды соңына дейін тыңдау,оларды тану,музыкалық шығармадан кейін ән айту фразалар арасындағы тыныс алу, әнді бір мезгілде бастау және аяқтау; мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу. Музыканың биге тән сипатын қабылдау; жеңіл, ырғақты қозғалу. Үлкенге ілтипат жасауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**Жасайды:** әндерді орындайды,бір мезгілде бастап және аяқтайды,әндісахналайды, қимылдарды музыкаға сәйкес жасайды.
**Түсінеді:** әндердің мазмұнын.
**Қолданады:** шығармаларды соңына дейін тыңдайды,аспаптардаорындайды.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Құрманғазының суреті,интерактивтітақтадан наурыз мерекесінен көрініс, нота хрестоматиясы. **Билингвальді компонент:** көңілді–веселый.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

«Сарыарқа» күйі (Құрманғазы) ойналып, ұлдар атқа шапқан кейіп танытып, қыздар қолдарын бұрап, «Қамажай» биінің элементімен залға кіреді.

2. **Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қимылдар.*** «Полька» (Л.Лядова)
Балалар жұптасып қарама-қарсы тұрады. Аяқтарын өкшеге кезек-кезек қояды. Қолдарын ұстасып айналады, қолдарын шапалақтайды.

Интерактивті тақтадан Наурыз мерекесінен көрініс көрсету. Наурыз мерекесі туралы әңгіме жүргізу. Бұл мерекеде халқымыз бір-біріне деген өкпе-назын ұмытып, құшақтасып қауышады. Бір-бірінің үйіне кіріп, адал астан ауыз тиеді. Қыстан аман-есен шыққан халық күн мен түннің теңелген күні дастарқан жасап, оған құрт, жент, бауырсақ, қойып, наурызкөже пісіреді.

***Музыка тыңдау.*** «Сарыарқа»(Құрманғазы).
Балаларға Құрманғазының суретін көрсетіп, қысқаша өмірбаянын айту.

- Балалар, күйдің көңіл күйі қандай?
- Күй қалай орындалды, тез бе әлде баяу ма?
- Күйден мерекенің дабыры сезіле ме?

***Ән айту.*** «Наурыз тойы»(А.Тани).
Балалардан әннің мазмұнын сұрау, мереке кезінде болатын қызықтарды әңгімелеу, ән көңілді, ойнақы орындалады.

Таныс «Наурыз» (Б. Есдаулетов) әнін еске түсіру. Қайталау. Жеке және хормен орындау.

***Билер.***Қазақ биі«Жалқаубек»(үнтаспада Р.Рымбаеваның орындауында). Балалар қимылдар жасайды: жұптасып шеңбер бойымен жүгіреді, тоқтайды. Қол ұстасып, тізені көтеріп жеңіл айналады.

Қолдарын ары-бері шайқап тұрады.

Ұлдар өкпелеп, басын төмен түсіреді, қолдарын артта ұстайды. Қыздар сұқ саусағын шошайтып, ұрысқан кейіп танытады. Ұлдар тізерлеп отырады, қыздар ұлдарды айналып жүгіреді. Ұлдар орындарынан тұрып, ортаға жиналып, қолдарын бір-бірінің иықтарына салып тұрады.Қыздар ұлдарды белдеріне ұстап тартады да, қол ұстасып айналады.

***Ойындар, хороводтар.*** «Қыз қуу» («Адай»күйі Құрманғазы,үнтаспада). Ұлттық ойынды дәріптеу, қызығушылықтарын арттыру.

Ептілікке, ойынға белсене қатысуға үйрету.

Ойын шартын мұқият түсіндіреді. Балалар арасынан бір ер бала бір қызды (ағаш атпен) қуады. Бала қызға жетіп қолынан ұстаса, ол жеңіске жеткені. Кейде қызды 2 бала да қуады, қай бала бұрын жетіп қыз қолын ұстаса, сол бала жеңіске жетеді.

***Балалардың музыкалық аспапта ойнауы.***«Еркем-ай» –халық әні.

Балалар аспаптарда ойнайды.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

- Сендер ата-әжелеріңе еріп Наурыз мерекесіне бардыңдар ма?
- Қандай қызықты оқиғалар естеріңде қалды?

## № 45-46 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Жайлаудағы төлдер»
**Мақсаты:** Ән арқылы әр төлдің мінез-құлқын ажырата білуге үйрету.
**Міндеттері:** Музыкалық мәнерлеу құралдарын ажырату,музыкалықшығармаларды соңына дейін тыңдау, оларды тану, әуенді дұрыс бере білу, соңын мұқият әндетіп айту, қозғалыс бағытын өзгертіп адымдау, музыкалық аспаптарда қарапайым ырғақты суретті өздігінен орындау; шулы оркестрге қатысу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**Жасайды:** шығармаларды тыңдайды,сипаттайды,әндерді орындайды;
**Түсінеді:** әр төлдің мінез-құлқының ерекшілігі,әуенді дұрыс бере білу, соңын мұқият әндетіп айту;
**Қолданады:** музыканың көңіл күйін бере отырып,қимылдайды.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** үй жануарлары және төлдерініңсуреттері, жануарлардың атрибуттары, ұрмалы аспаптар, нота хрестоматиясы.
**Билингвальді компонент:** үй жануарлары–домашние животные.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Музыка залына көңілді музыка әуенімен бірінен соң бірі тізіліп, нық қадаммен келеді. Шеңбер бойымен жүреді, жеңіл жүгіреді.

2. **Негізгі кезең**

**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** «Марш» (Е.Тиличеева).
Балалар шеңбер бойымен аяқты нық басып, басты тік ұстап, әуенге ілесіп жүреді.

Педагог балаларға үй жануарлары және төлдерінің суреттерін көрсетіп, үй жануарларымен таныстырады. Олардың аттарын атап, жануарлардың баласын *төлі* деп, анасын *енесі* деп атайтынын түсіндіру. Жылқының төлі – құлын, сиырдың төлі – бұзау, қойдың төлі – қозы екенін түсіндіру.
***Музыка тыңдау***.«Боталардың желісі»(Е.Хасанғалиев).
Музыка тыңдап, балалар сипатын ажыратады.
***Ән айту.*** «Төлдер»(Д.Ботбаев).
Әнді тыңдап, мазмұнын сипаттап, әңгімелеу. Әр төлге берілген суреттеуді ән айту кезінде көрсете білу, мінезіне сай дауысты құбылтып айту. Таныс «Наурыз тойы» (А. Тани) әнін еске түсіру. Қайталау.
Жеке және хормен орындау.
***Билер.*** «Жалқаубек» (үнтаспада Р.Рымбаеваның орындауында).
Балалар қимылдар жасайды: жұптасып шеңбер бойымен жүгіреді. тоқтайды.
Қол ұстасып, тізені көтеріп жеңіл айналады.
Қолдарын ары-бері шайқап тұрады.
Ұлдар өкпелеп, басын төмен түсіреді, қолдарын артта ұстайды.

Қыздар сұқ саусағын шошайтып, ұрысқан кейіп танытады.
Ұлдар тізерлеп отырады, қыздар ұлдарды айналып жүгіреді.
Ұлдар орындарынан тұрып, ортаға жиналып, қолдарын иықтарына салып тұрады.
Қыздар ұлдарды белдерінен ұстап тартады да, қол ұстасып айналады.
***Ойындар, хоровод.*** «Төлдерін ажырат» («Дидактикалық ойындар»жинағынан). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар жануарлардың атрибуттарын киіп, сол төлдердің дыбысталуын, жүрістерін салады. ***Балалардың музыкалық аспапта ойнауы.*** Белгілі бір әуенге салып,ұрмалыаспаптармен ырғақты сақтап қосылу.
**3. Рефлексия**
Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.
- Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі сендерге ұнады?

## № 47-48 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Құстар дауысы»
**Мақсаты:** Ойын арқылы ауа райының құбылыстарын музыкамен сезінебілуге үйрету.
**Міндеттері:** Сипаты мен мазмұны жағынан алуан түрлі екі шығарманыэмоциялық тұрғыдан қабылдай және салыстыра білу; күш салмай ән айту, сөздер мен дыбыстарды таза және анық айту; қозғалыс бағытын өзгертіп адымдау, аяқты жоғары көтеріп жүгіру. Музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгерту; музыкалық бейне мен қозғалыс тәжірибесін сәйкестендіру, әртүрлі музыкалық және шулы аспаптарда ересектің ойнағанын тыңдау. Құстарға қамқор болуға, оларды аялауға үйрету.
**Күтілетін нәтижелер:**
**Жасайды:** шығарманы тыңдайды,музыканың сипатына сәйкес қимылдардыорындайды; әндерді айтады.
**Түсінеді:** музыканың ырғағын дәл беруді;
**Қолданады:** әуені бойынша әндерді таниды,олардың мазмұны туралыбаяндайды.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** түрлі құстардың және балапандарыныңсуреттері, балалар санына сәйкес қуыршақтар, нота хрестоматиясы. **Билингвальді компонент:** құстар–птицы.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Көңілді әуен ырғағымен жұптасып музыка залына келеді. Шеңбер бойымен жүріп, жеңіл музыка ырғағымен қимылдар жасайды. Аяқты тізеден жоғары көтеріп (подскоки) жұбымен, жеке секіріп үйренеді.

2. **Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қимылдар.*** «Балалар полькасы» (М.Глинка).Музыканың биге тән сипатын қабылдауға, жеңіл қозғалу, ырғақты қозғалуға, жұппен би қимылдарын орындауға үйрету.

Кіріспе әңгіме. Түрлі құстардың және балапандарының суреттерін көрсету. Балалармен құстар туралы әңгіме жүргізу. Жыл құстары туралы мәлімет беру. Жыл құстары қыста жылы жаққа ұшып кетеді де, көктемде қайтадан оралады. Құстардың даусы жуандау болады да, балапандарының дауыстары жіңішке болады.

***Музыка тыңдау.*** «Бұлбұл»(Д.Нұрпейісова).

Музыканың сипатын анықтау, алған әсерлері туралы әңгімелеу.

***Ән айту.*** «Көктем жыры»(Ж.Молдажанова).

Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді, дауысқа күш салмай ән айту, сөздер мен дыбыстарды таза және анық айту.

Таныс «Төлдер» (Д. Ботбаев) әнін еске түсіру. Қайталау.

Жеке және хормен орындау.

***Билер.*** «Қуыршағым-ай» («Билеп үйренейік»жинағынан).

Балалар қимылдар жасайды: қуыршақты төстеріне қойып, оң аяқ өкшесін оңға қойып, оңға қарай, солға қарай қимылдатады. Тізе бүгіп, қуыршақты құшақтап, көзін жұмады. Сұқ саусағын шошайтып көрсетеді, қуыршақты жатқызып шапалақтайды.

***Ойындар, хоровод.*** «Күн мен жаңбыр» (Б.Антюфеев).

Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар күн шыққанда шаттана ойнайды, шеңберде тұрып әндетеді, түрлі би қимылдарын жасайды.

"Жаңбыр" музыкасы ойналғанда қолшатырдың астына тығыла қояды.

***Балалардың музыкалық аспапта ойнауы.*** «Сауысқан» (орыстың халықәуені, өңдеген Т. Попатенко). Педагог металлофонда әр төрттік нотаға ұрып көрсетеді. Балалар қайталайды.

3. **Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі сендерге ұнады?

## № 49-50 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылык
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Әуенді сандықша»
**Мақсаты:** балаларға сиқырлы сандықшаны көрсетіп,оны әуен арқылыашып, балалардың сандықшаға қызығушылығын арттыру.
**Міндеттері:** тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдей отырып,музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау, күш салмай ән айту, сөздер мен дыбыстарды таза және анық айту, музыкалық шығармадан кейін ән айту фразалар арасындағы тыныс алу, би элементтерін үйренуді жалғастыру. Музыканың биге тән сипатын қабылдауға, жеңіл қозғалу, ырғақты қозғалуға жұппен би қимылдарын орындауға үйрету. Балаларды әсемдікке, әдемілікке баулу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**Жасайды:** музыкалық шығарманың түріне сәйкес өздігінен ауыстыра отырып орындайды;
**Түсінеді:** сөздерді созыңқы және анық атауды;
**Қолданады:** би сипатындағы музыканы эмоциямен қабылдайды.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** композитор Е.Өміровтің суреті,ғажайып сандықша, сылдырмақтар, бубен, барабан, қуыршақтар, жұмсақ ойыншықтар, нота хрестоматиясы.

**Билингвальді компонент:** әуенді сандықша–музыкальный сундук.

### ҰОҚ барысы

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Балалар марш музыкасымен аяқты нық басып кіріп, шеңбер бойымен жүреді, жүгіреді.

2. **Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қимылдар.*** «Көңілді жұптар» (И.Штраус).
Би элементтерін үйренуді жалғастыру. Балалар кіріспе бөлімінде жұптасып тұрады.
1-8 такт. Балалар жеңіл жүгіріспен шеңбер бойымен жүгіреді.
9-15 такт. Ұлдар тізерлеп отырады да, қыздар айналады.
1-8 такт. Екеуі қол ұстасып, қайтадан шеңбер бойымен жүгіреді.
9-16 такт. Ұлдар қолдарын белдеріне ұстап, қыздар етектерінен ұстап, екеуі екі жаққа бір қадам жасап, тізені бүгеді.
Педагог: Балалар, менің қолымда әуенді сандықша бар, кәне, ішін ашып көрейік, ішінде не бар екен.
Педагог сандықшаның ішіне құлағын тосып көріп:
- Балалар, ғажайып сандықша «Әуенді тыңдап, ажырат» деген тапсырма ұсынды.
***Музыка тыңдау.*** «Әуенді сандықша» (Е.Аглинцева).
- Әннің көңіл күйі, сипаты қандай?
- Әннің мазмұны не туралы?

- Ән сендерге ұнады ма?

***Ән айту.*** «Жан сырым»(Е.Өміров).

Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді, ән көңілді, ойнақы орындалады. Таныс «Көктем жыры» (Ж. Молдажанова) әнін еске түсіру. Қайталау.

Жеке және хормен орындау.

***Билер.*** «Қуыршағым-ай» («Билеп үйренейік»жинағынан)

Балалар қимылдар жасайды: қуыршақты төстеріне қойып, оң аяқ өкшесін оңға қойып, оңға қарай, солға қарай қимылдатады. Тізе бүгіп, қуыршақты құшақтап, көзін жұмады. Сұқ саусағын шошайтып көрсетеді, қуыршақты жатқызып шапалақтайды. Биді әрі қарай жалғастырады. ***Ойындар, хоровод.*** «Күн мен жаңбыр» (Б.Антюфеев)

Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар күн шыққанда шаттана ойнайды, шеңберде тұрып әндетеді, түрлі би қимылдарын жасайды.

"Жаңбыр" музыкасы ойналғанда қолшатырдың астына тығыла қояды.

***Балалардың музыкалық аспапта ойнауы.***

«Барабаншы»(М.Красев).Педагог балаларды барабан аспабымен таныстырып, онымен ұрып ойнауды көрсету.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

Балалар, сендерге бүгінгі оқу қызметі ұнады ма? Несімен ұнады?

Ғажайып сандықшаға рахметімізді айтып, сандықшаны жауып қояйық.

## № 51-52 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Бақытты балалық»
**Мақсаты:** Таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін ажырата білудіқалыптастыру.
**Міндеттері:** Шығарманың бөлімдерін ажырата білу,музыканың сипатынанықтау, өз әсері туралы әңгімелеу; әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу, соңын мұқият әндетіп айту, музыканың биге тән сипатын қабылдау; жеңіл қозғалу, ырғақты, қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау. Балаларға көңілді музыка сазымен көтеріңкі көңіл күй сыйлауды үйрету.
**Күтілетін нәтижелер:**
**Жасайды:** музыканы тыңдайды,сипаттайды,музыкаға сәйкес қимылдайды;
**Түсінеді:** әнді бірге бастап,бірге аяқтауды;
**Қолданады:** әуені бойынша әндерді таниды,олардың мазмұны туралыбаяндайды, жұппен би қимылдарын орындайды.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** композитор Ө.Байділдаевтың суреті,балалар аспаптары – бубен, сылдырмақ, нота хрестоматиясы.
**Билингвальді компонент:** бақытты–счастливый.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Балалар музыка залына аттың шабысына салып, аттың жүрісімен келеді. Шеңбер бойымен шапқылап, тоқтайды.

2. **Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қимылдар***.«Полька Янка» –беларусь халық әуені,өңдеген Т. Попатенко.

Балалар қол ұстасып, бір-біріне қарама қарсы тұрады. 1-8 такт. Балалар аяқтың ұшын, өкшесін, кезек-кезек қояды да, үш рет тоқылдатады.
9-16 такт. Қол ұстасып, тізені көтеріп айналады.
1-8 такт. Қол ұстасқан бойы бір қадам оңға аттап, аяқты қосып, тізені бүгеді, және сол жаққа қадам жасап, бірге тізені бүгеді.
9-16 такт. Қолды екі жаққа созып, айналады.
***Музыка тыңдау.*** «Вальс»
(А.Рождественский)Балалардан музыканың сипатын сұрау.

- Музыканы ести отырып, көз алдарына не елестеді?
- Әуеннің жылдамдығы қалай?

***Ән айту.*** «Бақшаға келемін»(Ө.Байділдаев)
Балаларға композитор Ө. Байділдаевтың суретін көрсетіп, өмірінен қысқаша мәлімет беру.
Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді, дауысқа күш салмай ән айту, сөздер мен дыбыстарды таза және анық айту.
Таныс «Жан сырым» (Е. Өміров) әнін еске түсіру. Қайталау.
Жеке және хормен орындау.
***Билер.*** «Достарым,кел,билейік» (ағылшын халық әні,аударғанА. Досмағанбет).
Балалар әнді айта жүріп, шеңберге тұрып, қимылдар жасайды.
***Ойындар, хороводтар.*** «Өз орныңды тап»(«Полька»М.Глинка).
Ойын шартын мұқият түсіндіреді. Балалар араласып ойнап, музыка тоқтағанда өз орындарын тауып тұра қалу керек.
***Балалардың музыкалық аспапта ойнауы.*** «Сылдырмақтар» (орыс халықәні).
Музыкалық аспаптарда қарапайым ырғақты суретті өздігінен орындау.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.
- Тыңдаған музыкаларың туралы не айта аласыңдар?
- Сендер қандай музыка аспаптарында ойнадыңдар?
- Бүгінгі оқу қызметі сендерге ұнады ма?

## № 53-54 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Біздің оркестр»
**Мақсаты:** шулы оркестрге қатысу;балалар музыкалық аспаптарын танужәне атау дағдыларын бекіту.
**Міндеттері:** тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдей отырып,музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау, жеке және хормен ән айту дағдыларын, соза дыбыстауды, таза интонациялауды, бір қарқында ән айтуды дыбыстаудың бірдей күшімен ән айтуды жетілдіру, балалар музыкалық аспаптарында ойнай білу, әртүрлі музыкалық және шулы аспаптарда ересектің ойнағанын тыңдау. Балаларды музыканы сүйе білуге, тыңдай отырып сезіне білуге тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**Жасайды:** музыканың негізгі көңіл күйін бере отырып қимылдайды;әндерді орындайды.
**Түсінеді:** әнді созып,сөздерін анық айтуды;
**Қолданады:** аспаптарды таниды,ойнайды.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** түрлі оркестрлардың суреттері, ұрмалы музыкалық аспаптар, нота хрестоматиясы.
**Билингвальді компонент:** әуен–мелодия.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Балалар музыка залына аттың шабысына салып, аттың жүрісімен келеді. Шеңбер бойымен шапқылап, тоқтайды.

2. **Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қимылдар.*** «Достарым,кел,билейік» (ағылшынхалық әні, аударған А. Досмағанбет).
Балалар әнді айта жүріп, шеңберге тұрып, қимылдар жасайды.
***Музыка тыңдау.*** «Ақсақ киік»(Құрманғазы).
- Балалар, күй қандай аспаптың орындауында, қалай ойлайсыңдар?
***Ән айту.*** «Біздің оркестр»(Ж.Тұрсынбаев)
Бірнеше аспаптың қосылып орындауын қалай атайды?
Балаларға түрлі оркестрлердің суреттерін көрсетіп, оркестр туралы мәлімет беру. Оркестрдің түрлерімен таныстыру.
Оркестрді басқарып тұратын кісіні *дирижер* деп атайды.
Әнді зейін қойып тыңдап, мазмұнын әңгімелеп беру.
- Бізде оркестр бар ма, қалай ойлайсыңдар?
Әнді қатты айғайламай, бір-бірін тыңдап айтуға дағдыландыру.
Таныс «Бақшаға келемін» (Ө. Байділдаев) әнін еске түсіру. Қайталау.
Жеке және хормен орындау.
***Билер.*** «Еркебұлан» («Билеп үйренейік»жинағынан).

Балалар би қимылдарын жасайды.

***Ойындар, хороводтар.*** Балалардың қалауы бойынша ойын ойнау.

***Балалардың музыкалық аспапта ойнауы.*** «Сылдырмақтар» (орыс халық әні). Музыкалық аспаптарда қарапайым ырғақты суретті өздігінен орындау. Шулы оркестрге ұйымдастыру, балаларды музыкалық аспаптарды тануға баулу. Оркестрге дирижер тағайындау.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

- Бүгін қандай музыка тыңдадыңдар?
- Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі сендерге ұнады?

МКҚК «Ақмарал» бөбекжай балабақшасы

**БЕКІТЕМІН:**

**Балабақша меңгерушісі**

**А.С.Жаштаева**

# ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ

# МУЗЫКА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ

# ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

**«Еркетай» ерте жас тобы**

**2021-2022оқу жылы**

**Музыка жетекшісі: Қамбарбекова М.**

## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ
## МУЗЫКА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
### «Еркетай» ерте жас тобы

| Негізгі тақырып | Тақырыбы | Сағат саны | Мақсатымен міндеттері | Репертуар |
|---|---|---|---|---|
| «Балабақша» | «Қуыршақ Сәуле қонақта» № 1<br><br>06.09.2021 | 1 | **Мақсаты:** Түрлі сипаттағы әуендер тыңдап, музыканыңкөңілкүйін сезінуге баулу.<br>**Міндеттері:** Музыканытыңдауға, тәрбиешінің дауысырғағына еліктеп біргеәнсалуға баулу; музыканың сүйемелдеуімен жүружәне жүгіру дағдыларынқалыптастыру.Мазмұнды ойындарға қуыршақтар қолдану арқылықызығушылықтарынарттыру. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Серуен» (М. Раухвергер), «Жүгіру» (Т. Ломова); «Қуыршақпенойын» (Б. Жүсібәлиев), «Ойын» (Б. Дәлденбай)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Бесікжыры» (халықәні, өңдеген Б. Дәлденбай)<br>**Әнайту**<br>«Қуыршақпенбилейміз» (Ж. Тұрсынбаев, Е. Өтетілеуұлы) |
| | «Қуыршақпен билейміз» № 2<br><br>13.09.2021 | 1 | **Мақсаты:** Үлкендердіңкөмегімен әуендіқимыл-қозғалысжасайбілуге үйрету.<br>**Міндеттері:** Әндітыңдап,мағынасын түсіну,созылыңқыдыбысталуға еліктейотырыпересектерменқосылып әнайтуғадағдыландыру. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Серуен» (М. Раухвергер), «Жүгіружәнесекіру» (Т. Ломова)<br>«Қуыршақпенойын» (Б. Жүсібәлиев), |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | Ойыншықтарғаұқыптылықпен қарауғатәрбиелеу. | «Ойын» (Б. Дәлденбай)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Мұңдыкөңілкүй»<br>(Г. Левкодимов)<br>**Әнайту**<br>«Қуыршақпенбилейміз» (Ж. Тұрсынбаев,<br>Е. Өтетілеуұлы) |
| | **«Көңілді сылдырмақтар»**<br>**№ 3-4**<br>20.09.2021<br>20.09.2021 | 2 | **Мақсаты:** Әуендісезінебілуге,әннің мағынасынтүсінуге баулу.<br>**Міндеттері:** Сылдырмақпен бірқалыпты ырғақты ойын қимылдарынбереотырып қимылдар жасау; әнніңсөздері мен жеке буындардыбіргеайтуғаүйрету. Ойын арқылы музыкаға қызығушылығын арттыру. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>*«Жүгіру» (Т. Ломова).*<br>«Сылдырмақтар»<br>(М. Раухвергер);<br>«Көңілдіырғақ»<br>(халықәні «Еркем-ай» өңдеген Б. Дәлденбай)»<br>**Музыка тыңдау**<br>«Жайжүру» (Р. Леденев)<br>**Әнайту**<br>«Қуыршақпенбилейміз» (Ж. Тұрсынбаев,<br>Е. Өтетілеуұлы) |
| | **«Ән шырқайық!»**<br>**№ 5-6**<br>27.09.2021<br>27.09.2021 | 2 | **Мақсаты:** Мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беруге баулу.<br>**Міндеттері:** Түрлі ырғақты, фортепиано аспабында орындалған әуендерді тыңдау, бірқалыпты ырғақты, музыканың ашық берілген | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Марш» (Е. Тиличеева),<br>«Сылдырмақтар»<br>(М. Раухвергер);<br>«Көңілдіырғақ»<br>(халықәні «Еркем-ай», |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | сипатына сай түрлі бейнелік ойын қимылдарын бере отырып заттармен (сылдырмақпен) қимылдар жасау; ән айтуда жеке сөздерді айғайламай айтуды қалыптастыру.<br>Түрлі жанрлы музыкалық шығармалардытыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. | өңдеген Б. Дәлденбай)»<br>**Музыка тыңдау**<br>«Құлыншақ» (Е. Ташенов, Ә.Тәжібаев)<br>**Ән айту**<br>«Бала, бала, балапан» (И. Нүсіпбаев, Ж. Смақов),<br>«Қуыршақпен билейміз» (Ж. Тұрсынбаев, Е. Өтетілеуұлы) |
| **Жомарт күз** | **«Күн мен жаңбыр» № 7**<br>04.10.2021 | 1 | **Мақсаты:** Музыкалық қабілеттерін арттыру, ән тыңдауға баулу.<br>**Міндеттері:** Шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату секілді қарапайым би қимылдарын үйрету;<br>қимылды-әуендіойындарарқылы әуенді сезіне қимылдар жасауға баулу.<br>Үлкендермен қосыла ән айтуға үйретуді жалғастыру. Қызығушылықтарын арттыру, қуанышты көңіл күй сезімін ояту. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Жүру», «Жүгіру» (Р. Рустамов),<br>«Марш» (Е. Тиличеева);<br>Ойын «Серуен мен жаңбыр» (М. Раухвергер)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Жаңбыр» (М. Миклашевская)<br>**Ән айту**<br>«Жаңбыр» (Д. Ботбаев, И. Сапарбаев),<br>«Бала, бала, балапан» (И. Нүсіпбаев, Ж. Смақов) |
| | **«Көңілді тамшылар» № 8** | 1 | **Мақсаты:** Жай және ойнақы әуеннің ырғақтарын ажыратуға баулу.<br>**Міндеттері:** Педагогтің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Жүру», «Жүгіру» (Р. Рустамов); |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 11.10.2021 | | жеке буындарды дұрысайтуға үйрету.Түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдап, тану, әуен ырғағымен қимыл-қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру. | Ойын «Серуен мен жаңбыр» (М. Раухвергер)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Жаңбыр» (өңд. В. Фере)<br>**Ән айту**<br>«Жаңбыр»<br>(Д. Ботбаев, И. Сапарбаев),<br>«Бала, бала, балапан»<br>(И. Нүсіпбаев, Ж. Смақов) |
| | **«Әдемі жапырақтар»**<br>**№ 9-10**<br>18.10.2021<br>25.10.2021 | 2 | **Мақсаты:** Музыкалық қабілеттерін арттыру, ән тыңдауға баулу.<br>**Міндеттері:** Аспаптың сүйемелдеуімен орындалатын билерде музыка әуеніне сәйкес (жоғары-төмен, баяу-жылдам) бір қимылдан басқа қимылдарға ауысуға және ересектің ән айтуына еліктеп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен айтуға үйрету. Музыка арқылы сұлулық пен әдемілікке тәрбиелеу. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Жүгіру және секіру»<br>(Т. Ломова)<br>«Күзгі жапырақтар биі»<br>(«Вальс» А. Жилин);<br>Ойын «Жемістер жинау»<br>(«Ойын» Р. Шафаг)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Балалар полькасы»<br>(М. Глинка)<br>**Ән айту**<br>«Күз келді»<br>(А. Досмағанбет), «Жаңбыр»<br>(Д. Ботбаев, И. Сапарбаев) |
| | **«Күзгі баққа серуен»**<br>**№ 11-12** | 2 | **Мақсаты:** Музыкалық қабілеттерін арттыру, ән тыңдауға баулу.<br>**Міндеттері:** Музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып, шеңбермен жүру | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Қыдырамыз» (Т. Ломова)<br>«Күзгі жапырақтар биі»<br>(«Вальс» А. Жилин); |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 1.11.2021<br>8.11.2021 | | қимылдарына, билерде сүйемелдейтін музыканың қарама-карсылығына сәйкес (ақырын-қатты, жоғары-төмен, баяу- жылдам) бір қимылдардан басқаларына ауыса білуге, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айтуға дағдыландыру. Музыкаға деген құштарлықтарын ояту, сүйіспеншіліктерін арттыру. | Ойын «Жемістер жинау»<br>(«Ойын» Р. Шафаг)<br>**Музыка тыңдау**<br>Үнтаспадан жаңбырдың дыбысын тыңдату.<br>**Ән айту**<br>«Күз келді»<br>(А. Досмағанбет), «Жаңбыр»<br>(Д. Ботбаев, И. Сапарбаев) |
| **Жануарлар әлемі** | **«Менің күшігім» № 13**<br>15.11.2021 | 1 | **Мақсаты:** Қарапайым би қимылдарының бірізділігін есте сақтауға үйрету.<br>**Міндеттері:** Музыканың ауыспалы кезеңдерін тыңдауға, музыканың жай және қатты дыбысталуын ажыратуға, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен айтуға,мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беру дағдыландыру. Үй жануарларына деген қамқорлық сезімдерін ояту. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Марш» (Ю. Соколовский),<br>«Күзгі жапырақтар биі»<br>(«Вальс» А. Жилин);<br>Ойын «Үйшігінді тап»<br>(Т. Сарыбаева)<br>**Ән айту**<br>«Күшігім»<br>(Т. Исалиев, М. Ерімбетов)<br>«Күз келді»<br>(А. Досмағанбет) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | «Ала мысық» № 14<br><br>22.11.2021 | 1 | **Мақсаты:** Әнді сахналауда қимылдардың жекеэлементтерін қолдану.<br>**Міндеттері:** Түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды тыңдауға, ажырата білуге, әнді жеке және топпен айтуға баулу, әуеннің басталуы мен аяқталуындағы дыбысталу күшін (қатты-баяу) ажырата білуге үйрету. Ән-ойын арқылы достық, жанашырлық сезімдеріне тәрбиелеу. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Марш» (Ю. Соколовский), «Мысықай мен мысық» (К. Қуатбаев, А. Асылбек).<br>Ойын «Үйшігіңді тап» (Т. Сарыбаева)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Мысықай» (В. Витлин)<br>**Ән айту**<br>«Мысық» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев), «Күшігім» (Т. Исалиев, М. Ерімбетов) |
| | «Кішкентай төлдер» № 15-16<br><br>29.11.2021<br>29.11.2021 | 2 | **Мақсаты:** Пьесалардың екі түрлі формасына қимылдарын ауыстыра білуге дағдыландыру.<br>**Міндеттері:** Әуенді тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру; әннің мағынасын түсініп, педагогтің дауысына еліктеп ырғағын дұрыс жеткізе орындауға машықтандыру. Үй жануарларына деген қызығушылық, қамқорлық сезімін тәрбиелеу. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Тұлпарым» (үнтаспада, Б. Бейсенова);<br>Ойын «Лақ пен күшік» (С. Соснин)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Ботақан» (Е. Өміров, Р. Наурызбаева)<br>**Ән айту**<br>«Әукім» (Е. Өміров, Р. Наурызбаева), «Мысық» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев), «Күшігім» (Т. Исалиев, М. Ерімбетов) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Қоңыр қонжық» № 17-18**<br><br>06.12.2021<br>06.12.2021 | 2 | **Мақсаты:** Әуеннің ырғағына,мәтініне сәйкес іс-әрекеттерді көрсете білуге баулу.<br>**Міндеттері:** Әртүрлі жанрлы музыкалық шығармаларды тыңдап, ырғағын сезінуге баулу; әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен жеке сөздерді айғайламай айтуға қалыптастыру.Әнгеүлкендермен қосыла айтуды үйрету; ойын арқылы қызығушылықтарын арттыру. Ойын арқылы ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Аюлар» (Е. Тиличеева),<br>«Жаттығулар»<br>(«Марш» Е. Тиличеева,<br>«Экосез» И. Гуммель);<br>Ойын «Қояндар мен аю»<br>«Қояндар», «Аю»<br>(Т. Попатенко)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Қоңыр аю қорбаңбай»<br>(Б. Дәлденбай)<br>**Ән айту**<br>«Қоңыр қонжық»<br>(Т. Сарыбаева)<br>«Әукім» (Е. Өміров,<br>Р. Наурызбаева) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Қош келдің, Жаңа жыл** | **Ормандағы сұр қоян № 19-20**<br><br>13.12.2021<br>20.12.2021 | 2 | **Мақсаты:** Музыкалық қабілеттерін арттыру, ән тыңдауға баулу.<br>**Міндеттері:** Тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеп, әннің сөздері мен жеке буындарына қосыла айтуға, мазмұнды ойын кейіпкерлері мен қимылдарының музыкалық сипатын беруге үйрету, екі түрлі пьесаның формасына қимылдарын ауыстыра білуге дағдыландыру. Қимылдық ойын арқылы қызығушылық сезімін ояту. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Жүру» (Р. Рустамов)<br>«Жаттығулар» («Марш» Е. Тиличеева, «Экосез» И. Гуммель);<br>Ойын «Қояндар мен қу түлкі» (Ж. Тезекбаев, И.Сапарбаев)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Қояндар», «Аю» (Т. Попатенко)<br>**Ән айту**<br>«Сұр қоян» (А. Филиппенко, өңдеген К. Үбәнұлы),<br>«Қоңыр қонжық» (Т. Сарыбаева) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Алғашқы қар»** **№ 21-22** 27.12..2021 27.12.2021 | 2 | **Мақсаты:** Музыкалық аспаптарда орындалған әртүрлі ырғақты, таныс әуендерді тыңдауға баулу. **Міндеттері:** Әуеннің екпінін сезіне жеткізу дағдыларын, әнді жеке және топпен айтуға; музыканың сипатына сайби қимылдарын орындауға қалыптастыру. Ән айтуға қызығушылықтарын арттыру, көтеріңкі көңіл күй сезімін ояту. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар** «Ақшақарлар биі» (үнтаспада, педагогтің таңдауымен), «Экосез» (И. Гуммель); Ойын «Қояндар мен қу түлкі» (Ж. Тезекбаев, И.Сапарбаев) **Музыка тыңдау** «Жаңа жыл – жаңа жыр» (Ә. Қонысбеков, Ұ. Қонысбекова) **Ән айту** «Сұр қоян» (А. Филиппенко, өнд. К. Үбәнұлы), «Қоңыр қонжық» (Т. Сарыбаева) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Кішкентай шырша» № 23-24**<br><br>10.01.2022<br>17.01.2022 | 2 | **Мақсаты:** Әнді сахналауда қимылдардың жеке элементтерін қолдана білуге үйрету.<br>**Міндеттері:** Түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдап, сипатын сезіну; әннің ырғағына еліктей отырып ересекпен қосылып табиғи дауыспен айтуға дағдыландыру. Музыкаға сүйіспеншіліктерін, қабілеттерін арттыру. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Ақшақарлар биі» (үнтаспада, педагогтің таңдауымен);<br><br>Ойын «Шыршамызды сәндейміз»<br>(«Полька» В. Косенко)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Шырша шамы, жарқыра»<br>(Л. Аитова)<br>**Ән айту**<br>«Біздің шыршамыз»<br>(А. Есім),<br>«Сұр қоян» (А. Филиппенко, өңдеген К. Үбәнұлы) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Жаңа жыл мерекесі» № 25-26**<br><br>24.01.2022<br>24.01.2022 | 2 | **Мақсаты:** Қол шапалақтау және жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу секілді қарапайым би қимылдарының дағдыларын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:** Түрлі бейнелік ойын қимылдарын бере отырып заттармен қимылдар жасау дағдыларын қалыптастыру; бірқалыпты ырғақты, түрлі бейнелік ойын қимылдарын бере фортепиано сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, шеңбермен жүру дағдыларына машықтандыру, әнді жеке және топпен айтуға үйрету. Балаларға мерекелік қуанышты көңіл күй сыйлау, шаттық сезіміне бөленуіне жағдай жасау. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Марш» (Б. Дәлденбай),<br>«Қоңыраумен би»<br>(Е. Марченко),<br>Ойын «Шыршамызды сәндейміз»<br>(«Полька» В. Косенко)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Аязата» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев)<br>**Ән айту**<br>«Алақай» (Ә. Қонысбеков, Ұ. Қонысбекова),<br>«Біздің шыршамыз»<br>(А. Есім) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Қыс қызығы** | **«Көжекке арналған мереке» № 27-28**<br><br>31.01.2022<br>31.01.2022 | 2 | **Мақсаты:** Әнді сахналауда қимылдардың жеке элементтерін қолдану.<br>**Міндеттері:** Музыканың сипатына сай қимылдар жасауға, жаңа әндерді музыкалық-қимылдық көрсетусіз тыңдауға; ересектің дауысына еліктеп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, жекесөздерді айғайламайайту дағдыларын жетілдіру, түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш баяу және көңілді әндер тыңдау ережесінсақтауды қалыптастыру. Ізеттілікке, кішпейілділікке тәрбиелеу. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>Марш (Э. Парлов),<br>«Қояндар» (М. Раухвергер),<br>Қоңыраумен би» (Е. Марченко);<br>Ойын «Қояндар мен қу түлкі» (Ж. Тезекбаев, И.Сапарбаев)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Қояндар» (Е. Тиличеева)<br>**Ән айту**<br>«Сұр қоян» (А. Филиппенко, өңдеген К. Үбәнұлы),<br>«Алақай» (Ә. Қонысбеков, Ұ. Қонысбекова) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Қысқы орманға саяхат» № 29-30**<br><br>01.02.2022<br>01.02.2022 | 2 | **Мақсаты:** Мазмұнды ойындар арқылы қызығушылықтарын арттыру.<br>**Міндеттері:** Күрделі емес қимылдардың бірізділігін есте сақтауға, әннің сөздері мен жеке буындарын анық айтуға, музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, тани білу дағдыларын қалыптастыру. Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>Марш (Э. Парлов),<br>«Қояндар» (М. Раухвергер),<br>«Қоңыраумен би» (Е. Марченко);<br>Ойын «Қояндар мен аю» («Қояндар», «Аю» Т. Попатенко)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Нешеуміз?» (А. Токсанбаев, Е. Өтетілеуұлы)<br>**Ән айту**<br>«Пойыз» (Ж. Тұрсынбаев, А. Асылбек)<br>«Алақай» (Ә. Қонысбеков, Ү. Қонысбекова) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Биші аяқтар» № 31-32**<br><br>7.02.2022<br>7.02.2022 | 2 | **Мақсаты:** Музыкалық-ырғақтық қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:** Музыканы тыңдай білуді және оларға тән ерекшеліктерін ажырата білуді үйрету; ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау; әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру; таныс қимылдарды қайталау, еске сақтау. Музыкалық қабілеттерін жетілдіру, қызығушылықтарын арттыру. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Марш» (Б. Дәлденбай),<br>«Етіктер» (орыс халық әуені, Т. Ломова);<br>Ойын «Құрсау-құрсау» (Ө. Байділдаев, М.Әлімбаев)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Полька» Д. Кабалевский<br>**Ән айту.**<br>«Пойыз» (Ж. Тұрсынбаев, А. Асылбек), «Сұр қоян» (А. Филиппенко, өңдеген К. Үбәнұлы),<br>«Алақай» (Ә. Қонысбеков, Ұ. Қонысбекова) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Менің отбасым** | **«Ақ әжем» № 33-34**<br><br>14.02.2022<br>14.02.2022 | 2 | **Мақсаты:** Кейіпкерді әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:** Ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау; қол қимылдарын: "шапалақ-шапалақ", аяқ қимылдарын: "топ-топ" орындау, әнді уақытында бастау және аяқтау, озып кетпеу немесе қалып қоймау, кідірісті сақтау дағдыларына үйрету.<br>Әжеге деген сүйіспеншілік, ізеттілік сезімдеріне, құрметтеуге тәрбиелеу. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Тұлпарым» (үнтаспада, Б. Бейсенова),<br>«Шөжелерім» (өзбек х.әні, үнтаспада, Би билейміз жинағынан),<br>Ойын «Өз жұбыңды тап» («Лили полька» Тен Чу)<br>**Музыка тыңдау** «Қамажай» (халық әуені, өңдеген Н. Меңдіғалиев)<br>**Ән айту**<br>«Кел, балақан» (К. Қуатбаев, А. Асылбек),<br>«Пойыз» (Ж. Тұрсынбаев, А. Асылбек) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Әлди, әлди, ақ бөпем» № 35-36**<br><br>21.02.2022<br>28.02.2022 | 2 | **Мақсаты:** Музыкалық иллюстрациялармен сүйемелденген әңгімелерді қызығушылықпен тыңдауға баулу.<br>**Міндеттері:** Әндегі қайталанатын тіркестерді ересектердің дауыс интонациясына салып топпен айтуға, үнтаспадағы әндер мен пьесаларды тыңдауға, таныс қимылдарды қайталауға дағдыландыру; таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін ажырата білуді қалыптастыру.<br>Сәбилерге қамқорлық, жанашырлық көрсете білуге баулу. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Марш» (Э. Парлов), «Көктем гүлдері» («Вальс» Қ. Шілдебаев), Шөжелерім» (өзбек х. әні, үнтаспада);<br>Ойын «Өз жұбыңды тап» («Лили полька» Тен Чу)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Бесік жыры» (педагог таңдауы бойынша үнтаспадан)<br>**Ән айту**<br>«Ұйықта, бөпем» (Қ. Шілдебаев, А. Асылбек)<br>«Кел, балақан» (К. Қуатбаев, А. Асылбек) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Сүйікті анашым» № 37-38**<br><br>01.03.2022<br>01.03.2022 | 2 | **Мақсаты:** Кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:** Аяқтың ұшымен жүру,бір орында айналу,тербелу сияқты музыкалық-ырғақты қимылдарды еске сақтауға, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып айтуға үйрету. Балаларға мерекелік қуанышты көңіл күй сыйлау, шаттық сезіміне бөленуіне жағдай жасау. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Көктем гүлдері»<br>(«Вальс» Қ. Шілдебаев),<br>Ойын «Құрсау-құрсау»<br>(Ө. Байділдаев, М.Әлімбаев)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Айналайын ақ мамам»<br>(И. Нүсіпбаев,<br>Ә. Табылдиев)<br>**Ән айту**<br>«Менің анам» (Л. Аитова),<br>«Ұйықта, бөпем»<br>(Қ. Шілдебаев, А. Асылбек) |
| **Алғашқы тамшылар** | **«Алақай, көктем!» № 39-40**<br><br>14.03.2022<br>14.03.2022 | 2 | **Мақсаты:** Көктем мезгілі туралы түсінік беру; әуенді сезіне білуге баулу.<br>**Міндеттері:** Аспапта педагогтің орындауындағы пьесаларды тыңдауға, қарапайым би қимылдарын (басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу, шеңбер бойымен жүру) бірге жасауға, күрделі емес қойылымдарға, ойындарға және билерге қатысу, әнді бірге уақытында бастап және аяқтауға дағдыландыру.<br>Ойынға белсене қатысуға үйрету, ұйымшылдыққа баулу. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Көктем гүлдері»<br>(«Вальс» Қ. Шілдебаев), Ойын «Гүлдер тереміз»<br>(«Полька» М. Красев)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Құстар ұшады» (А.Жилин)<br>**Ән айту**<br>«Менің анам» (Л. Аитова)<br>«Ұйықта, бөпем»<br>(Қ. Шілдебаев, А. Асылбек) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Наурыз – біздің мереке» № 41-42**<br><br>28.03.2022<br>28.04.2022 | 2 | **Мақсаты:** Балаларға наурыз мерекесі туралы түсінік беру.<br>**Міндеттері:** Әндегі қайталанатын тіркестерді ересектердің дауыс интонациясынасалып,әнайту дағдыларын қалыптастыру; музыкалық иллюстрациялармен сүйемелденген әңгімелерді қызығушылықпен тыңдауға баулу, күрделі емес қойылымдарға, ойындарға және билерге белсене қатысуға үйрету. Наурыз мерекесін сезінуге, ұлттық ойындарға қызығушылықтарын арттыру. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Қамажай» (үнтаспада, халық әні), «Тұлпарым» (үнтаспада, Б. Бейсенова);<br>Ойын «Бәйге» («Қара жорға» халық күйі, өңдеген Л. Хамиди)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Наурыз келді»<br>(Н. Дүкенбаев, Қ. Смағұлов)<br>**Ән айту**<br>«Наурыз» (А. Досмағанбет),<br>«Менің анам» (Л. Аитова) |
| | **«Шуақты күн» № 43-44**<br><br>04.04.2022<br>04.04.2022 | 2 | **Мақсаты:** Педагогтің аспапта орындауындағы пьесаларды тыңдау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:** Жаттығулар мен биде акырын-катты, жоғары-төмен, баяу-жылдам қимылдарын ауыстыра орындауға үйрету, ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау; табиғи дауыспен,күш түсірмей ән айту дағдыларын қалыптастыру.<br>Музыкалық қабілеттерін жетілдіру, қызығушылықтарын арттыру. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Жай жүру» (Р. Леденев)<br>Ойын «Құреау-құрсау»<br>(Ө. Байділдаев,<br>М. Әлімбаев)<br><br>**Музыка тыңдау**<br>«Көктем» (Л. Аитова)<br>**Ән айту**<br>«Наурыз» (А. Досмағанбет)<br>«Менің анам» (Л. Аитова) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Әрқашан күн сөнбесін** | **«Желбірей ді жалауша» № 45-46** 11.04.2022 11 04.2022 | 2 | **Мақсаты:** Әртүрлі ырғақты әннің мағынасын түсінуге баулу. **Міндеттері:** Түрлі аспаптарда педагогтің орындауындағы және үнтаспадағы әндер мен пьесаларды тыңдау, ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде үйренген әнді айта отырып, мағынасына сәйкес қимылдарды қайталауға, музыканың сипатына сай қимылдар жасауға дағдыландыру. Ұйымшылдыққа, бірізділікке, көппен бірге іс-әрекет жасауға тәрбиелеу. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар** «Марш» (Б. Дәлденбай) «Жалаушамен жаттығу» («Қазақ маршы» А. Затаевич), Ойын «Құрсау-құрсау» (Ө. Байділдаев, М.Әлімбаев) **Музыка тыңдау** «Марш» (Л. Шульгин) **Ән айту** «Жалауша» (А.Тоқсанбаев, И. Сапарбаев) «Наурыз» (А. Досмағанбет) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Ғажайыптар әлемінде** | **«Көңілді барабан» № 47-48**<br>18.04.2022<br>25.04.2022 | 2 | **Мақсаты:** Пьесалардың әртүрлі формасының сипатына сай қимылдарын ауыстыру, басталуы мен аяқталуындағыдыбысталу күшін (қатты-баяу) өзгертуге үйрету.<br>**Міндеттері:** Таныс әндерге өз беттерінше еркін қозғалуға, табиғи дауыспен күш түсірмей ән айтуға үйрету, ересектердің қимылдарына еліктеп, қиялдағы аспапта сүйемелдеу дағдыларын қалыптастыру. Түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>Марш (Б. Дәлденбай), «Марш» (Э. Парлов),<br>«Барабаншылар» (Д. Кабалевский),<br>«Бесік жыры» (С. Левидов).<br>«Қасықтар мен сылдырмақтар» («Полька» Л. Лядова)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Құлыншақтар шабады» (В. Витлин)<br>**Ән айту**<br>«Барабан» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев),<br>«Жалауша» (А. Тоқсанбаев, И. Сапарбаев) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Біздің аспаптар» № 49-50**<br><br>16.05.2022<br>16.05.2022 | 2 | **Мақсаты:** Музыканы тыңдай білуді, таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін ажырата білуді қалыптастыру.<br>**Міндеттері:** Күрделі емес қойылымдарға, ойындарға және билерге қатысу, музыканы тыңдай білуді және оларға тән ерекшеліктерін ажырата білуді қалыптастыру; аспаптың сүйемелдеуімен әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен орындауға және музыка сипатына сәйкес қозғалуға үйрету.<br>Балаларға қуанышты көңіл күй сыйлау. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Марш» (Э. Парлов),<br>«Барабаншылар» (Д. Кабалевский),<br>«Бесік жыры» (С. Левидов),<br>«Билейміз» (Е. Андосов).<br>«Қасықтар мен сылдырмақтар» («Полька» Л. Лядова)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Күн» (Т. Попатенко)<br>**Ән айту**<br>«Тәтті бала» (Т. Сопиев, С. Оспанов),<br>«Барабан» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Біздің аспаптар» № 49-50**<br><br>16.05.2022<br>16.05.2022 | 2 | **Мақсаты:** Музыканы тыңдай білуді, таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін ажырата білуді қалыптастыру.<br>**Міндеттері:** Күрделі емес қойылымдарға, ойындарға және билерге қатысу, музыканы тыңдай білуді және оларға тән ерекшеліктерін ажырата білуді қалыптастыру; аспаптың сүйемелдеуімен әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен орындауға және музыка сипатына сәйкес қозғалуға үйрету.<br>Балаларға қуанышты көңіл күй сыйлау. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Марш» (Э. Парлов),<br>«Барабаншылар» (Д. Кабалевский),<br>«Бесік жыры» (С. Левидов),<br>«Билейміз» (Е. Андосов).<br>«Қасықтар мен сылдырмақтар» («Полька» Л. Лядова)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Күн» (Т. Попатенко)<br>**Ән айту**<br>«Тәтті бала» (Т. Сопиев, С. Оспанов),<br>«Барабан» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Балақан мен алақан» № 51-52**<br><br>23.05.2022<br>23.05.2022 | 2 | **Мақсаты:** Таныс қимылдарды жаңа музыкаменсәйкесестесақтау, қайталау.<br>**Міндеттері:** Аспаптарда педагогтің орындауындағы әндер мен пьесаларды тыңдау, аяқтың ұшымен, өкшемен қою, орнында тұрып топылдату, шеңбер бойымен бір орында және шашыраңқы топылдатып жүруге машықтандыру. әндегі қайталанатын тіркестерді ересектердің дауыс интонациясына салып, айту дағдыларын қалыптастыру. Ән айтуға қызығушылықтарын арттыру, көтеріңкі көңіл күй сезімін ояту. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Билейміз» (Е. Андосов), «Орамалмен билейміз» (Т. Сарыбаева).<br>Ойын «Қақпа» («Марш» Э. Парлов, «Жүгіру» Т. Ломова)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Топ-топ, балақан» (М. Арынбаев, А. Асылбек, үнтаспада)<br>**Ән айту**<br>«Тәтті бала» (Т. Сопиев, С. Оспанов), «Барабан» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Қуыршақ Сәулеге концерт» № 53-54**<br><br>30.05.2022<br>30.05.2022 | 2 | **Мақсаты:** Музыкалық иллюстрациялармен сүйемелденген әңгімелерді қызығушылықпен тыңдауға баулу.<br>**Міндеттері:** Бубенмен, сылдырмақпен бірқалыпты ырғақты, түрлі бейнелік-ойын қимылдарын бере отырып заттармен қимылдар жасау; әнді жеке және топпен айту дағдыларын қалыптастыру. Көпшілік алдында еркін өнер көрсетуге, ән айту, би билеуге бейімдеу. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Сылдырмақпен би» («Жайдарман» қазақ халық әуені, өңдеген К. Қуатбаев).<br>«Орамалмен билейміз» (Т. Сарыбаева)<br>«Қасықтар мен сылдырмақтар» («Полька» Л. Лядова).<br>Ойын «Қақпа» («Марш» Э. Парлов, «Жүгіру» Т. Ломова)<br>**Ән айту**<br>«Тәтті бала» (Т. Сопиев, С. Оспанов),<br>«Барабан» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев),<br>«Жалауша» (А.Тоқсанбаев, И. Сапарбаев) |
| | | | **Барлығы** | **54 сағат** |

МКҚК «Ақмарал» бөбекжай балабақшасы

БЕКІТЕМІН:

Балабақша меңгерушісі

_________ А.С.Жаштаева

# ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ

# МУЗЫКА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ

# ЖОСПАРЫ

«Еркетай» ерте жас тобы

2021-2022оқу жылы

Музыка жетекшісі: Қамбарбекова М.

## № 1 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Қуыршақ Сәуле қонақта»
**Мақсаты:** Түрлісипаттағыәуендер тыңдап,музыканың көңіл күйін сезінугебаулу.
**Міндеттері:** Музыканы тыңдауға,тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеп біргеән салуға баулу; музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Мазмұнды ойындарға қуыршақтар қолдану арқылы қызығушылықтарын арттыру.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** ересектердің көрсеткен қимылдарын
қайталайды(жүгіреді, шеңбермен жүреді);
**түсінеді:** түрлі сипаттағы әуендер тыңдап,сипатын ажыратады;
**қолданады:** тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеп,бірге ән салады.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар,суретті иллюстрациялар,нота хрестоматиясы.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балаларды көңілді әуенмен қарсы алып, жеңіл жүгіруді ұсынады.
*«Жүгіру» (Т. Ломова)*
Педагог: Балалар, бүгін бізге қуыршақ Сәуле қонаққа келді. Қараңдаршы, қандай әдемі қуыршақ! Қане, бәріміз қуыршақ Сәулемен бірге серуенге шығайық. Аяғымызды нық басып жүреміз.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Серуен» (М.Раухвергер).*
Әуен ырғағымен жай жүреді.

- Ал енді бірге жүгірейік. (Аяқ ұшымен жүгіру).
- Жарайсыңдар, бірге қол шапалақтайық.
- Қуыршақ Айгүл сендерге риза болды.

Балаларға отырып, ән тыңдауды ұсынады.
***Музыка тыңдау.*** *«Бесік жыры» (халық әні,өңдеген Б.Дәлденбай)*
Аспапта ойналған әуенді тыңдау ережесіне баулу. Бесік тербетіп, сәби ұйықтатып отырған ананың суреті көрсетіледі. Әуенге сипаттама береді.
Педагог: Балалар қандай тамаша,
Ән салайық жараса!
***Ән айту.*** *«Қуыршақпен билейміз» (Ж.Тұрсынбаев,Е.Өтетілеуұлы)*
Әнді орындап, мазмұнына сәйкес іс-әрекеттерді бірге жасауды ұсынады. Балалар «қиялдағы» қуыршақты әлдилеген ишара жасап, ұйықтатқан сияқты қимылдар жасайды. Педагог қуыршақ Сәулемен би билеуге шақырады.
***«Қуыршақпен ойын» ойыны*** *(«Қуыршақпен ойын»Б.Жүсібәлиев, «Ойын»Б. Дәлденбай)*

Балаларғақуыршақтартаратылады. Бесік жырымен қуыршақтарын «тербете» ұйықтады. Көңілді әуен ойналғанда балалар қуыршақтармен айналып билейді. Қуыршақты ұстап, тербелу, бір орында айналу, аяқ топылдату т.б. қимылдарды көрсету, қайталау.
Балалардың көңіл күйіне қарай ойын 2-3 рет қайталанады.

**3. Рефлексия**

Педагог балаларды мадақтап, ризашылығын білдіреді.
Қуыршақ Сәулемен қоштасып, үйіне шығарып салайық деп ұсынады.

# № 2 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Қуыршақпен билейміз»
**Мақсаты:** Үлкендердің көмегімен әуенді қимыл-қозғалыс жасай білугеүйрету.
**Міндеттері:** Әнді тыңдап,мағынасын түсіну,созылыңқы дыбысталуғаеліктей отырып ересектермен қосылып ән айтуға дағдыландыру. Ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** үлкендерге ілесе қимыл-қозғалыс жасайды;
**түсінеді:** әнді тыңдап,мағынасын түсінеді;
**қолданады:** ересектермен қосылып, «әлди,әлди»сөзін қайталап біргеайтады.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар,жұмсақ ойыншықтар,нотахрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** әлди,әлди.

**ҰОҚ барысы**
**1. Ұйымдастыру кезеңі**
Қуыршақ ойыншықпен қарсы алу.
Педагог: Балалар, бүгін бізге тағы қонаққа қуыршақ Сәуле келді. Сәуле сендермен бірге жүгіріп, секіріп ойнағысы келеді. *«Жүгіру және секіру» (Т. Ломова)*
**2. Негізгі кезең**
***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Серуен» (М.Раухвергер)*әуеніне ілесіп жүруді, жеңіл жүгіруді ұсынады.
Балаларды отырғызып, ән тыңдауды ұйымдастыру.
- Енді қуыршақ Сәулемен бірге ән тыңдаңдар.

***Музыка тыңдау.*** *«Мұңды көңіл күй» (Г.Левкодимов)*
Музыканы тыңдап, созылыңқы әуеніне мән беру.
Қуыршақ Сәуле бүгін көңілсіз екен, көңілін көтеру үшін ән айтып берейік.
***Сөздік жұмыс:*** әлди,әлди.
***Ән айту.*** *«Қуыршақпен билейміз» (Ж.Тұрсынбаев,Е.Өтетілеуұлы)*

***«Көңілді ырғақ» ойыны*** *(халық әні«Еркем-ай»,өңдеген Б.Дәлденбай)*Балалар әуен ырғағына сай қол шапалақтайды, аяқтарын топылдатады, бір орында айналады. Әуен соңында отыра қалады.

**3. Рефлексия**

Педагог:

- Бүгін сендер қандай ойыншықпен ойнадыңдар?
- Сылдырмақ сендерге ұнады ма?

Балаларды мадақтап, мадақтау. Көңілді әуенмен шығарып салу.

# № 3-4 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Көңілді сылдырмақтар»
**Мақсаты:** Әуенді сезіне білуге,әннің мағынасын түсінуге баулу.
**Міндеттері:** Сылдырмақпен бірқалыпты ырғақты ойын қимылдарын береотырып қимылдар жасау; әннің сөздері мен жеке буындарды бірге айтуға үйрету. Ойын арқылы музыкаға қызығушылығын арттыру.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** сылдырмақпен би қимылдарын орындайды;
**орындайды:** әннің сөздері мен жеке буындарды бірге айтады;
**түсінеді:** әуенді сезіне біледі;
**қолданады:** шеңбер бойымен жүреді,аяқ топылдатады;
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** бала санымен сылдырмақтар,нотахрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** сылдырмақ.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балаларды көңілді әуенмен қарсы алып, жеңіл жүгіруді ұсынады. *«Жүгіру» (Т. Ломова).*

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтыққозғалыстар.*** *«Сылдырмақтар» (М.Раухвергер)*
***Сөздік жұмыс:*** сылдырмақ.
Сылдырмақтарды көрсетіп, балаларға үлестіреді.

Қолымызда сылдырмақ,
Сылдыр-сылдыр етеді.
Аяғымыз топылдап,
Өзі билеп кетеді.

Педагог сылдырмақтармен би қимылдарын көрсетіп, қызығушылықтарын арттырады. Қайталап, бірге жасауларын сұрайды.
***Музыка тыңдау.*** *«Жай жүру» (Р.Леденев)*
Әуен екінші рет орындалып, балаларды ортаға шақырады. Балалар қолдарын белдеріне қойып, зал ішінде «шашырап» тұрады. Әуеннің сипатына сай ырғақты сезіне орташа екпінде жүреді. Әуен ауысқанда балалар өздеріне жұп тауып, екеуден қол ұстасып, жай жүреді.
***Ән айту.*** *«Қуыршақпен билейміз» (Ж.Тұрсынбаев,Е.Өтетілеуұлы)* Тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеп, әнді топпен орындауға үйрету.

Ортада әлі ойын бар,
Қане, шыға қойыңдар!

Педагог балалардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында, көңілді ойын ұйымдастырады.

Әннің мағынасын түсініп, жеке буындарды ересектермен косыла айтуға үйрету. Қуыршақты ұстап, тербелу, бір орында айналу, аяқ топылдату т.б. кимылдарды көрсету, қайталау.

– Ал келіңдер, келіңдер,
Мені қуып жетіңдер! –

деп, ойынға шақырады. Қуыршақ Сәуле қашады, балалар қуады.

– Ал қанекей қашыңдар,
Аяқты тез басыңдар!

Балаларды қуыршақ Сәуле қуған болады.

– Балалар, Сәуле сендерді көңілді ойынға шақырып тұр.

***«Қуыршақпен ойын» ойыны*** *(«Қуыршақпен ойын»Б.Жүсібәлиев. «Ойын»Б.Дәлденбай)*

Балалардың көңіл күйіне қарай таныс ойын 2-3 рет қайталанады.

**3. Рефлексия**

Педагог:

- Бүгін бізге келген қонақтың аты кім?
- Қуыршақ Сәуле сендерге рахмет айтады, тағы да қонаққа келіп, сендермен бірге ән салып, би билейді.

Балаларды шығарып салады.

*Б.Дәлденбай).* Балаларды шеңбер бойымен тұрғызады. Әуеннің 1-бөлімінде қол шапалақтайды. Әуен ауысқанда қолдарын арқаларына жасырады.
2-бөлімінде аяқтарын топылдатады, бір орында тұрып айналады.
Әуен соңында аяқтарын жасырып, отыра қалады.
Ойынды 2-3 рет қайталауға болады.

**3. Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды. Бүгінгі күннің көңілді болғанын айтып, мадақтап, қоштасады.

## № 5-6 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Ән шырқайық!»
**Мақсаты:** Мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардын сипатын беругебаулу.
**Міндеттері:** Түрлі ырғақты,фортепиано аспабында орындалған әуендердітыңдау, бірқалыпты ырғақты, музыканың ашық берілген сипатына сай түрлі бейнелік ойын қимылдарын бере отырып заттармен (сылдырмақпен) қимылдар жасау; ән айтуда жеке сөздерді айғайламай айтуды қалыптастыру.
Түрлі жанрлы музыкалық шығармалардытыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру.
**Күтілетін нәтижелер:**

**жасайды:** сылдырмақпен ойын қимылдарын қайталайды;
**түсінеді:** музыкалық шығармаларды тыңдайды;
**қолданады:** ересекпен бірге жеке сөздерді айғайламай айта алады;
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** сылдырмақтар.
**Сөздік жұмыс:** балақан-алақан.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балаларды көңілді қарсы алады.
*«Марш» (Е. Тиличеева)* ойналып,балаларға аяктарын нық басып,топылдата,адымдай жүруді көрсету.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Сылдырмақтар» (М. Раухвергер).* Музыканың ашық көңілді сипатына сай бейнелік ойын қимылдарын бере отырып заттармен (сылдырмақпен) қимылдар жасауға үйрету. Балалар шеңбер бойымен жүріп, сылдырмақты сілкіп ойнайды.
Тоқтап, сылдырмақты арқаларына жасырып, аяқтарын топылдатады. Әуен ауысқында сылдырмақтарын жоғары көтеріп, ырғақты сезіне ойнайды. ***Музыка тыңдау.*** *«Құлыншақ» (Е.Ташенов,Ә.Тәжібаев)* Фортепиано аспабында орындалған жаңа әндерді музыкалық-қимылдық көрсетусіз тыңдау. Музыка тыңдауға қызығушылықтарын арттыру, әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру ***Сөздік жұмыс:*** балақан-алақан.

***Ән айту.*** *«Бала,бала,балапан» (И.Нүсіпбаев,Ж.Смақов)*әнін ересекпенқосылып, аспаптардың шығаратын дауысынан ауытқымай, әнді күш түсірмей, асықпай, жеке сөздерді айғайламай айтуға үйрету.
Таныс үйренген *«Қуыршақпен билейміз» (Ж.Тұрсынбаев,Е.Өтетілеуұлы)* әнін үйренуді жалғастыру. Мағынасына сай қимыл-қозғалыс жасауға үйрету.
***Ойын «Көңілді ырғақ»*** *(халық әні«Еркем-ай»,өңдеген*

*Б.Дәлденбай).* Балаларды шеңбер бойымен тұрғызады. Әуеннің 1-бөлімінде қол шапалақтайды. Әуен ауысқанда қолдарын арқаларына жасырады.
2-бөлімінде аяқтарын топылдатады, бір орында тұрып айналады.
Әуен соңында аяқтарын жасырып, отыра қалады.
Ойынды 2-3 рет қайталауға болады.

**3. Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды. Бүгінгі күннің көңілді болғанын айтып, мадақтап, қоштасады.

## № 7 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Күн мен жаңбыр»

**Мақсаты:** Музыкалық қабілеттерін арттыру,ән тыңдауға баулу.
**Міндеттері:** Шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату секілдіқарапайым би қимылдарын үйрету; қимылды-әуенді ойындар арқылы әуенді сезіне қимылдар жасауға баулу. Үлкендермен қосыла ән айтуға үйретуді жалғастыру. Қызығушылықтарын арттыру, қуанышты көңіл күй сезімін ояту.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** қарапайым би қимылдарын қайталайды (шапалақтайды, аяқтарымен топылдатады);
**түсінеді:** қимылды-әуенді ойындарды әуенді сезіне орындайды;
**қолданады:** үлкендермен қосылып ән айтады.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қолшатырлар,нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** қолшатыр.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балаларды қолшатырмен қарсы алады. Үнтаспада жаңбырдың дыбысы естіледі.

Педагог: Тырс-тырс тамады,
Жаңбыр көп жауады.

- Балалар, серуенге шығайық.*«Жүру» (Р.Рустамов).*

Балалар жай адымдап жүреді.
Педагог: Балалар, жаңбыр жауды, қолшатырға жүгіріңдер!
*«Жүгіру» (Р. Рустамов)* әуені ойналып,тез,жеңіл жүгіріп қолшатырғажасырынады.
***Сөздік жұмыс:*** қолшатыр.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.***
Педагог: Балалар, жаңбыр толастады. *«Марш» (Е.Тиличеева)* әуені ойналып, балалар шеңбер бойымен жүріп, орындықтарға отырады.

- Енді жайғасып отырып, ән тыңдайық!

***Музыка тыңдау.*** *«Жаңбыр» (М.Миклашевская).*
Әуен екінші рет орындалғанда ырғағына сай балаларға қол шапалақтап, аяқ топылдатуды үйрету.
***Ән айту.*** *«Жаңбыр» (Д.Ботбаев,И.Сапарбаев)*
Ән айтуға қызығушылықтарын ояту, ересектердің дауыс ырғағына еліктеп, қосылып айтуға баулу.
Таныс *«Бала,бала,балапан» (И.Нүсіпбаев,Ж.Смақов)* әнін үйренуді жалғастыру. Ән мазмұнына сай қимылдар жасау.
Педагог балалармен ойын ұйымдастырады.

***Ойын «Серуен мен жаңбыр»*** *(М.Раухвергер)*
Ойынға балалар санына байланысты 2-3 үлкен қолшатыр қолданылады.
Педагог: Балалар, мен сендерді көңілді серуенге шақырамын!

Қол ұстасып алайық,
Аяқты біз басайық!

Жаңбыржаусакенеттен
Қолшатырға қашайық!

А *бөлімі.* Балалар екеуден қол ұстасып,асықпай зал ішінде«серуендеп»жүреді.
Б *бөлімі.* Жеңіл,тез жүгіріп,қолшатырдың астына тығылып,жаңбырданжасырынады. Тамшыларды бақылайды.
Ойын 2-3 рет қайталанады.

**3. Рефлексия**
Педагог қорытынды жасайды.
– Балалар,сендерге бүгінгі ойын ұнады ма?
- Жаңбыр қалай жауады екен?
- Біз қалай жүгірдік?
- Аяқтарымызды топылдатып көрейікші.
- Ал енді кім көңілді қол шапалақтай алады?

## № 8 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Көңілді тамшылар»
**Мақсаты:** Жай және ойнақы әуеннің ырғақтарын ажыратуға баулу.
**Міндеттері:** Педагогтің дауыс ырғағына еліктеу,әннің сөздері мен жекебуындарды дұрыс айтуға үйрету.Түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдап, тану, әуен ырғағымен қимыл-қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** әуен ырғағымен қимыл-қозғалыс жасайды;
**түсінеді:** әуеннің ырғақтарын ажыратады;
**қолданады:** әннің сөздері мен жеке буындарды айта алады;
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қолшатырлар,жаңбырлы күннің суретті,нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** қолшатыр.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балаларды қолшатырмен қарсы алады. Үнтаспада жаңбырдың дыбысы естіледі.

Педагог: Балалар, қолшатыр алып, серуенге шығайық. *«Жүру» (Р.Рустамов).* Балалар жай адымдап жүреді.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.***

Педагог: Балалар, жаңбыр жауды, қолшатырға жүгіріңдер!
*«Жүгіру» (Р. Рустамов)* әуені ойналып,тез,жеңіл жүгіріп қолшатырғажасырынады.

Педагог: Балалар, жаңбыртоластады. Енді отырып, ән тыңдайық!
***Музыка тыңдау.*** *«Жаңбыр» (өңдеген В. Фере).*
Аспапта ойналған әуенді тыңдап,ересектердің көрсетуімен саусақтарын тізелеріне соғып әуен ырғағына сай «тамшыларды» көрсетеді.
Жаңбырлы күннің суреттерін көрсетіп, әңгімелеу.
***Ән айту.*** *«Жаңбыр» (Д.Ботбаев,И.Сапарбаев)*
Әннің сөздері мен жеке буындарын дұрыс айтуға дағдыландыру. Әннің мазмұнын түсініп, топпен қосылып айтуға үйретуді жалғастыру. Таныс *«Бала,бала,балапан» (И.Нүсіпбаев,Ж.Смақов)* әнінің ырғағымен қимыл-қозғалыс жасау дағдыларын еске түсіру, қайталау. Балаларға таныс ойынды ұсыну.
***Ойын «Серуен мен жаңбыр»***
*(М.Раухвергер)*Әуен ойналып, қолшатырлар алып, жай жүреді. Педагог: Сескенбейміз жаңбырдан,

Біз көңілді балдырған!

Ойын 2-3 рет қайталанады, балалардың қызығушылықтарын арттыру.
**3. Рефлексия**
Педагог қорытынды жасайды. Балалардан, жаңбыр тамшылары және қандай ән үйренгені туралы сұрайды. Балаларға ризашылығын білдіріп, мадақтайды.

## № 9-10 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Әдемі жапырақтар»
**Мақсаты:** Музыкалық қабілеттерін арттыру,ән тыңдауға баулу. **Міндеттері:** Аспаптың сүйемелдеуімен орындалатын билерде музыка әуенінесәйкес (жоғары-төмен, баяу-жылдам) бір қимылдан басқа қимылдарға ауысуға және ересектің ән айтуына еліктеп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен айтуға үйрету. Музыка арқылы сұлулық пен әдемілікке тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** би қимылдарын музыка әуеніне сәйкес ауыстырады;
**түсінеді:** ересектің ән айтуына еліктей алады;
**қолданады:** әнді күш түсірмей,табиғи дауыспен орындайды;
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** бала санына сәйкес түрлітүсті қағазданжасалған күзгі жапырақтар; жеміс, көгөніс муляждары, күз көрінісінің суреттері, нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** жарқырайды.

**ҰОҚ барысы**
**1. Ұйымдастыру кезеңі**
Балалардың кіруі. *«Жүгіру және секіру» (Т.Ломова)*
Педагог: Жүгіреміз, жүгіреміз,
Тоқтамайық, кәне, біз!

түрлерімен көңілді ойын ойнауға шақырады.
***Ойын «Жемістерді жинау*** Аяқ ұшымен жеңіл жүгіру.
Педагог: Екі аяқты қосайық,
Секіріп енді алайық!
Екі аяқты қосып секіру.
**2. Негізгі кезең**
***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.***
Педагог балалардың назарларын жапырақтарға аударады.
Қызыл-сары жапырақтар,
Алтындай жарқырайды.
Жел соғып кенеттен
Төгіліп құлайды.
***Сөздік жұмыс:*** жарқырайды.
*«Күзгі жапырақтар биі» («Вальс» А. Жилин).*
Педагог балаларғатүрлі түсті қатырма қағаздан жасалған күзгі жапырақтар таратып, биге шақырады. Үлкендердің көрсетуімен би қимылдарын қайталауды ұсынады.
А *бөлімі*.Жапырақтарды жоғары көтеріп тербеледі.
*Б бөлімі*.Зал ішінде еркін,жеңіл жүгіреді.
***Музыка тыңдау.*** *«Балалар полькасы» (М.Глинка).*
Пьесаны тыңдап, ырғағын, сипатын сезінуге баулу.
***Ән айту.*** *«Күз келді» (А.Досмағамбет).*

Жаңа әнді орындап, мағынасын түсіндіру. Күз көрінісінің суреттерін ұсынып, әңгімелеу. Әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен айтуға үйрету.
Таныс *«Жаңбыр» (Д.Ботбаев,И.Сапарбаев)* әнін қайталап, еске түсіру, айғайламай топпен айтуға дағдыландыру.
Педагог жемістер мен көгөніс» *(«Ойын»Р.Шафаг)*
Шашылған жеміс пен көгөніс түрлерін атап көрсетіп, жинап, себеттерге салуға шақырады.

Себеттерді алайық,
Жемістерді салайық!

Көңілді әуен ойналып, жемістерді жүгіре басып себеттерге салады. Ептілік пен шапшаңдыққа баулу.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды.
- Бүгінгі серуен сендерге ұнады ма?
- Бақтағы жапырақтардың түстері қандай екен?

Балаларды мадақтап, қоштасып, шығарып салады.

## № 11-12 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Күзгі баққа серуен»

**Мақсаты:** Музыкалық қабілеттерін арттыру,ән тыңдауға баулу.
**Міндеттері:** Музыканыңсүйемелдеуіменжүру және жүгіру,қол ұстасып, жұптасып, шеңбермен жүру қимылдарына, билерде сүйемелдейтін музыканың қарама-қарсылығына сәйкес (ақырын-қатты, жоғары-төмен, баяу-жылдам) бір қимылдардан басқаларына ауыса білуге, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айтуға дағдыландыру. Музыкаға деген құштарлықтарын ояту, сүйіспеншіліктерін арттыру.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** музыканың сүйемелдеуімен би қимылдарын орындайды;
**түсінеді:** ақырын-қатты, жоғары-төмен, баяу-жылдам би қимылдарын ауыстыра алады;
**қолданады:** созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып,ән айтады;
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** түрлі түсті қағаздан жасалған күзгіжапырақтар; жеміс, көгөніс муляждары, нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** серуен.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Балалардың кіруі.
Педагог балалармен сәлемдесіп, назарларын жапырақтарға
аударады. Кәне, мұнда қарайық, Алтын сары жапырақ.

Жинап-жинап алайық,
Серуенге барайық!

*«Қыдырамыз» (Т. Ломова)*
***Сөздік жұмыс:*** серуен.

2. **Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Күзгі жапырақтар биі»(«Вальс» А. Жилин).*
Би қимылдарын үйренуді жалғастыру. Ақырын-қатты, жоғары-төмен, баяу-жылдам және бір қимылдан басқаларына ауыса білуге үйрету.
***Музыка тыңдау.*** Үнтаспадан жаңбырдың,желдің дыбысын тыңдату.Жаңбыр мен желдің дыбысын естіп, табиғат құбылыстарына мән беруге, ажыратуға үйрету, әңгімелеу.
***Ән айту.*** *«Күз келді» (А.Досмағанбет)*әнін орындап,қайырмасынақосылуды ұсынады.
*«Жаңбыр» (Д. Ботбаев, И. Сапарбаев)* – таныс әнді ересектердің дауысынақосылып айтуға үйрену.
***Ойын «Жемістерді жинау»*** *(«Ойын»Р.Шафаг)*

Жеміс түрлерін атап көрсетіп, жинап, себеттерге салуға ұсынады. Көңілді әуен ойналып, жемістерді себеттерге салады. Ептілік пен шапшаңдыққа баулу.

3. **Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтап, ризашылығын білдіреді.
- Сендер ән айтып, би билеп жақсы өнер көрсеттіңдер. Жарайсыңдар!

Көңілді қоштасып, шығарып салады.

## № 13 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Менің күшігім»
**Мақсаты:** Қарапайымбиқимылдарының бірізділігін есте сақтауға үйрету.
**Міндеттері:** Музыканың ауыспалы кезеңдерін тыңдауға,музыканың жайжәне қатты дыбысталуын ажыратуға, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен айтуға,мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беру дағдыландыру. Үй жануарларына деген қамқорлық сезімдерін ояту.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** би қимылдарының бірізділігін есте сақтайды;
**түсінеді:** мазмұнды ойындарда қимылдардың сипатын бере алады;
**қолданады:** музыканың жай және қатты дыбысталуын ажыратып,әнді күштүсірмей орындайды.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** түрлі түсті қағаздан жасалған күзгіжапырақтар; ойыншық күшік, ойынға «үйшік»-құрсаулар; күшіктердің басқа киетін атрибуттары, нота хрестоматиясы. **Сөздік жұмыс:** күшік,Саққұлақ.

**ҰОҚ барысы**
1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балалардың көңілді әуен ырғағына *«Марш» (Ю.Соколовский)* аяқтарын топылдата, нық басып жүрулерін қадағалайды.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.***

*«Күзгі жапырақтар биі» («Вальс»А.Жилин).*

Педагог балаларғатүрлі түсті қатырма қағаздан жасалған күзгі жапырақтар таратып, биге шақырады. Таныс би қимылдарын педагог қимылдарына еліктеп, әуенге ілесе билеп үйренуді жалғастыру.

Әуен аяқталып, «үйшіктің» жанына келеді.

– Балалар, қандай әдемі үйшік!

(Үйшік ішінен тәрбиеші күшік дауысын салып, «әуп-әуп» деп дыбыстайды).

– Бұл үйшікте күшік тұрады екен.

Күшікті үйшіктен шығарып алып, балаларға көрсетеді.

- Кішкентай күшік Саққұлақ
  Қалай-қалай үреді? –

деп әндете сұрап, балаларды күшік дауысын салуға икемдейді, дауыстарын бақылап, мадақтайды.

***Ән айту***.Балалар,күшігімізді қуантып ән айтып берейік.

Ән *«Күшігім» (сөзі Т.Исалиев,музыкасын жазған М.Ерімбетов)* орындалады. Балаларғақайталап, қосылыпайтуды үйретеді.
Педагог әнді екінші рет орындап, әннің мәтіні, әуені туралы әңгімелейді. Жеңіл сөздерін қайталатып, бірге қосыла айтуға үйрету.

Таныс әнді *«Күз келді» (А.Досмағанбет)* орындап, бірге қосыла айтуды ұсынады.

***Сөздік жұмыс:*** күшік,Саққұлақ.

Педагог: Саққұлақ, Саққұлақ,
Бірге ойнайық шапқылап, -
деп балаларды ортаға ойынға шақырады.

***Ойын «Үйшігіңді тап»*** *(Т.Сарыбаева).*

Балаларға күшіктің атрибуттары кигізіледі.

- Шеңбер болып жүрейік,
  Әуен ойнап болған соң,
  Үйшікке біз кірейік, -

деп, балаларға ойын шартын көрсетіп, үйретеді. («Үйшік» орнына 5-6 құрсау қойылады). Ән-ойынның мазмұнына сәйкес қимылдар жасап, шеңбер бойымен аяқ топылдатып жүру, жүгіру, секіру. Әуен тоқтағанда, құрсауларға кіру. Ойын 2-3 рет қайталанады.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды.
- Балалар, сендерге күшікпен ойнаған ұнады ма?
- Саққұлақ әдемі, ақылды күшік екен.
- Балалар, Саққұлақ енді демалсын, үйшігіне баруға көмектесейік. Балаларды шығарып салады.

## № 14 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Ала мысық»
**Мақсаты:** Әнді сахналауда қимылдардың жеке элементтерін қолдану.
**Міндеттері:** Түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды тыңдауға,ажыратабілуге, әнді жеке және топпен айтуға баулу, әуеннің басталуы мен аяқталуындағы дыбысталу күшін (қатты-баяу) ажырата білуге үйрету. Ән-ойын арқылы достық, жанашырлық сезімдеріне тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** әуеннің басталуы мен аяқталуын ажыратады;
**түсінеді:** түрлі жанрлы музыкалық шығарманың мазмұнын түсінеді;
**қолданады:** әнді жеке және топпен орындайды;
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** ойыншық мысық,мысықтың басқакиетін атрибуттары, күшіктің суреті, нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** ала мысық.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балалардың көңілді әуен ырғағына *«Марш» (Ю.Соколовский)* аяқтарын топылдата, нық басып жүрулерін қадағалайды.
Педагог балаларды ойыншық мысықпен қарсы алады.
Балалар, бүгін бізге ала мысық қонаққа келді:

Тікірейіп құлағы,
Менен бұрын тұрады.
Бойын жазып, керіліп,
Беті-қолын жуады.

***Сөздік жұмыс:*** ала мысық.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.***
«Мысықай мен мысық» (К. Қуатбаев, А. Асылбек).

- Біз де ала мысық сияқты жүріп көрейікші, – деп, шеңбер бойымен мысықтың жүрісін, қимылын салып жүруді ұсынады.

*Педагог:* Ала мысық
айлалы,Дыбыстайды ол
қалай? –
деп сұрайды. Балаларға «мияу-мияу» деп қайталату.
Педагог балаларға кілемге жайғасып отыруды ұсынады. Мысықты орындық үстіне отырғызады.

- Ала мысық та сендермен бірге ән тыңдасын, – деп ән тыңдауға шақырады.

***Музыка тыңдау.*** *«Мысықай» (В.Витлин)*
Музыка тыңдау ережесіне баулу. Әуеннің сипатын сезінуге, баяу екпінін ажырата білуге үйрету.

***Ән айту.*** *«Мысық» (Б.Дәлденбай,Ж.Әбдірашев)*
Ойыншық мысықты көрсетіп, мысықтың сүйкімді үй жануары екені туралы түсіндіру.
Педагог балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді.
Ән екінші рет орындалғанда балаларға «мияу-мияу» сөздерін қосылып айтуын сұрайды. Әннің сөздерін еске сақтауға үйрету.
Педагог балаларға күшіктің суретін көрсетіп, қандай жануар екенін, қалай дыбыстайтынын сұрайды.
Таныс ән *«Күшігім» (Т.Исалиев,М.Ерімбетов)* орындап, бірге қосыла айтуды ұсынады.
Балаларды көңілді ойынға шақыру.
***Ойын «Үйшігіңді тап»*** *(Т.Сарыбаева).*
Балаларға күшіктің атрибуттары кигізіледі.

- Шеңбер болып жүрейік,
  Әуен ойнап болған соң,
  Үйшікке біз кірейік, -

деп балаларға ойын шартын естеріне түсіреді. («Үйшік» орнына 5-6 құрсау қойылады). Ән-ойынның мазмұнына сәйкес қимылдар жасап, шеңбер бойымен аяқ топылдатып жүру. Әуен тоқтағанда, құрсауларға кіру. Ойын 2-3 рет қайталанады.

**3. Рефлексия.**
Педагог қорытынды жасайды.
- Ала мысық қалай дыбыстайды екен?

Дауыстарын салған балаларды мадақтайды.
Қоштасып, балаларды шығарып салады.

## № 15-16 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Кішкентай төлдер»
**Мақсаты:** Пьесалардың екі түрлі формасына қимылдарын ауыстыра білугедағдыландыру.
**Міндеттері:** Әуенді тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру;әнніңмағынасын түсініп, педагогтің дауысына еліктеп ырғағын дұрыс жеткізе орындауға машықтандыру. Үй жануарларына деген қызығушылық, қамқорлық сезімін тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** пьесалардың екі түрлі формасына қимылдарын ауыстыра біледі;
**түсінеді:** әннің мағынасын түсінеді;
**қолданады:** әуенді тыңдау ережесін сақтайды;
**Қолданылатын көрнекі құралдар**:жайлау және үй жануарлары ментөлдерінің суреттері, ойыншықтары, «күшік» және «лақ» атрибуттары, нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** лақ,қошақан,бота,бұзау.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**
   Педагог балаларды көңілді әуенмен қарсы алып, жайлау көрінісін бейнелейтін көрнекі суреттерді көрсетеді.

Ойыншық төлдерді (бұзау, лақ, бота, құлыншақ, қозы) көрсетіп, қалай дыбыстауын айту.
Бота «бө-бө», лақ пен қошақан «мәә-мәә», құлыншақ «иоо-иоо» деп дыбыстайды деп түсіндіру.
***Сөздік жұмыс:*** лақ,қошақан,бота,бұзау.
**2. Негізгі кезең**
***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.***

Үнтаспада *«Тұлпарым»* *(Б.Бейсенова)* әуені ойналып, балаларға құлыншақтың шабысын көрсетіп, қайталатады. Аяқтыкөтере, жеңілқозғалуға үйрету.

Педагог: Ботақаны нардың
Жарға неге бардың?
Аяқтарың дірілдеп,
Секіре алмай қалдың.

Балаларды ән тыңдауға шақырады.

***Музыка тыңдау.*** *«Ботақан» (Е.Өміров,Р.Наурызбаева).*

Әннің көңіл күйін, сипатын түсіндіру. Әуенді тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру.

***Ән айту.*** *«Әукім» (Е.Өміров,Р.Наурызбаева)*әнін орындап,мағынасынтүсіндіру. Сиыр және бұзаудың суреттерін көрсету.

Педагог балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді.

Әнді екінші рет орындап, мәтінге сәйкес қимыл-қозғалыс жасауға үйрету.

*«Мысық» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев),*

*«Күшігім менің» (Т. Исалиев, М. Ерімбетов).*

Таныс әндерді балалардың қалауы бойынша қайталау, еске түсіру.

Педагог балалардан лақ пен күшіктің дауыстары туралы сұрап, әңгімелейді.

***Ойын «Лақ пен күшік»*** *(С.Соснин).*

Бір бала «күшік»-кейіпкер болып сайланады, атрибутын киеді, қалғандары «лақтар» болады. Әуен ойналып, жан-жаққа шашырап секіріп, жүгіріп ойнайды. Музыка аяқталғанда «күшік»-кейіпкер бала шығып, лақтарды қуа жөнеледі. Лақтар жан-жаққа қашып, күшікке ұстатпауы керек.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды.

- Қандай төлдермен таныстық? Олар қалай дыбыстайды екен?
- Құлыншақ қалай шабады?
- Ботақан қалай әндетеді?
- Лақ пен қошақан қалай секіреді?

Сұрақтар қою арқылы оқу қызметін пысықтау. Жауаптарды тыңдап, балаларды мадақтап, көңілді қоштасады.

# № 17-18 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі**:Музыка
**Тақырыбы:** «Қоңыр конжық»
**Мақсаты:** Әуеннің ырғағына,мәтініне сәйкес іс-әрекеттерді көрсете білугебаулу.
**Міндеттері:** Әртүрлі жанрлы музыкалық шығармаларды тыңдап,ырғағынсезінуге баулу; әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен жеке сөздерді айғайламай айтуға қалыптастыру. Әнге үлкендермен қосыла айтуды үйрету; ойын арқылы

қызығушылықтарын арттыру. Ойын арқылы ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** әуеннің ырғағына,мәтініне сәйкес іс-әрекеттерді көрсетеді;
**түсінеді:** ойын шарттарын түсініп,белсене қатысады;
**қолданады:** әнді күш түсірмей,табиғи дауыспен жеке сөздерді айтады;
**Қолданылатынкөрнекі құралдар:** қоңыраулар,конжықтың үйшігі,конжықтың атрибуттары, қояндар мен аюдың атрибуттары, құрсаулар – «қояндардың індері», нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** конжық.

**ҰОҚ барысы**
**1. Ұйымдастыру кезеңі**
Педагог балаларды көңілді қарсы алып, ересектердің көрсетуімен бірге қимылдар жасуды ұсынады.
*«Жаттығулар» («Марш» Е. Тиличеева, «Экосез» И. Гуммель)*
Марш екпінімен аяқ топылдата жүру, әуен ауысқында зал ішінде шашырап жүгіру.
**2. Негізгі кезең**
Педагог балаларға қоңыраулар үлестіреді.
- Қоңырауды соғайық
  Үнін естіп алайық,
  Дин-дон! Дин-дон! –

деп қоңырауды қозғап, сыңғырлатып көрсетеді.
Балаларға бірге қоңырауды сыңғарлатуды ұсынады.
Педагог балаларды үйшік жанына шақырып, қоңыр конжықты ұйқыдан оятып алуды ұсынады.
- Әлдеқашан таң атты,
  Ұйықтап жатқан конжықты
  Қоңыраулар оятты, –

деп, қоңырауларын соғуды сұрайды.
***Сөздік жұмыс:*** конжық.
Үйшік ішінен ойыншық конжықты алып шығады.
- Міне, конжық ұйқысынан оянды.
- Қане, балалар, хал-жағдайын сұрайық.

Балаларға қонжықты ұстап, сипап көруге мүмкіндік береді. Балалардан «Қонжықтың мұрыны, құлағы, аяғы, көзі қайда?» - деп сұрап, көрсетулерін талап етеді.

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.***

*«Аюлар» (Е. Тиличеева)*

Балаларға «қонжық» атрибуттары кигізіледі.

Педагог: Қонжықтар әйбат, тамаша!
Би билейік жараса!

А *бөлімі.* Балалар қолдарын алға соза дөңгелете ұстап,аяқтарын топылдатабасады.

*Б бөлімі.* Бір орында аяқтарын нық баса«қорбаңдап»айналады.

Би соңында педагог балаларға нағыз қонжықтарша билегендерін айтып, мақтайды.

***Музыка тыңдау. «Қоңыр аю қорбаңбай»** (Б.Дәлденбай).*

Музыка тыңдауға қызығушылықтарын арттыру, әуендерді тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. Шығарманың сипаты мен екпіні туралы айтып, аюдың қимыл-қозғалысын көрсетуді ұсыну.

***Ән айту.*** Қонжыққа арнап*«Қоңыр қонжық» (Т.Сарыбаева)*әнін орындап,тыңдауларын сұрайды. Педагог мазмұны туралы әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді.

Әнді екінші рет орындап, қонжықтың іс-әрекетін бірге жасауды сұрап, қадағалайды.

Таныс ән *«Әукім» (Е.Өміров,Р.Наурызбаева)* орындап, бірге қосыла айтуды ұсынады. Әннің сөздерін еске сақтауға үйрету.

***Ойын «Қояндар мен аю»** («Қояндар», «Аю»Т.Попатенко)*

Қояндар мен аюдың атрибуттары, құрсаулар-«қояндардың індері».

«Аю» кейіпкеріне бір бала тағайындалып, залдың бір шетінде ұйықтап отырады. Қалған балалар - «қояндар» індеріне – құрсаулар ішіне кіреді.

*«Қояндар» әуені* ойналып,зал ішінде балалар секіріп,жүгіреді.Әуен тоқтап, *«Аю» әуені* орындалғанда,аю ұйқыдан оянады.Қояндар жүгіріп,індерінеқашады, ал аю оларды ұстап алуға тырысады.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтап, ризашылығын білдіреді. Көңілді әуен ырғағымен шығарып салу.

## № 19-20 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Ормандағы сұр қоян»
**Мақсаты:** Музыкалық қабілеттерін арттыру,ән тыңдауға баулу. **Міндеттері:** Тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеп,әннің сөздері мен жекебуындарына қосыла айтуға, мазмұнды ойын кейіпкерлері мен қимылдарының музыкалық сипатын беруге үйрету, екі түрлі пьесаның формасына қимылдарын ауыстыра білуге дағдыландыру. Қимылдық ойын арқылы қызығушылық сезімін ояту.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** музыкалық пьесалардың сипатын ажыратады;
**түсінеді:** мазмұнды ойын кейіпкерлері мен қимылдарының музыкалықсипатын бере алады;

**қолданады:** ересектің дауыс ырғағына еліктеп,әннің сөздерін айтады;
**Қолданылатынкөрнекіқұралдар**:орман көрінісін бейнелейтіндекорациялар, қоян, аю түлкі атрибуттары, нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** сұр қоян.

**ҰОҚ барысы**
**1. Ұйымдастыру кезеңі**
Педагог балаларды орманға серуенге шақырады.
- Орманға барамыз,
  Біз көңілді баламыз.

Екеуден қол ұстасып жүруді ұсынады. *«Жүру» (Р.Рустамов)*
Әуен аяқталғанда «Міне, орманға да жеттік», - деп тоқтайды.
Бұта түбінде отырған қоянды байқап қалғандай, таңданып:
– Балалар, қарандаршы, мұнда отырған не, білесіңдер ме? - деп сұрайды.
- Бұл көңілді сұр қоян екен.

***Сөздік жұмыс:*** сұр қоян.
**2. Негізгі кезең**
Педагог ойыншық қоянды қолына алып:
- Мен қоянмын, қоянмын,
  Сәбізге мен тоямын.
  Қыста жейтін азықты,
  Толтырып жинап қоямын.

– Балалар, қоянмен бірге секіріп, көңіл көтерейік!
***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.***
*«Жаттығулар» («Марш» Е. Тиличеева)*
Аяқтарын нық басып, шеңбер бойымен топылдата адымдай жүреді. *(«Экосез» И. Гуммель)*
Балалар бөлме ішінде еркін, жеңіл жүгіреді. Бір орында тұрып айналады.
Әуен қайталанғанда қарама-қарсы бағытқа жүгіріп, қимылдар қайталанады.
– Жарайсыңдар, балалар!

***Музыка тыңдау.*** *«Қояндар.Аю» (Т.Попатенко).*

Пьесаларды аспапта орындап, сипатын ажыратуға үйретеді.

Екінші рет ойналғанда «Аю» кейіпкеріне бір бала тағайындалып, залдың бір шетінде ұйықтап отырады. Қалған балалар «қояндар» індеріне – құрсаулар ішіне кіреді. *«Қояндар»әуені* ойналып, зал ішінде балалар секіріп, жүгіреді. Әуен тоқтап, *«Аю»әуені* орындалғанда аю ұйқыдан оянады. Қояндар жүгіріп, індеріне қашады, ал аю оларды ұстап алуға тырысады.

Енді қоянға арнап ән айтып берейік.

***Ән айту.*** *«Сұр қоян» (А.Филиппенко,өңдеген К.Үбәнұлы)*Педагог орындап береді. Педагог мазмұны туралы әңгіме өткізеді.

Балаларды қайталап, қосылып айтуды үйретеді.

Әнді екінші рет орындап, балаларды қоянмен бірге билеуге шақырады. Әннің шумақтарында тәрбиеші мәтінге сәйкес қимылдарды көрсетеді.

Таныс ән *«Қоңыр қонжық» (Т.Сарыбаева)* еске түсіру, педагогпен қосылып әннің сөзін қайталау.

Орындықартындажасырылғанойыншық түлкіні алып:

- Жүрген жері күлкі,
  Бізге келді түлкі, – деп көрсетеді.

Түлкі: Кел, сұр қоян, тойлайық,
Балалармен ойнайық, – деп балаларға ойын ұсынады.

***Ойын «Қояндар мен қу түлкі»***

*(Ж.Тезекбаев,И.Сапарбаев)*ұйымдастырылады.

Мазмұнды ойын кейіпкерлерінің қимылдарын көрсете білуге үйрету. Тәрбиеші – түлкі, балалар – қояндар рөлінде. Ойын шартын қадағалайды.

- Түлкіге ұсталып қалмаңдар, – деп ескертеді.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды.

- Балалар, сендер тез жүгіре, секіре аласыңдар екенсіңдер!
  Сендер маған ұнадыңдар!

Балаларды көңілді шығарып салады.

## № 21-22 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Алғашқы қар»
**Мақсаты:** Музыкалық аспаптарда орындалған әртүрлі ырғақты,таныс әуендерді тыңдауға баулу.
**Міндеттері:** Әуеннің екпінін сезіне жеткізу дағдыларын,әнді жеке жәнетоппен айтуға; музыканың сипатына сай би қимылдарын орындауға қалыптастыру. Ән айтуға қызығушылықтарын арттыру, көтеріңкі көңіл күй сезімін ояту.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** музыканың сипатына сай би қимылдарын орындайды;
**түсінеді:** музыкалық аспаптарда орындалған әртүрлі әуендерді тыңдайды;
**қолданады:** әуеннің екпінін сезіне,әнді жеке және топпен айтады;
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** бала санына«ақшақар»таяқшалар-әшекейлер, қыс мезгілінің суретті көріністері. Аю, қояндар, түлкі атрибуттары, нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** ақшақар.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Үнтаспада әуен ойналып, педагог балаларды карсы алады.
Шеңбер бойымен қол ұстасып жұппен жүруге үйрету.
*«Экосез» (И. Гуммель)* Шеңбер бойымен қол ұстасып,айналып жүругемашықтандыру.

**2. Негізгі кезең**

Педагог балаларды отырғызып, демалуды ұсынады.
«Қысқы ойындар» иллюстрациясын көрсетіп, қыс мезгілі туралы түсінік беру, әңгімелеу. Табиғаттағы өзгерістерге көңілдерін аудару.

Қарандаршы далаға,
Дала аппақ ақша қар.
Тал мен үйлер далада
Жамылыпты ақша қар.

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Ақшақарлар биі» (үнтаспада,педагогтің таңдауы бойынша).*
Балаларға «ақшақарлар» - әшекейлер таратылады. Педагогтің көрсетуімен «ақшақарлардың» күрделі емес би қимылдарын - тербелу, бір орында айналу - «ұшуын», бір-бірінің артынан шеңбер бойымен жеңіл жүгіру - «қонуын» т.б. қимылдарын бірге жасауға үйрету.
***Сөздік жұмыс:*** ақша қар
***Музыка тыңдау.*** *«Жаңа жыл-жаңа жыр» (А.Қонысбеков,Ұ.Қонысбекова)*әнін орындап, мұқият тыңдауды сұрайды. Әннің көңіл күйін сұрап, жаңа жыл мерекесі туралы айтып түсіндіру.
***Ән айту.*** Жеке және топпен ән айту.
*«Сұр қоян» (А. Филиппенко, өңдеген К. Үбәнұлы)* әнінің ырғағына еліктейотырып, ересекпен қосылып табиғи дауыспен орындауын қадағалау. Ән мазмұнына сай қимылдар жасауға жалғастыру.
*«Қоңыр қонжық» (Т. Сарыбаева)* әнін еске түсіру,қайталау.
Педагог балаларды көңілді ойынға шақырады. Балаларға қоян атрибуттары кигізіледі.
***Ойын «Қояндар мен қу түлкі»*** *(Ж.Тезекбаев,И.Сапарбаев).*
Тәрбиеші – түлкі, балалар – қояндар рөлінде. Ойын шартын сақтап, әуендерді еске сақтауға, ептілікке үйрету.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Балалардың белсенді қатысқанын ерекше айтып, мақтау. Ризашылығын білдіреді.

- Сендер ән айтып, би билеп жақсы өнер көрсеттіңдер. Жарайсыңдар! Көңілді әуен ырғағымен шығарып салу.

## № 23-24 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Кішкентай шырша»
**Мақсаты:** Әнді сахналауда қимылдардың жеке элементтерін қолдана білугеүйрету.
**Міндеттері:** Түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды:ән,полька,марш,вальс, баяу және көңілді әндер тыңдап, сипатын сезіну; әннің ырғағына еліктей отырып ересекпен қосылып табиғи дауыспен айтуға дағдыландыру.

Музыкағасүйіспеншіліктерін, қабілеттерінарттыру.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** би қимылдарының жеке элементтерін қолданады;
**түсінеді:** баяу және көңілді әндер тыңдап,сипатын сезінеді;
**қолданады:** әннің ырғағына еліктеп,табиғи дауыспен қосылып орындайды.
**Қолданылатын көрнекі құралдар**:ойыншық3шырша,шыршаойыншықтары; бала санына сәйкес «ақшақар» таяқшалары, нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** шырша.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог көңілді әуенмен балаларды қарсы алып, ойыншық шыршаны қарап, тамашалауға шақырады.
***Сөздік жұмыс:*** шырша.
**2. Негізгі кезең**
***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Ақшақарлар биі» (үнтаспада,педагогтің таңдауы бойынша).*
Би қимылдарын еске түсіру, қайталау.
Би қимылдарының жеке элементтерін қолдануға үйрету.
Педагог өлең оқиды.

- Шыршамыз, шыршамыз,
Ән тыңдайық баршамыз.

***Музыка тыңдау.*** *«Шырша шамы жарқыра» (Л.Аитова)*әнін орындапбереді. Әннің сипаты, мазмұны туралы әңгімелейді. Екінші рет орындалғанда қол шапалақтау арқылы әннің ырғағын сезінуге үйрету. Шырша туралы қысқа әңгіме өткізу.

Міне, біздің шыршамыз
Қандай әдемі!
Қызыл-жасыл алаулар
Сәнге бөледі.

***Ән айту.*** *«Біздің шыршамыз» (А.Есім).*Әнді айтып,ән туралы әңгімеөткізу.
Педагог балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді.
Екінші ретінде тәрбиешінің көмегімен шыршаның айналасында мәтінге сай қимылдарды үйрету. Қолдарын жоғары көтере, қол білезіктерін айналдыру,

аяқ топылдату, қол шапалақтау, шеңбер бойымен шыршаны айналып жүруге машықтандыру.
Таныс әнін *«Сұр қоян» (А.Филиппенко,өңдеген К.Үбәнұлы)* еске түсіру, қайталау. Ән мазмұнына сай қимылдар жасауын қадағалау, пысықтау.
Педагог балаларға шыршамызды әсемдеп, безендірейік деп ұсыныс жасайды.
***Ойын «Шыршамызды сәндейміз»*** *(«Полька»В.Косенко).*

Ойыншықтар ілінген шыршаның көрнекілік суретін көрсету, әңгімелеу. Қауырсыннан жасалған ойыншықтарды шыршаға іліп, безендіруге, ептілікке үйрету.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Ризашылығын білдіріп, бүгінгі күнді өте көңілді өткізгендерін айтады. Балалармен көңілді қоштасады.

## № 25-56 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Жаңа жыл мерекесі»
**Мақсаты:** Қол шапалақтау және жартылай отыру,аяқтан аяққа тербелусекілді қарапайым би қимылдарының дағдыларын қалыптастыру.
**Міндеттері:** Түрлі бейнелік ойын қимылдарын бере отырып заттарменқимылдар жасау дағдыларын қалыптастыру; бірқалыпты ырғақты, түрлі бейнелік ойын қимылдарын бере фортепиано сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, шеңбермен жүру дағдыларына машықтандыру, әнді жеке және топпен айтуға үйрету. Балаларға мерекелік қуанышты көңіл күй сыйлау, шаттық сезіміне бөленуіне жағдай жасау.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** түрлі бейнелік ойын қимылдарын бере отырып заттармен қимылдар жасайды;
**түсінеді:** музыкалық шығарманың мазмұнын түсініп,көңіл күйін сезінеді;
**қолданады:** қарапайым би қимылдарының дағдыларын жасайды.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** бала санына«ақшақар»таяқшалары,кішкентай қауырсын шыршалар, шырша ойыншықтары, нота хрестоматиясы. **Сөздік жұмыс:** Аязата.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

*«Марш» (Б. Дәлденбай)* ойналып,педагог балаларды қарсы алады.
Марш екпінімен шеңбер бойымен адымдап жүруді ұсынады.
Педагог балаларға Аязатаны қарсы аламыз деп түсіндіреді.

- Аязата келеді,
  Тамашаны көреді.
  Риза болып қуанып,
  Бізге сыйлық береді.

Педагог: «Бізге бүгін қонаққа Аязата келді (ойыншық). Ол бізге әдемі қоңырауларын ала келіпті. Осы қоңыраулармен би билейміз», – деп ортаға шақырады.
***Сөздік жұмыс:*** Аязата.
**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Қоңыраумен би»* *(Е.Марченко).* Әуеннің 1-бөлімінде балалар қоңырауларды сыңғырлата, шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді.

2-бөлімде бір орында тұрып, әуен ырғағымен қоңырауды сыңғырлатады, бір орында айналады.

Педагог балаларды орындықтарға отырғызады. Аязатаның шырша тойындағы суреттері көрсетіледі. Бұл мерекедегі ең басты қонақты атап айтуларын сұрайды.

***Музыка тыңдау.*** *«Аязата» (Б.Дәлденбай,Ж.Әбдірашев)*

Әнді орындап, сипаты, мазмұны туралы айту. Көңілді ән екенін түсіндіру. Аязатаның түрін, киім үлгісі туралы тоқталып айту.

- Енді Аязатаға ән айтып берейік, - деп ұсыныс айтады.

***Ән айту.*** *«Алақай» (Ә.Қонысбеков,Ү.Қонысбекова)* әнін орындап,мұқияттыңдауды сұрайды. Мазмұны туралы әңгімелеу. Педагог балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді.

Екінші рет орындалғанда қол шапалақтау арқылы әннің ырғағын сезінуге үйрету.

Таныс *«Біздің шыршамыз» (А.Есім)* әнін еске түсіру, қайталау.

Жеке және хормен ән айту.

***Ойын «Шыршамызды сәндейміз»*** *(«Полька»В.Косенко)*

Қауырсыннан жасалған ойыншықтарды шыршаға іліп, безендіруге, шапшаңдыққа, ептілікке үйрету.

**3. Рефлексия**

Педагог сұрақтар қойып, балалардың қызығушылығын арттырады.

Жақын арада Аязатаның сыйлықтар алып келетінін айтады.

## № 27-28 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Көжекке арналған мереке»
**Мақсаты:** Әнді сахналауда қимылдардың жеке элементтерін қолдану.
**Міндеттері:** Музыканың сипатына сай қимылдар жасауға,жаңа әндердімузыкалық-қимылдық көрсетусіз тыңдауға; ересектің дауысына еліктеп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, жеке сөздерді айғайламай айту дағдыларын жетілдіру, түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш баяу және көңілді әндер тындау ережесін сақтауды қалыптастыру. Ізеттілікке, кішпейілділікке тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** музыканың сипатына сай қимылдар жасайды;
**түсінеді:** музыкалық шығармаларды тыңдау ережесін сақтайды;
**қолданады:** әнді күш түсірмей,табиғи дауыспен орындайды;

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** көжек ойыншық,нота хрестоматиясы.
**Сөздікжұмыс:** көжек.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог *«Марш» (Э.Парлов)* әуенімен балаларды қарсы алады.
Шеңбер бойымен тізбектеле жүруге үйрету.
Шеңбер бойымен қол ұстасып, аяқты топылдата жүру.

2. **Негізгі кезең**

Педагог балалардың назарын ортада тұрған ойыншыққа аударады.
Ойыншық орамалмен оралған, көзі, мұрыны, құлағы көрінбейді.
Балалардан бұл қандай ойыншық екенін сұрайды.

- Ұзын құлағы бар,
  Секіретін аяғы
  бар. Өзі қорқақ,
  Көзі бадырақ. Бұл не? *(Қоян)*
- Балалар, бұл қоянның баласы – кішкентай көжек екен.

Көжек аяздан тоңып қалыпты. Кәне, ойын ойнап, көжектің денесін қыздырып алайық! - деп ұсыныс айтады.
***Сөздік жұмыс:*** көжек.
Балаларды көжекпен бірге билеуге шақырады.
***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.****«Қояндар» (М.Раухвергер).*
Бір орында секіру қимылдарына дағдыландыру. Аяқ ұшымен жеңіл секіру, бір орында айналу, қол шапалақтау, қосаяқтап секіре басу т.б. таныс қимылдарды қайталау.
Таныс би *«Қоңыраумен би» (Е.Марченко)* қимылдарын қайталау.
Әуеннің 1-бөлімінде балалар қоңырауларды сыңғырлата, шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді.
2-бөлімде бір орында тұрып, әуен ырғағымен қоңырауды сыңғырлатады, бір орында айналады.

***Музыка тыңдау.*** *«Қояндар» (Е. Тиличеева).*

Музыка тыңдауға қызығушылықты және пьесаны тыңдау ерекшелігін сақтауды қалыптастыру. Әннің сипатын, екпінін сезінуге, ажырата білуге үйрету. ***Ән айту.*** *Педагог балаларға таныс әнді еске түсіруді ұсынады.*

*«Сұр қоян» (А. Филиппенко, [illegible])*

Әннің мәтініне сәйкес тәрбиешінің қимыл-қозғалысына қарап, би қимылдарын қайталайды, өз беттерінше билеуге талпынады.

Таныс әнді қайталау, еске түсіру. *«Алақай» (Ә.Қонысбеков,Ұ.Қонысбекова)*

Педагог балаларға қояндардың атрибуттарын кигізіп, ойын шартымен таныстырады.

***Ойын «Қояндар мен қу түлкі»***

*(Ж.Тезекбаев,И.Сапарбаев)*ұйымдастырылады. Тәрбиеші – түлкі, балалар – қояндар рөлінде.

Ойын шартын қадағалайды. «Түлкіге ұсталып қалмаңдар», - деп ескертеді. Ойын шартын сақтауға, әуендерді еске сақтауға, ептілікке үйрету.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды.

- Көжекпен бірге ойнаған, билеген сендерге ұнады ма?

Бүгінгі күндерінің өте көңілді болғанын айтып, мадақтайды.

Көңілді қоштасып, шығарып салады.

***Музыка тыңдау.*** *«Қояндар» (Е. Тиличеева).*
Музыка тыңдауға қызығушылықты және пьесаны тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. Әннің сипатын, екпінін сезінуге, ажырата білуге үйрету. ***Ән айту.*** Педагог балаларға таныс әнді еске түсіруді ұсынады.
*«Сұр қоян» (А. Филиппенко, өңдеген К. Үбәнұлы).*
Әннің мәтініне сәйкес тәрбиешінің қимыл-қозғалысына қарап, би қимылдарын қайталайды, өз беттерінше билеуге талпынады.
Таныс әнді қайталау, еске түсіру. *«Алақай» (Ә.Қонысбеков, Ұ.Қонысбекова)*
Педагог балаларға қояндардың атрибуттарын кигізіп, ойын шартымен таныстырады.
***Ойын «Қояндар мен қу түлкі»***
*(Ж.Тезекбаев,И.Сапарбаев)*ұйымдастырылады. Тәрбиеші – түлкі, балалар – қояндар рөлінде.
Ойын шартын қадағалайды. «Түлкіге ұсталып қалмаңдар», - деп ескертеді.
Ойын шартын сақтауға, әуендерді еске сақтауға, ептілікке үйрету.

**3. Рефлексия**
Педагог қорытынды жасайды.
- Көжекпен бірге ойнаған, билеген сендерге ұнады ма?
Бүгінгі күндерінің өте көңілді болғанын айтып, мадақтайды.
Көңілді қоштасып, шығарып салады.

## № 29-30 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Қысқы орманға саяхат»
**Мақсаты:** Мазмұнды ойындар арқылы қызығушылықтарын арттыру.
**Міндеттері:** Күрделі емес қимылдардың бірізділігін есте сақтауға,әнніңсөздері мен жеке буындарын анық айтуға, музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, тани білу дағдыларын қалыптастыру. Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** күрделі емес қимылдар жасап,музыка сипатына сәйкес қозғалады;
**түсінеді:** әндерді таниды және дыбыстардың жоғарылығын ажыратуын;
**қолданады:** мазмұнды ойындарға белсене қатысады.
**Қолданылатын көрнекі құралдар**: «паровоз»макеті, «қар үйіндісі»,ойыншық қоян мен қонжық. қонжықтың үйшігі, нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** пойыз.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог: Балалар, біз бүгін орманға саяхатқа барамыз. Орман өте алыста, – деп түсіндіреді.

- Орманға жету үшін мына «Көңілді пойызға» отырайық, – деп, «паровоз» макетін көрсетеді.

*Марш (Э. Парлов)* әуені ойналып,балалар«пойызға»отырады.

- Пойызға біз барайық,
Вагоннан орын алайық,–

деп «вагондарға» – тізбектелген орындықтарға жайғасуларын сұрайды.

***Сөздік жұмыс:*** пойыз.

2. **Негізгі кезең**

- Ал паровоз бастайды,
Пыш-пыш, пух-пух,
Ән айтып біз қостайық, –

деп балаларға «пыш-пыш, пух-пух» буындарын қайталап отыруларын сұрайды.

## № 29-30 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Қысқы орманға саяхат»
**Мақсаты:** Мазмұнды ойындар арқылы қызығушылықтарын арттыру.
**Міндеттері:** Күрделі емес қимылдардың бірізділігін есте сақтауға,әнніңсөздері мен жеке буындарын анық айтуға, музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, тани білу дағдыларын қалыптастыру. Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** күрделі емес қимылдар жасап,музыка сипатына сәйкес қозғалады;
**түсінеді:** әндерді таниды және дыбыстардың жоғарылығын ажыратуын;
**қолданады:** мазмұнды ойындарға белсене қатысады.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** «паровоз»макеті, «қар үйіндісі»,ойыншық қоян мен қонжық. қонжықтың үйшігі, нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** пойыз.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог: Балалар, біз бүгін орманға саяхатқа барамыз. Орман өте алыста, – деп түсіндіреді.

- Орманға жету үшін мына «Көңілді пойызға» отырайық, – деп, «паровоз» макетін көрсетеді.

*Марш (Э. Парлов)* әуені ойналып,балалар«пойызға»отырады.

- Пойызға біз барайық,
  Вагоннан орын алайық,–

деп «вагондарға» – тізбектелген орындықтарға жайғасуларын сұрайды.
***Сөздік жұмыс:*** пойыз.

2. **Негізгі кезең**

- Ал паровоз бастайды,
Пыш-пыш, пух-пух,
Ән айтып біз қостайық, –

деп балаларға «пыш-пыш, пух-пух» буындарын қайталап отыруларын сұрайды.

***Әнайту.*** *«Пойыз»әні(Ж.Тұрсынбаев,А.Асылбек)*әнін орындап,мұқияттыңдауды сұрайды. Мазмұны туралы әңгімелеу. Педагог балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді.
Ән қайталанғанда тәрбиеші мәтінге сәйкес қимыл-қозғалыстарды балаларға көрсетеді.
Таныс *«Алақай» (Ә.Қонысбеков,Ұ.Қонысбекова)* әнін еске түсіру, кайталау.
Әнінің мәтініне сәйкес би қимылдарын қайталау.
***Музыка тыңдау.*** *«Нешеуміз?» (А.Тоқсанбаев,Е.Өтетілеуұлы)*әнін айтып,мұқият тыңдауды ұсынады. Әнді орындап, сипаты, мазмұны туралы айту. Көңілді ән екенін түсіндіру.
Ән аяқталысымен балалар «көңілді пойыздан» түсіп, қысқы орманда «қыдырады». «Орманда» жүріп, «қар үйіндісінің» жанында тығылып отырған қоянға кездеседі. Педагог ойыншық қоянды қолына алады. Педагог: Ақ қоян-ау, ақ қоян!

Ұзын құлақ сақ қоян!
Қаша берме орманға,
«Қорқағым» деп ат қоям!

- Балалар, қоянға қоңыраулармен би орындап берейік, – деп ұсыныс жасап, балаларға қоңыраулар таратады.

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.***
*«Қоңыраумен би» (Е. Марченко)* әуеніне ілесе би қимылдарын бірге жасау,таныс биді қайталау, еске түсіру.
*«Қояндар» (М. Раухвергер).*
Балаларға қоян сияқты әуен сипатына сәйкес шеңбер бойымен бір орында жеңіл секіруді ұсынады.
Көңілді әуені орындалып, үйшіктен тәрбиеші - аю шығады.
Аю: Мен аюмын қорбаңбай,
Қимылдаймын қорбаңдай. Омартаны
көргенде, Бас қоямын ойланбай.
*(А.Асылбеков).*

Педагог аюды балалармен бірге көңіл көтеріп, ойнауға шақырады.
***Ойын «Қояндар мен аю»*** *(«Қояндар», «Аю»Т.Попатенко)*
Қояндар мен аюдың атрибуттары, құрсаулар-«қояндардың індері».
«Аю» кейіпкеріне бір бала тағайындалып, залдың бір шетінде ұйықтап отырады. Қалған балалар «қояндар» індеріне – құрсаулар ішіне кіреді. *«Қояндар» әуені* ойналып,зал ішінде балалар секіріп,жүгіреді.
Әуен тоқтап, *«Аю»әуені* орындалғанда, аю ұйқыдан оянады.
«Қояндар» жүгіріп, індеріне қашады, ал «аю» оларды ұстап алуға тырысады.

**3. Рефлексия**

Аю мен қоян балалармен қоштасып, өз үйшіктеріне «ұйықтауға» кететіндерін айтады. Педагог «көңілді пойызға» отырып, жолға шығатындарын ескертеді. Әуен ырғағымен «пойыз» балабақшаға оралады. Саяхаттың аяқталғанын, бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, балалармен қоштасады.

## № 31-32 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі**:Музыка
**Тақырыбы:** «Биші аяқтар»
**Мақсаты:** Музыкалық-ырғақтық кимылдарды бірге жасау дағдыларынқалыптастыру.
**Міндеттері:** Музыканы тыңдай білуді және оларға тән ерекшеліктерінажырата білуді үйрету; ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау; әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру; таныс қимылдарды
қайталау, еске сақтау. Музыкалық қабілеттерін жетілдіру, қызығушылықтарын арттыру.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** музыкалық-ырғақтық қимылдарды бірге жасайды;
**түсінеді:** музыканы тыңдай біледі және оларға тән ерекшеліктерін ажыратады;
**қолданады:** әнді айта отырып,сәйкес қимылдарды қайталайды;
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** 6-7құрсау,нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** етіктер.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балаларды қарсы алады.

- Қане, қане, тұрайық, Шеңбер жасап құрайық! – деп, шеңбер бойымен тұрғызады.

*«Марш» (Б. Дәлденбай)*.Әуен ырғағымен шеңбер бойымен жүруге үйрету.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Етіктер» (орыс халық әуені,Т. Ломова).*

Балалар екеуден қол ұстасып тұрады. Жұптасып, қол ұстаған күйде шеңбер бойымен жүреді. Балалар тоқтап, бір-біріне бұрылып тұрады.

Қолдарын беліне қояды, аяқтарын топылдата басады.

Педагог балалардың назарын музыка ырғағымен бір мезгілде қозғалысты бастау қажеттігіне аударады.

***Сөздік жұмыс:*** етіктер.

Педагог өлең оқиды.

Кел, балақан, кел енді,
Ән тыңдайық біз енді, - деп, ән тыңдауға шақырады.

***Музыка тыңдау.*** *«Полька» (Д.Кабалевский).*

Музыканы тыңдай білуді, шығармалардың сипатын ажырата білуді қалыптастыру. Екінші рет қайталанғанда әуенді шапалақпен, аяқты топылдатып, ырғағын сезіне қимылдар жасауға үйрету.

***Ән айту.*** *«Пойыз» әні (Ж. Тұрсынбаев, А. Асылбек).*

Әннің мазмұнына сәйкес қимыл-қозғалыстарды жасауға, дауыстарына күш түсірмей, айғайламай айтуға дағдыландыру.

Балалардыңқалауыбойыншатаныс әндерді жеке немесе топпен мәнерлеп орындау: *«Сұр қоян» (А.Филиппенко,өңдеген К.Үбәнұлы)*, *«Алақай» (Ә. Қонысбеков, Ұ. Қонысбекова).*

Педагог: Босқа қарап тұрмайық,
Кел, балақан, ойнайық!

***Ойын «Құрсау-құрсау»*** *(Ө.Байділдаев,М.Әлімбаев)*

Шеңбер бойымен қол ұстасып жүру, шеңберді кішірейту-үлкейту, отыру-тұру, қолдарының «білезіктерін» көтеріп, бұрау. Әуен соңында алдын ала қойылған құрсауларға кіру.

**3. Рефлексия**

Педагог: Балалар, бүгін жақсы билеп, ән айттыңдар.

- Біз қалай қол шапалақтадық?
- Аяқтарымызды қалай топылдаттық? Балаларды

мадақтайды. Қоштасып, шығарып салады.

## № 33-34 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Ақ әжем»
**Мақсаты:** Кейіпкерді әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру.
**Міндеттері:** Ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау; қол қимылдарын: "шапалақ-шапалақ", аяқ қимылдарын: "топ-топ" орындау, әнді уақытында бастау және аяқтау, озып кетпеу немесе қалып қоймау, кідірісті сақтау дағдыларына үйрету. Әжеге деген сүйіспеншілік, ізеттілік сезімдеріне, құрметтеуге тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** әнді айта отырып,сәйкес қимылдарды қайталайды;
**түсінеді:** кейіпкерді әңгіме бойынша танып,ажыратады;
**қолданады:** әнді уақытында бастайды және аяқтайды;
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қызыл,сары,жасыл түсті орамалдаржәне құрсаулар, ойыншықтар балапандар мен тауықтар, үй жануарлары мен құстар туралы суреттер, суретті нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** шөжелер.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балаларды қарсы алып, әжеге қонаққа баратындарын айтады. Әжемізге құлыншаққа отырып барамыз деп ұсынады.
*«Тұлпарым» (үнтаспада, Б. Бейсенова)* әнінің әуеніне ілесіп,құлыншақтыңшабысын үлкендердің көмегімен қайталайды.

**2. Негізгі кезең**

Әже кейіпкері ретінде тәрбиеші орамал тағып, қамзол киіп шығады. Сәлемдесу.

- Әжем келді, балақай,
  Алақай-ау, алақай.
  Әже бары жақсы ғой,
  Қуанышты балақай!

***Музыка тыңдау.*** *«Қамажай» (халық әуені,өңдеген Н.Меңдіғалиев)*Әуенді аспапта орындап, сипатына балалардың көңілдерін бөлу.

Екінші рет ойналғанда, әже балаларға қолдарының «білезіктерін» көтеріп, бұрап, би қимылдарын көрсетеді. Балалар бірге қайталайды.

***Ән айту.***

*«Кел,балақан»әнін(К.Қуатбаев,А.Асылбек,)*орындап,мазмұныбойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді. Екінші рет орындағанда тәрбиеші әннің мәтініне сай жай және қатты шапалақтап, аяқты жай басуды, топылдатуды көрсетеді. Ән қайталанғанда, балаларға жай және қатты шапалақтауды, ырғақпен қосыла қимылдауға машықтандыру.

Әжеге *«Пойыз»әнін(Ж.Тұрсынбаев,А.Асылбек)* айтып беруді ұсыну, қайталау.

Педагог: Әжеміздің ауласында не бар екен?

Әже ойыншық балапандар мен тауықтарын көрсетеді. Ауласындағы басқа да үй жануарлары, құстары туралы әңгімелейді, суретті көрнекіліктерді көрсетеді. Тауықтың шөжелерімен таныстырып, бірге билеуге шақырады.

Мамық үнді шөжелерім,
Нәзік үнді шөжелерім...

***Сөздік жұмыс:*** шөжелер.

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Шөжелерім» (өзбектің халық әні, үнтаспада). («Би билейміз» жинағынан).* .

Әннің мәтініне сай үлкендердің көрсетуімен би қимылдарын жасау.

***Ойын «Өз жұбыңды тап»*** *(«Лили полька»Тен Чу)*

Педагог балаларға қызыл, жасыл, сары түстегі орамалдарды көрсетіп, түстерін ажыратып, атап айтуларын сұрайды. Ойын шартын мұқият түсіндіреді.

Балаларға орамалдар таратылады. Әуен ырғағымен орамалды жоғары көтере қозғап, аяқты топылдата жүру, бір орында айналу т.б. таныс қимылдарын көрсету. Әуен тоқтағанда орамал түстеріне сәйкес құрсауларға бөлініп тұруға үйрету.

**3. Рефлексия**

Педагог сұрақтар қойып, балалардың қызығушылықтарын арттырады. Қоштасып, «құлыншаққа мініп», топқа қайтуды ұсынып, музыка залынан шығарып салуды ұйымдастыру.

## № 35-36 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Әлди-әлди,ақ бөпем»
**Мақсаты:** Музыкалық иллюстрациялармен сүйемелденген әңгімелердіқызығушылықпен тыңдауға баулу.
**Міндеттері:** Әндегі қайталанатын тіркестерді ересектердің дауысинтонациясына салып топпен айтуға, үнтаспадағы әндер мен пьесаларды тыңдауға, таныс қимылдарды қайталауға дағдыландыру; таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін ажырата білуді қалыптастыру. Сәбилерге қамқорлық, жанашырлық көрсете білуге баулу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** таныс қимылдарды қайталайды,жасайды;
**түсінеді:** үнтаспадағы әндер мен пьесаларды тыңдайды,түсінеді;
**қолданады:** ересектердің дауысына еліктеп топпен ән айтады;
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақ,бала санымен«гүлдер»,қызыл,жасыл, сары түстегі орамалдар, бесіктегі ұйықтап жатқан сәби мен анасының суреті.
**Сөздік жұмыс:** әлди-әлди.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог *«Марш» (Э.Парлов)* әуенімен балаларды қарсы алады.
Шеңбер бойымен тізбектеле жүруге үйрету.
Шеңбер бойымен қол ұстасып, аяқты топылдата жүру.
Педагог балаларды қуыршақ Сәулемен таныстырады, амандасады.
Қуыршақ Сәуле сендермен бірге көңіл көтергісі келеді.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** Таныс*«Шөжелерім» (өзбек х.әніүнтаспада, «Би билейміз» жинағынан)* биін еске түсіру,би қимылдарынүйренуді жалғастыру.
Педагог: Балалар, қуыршақ Сәулеге ән айтып берсек, жақсы ұйықтайды. Сендер де бірге мұқият тыңдаңдар! – деп ескертеді.
***Музыка тыңдау.*** *«Бесік жыры» (педагогтің таңдауы бойынша үнтаспадан)*үнтаспадағы пьесаны тыңдап, оларға тән ерекшеліктерді ажырата білуге баулу. Сурет көрсетіп, әңгімелеу.
Педагог ұйықтап жатқан қуыршақты көрсетіп:

- Балалар, қарандаршы, қуыршақ ұйықтап жатыр. Оянып кетпесін.

Біз оны бесігіне жатқызайық.

Әлди-әлди, ақ бөпем, Ақ
бесікке жат бөпем. Әлди-
әлди, бөпешім, Ұйықтай
қойшы, көкешім.

***Сөздікжұмыс:*** әлди-әлди.

***Ән айту.*** *«Ұйықта, бөпем» (Қ. Шілдебаев, А. Асылбек)*

Ұйықтап жатыр дамылдап,
Әлди, әлди, әлди-ай, –

деген жеріне келгенде дауысты бәсеңдетеді.

Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.

Балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді.

Әнді екінші рет орындап, балаларға «әлди-әлди» сөзін бірге қайталап айтып үйрету, асықпай, ақырын бірге қосыла айтуды ұсынады.

Таныс әнді *«Кел,балақан»әнін(А.Асылбек,Қ.Қуатбаев)* жеке немесе топпен мәнерлеп орындау.

- Қуыршағымыз әлі ұйықтап жатыр. Сәулел ұйқысынан тұрсын, тез оятып алайық.

***«Көктем гүлдері» биі*** *(«Вальс»Қ.Шілдебаев).*

Педагогтің көрсетуімен би қимылдарын жасайды. Гүлдерді жоғары көтеріп тербеледі, бір орында айналады, шеңбер бойымен гүлдерді қозғай жеңіл жүгіреді. Әуен соңында тізе бүгіп, отырады.

Педагог қуыршақ Сәулені көңілді ойынға шақырайық деп ұсыныс жасайды.

***Ойын «Өз жұбыңды тап»*** *(«Лили полька»Тен Чу)*

Қызыл, жасыл, сары түстегі орамалдарды қолданып, таныс ойынның шарты бойынша ептіліктерін көрсетіп белсене қатысуын қадағалау..

Балалардың көңіл күйіне қарай отырып, ойынды қайталайды.

**3. Рефлексия**

Үнтаспада «Әлди-әлди» әні қойылып, қуыршақ Сәулені ұйықтатып, бесігіне жатқызу керектігін айтады. Балалар «әлди-әлди» әуеніне қосылып, қуыршақты «ұйықтатады». Ақырын басып, музыка залынан шығады.

## № 37-38 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Сүйікті анашым»
**Мақсаты:** Кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша танудағдыларын қалыптастыру.
**Міндеттері:** Аяқтың ұшымен жүру,бір орында айналу,тербелу сияқтымузыкалық-ырғақты қимылдарды еске сақтауға, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып айтуға үйрету. Балаларға мерекелік қуанышты көңіл күй сыйлау, шаттық сезіміне бөленуіне жағдай жасау.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** музыка сипатына сәйкес қозғалады;
**түсінеді:** иллюстрация және әңгіме бойынша кейіпкерлерді ажыратады;
**қолданады:** созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып әнайтады.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Ана мен балалар бейнеленген суреттер,гүлдер, құрсаулар, нота хрестоматиясы.
**Сөздікжұмыс:** анашым.

**ҰОҚ барысы**
**1. Ұйымдастыру кезеңі**
Педагог балаларды үнтаспадан орындалған (педагогтің таңдауымен) көңілді әнімен қарсы алады. Әуенге жеңіл секіру, шапалақтау, кезекпен аяқтың ұшымен, өкшемен қою, орнында тұрып аяқ топылдату, шеңбер бойымен бір орында, шашыраңқы топылдатып жүру қимылдарын орындау ұсынады.
**2. Негізгі кезең**
Педагог балаларға гүлдер таратып беріп, көңілді би билеуге шақырады.

Көктем күні көрікті,
Қырға гүлдер шығыпты.
Анамызға біз арнап,
Би билейік көңілді!

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Көктем гүлдері» («Вальс»К. Шілдебаев)* ойналып,би элементтерін қайталауларын бақылайды.Би қимылдарын көрсетіп, балаларға бірге қозғалып, қайталауға үйрету. Педагог балаларға отырып демалып, ән тыңдауды ұсынады. Әуенді тыңдау ережесін қалыптастыруға назар аударады.
***Музыка тыңдау.*** *«Айналайын ақ мамам» (И.Нүсіпбаев,Ә.Табылдиев)*

Анашым, анам,
Еркелейді балаң.
Анашым, анам,
Құшағыма алам!

Әнді орындайды, кім туралы екенін сұрайды. Аналары мен балалары бейнеленген суретті көрнекілік көрсетеді. Аналардың балаға деген сүйіспеншілігі туралы әңгімелеу.

***Сөздік жұмыс:*** анашым.

***Ән айту.*** *«Менің анам» (Л.Аитова)*әнін орындап,мазмұны бойынша әңгімеөткізеді.

Қайталап орындағанда балалардың «ля-ля» буынына әндете бірге қосылуын қадағалайды. Бірге бастап, дауысына күш түсірмей ән салуларын қадағалау.

Таныс ән *«Ұйықта,бөпем» (Қ.Шілдебаев,А.Асылбек)* – қайталау, еске түсіру. Созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып, топпен және жеке орындауға дағдыландыру.

Ойынға белсене қатысуларын қадағалау.

***Ойын «Құрсау-құрсау»*** *(Ө.Байділдаев,М.Әлімбаев)*.

Балаларға ойын шарты түсіндіріледі. Шенбер бойымен қол ұстасып жүру, шеңберді кішірейту-үлкейту, отыру-тұру, қолдарының «білезіктерін» көтеріп, бұрау. Әуен соңында алдын ала қойылған құрсауларға кіру.

**3. Рефлексия**

Педагог: Анамызға арнап қандай ән үйрендік?

Бүгінгі күннің көңілді болғанын айтып, мадақтап, қоштасады.

Көңілді әуен ырғағымен шығарып салу.

## № 39-40 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Алақай,көктем!»
**Мақсаты:** Көктем мезгілі туралы түсінік беру;әуенді сезіне білуге баулу.
**Міндеттері:** Аспапта педагогтің орындауындағы пьесаларды тыңдауға,қарапайым би қимылдарын (басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу, шеңбер бойымен жүру) бірге жасауға, күрделі емес қойылымдарға, ойындарға және билерге қатысу, әнді бірге уақытында бастап және аяқтауға дағдыландыру. Ойынға белсене қатысуға үйрету, ұйымшылдыққа баулу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** қарапайым би қимылдарын әуенді сезіне жасайды;
**түсінеді:** әнді бірге уақытында бастап және аяқтауды;
**қолданады:** ойындарға және билерге белсене қатысады.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** себеттер,түрлі түсті қауырсын гүлдер,құстардың, гүлдердің суреттері-иллюстрациялар, нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** алаңқай.

### ҰОҚ барысы

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Балалар үнтаспадан орындалған (педагогтің таңдауымен) көңілді әнімен залға кіреді.
Педагог балаларды себет толы қызғалдақтармен қарсы алады.
Балаларға гүлдерді таратып береді.

- Гүлді қолға алайық,

Алаңқайға барайық! – деп қалағанынша гүлдерді ұстап, қызықтап көруге мүмкіндік береді.
***Сөздік жұмыс:*** алаңқай.
**2. Негізгі кезең**
***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Көктем гүлдері» («Вальс» Қ. Шілдебаев)* ойналып,балаларды гүлдермен биге шақырады.

Көктем күні көрікті,
Би билейік көңілді!

Педагог би қимылдарын көрсетіп, балалардың қайталап бірге билеулерін қадағалайды.
Педагог көктем туралы және құстардың, гүлдердің суреттерін көрсетіп, әңгіме өткізеді.
***Музыка тыңдау.*** *«Құстар ұшады» (А.Жилин)*педагогтің орындауындағыпьесаны тыңдап, сипаты мен екпініне балалардың назарын аудару.

Педагог: Балалар, аналарымызға арнап жаттаған әндерімізді қайталайық. Созылыңқыдыбысталуғаеліктейотырып, топпен және жеке орындауға дағдыландыру.

***Ән айту.*** *«Менің анам» (Л.Аитова)*әнін үйренуді жалғастыру,қайталау.Әндегі қайталанатын тіркестерді анық айтуға, бірге бастап, бірге аяқтауға бекіту.

*«Ұйықта, бөпем» (Қ. Шілдебаев, А. Асылбек)* –әнін қайталау,еске түсіру. Топпен және жеке орындауға дағдыландыру.

Педагог көктем гүлдерінің әдемілігі мен түстері туралы айтады.

***Ойын «Гүлдер тереміз»*** *(«Полька»М.Красев)*

Ойын шартын түсіндіреді.

Көңілді әуен ырғағымен шашылған гүлдерді түстеріне сәйкес себеттерге бөліп жинау. Ептілік пен шапшаңдыққа, түстерді ажыратуға, ұйымшылдыққа баулу. **3. Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды.

- Гүлдердің түстері қандай екен?
- Гүлдерді кімге арнап жинадыңдар?
- Құстар қалай ұшады екен? т.б. сұрақтар қою арқылы қортындылау.

Балаларды мадақтап, шығарып салады.

## № 41-42 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Наурыз–біздің мереке»
**Мақсаты:** Балаларға наурыз мерекесі туралы түсінік беру.
**Міндеттері:** Әндегі қайталанатын тіркестерді ересектердің дауысинтонациясына салып, ән айту дағдыларын қалыптастыру; музыкалық иллюстрациялармен сүйемелденген әңгімелерді қызығушылықпен тыңдауға баулу, күрделі емес қойылымдарға, ойындарға және билерге белсене қатысуға үйрету. Наурыз мерекесін сезінуге, ұлттық ойындарға қызығушылықтарын арттыру.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** күрделі емес қойылымдар,би қимылдарын қайталайды;
**түсінеді:** наурыз мерекесі туралы түсінеді;
**қолданады:** ересектердің дауыс интонациясына салып ән айтады;
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Наурыз мерекесінің көрінісі,көктемсуреттері, ойынға қажетті атрибуттар – ойыншық аттар, нота хрестоматиясы. **Сөздік жұмыс:** наурыз.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Музыка залында дөңгелек үстел жанында әже (тәрбиеші) балаларды көңілді әуенмен қарсы алады. Амандасады.

Жайдарымыз бәріміз,
Дастарқанда дәміміз.
Көжесі көп, қыры көк,
Қандай жақсы наурыз!

***Сөздік жұмыс:*** наурыз,

**2. Негізгі кезең**

Әже: Балалар, Наурыз мерекесі жақындап келеді. Наурыз айы келгенде күн жылынады, ағаштар жапырақ жаяды, гүлдер құлпырып өседі. Барлық адамдар наурыз мерекесін қуанып қарсы алады. Біз де көңілді би билеп, мерекеге дайындалайық.

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Қамажай» (үнтаспада, халық әні)* – үлкендердің көрсетуімен қыздар қазақ ұлттық биінің қарапайым түрлерінбірге қайталап жасайды.

Ұлдарға *«Тұлпарым» (үнтаспада,Б.Бейсенова)* әнінің ырғағына қарапайым би қимылдарын үйрету.

***Музыка тыңдау.*** *«Наурыз келді» (Н.Дүкенбаев,Қ.Смағұлов)*әнін орындап, мазмұнына түсінік беру.

***Ән айту.*** *«Наурыз» (А.Досмағанбет).*

Педагог әнді орындайды, мазмұны туралы әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді.

Әннің мәтініне сәйкес 1-шумақ орындалғанда балалар шеңбер бойымен жүруі тиіс. Қайырмасында бірге қол шапалақтайды. 2-шумағында балалар бір орында тұрып тербеледі.
Таныс ән *«Менің анам» (Л.Аитова)* – қайталау, еске түсіру.
Әндегі қайталанатын тіркестерді анық айтуға, бірге бастап, бірге аяқтауға жалғастыру. Топпен және жеке орындауға дағдыландыру.
Педагог балаларға ойыншық аттарды көрсетіп, ойын шартымен таныстырады.
***Ойын «Бәйге»*** *(«Қара жорға»халық күйі,өңдеген Л.Хамиди)*
Балалар кезекпен ортаға шығып, ойыншық атқа мініп жарысады.
Бірінші жеткен бала жеңімпаз «шабандоз» болып есептеледі.
**3. Рефлексия**
Әже балаларға ризашылығын білдіреді, мақтайды. Наурыз мерекесін бірге тойлауға шақырады. Жақсы ән салып, билегендері үшін алғысын білдіреді.
Көңілді әуен ырғағымен шығарып салу.

## № 43-44 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Шуақты күн»

**Мақсаты:** Педагогтің аспапта орындауындағы пьесаларды тыңдаудағдыларын қалыптастыру.
**Міндеттері:** Жаттығулар мен биде ақырын-қатты,жоғары-төмен,баяу-жылдам қимылдарын ауыстыра орындауға үйрету, ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау; табиғи дауыспен,күш түсірмей ән айту дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық қабілеттерін жетілдіру, қызығушылықтарын арттыру.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** үйренген әнді айта отырып,сәйкес қимылдарды қайталайды;
**түсінеді:** аспапта орындалған пьесаларды тыңдайды;
**қолданады:** табиғи дауыспен,күш түсірмей ән айтады.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** таяқшаға байланған түрлітүсті ленталар,көктем мезгілі мен күнді бейнелейтін көрнекілік-суреттер, «көңілді күн» смайлдері, нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** шуақты күн.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балаларды үнтаспадан орындалған (педагогтің таңдауымен) көңілді әнімен қарсы алады. Әуенге жеңіл секіру, шапалақтау, кезекпен аяқтың ұшымен, өкшемен қою, орнында тұрып аяқ топылдату, шеңбер бойымен бір орында, шашыраңқы топылдатып жүру қимылдарын өз еркінше би биледі ұсынады.

Күннің көзі ашылды,
Алтын нұры шашылды!
Аспанымда алтын күн,
Жарқырайды, жайнайды!

Педагог балалардың назарын күнге аударып, жылу, қуаныш сыйлайтыны туралы әңгімелейді.
***Сөздік жұмыс:*** шуақты күн.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Жай жүру» (Р.Леденев)*Әуеннің ырғағына сәйкес зал ішінде «шашырап» жүру. Әуен ауысқанда екеуден қол ұстасып жай жүру. Әуен 2 рет қайталанып, балалар әуенге ілесе жай екпінде жүреді.
***Музыка тыңдау.*** *«Көктем» (Л.Аитова).*
Көктем мезгілі сурет көрсету, әнгімелеу. Аспапта ойналған әуенді тыңдауға, әннің мазмұнына түсінік беру. Әннің көңілді сипатын, екпінін сезінуге, ажырата білуге үйрету.
***Ән айту.*** *«Наурыз» (А. Досмағанбет).*

Әннің мәтініне сай мәнерлі қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру. Әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен айтуға жалғастыру. Топпен және жеке орындауға дағдыландыру.

## № 45-46 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Желбірейді жалауша»
**Мақсаты:** Әртүрлі ырғақты әннің мағынасын түсінуге баулу.
**Міндеттері:** Түрлі аспаптарда педагогтің орындауындағы және үнтаспадағыәндер мен пьесаларды тыңдау, ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде үйренген әнді айта отырып, мағынасына сәйкес қимылдарды қайталауға, музыканың сипатына сай қимылдар жасауға дағдыландыру. Ұйымшылдыққа, бірізділікке, көппен бірге іс-әрекет жасауға тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** бірізділікпен,көппен бірге іс-әрекет жасайды;
**түсінеді:** әртүрлі ырғақты әннің мағынасын түсінеді;
**қолданады:** музыканың сипатына сай қимылдар жасайды;
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** түрлі түсті жалаушалар,құрсаулар,нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** жалауша.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Үнтаспада көңілді әуен ойналып, балаларға зал ішінде өз беттерінше еркін жүру ұсынылады.

Педагог түрлі түсті жалаушалар таратып, балаларды көңілді серуенге шақырады.

- Жалаушамен келеміз,
  Біз көңілді жүреміз, –

деп, жалаушаны көтере аяқты нық басып жүруге дағдыландырады.
*«Марш» (Б. Дәлденбай)*

***Сөздікжұмыс:*** жалауша.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Жалаушамен жаттығу» («Қазақ маршы» А. Затаевич)*

Жалаушаларды жоғары көтеріп «желбірете» қозғау, шеңбер бойымен жүру, аяқтарын топылдата басу, жалаушаларды төмен-жоғары сермеу қимылдарын үйрету.

Педагог жаттығудан соң балаларды отырғызып, ән тыңдауды ұсынады.

***Музыка тыңдау.*** *«Марш» (Л.Шульгин).* Шығарманы орындап, көңіл күйін, сипатын түсіндіру. Шапалақтау арқылы марш екпінін еске сақтауға үйрету. Әуенді тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру.

***Ән айту.*** *«Жалауша» (А. Тоқсанбаев, И. Сапарбаев).*

Әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді. Әннің мәтініне сәйкес жалаушаларды қозғау, қимылдарды бірге жасау.

Әнді екінші рет орындар алдында балаларды шеңбер бойымен тұрғызады. Таныс *«Наурыз» (А.Досмағанбет)* әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау.

Педагог балалармен ойын ұйымдастырады.

***Ойын «Құрсау-құрсау»*** *(Ө.Байділдаев,М.Әлімбаев).*

Шеңбер бойымен қол ұстасып жүру, шеңберді кішірейту-үлкейту, отыру-тұру, қолдарының «білезіктерін» көтеріп, бұрау. Әуен соңында алдын ала қойылған құрсауларға кіру. Таныс ойынның шарттарын еске түсіріп, белсене қатысуға үйрету.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды.

- Жалаушалар қандай түсте екен?
- Қалай желбірейді?

Балаларды мадақтап, ризашылығын білдіреді. Бүгінгі күннің көңілді болғанын айтып, мадақтап, қоштасады.

## № 47-48 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Көңілді барабан»
**Мақсаты:** Пьесалардың әртүрлі формасының сипатына сай қимылдарынауыстыру, басталуы мен аяқталуындағы дыбысталу күшін (қатты-баяу) өзгертуге үйрету.
**Міндеттері:** Таныс әндерге өз беттерінше еркін қозғалуға,табиғи дауыспенкүш түсірмей ән айтуға үйрету, ересектердің қимылдарына еліктеп, қиялдағы аспапта сүйемелдеу дағдыларын қалыптастыру. Түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру.
**Күтілетін нәтижелер:**

**жасайды:** пьесалардың түрлі формасының сипатына сай қимылдарын ауыстыраалады;
**түсінеді:** әртүрлі жанрлы музыкалық шығармаларды тыңдау ережесін сақтайды;
**қолданады:** ересектердің қимылдарына еліктеп,қиялдағы аспаптасүйемелдей алады; (сылдырмақ, барабан, бубен).
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** балалар аспаптары:сылдырмақ немесебубендер, қасықтар, барабандар, жалаушалар, нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** «соқ-соқ»,барабан.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Әуен *«Марш» (Б.Дәлденбай)* ырғағымен балалар залға кіреді. Аяқтарын нық қадам басып, марш екпінімен аяқтарын топылдата жүруге үйрету.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Марш» (Э. Парлов), «Барабаншылар» (Д. Кабалевский), «Бесік жыры» (С. Левидов).*
*«Марш»* ойналып,балалар шеңбер бойымен нық басып жүреді.
Әуен тоқтағанда балалар да тоқтап, шеңбер ішіне бұрылып тұрады.
*«Барабаншылар» әуені* орындалып,балалар барабан аспабында ойнағандайқимыл-ишара жасайды.
*«Бесік жыры»* ойналғанда балалар жүрелеп отырып,екі қолын оң жақ бетінеқойып, тынығып ұйықтағандай болады.
Ырғақты қимылдар бірнеше рет қайталанады.
Педагог балаларға орындықтарға жайғасып отыруды ұсынады.
***Музыка тыңдау.*** *«Құлыншақтар шабады» (В. Витлин).*
Музыка тыңдауға қызығушылықтарын арттыру, әуендерді тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. Шығарманың сипаты мен екпіні туралы айтып, құлыншақтың қимыл-қозғалысын көрсетуді ұсыну.
***Ән айту.*** *«Барабан» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев,)*
***Сөздік жұмыс:*** соқ-соқ.
Әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.
Балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді.

Екінші рет орындалғанда «соқ-соқ», «бір, екі, үш» сөздерін қосылып айтуға үйрету. Әннің мәтініне сай жасау арқылы қиялдағы аспапта сүйемелдеу дағдыларын – «барабанда ойнауды» ұсынады. Барабан аспабында ойналуын көрсету. 5-6 балаға барабан аспабында ойнап, әнге қосылып, «сүйемелдеуді» ұсынады.

Таныс ән *«Жалауша» (А.Тоқсанбаев,И.Сапарбаев)* еске түсіру, қайталау. Педагог жалаушалар таратады. Әннің мағынасына сай қимылдар жасау, жеке сөздерге әндете қосыла айтуға жалғастыру.

Педагогбалалар аспаптары сылдырмақ немесе бубендер, қасықтар, барабандар қолданып, шулы аспаптар оркестрін ұйымдастырады.

*«Қасықтар мен сылдырмақтар» («Полька» Л. Лядова).*

## № 49-50 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Біздің аспаптар»
**Мақсаты:** Музыканы тыңдай білуді,таныс әндерді және оларға тәнерекшеліктерін ажырата білуді қалыптастыру.
**Міндеттері:** Күрделі емес қойылымдарға,ойындарға және билерге қатысу,музыканы тыңдай білуді және оларға тән ерекшеліктерін ажырата білуді қалыптастыру; аспаптың сүйемелдеуімен әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен орындауға және музыка сипатына сәйкес қозғалуға үйрету. Балаларға қуанышты көңіл күй сыйлау.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** ойындарға және билерге қатысады, музыка сипатына сәйкес қозғалады;
**түсінеді:** таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін ажырата біледі;
**қолданады:** әнді аспаптың сүйемелдеуімен әнді күш түсірмей,табиғидауыспен орындайды.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** балалар аспаптары:сылдырмақ немесебубендер, қасықтар, барабандар, нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** аспаптар.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балалардың бір-бірінің соңынан кіріп, шеңбер бойымен тұруын ұйымдастырады.
*«Марш» (Э. Парлов), «Барабаншылар» (Д. Кабалевский), «Бесік жыры» (С. Левидов).*
Әртүрлі жанрдағы пьесалар орындалып, балалар ырғағы мен сипатына сәйкес қимылдар жасайды, таныс әуен қимылдарын еске түсіреді. Ырғақты қимылдарды 2-3 рет қайталауға болады.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Билейміз» (Е. Андосов).*

Балалар ересектердің көрсетуімен билейді. Жұптасып қарама-қарсы тұрып, әуен ырғағымен қол шапалақтайды. Қолдарын белдеріне қойып, жеңіл тізе бүгіп «серіппе» жасайды. Екеуден қол ұстасып, айналады. Әуен аяқталғанда бір-біріне иіледі.

***Музыка тыңдау.*** *«Күн» (Т. Попатенко)*

Аспапта ойналған әуенді тыңдауға, әннің мазмұнына түсінік беру.

Әннің көңілді сипатын, екпінін сезінуге, ажырата білуге дағдыландыру. ***Ән айту.*** *«Тәтті бала» (Т.Сопиев,С.Оспанов)*

Әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.

Балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді.

Әннің сөздері мен жеке буындарды анық айту, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айғайламай айтуды қалыптастыру.

Таныс *«Барабан» (Б.Дәлденбай,Ж.Әбдірашев.)* әнін еске түсіру, сипатына сай орындауға дағдыландыру.

Педагог балаларды оркестрде ойнауға шақырады.

Қалаған аспаптарын алуға мүмкіндік беру.

***Сөздік жұмыс:*** аспаптар.

*«Қасықтар мен сылдырмақтар» («Полька» Л. Лядова).*

Қасықтар, бубен және сылдырмақтарды қолданып, шулы аспаптар оркестрін ұйымдастыру. Әуенді тыңдап, аспаптарда кезекпен ойнауға және қосылып бірге ойнауға үйрету.

- Аспаптарды аламыз,
  Қорапшаға саламыз!

Балаларды ұқыптылықпен аспаптарды жинауға үйрету.

**3. Рефлексия**

Педагог сұрақтар қою арқылы балалардың қызығушылығын оятады.

- Қандай аспаптарда ойнадыңдар?
- Сылдырмақтың дауысы қандай?
- Барабан қандай дыбыс шығарады екен?

Бүгінгі күннің өте көңілді өткенін айтып, балаларды мадақтау.

Көңілді қоштасып, шығарып салу.

## № 51-52 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Балақан мен алақан»
**Мақсаты:** Таныс қимылдарды жаңа музыкамен сәйкес есте сақтау,қайталау.
**Міндеттері:** Аспаптарда педагогтің орындауындағы әндер мен пьесалардытыңдау, аяқтың ұшымен, өкшемен қою, орнында тұрып топылдату, шеңбер бойымен бір орында және шашыраңқы топылдатып жүруге машықтандыру.

әндегі қайталанатын тіркестерді ересектердің дауыс интонациясына салып, айту дағдыларын қалыптастыру. Әнайтуғақызығушылықтарынарттыру, көтеріңкі көңіл күй сезімін ояту.

**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** таныс қимылдарды жаңа музыкамен сәйкес есте сақтайды;
**түсінеді:** педагогтің орындауындағы әндер мен пьесаларды тыңдайды, еске сақтайды;
**қолданады:** әнді ересектердің дауыс интонациясына салып айтады.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** жалаушалар,түрлі түсті орамалдар,нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** алақан.

### ҰОҚ барысы

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балаларды *«Билейміз» (Е.Андосов)* әуенімен қарсы алып, сәлемдеседі. Үйренген би қимылдарын еске сақтауға, мәнерлеп орындауға үйрету. Жұптасып қарама-қарсы тұрып, әуен ырғағымен қол шапалақтайды. Қолдарын белдеріне қойып, жеңіл тізе бүгіп «серіппе» жасайды. Екеуден қол ұстасып, айналады. Әуен аяқталғанда бір-біріне иіледі.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Орамалмен билейміз»(Т. Сарыбаева)*

Балалар шеңбер бойымен тұрады. Қызыл, жасыл, сары түстегі орамалдар таратылады. Әуен ырғағымен орамалды жоғары көтере, қозғап, аяқты топылдата жүру, бір орында айналу т.б. таныс қимылдарын көрсету.

***Музыка тыңдау.*** *«Топ,топ,балақан» (М.Арынбаев,А.Асылбек,үнтаспада).*
Әннің мазмұнына, сипатына көңіл бөлу, түсінік беру.
Екінші рет тыңдалып, әннің мазмұнына сай қимылдарды көрсетіп, бірге қайталауын қадағалау. Мағынасына сәйкес шапалақтау, топылдату, қол білезіктерін айналдыру қимылдары жасалынады.

***Ән айту.*** *«Тәтті бала» (Т. Сопиев, С. Оспанов)*
Әннің сөз тіркестерін ересектердің дауыс интонациясына салып айту дағдыларын қалыптастыру. Ән айтуға қызығушылықтарын ояту, ересектердің дауыс ырғағына еліктеп, қосылып топпен айтуға баулу.
*«Барабан» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев)* қайталау.

«Соқ-соқ», «бір, екі, үш» сөздерін анық айтуға үйрету. Әннің мәтініне сай қимылдар жасау арқылы қиялдағы аспапта сүйемелдеу дағдыларын – «барабанда ойнауды» пысықтау.

Педагог балалармен ойын ұйымдастырады. Балаларды шапшаңдыққа, ептілікке баулитын ойын шартымен таныстырады.

***Ойын «Қақпа»*** *(«Марш»Э.Парлов, «Жүгіру»Т.Ломова).*

*«Марш» (Э. Парлов)* ойналып,балалар жалаушалармен зал ішінде шеңбербойымен аяқтарын топылдата нық басып жүреді. Әуен аяқталғанда

тәрбиеші бір балаға жақындап, жалаушаларды түйістіре ұстап «қақпа» жасайды.

*«Жүгіру» (Т. Ломова)* орындалғанда балалар кезекпен«қақпа»ортасынанжүгіріп өтеді. Ойын 2-3 рет қайталанып, *«Марш»әуенімен* аяқталады.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды.

- Балалар, сендерге бүгінгі ойын ұнады ма?
- Бүгін көңілді әуен тыңдап, би билediңдер, өте жақсы ойнадыңдар, жарайсыңдар! – деп мақтайды, көңілді қоштасып, шығарып салады.

## № 53-54 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Қуыршақ Сәулеге концерт»
**Мақсаты:** Музыкалық иллюстрациялармен сүйемелденген әңгімелердіқызығушылықпен тыңдауға баулу.
**Міндеттері:** Бубенмен,сылдырмақпен бірқалыпты ырғақты,түрлі бейнелік-ойын қимылдарын бере отырып заттармен кимылдар жасау; әнді жеке және топпен айту дағдыларын қалыптастыру. Көпшілік алдында еркін өнер көрсетуге, ән айту, би билеуге бейімдеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** түрлі бейнелік-ойын қимылдарын бере отырып заттармен кимылдар жасайды;
**түсінеді:** иллюстрациялармен сүйемелденген әңгімелерді қызығушылықпен тыңдайды;
**қолданады:** әнді жеке және топпен айтады;көпшілік алдында еркін өнеркөрсетеді.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:**
сылдырмақтар,қасықтар,бубенаспаптары, түрлі түсті орамалдар, нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** үй.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балаларды көңілді қарсы алады. Бұрышта тұрған үйді көрсетіп:
- Қандай әдемі үй! Мұнда кім тұрады екен? – деп ақырындап басып үйге жақындап, үйдің есігін қағып, «Мұнда кім тұрады?» – деп сұрайды.
- Балалар, қол шапалақтап дыбыстайық, мүмкін естілмей жатқан болар, – деп ұсыныс айтады.
- Енді аяғымызды қатты топылдатайық.

Үйдің терезесінен тәрбиеші қуыршақ Сәулені көрсетіп:
- Сәлеметсіңдер ме, балалар, – деп амандасады.

Педагог қуыршақты бірге ойнауға шақыруға ұсыныс жасайды.

Қуыршақ «қуана келісіп», балаларға қосылады.
***Сөздікжұмыс:*** үй.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Сылдырмақпен би» («Жайдарман»қазақ халық әуені, өңдеген К. Қуатбаев)*

Педагог балаларға сылдырмақтар үлестіреді.

Кәне, кәне, тұрайық,
Шеңберді тез құрайық.
Сылдырмақты көңілді
Былай-былай соғайық, –

деп сылдырмақты жоғары көтеріп, ойнап көрсетеді.

1-3 такт. Балалар сылдырмақты жоғары көтеріп, сылдырлатады;
4-6 такт. Бір аяқтың тізесін сәл бүгіп, сылдырмақты ақырын тізеге соғып сылдырлатады.
Әуен екінші рет қайталанғанда 1-3 тактілерде – сылдырмақты екінші бос алақанға соғады;
4-6 такт. Сылдырмақты жоғары көтеріп, бір орында айналады.

***Ән айту.*** Таныс әндерді балалардың қалауы бойынша қайталау.
Жеке және топпен айту дағдыларын қалыптастыру.
*«Тәтті бала» (Т. Сопиев, С. Оспанов)*
*«Барабан» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев),*
*«Жалауша» (А. Тоқсанбаев, И. Сапарбаев)*
Педагог балалармен ойын ұйымдастырады.
*«Орамалмен билейміз» (Т. Сарыбаева)*
Педагог балаларға сандықшаға салынған түрлі түсті орамалдарды ұсынып, таңдап алуға мүмкіндік береді.
Балаларды шеңбер бойымен тұруға бейімдейді. Орамалды оң қолға ұстауды, жоғары көтеруді, қозғауды, бір орында айналуды көрсетіп, қайталауды сұрайды.

Қызыл, сары, жасыл, көк,
Орамалды алайық,
Қолды көкке созайық,
Қозғап, қозғап қалайық!

Балалар көңілді әуенге ілесе, орамалдармен би қимылдарын жасайды.

Орамалды аламыз,
Сандықшаға саламыз, –

деп сандықшаға орамалды жинайды.

Педагог балаларға өздері қалаған аспаптарын таңдауға мүмкіндік береді.
*«Қасықтар мен сылдырмақтар» («Полька» Л. Лядова)*
Балаларға сылдырмақтар, қасықтар, бубен аспаптары беріледі.
Ырғақты сезіне, ересектердің көрсетуімен қосылып ойнауға үйрету.
***«Қақпа» ойыны*** *(«Марш»Э.Парлов, «Жүгіру»Т.Ломова)*
Ойын шартын еске түсіру, түсіндіру. Әуенді мұқият тыңдап, ырғағына сәйкес қимылдарын орындалуын қадағалау.

Ойынғабелсенділігін, қызығушылықтарынарттыру.
**3. Рефлексия**
Педагог қорытынды жасайды.
- Балалар, қуыршақ Сәулеге сендермен бірге өте көңілді болды.
Сендер ән айтып, би билеп, жақсы өнер көрсеттіңдер. Жарайсыңдар!
Педагог балаларға ризашылығын білдіріп, мадақтайды.
Көңілді әуен ырғағымен шығарып салу.